

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТІРЛІГІ
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

АМАНЖОЛ КҮЗЕМБАЙҰЛЫ

Д е р е к т а н у

Қостанай-2017

ӘОЖ 94(574)
ББК63.3(5қаз)
К 92

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтығылыми кеңесінің 2015 жылдың
28 маусымындағы шешімімен баспаға ұсынылды.

Сын-пікір жазғандар:

А. Айтмұхамбетов, тарих ғылымдарының докторы, профессор

М. Алпысбес, тарих ғылымдарының докторы, профессор

С. Қолдыбаев, философия ғылымдарының докторы, профессор

Күзембайұлы Аманжол.

К 92 Деректану. Оқу құралы. Қостанай мемлекеттік педагогикалық
институты. – Қостанай, 2017. –228 б.

ISBN 978-601-7839-94-9

Оқу құралы тарихшы мамандарды дайындауда ерекше орын алатын деректану
пәніне арналған. Оқу құралы негізгі үш бөлімнен тұрады.

Алдымен дерек түсінігінің теориясы қарастырылған. Келесі бөлімінде
деректердің түрлеріне сипаттама беріледі. Ал соңғытарауында деректерді іздеу,
табу, талдау және олардан объективті ақпарат алу әдістері баяндалған.

Оқу құралы тарих факультетінің студенттеріне, магистрлеріне, жоғары және
орта оқу орындарының оқытушылары мен мұғалімдеріне арналған.

ӘОЖ 94(574)
ББК63.3(5қаз)

ISBN 978-601-7839-94-9

© Күзембайұлы Аманжол, 2017

© Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институты, 2017

1. ДЕРЕКТАНУ ПӘНІНЕ КІРІСПЕ

Жоспары

1. *Тарихи дерек түсінігі.*
2. *Деректану пәні, мақсаты және міндеттері.*
3. *Деректану әдістері.*
4. *Оқулықтар мен оқу құралдарына қысқаша шолу.*

Тарих ғылымы мен тарихи білімнің беделі асқақтап тұрған заманда тарихи шығармалардың сапасына ерекше көңіл бөлген абзал. Сапалы зерттеу қоғамда тарихи сананың қалыптасуына игі әсер ететіндігі белгілі. Ал енді тарихи шығарманың жоғарғы деңгейде жазылуы үшін деректер корпусының толық, объективті әрі шынайы болуы қажет. Болашақ тарихшы деректермен жұмыс жасауды жоғарғы оқу орнында үйренуі тиіс. Сондықтан да тарих факультетінің оқу жоспарынан деректану пәні ойып тұрып орын алған.

Көлемі үш кредиттен тұратын деректанудың өзекті тақырыптарына арналып 30 сағат дәріс оқылады. Дәріс барысында алынған білім 15 сағаттық семинарда және 90 сағаттық студенттердің өздігінен істелетін сабақтарда зерделенеді, толығымен және бекітіледі. Байқағаныңыздай уақыттың көпшілік бөлігі студенттің өзіндік жұмыс істеуіне арналған. Бүгінгі студент ақпарат көздерін барынша пайдалана білуі қажет. Сондықтан оқытушы оларға ақпаратты өз бетімен алу жолдарын үйретуі кезек күттірмейтін мәселе.

«Деректану» терминін алғаш ғылыми айналымға кіргізген неміс ғалымы А.Л. Шлецер. Тарихи дерек неміс транскрипциясында – «Quellenkunde», француз тілінде (étude des sources), испан тілінде (estudios de las fuentes), қырғызша «бұлақтану», татарша «чығанақ», өзбекше «tarixiy manba», башқұртша «тарихи сығанақтарға» барлығының да аудармасы деректерді зерттеу. Қай тілде қалай аталса да терминнің мағынасы – деректер туралы ғылым.

1. Тарихи дерек түсінігі

Ғылымда тарихи деректің түсінігі сан-алуан. Әр заманда, әртүрлі елдің тарихшылары тарих дерек туралы әртүрлі пікірде болды. Қалай болғанда да өткен заман туралы қандай да болсын, мәлімет беретін ақпарат көздерін тарихи дерек санатына қосқан дұрыс сияқты.

Тек қана олардың мына төмендегі талаптарға сәйкес болуы қажет деп ойлаймыз. Біріншіден, ұзын-сонар адамзат тарихында халықтың рухани және материалдық мәдениет саласында ұрпақтан-ұрпаққа мұраға қалдырған

жәдігерлер оның өткенінен шынайы ақпарат береді. Екіншіден, бұл ақпарат мұқият тексеріліп, объективтілігі мен шынайлығы анықталуы қажет. Үшіншіден, табылған, тексерілген, анықталған ақпарат тек зерттеу процесінде пайдаланған жағдайда тарихи дерек ретінде танылады. **Тарихи дерек дегеніміз зерттеу процесіне енгізілген адамзат қоғамының тарихынан қандай да болмасын мәлімет беретін ақпарат көзі.**

Осы күнге дейін ғалымдар арасында ақпарат көзіне адамзат тарихынан мәлімет беретін қандай жәдігерлерді жатқызуға болады деген мәселе жөнінде пікірталастар жүріп жатыр. Олардың бір тобы оған адамзаттың іс-әрекетіне байланысты қалған **ізді** (след) жатқызса, екіншілері сол іс-әрекетті **айқын-дайтын, анықтайтын деректерді** ақпарат көзі деп есептейді. Алғашқы топ мұндай деректерге адамның мақсатты түрде өз қолымен жасалған заттарын кіргізсе, екіншілері солар жөнінде айтылғандарды, жазылғандарды есепке алады.

Деректану тарихи деректердің теориясын, оны зерттеудің техникасы мен әдістемесін қарастыратын тарих ғылымының бір саласы. Ол кешенді ғылым. Оның жеке ғылыми статус алған бірнеше салалары бар. Негізгі міндеті деректерден шынайы ақпарат алу. Тарихи деректанудың ғылым ретінде өзінің объектісі, пәні және мақсаты мен әдістері бар. Яғни ол заманауи талаптарға сай тарихи деректерді пайдаланудың теориялық-әдіснамалық мәселелерін зерттейтін ғылым.

Деректану басқаларға қарағанда жас ғылым. Оның пайда болғанына небары 100-жыл ғана. Ол әлі ғылым ретінде қалыптасу үстінде. Шетел тарихшылары XIX-XX ғасырларда ақ тарихи деректердің теориялық мәселелерін ерекше әлеуметтік таным ретінде шешу жолдарын ойластырған.

Кешегі кеңес тарихнамасында бұл проблема пікірталас туғызып, XX ға-сырдың екінші жартысында деректанудың теориялық мәселелерімен қатар он-ың қолданбалы қызметін де айқындаған болатын. Сөйтіп мына төмендегідей проблемалардың басын ашып алу қажет:

- 1) деректанудың ғылым ретінде қалыптасуы;
- 2) оның пәні мен міндеттерінің теориялық сипаты бар екендігін түсіну;
- 3) оның тарихи пәндер арасындағы орны анықтау, пәнаралық статусын мойындау;
- 4) тарихи деректердің табиғатын және мәнін, оларды топтау, түрлері мен түршелерінің эволюциясын зерттеу;
- 5) олардың беретін ақпараттардың көп құрамдылығын және олардың оның түрлері мен формасын, сапа мен санының сипатын анықтау.

2. Деректану пәні, мақсаты және міндеттері

Деректану пәнінің негізгі мақсаты тарихи құбылыс ретінде қарастырылатын белгілі бір әлеуметтік ортада, белгілі бір тарихи кезеңде пайда болатын деректердің табиғатын зерттеу. Келесі бір мақсаты студенттерге тарих іздеу-табу, талдау және оларды ғылыми айналымға кіргізу әдістерін үйрету.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді іске асыру қажет:

- деректану пәнініңкәсіби тарихшыларды дайындауда қажеттілігін дәлелдеу;
- деректанудың салалық пәндерімен танысу;
- деректану ғылымының қалыптасу белестерін анықтау;
- деректанулық зерттеудің әдіснамалық негіздерін меңгеру,
- деректанулық зерттеу техникасы мен әдістері туралы білімді игеру;
- тарихи деректерді зерттеу әдістерінің жалпығылыми және тарих ғылымыныңәдіснамасына байланыстылығын түсіну;
- тарихи зерттеулердің терминдік аппаратын игеру:
- деректерді талдау барысындағы және оның нәтижесін зерттеу процесіндепайдалану әдістерінбілу;
- студенттерді қазақ тарихының негізгі деректер тобымен таныстыру:

Оқу жоспарына енген кез келген пәннің өз **объектісі** бар. Деректану теориясының объектісі тарихи дерек көздері, олардың пайда болуы, ондағы адамзат қоғамы жөніндегі ақпараттың көрініс табуы және сол деректерді зерттеу.

Деректану тарих ғылымының бір саласы. Кез келген елдің тарихын зерттеушідеректану ғылымының көмегіне зәру. Өйткені тарихи дерексіз тарихи шығарма жазылмайды. Деректанудың екі деңгейі бар, бірі – **эмпирикалық**, екіншісі – **теориялық**. Оның өзіне тән **әдістемесі** және **әдіснамасы** бар. **Деректануәдістемесі деп зерттеу барысында пайдаланатын әдістердің жиынтығын айтамыз. Ал ендіәдістердің теориясын, деректанулық зерттеулердің негізгі принциптерін анықтауәдіснама еншісінде.**

Теориялық деректану тарихи деректерді зерттеудің жалпы әдістерін қарастырады. Әдетте деректердіңәртүрлі түрлері пайдаланылады. Сондықтан деректердің ерекшеліктеріне байланысты әдістерді соған икемдеу қажеттілігі туындайды.Деректанудың бірінші деңгейінде әдіс зерттеу объектісі ретінде, екінші деңгейде құрал ретінде пайдалынады.

Деректанумен айналысатын ғалымдар үш топқа бөлінеді.

Алғашқылары тек оның теориялық жәнеәдіснамалық мәселелерімен айналысады. Екінші топтағылар деректанудың «қара жұмысын» атқарады. Яғни тарих ғылымының өзекті тақырыптарының деректерін іздеп-тауып, талдап және оларды жариялайды. Бұлар, кәсіби деректанушылар,мұрағат, мұражайларда жәнеғылыми-зерттеу мекемелерінде қызмет жасайды. Ал енді үшінші топтағылар тек өз тақырыптары бойынша ғана дерек талдаумен айналысады. Бұлардың деректермен жұмыс істеуі әрқашанда нәтижелі бола бермейді. Көбіне диссертациядағы кіріспе бөлімінің мазмұнды болмайтындығы осыған байланысты. Міне деректану ғылымы жөнінде қалыптасқан түсінік осындай.

Өткен ғасырдың 90-жылдары не тарихтан, не саясаттанудан хабары жоқ шенеуніктердің үлкен тобы ғылым кандидаттары, тіпті ғылым докторлары деген атаққа ие болды.Бұлардың «ғылыми» жұмыстарындағы деректерді пайдалану деңгейі сын көтермейді. Егістікке шыққан арамшөп сияқты олар

ғылымның дамуын бірнеше жылға кейін шегеріп тастады. Соңғы жылдары жалған тарихшылардың көбейіп кетуіне де солар себепкер болды.

XIX ғасырдың орта шенінде қалыптасқан деректану ғылымы әлі даму үстінде. Өйткені есептеу машиналарының, кибертехника және компьютерлік технологиялардың тарихи зерттеулерде пайдалануына байланысты тарихи деректерді іздеудің, оны табудың және ғылыми зерттеу жұмысына кірістірудің жаңа әдістері пайда болды. Бүгінде Қазақстанның деректану ғылымының алдында үлкен белестер тұр. Шетел мұрағаттары мен мұражайларынан әкелінген баға жетпейтін тарихи деректер өз зерттеушілерін күтуде.

Кез келген ғылымның нақты *пәні* болады. **Деректану пәніне тарихи деректердің түрлерімен мазмұны жатады.** Деректану деректі қақпаратты ғана анықтап қоймай, оның тарихи факт ретінде зерттейді. Сонымен деректанудың пәні – барлық деректер жиынтығы және олардағы ақпарат көздері.

3. Деректану әдістері

Деректану тарих ғылымының бір саласы болғандықтан зерттеу әдістері ортақ. Әр кезеңдерде, әртүрлі аймақтарда, әртүрлі жағдайда пайда болған тарихи деректерді салыстыра отырып баяндауды **тарихи-салыстыру әдісі** деп атайды. Яғни, тарихи құбылыстардың айшықты белгілеріне қарай қатар қойып зерттеуді салыстыру әдісі деп атаймыз.

Мұндай әдісті XVIII ғасырда Еуропа ағартушылары пайдаланған. Француз ғалымы **Ф. Вольтер** алғаш рет әлем тарихы жөнінде еңбек жазғанда осы әдісті пайдаланды. Салыстырмалы талдау арқылы ағылшын тарихшысы **А. Дж. Тойнби** адамзат тарихында 21 өркениетті анықтады. Ол белгілердің жиынтығы негізінде классификацияны өткізді. Бірақ, аталған әдіс белгілі уақыт кеңістігінде тарихи объектілерді қарастыруға бағдарланған. Сондықтан, оны қолдануда негізгі назар объектілердің кеңістік пен уақыт бойынша статикалық қалпына жинақталады. Бұл өз кезегінде қоғамдық процестердің динамикасын зерттеуді қиындатады.

Тарихи-салыстыру әдісінің логикалық негізі ұқсас белгілердің мәнін анықтау. Мұны ғылымда **аналогия** дейді. Аналогия – бұл жалпы ғылыми әдіс. Бұл әдіс бойынша құбылыстың бір белгісінің ұқсастығына қарай қалған белгілерінің де ұқсас екендігі жөнінде қорытынды жасайды. Қорыта айтқанда, тарихи салыстырмалы әдістің таным мүмкіндігі өте кең. **Біріншіден**, кейбір зерттеу объектісі жөнінде тарихи деректер корпусы онша мәнді болмауы мүмкін. Осындай жағдайда осы әдісті пайдаланып, бізге белгісіз тарихи құбылыстың түйінін шешуге болады. **Екіншіден**, осы әдіс арқылы тарихшы өзі зерттеп отырған деректер тобының шеңберінен шығып, аналогия тәсілі арқылы кең масштабты тарихи қорытынды жасай алады. **Үшіншіден**, бұл әдіс басқа да әдістердің басын қосып, зерттеу объектісі туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Ескере кетегін бір жайт, тарихи-салыстырмалы әдісті пайдаланғанда көптеген әдіснамалық талаптарды орындау қажет. Деректердің бір түрі мен екінші түрін салыстырғанда олардағы нақтылы фактілеріне назар аударған жөн. Өйткені кейбір фактілердің формасы ұқсас болғанмен, ішкі мазмұны басқаша болады.

Әртүрлі топтағы деректерді салыстыру мүмкіншілігі бар. Бір жағдайда салыстыру әдісі арқылы олардың ұқсастығын анықтаймыз. Ал, екінші жағдайда олардың айырмашылығын анықтаймыз. Әлбетте, бұл әдісті пайдаланғанда тарихилық принципін ұмытпауымыз қажет. Өйткені, әртүрлі тарихи кезеңдерде пайда болған құжаттардың ұқсастығы кейде зерттеушіні қателікке ұрындырады.

Тарихи-салыстыру әдісін басқа да әдістермен қатар жүргізу қажет. Сонда ғана зерттеу жұмысы өз мақсатына жете алады. Әртекті деректерді барлығын бірдей тек осы әдісті пайдалана отырып, шешуге болады деген де үлкен қателік. Бұл әдістің өзінің диапазоны бар. Әсіресе, егер біз қоғамдық тарихи даму процесін үлкен кеңістікте және кең хронологиялық шеңберде зерттейтін болсақ, бұл әдістің пайдасы шаш етекпен.

Деректану ғылымында кеңінен пайдаланылатын әдіс – **тарихи-типологиялық** әдіс. Өздеріңізге белгілі кез келген елдің тарихы бірнеше кезеңдерге, дәуірлерге, белестерге бөлінеді. Әрбір кезең өзіне дейінгі, өзінен кейінгі дәуірлерден кейбір ерекше белгілерге қарай бөлектенеді. Әрбір кезең өзіне тән деректер тобын туғызады. Міне, осы белгілеріне қарай ұзын-сонар адамзат тарихы жіктеледі. Әрбір кезеңді талдау, оның ерекшеліктерін анықтау ғылымда **топтау немесе типтеу** деп аталады.

Тип деген терминді мен кейде қалып деген терминмен салыстырамын. Өйткені, бір қалыпқа салынып тігілген етіктер бір-біріне өте ұқсас. Тарихи процесті типтеу дегеніміз тарихи танымның нақтылы түрі. Типтеу деген терминмен қатар ғылымда **классификация** деген де термин бар. Типтеу сол классификацияның бір түрі. Бірақ типтеу классификацияға қарағанда тарихи процестің мәніне тереңірек үңіледі.

Тарихтан мысал келтірейік. Дәстүрлі қазақ қоғамында шаруалардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы мен егіншілік екені бәрімізге белгілі. Сондықтан да қазақ шаруашылығын екі ғана топқа немесе классификацияға бөлеміз. Бірақ малшылардың да, егіншілердің де шаруашылығы біркелкі емес. Бір топтың ішіндегі шаруалар байлық жағынан, еңбек құрал жабдықтарына қатынасы жағынан әртүрлі. Олардың ішінде ірілері, орташалары, қоңсылары, жалданбалылары тағы сол сияқты әртүрлі топтары бар. Бұларды талдап, жіктеп әртүрлі топқа жатқызу үшін типологиялық әдісті пайдалану керек. Яғни, әрбір топтың өзіне тән белгілері болады. Сол белгілерді анықтау типологиялық әдістің міндеті.

Тарихи-жүйелілік әдісі. Соңғы кездері тарихшылардың пайдаланып жүрген әдісі. Бұл әдіс те жаратылыстану ғылымынан келген әдіс. Жүйелілік әдісінің объективті негізі болып қоғамдық өмірдің ішкі байланысының, тарихи процестің ерекше және жалпы белгілерінің бірлігі. Адамзат тарихында болып өткен құбылыстар бір жүйеге бағынады. Қоғамда болған құбылыстар ол жеке

адамның немесе бір топ адамның мақсатты әрекеті. Әр елде, әр жерде, жер шарының әр өңірінде болған тарихи оқиғалар біріне-бірі ұқсас. Бірақ олардың айырмашылықтары да бар. Мысалы, XIX ғасырдың орта шенінде қазақ жерінде орыс отаршыларына қарсы ұйымдасқан қарсылық дәл осы дәуірде Үндістан жерінде ағылшын отаршыларына қарсы болған үнді халқының қозғалысына өте ұқсас. Бірақ әлбетте, оның ерекшеліктері де бар. Жалпы алғанда бұл сол кездегі отаршылдыққа қарсы күрес жүйесінің бір ғана үзгісі. Яғни, адамзат тарихы осындай ірілі-уақты үзіктердің жүйесі. Тарихи құбылысты жүйелі зерттеу барысында тарихшы әртүрлі тәсілдерді, амалдарды, әдістерді пайдаланады. Сөйтіп, жүйе жасайтын (системообразующий) белгілерді анықтайды. Осы бірімен-бірі байланысып жатқан белгілер арқылы оқиғаның, құбылыстың ішкі құрылымын анықтаймыз. Неғұрлым белгілері көп болса, соғұрлым зерттеу терең болады, мазмұнды болады.

Тарихи-генетикалық әдіс деректану барысында жиі қолданылатын әдіс. Кез келген тарихи құжат бірден пайда болып әлеуметтік айналымға түспейтіні белгілі. Әсіресе мемлекеттік және қоғамдық мәні бар, заң жобалары ұзақ уақыт дайындалып, содан кейін барып қабылданады. Құжатты дайындау және қабылдау барысында қаншама ұсыныстар түседі, қаншама түзетулер енгізіледі. Соның барлығын деректанушы ескеруі қажет. Мұндай деректерді пайдаланғанда тарихи генетикалық әдістің көмегі зор.

Тарихи-генетикалық әдісті қолдану Тит Ливийдің «История Рима от его основания» еңбегіне тән. Оны қолдану арқылы Ресей тарихы бойынша С.М.Соловьевтің және В.О.Ключевскийдің еңбектері, украин тарихы бойынша М.С.Грушевскийдің, белорус тарихы бойынша М.В.Довнар-Запольскийдің еңбектері жазылған.

Тарихи-генетикалық әдісті Э.Литтре, Ж.Э.Ренан, Л.фон Ранке және т.б. сияқты тарихшы-позитивистер кеңірек енгізді. Тарихи-генетикалық әдісті қолданудың үлгісі ретінде Д.И.Неусыхин және В.К.Шохин сияқты тарихшыларының жұмыстарын атауға болады.

Тарихи-генетикалық әдіс—деректің дайындалу және қоғамдық айналымға кіру үрдісін анықтау үшін қажет. Өзінің логикалық табиғатына қарай, бұл әдіс индуктивті – талдау болып табылады, ал ақпаратты көрсету формасына қарай – сипаттаушы болып саналады. Ол тарихи деректің «өмірбаянын» береді. Бұл әдіс құжат жасау процесінің динамикасын талдауға бағытталған. Ол осы процесінің даму заңдылықтары мен олардың себепті-салдарлы байланыстарын анықтауға мүмкіндік береді.

4. Оқулықтар мен оқу құралдарына қысқаша шолу

Қазақ тілінде тек әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры **Қамбар Атабаевтың** жазған оқулығы ғана бар. Қазақстанның тарих ғылымындағы Қ.Атабаевтың еңбегінің ерекшелігі – осы ғылымда пайдаланылатын дереккөздерінің өзіне талдаулар жасау арқылы нақтылығы жоғары мәліметтерге жетуді мақсат тұтқан ғылым саласы – деректанумен

айналысқандығы. Ол соңғы 20 жыл көлемінде осы сала бойынша 2 ғылыми монография, **«Қазақстан тарихының деректанулық негіздері»** атты оқу құралын, 100 жуық теориялық және проблемалық мақалалар жазып, осы еңбектері арқылы деректанудың ана тіліміздегі ұғымдары мен терминдерін қалыптастыруға, тарихымыздың өзегінқұрайтын ұлттық деректерімізді танып білуге, деректану білімінің қалануына зор үлес қосты.

Орыс тілінде өткен ғасырда деректану пәні бойынша көптеген оқулықтар жарық көрді. Олардың барлығына бірдей тоқталудың реті жоқ қой деп ойлаймыз. Оның үстіне ол оқулықтар орыс тарихының ыңғайына қарай жазылған. Дегенменсоңғы жылдары жарыққа шыққан бірлі жарымына тоқтала кеткенімізді жөн көрді. Солардың бірі Ресейдің **Данилевский И.Н., Кабанов В.В., Медушевская О.М., Румянцева М.Ф.** сияқты бір топ ғалымдары 2004 жылы жазған, 701 беттен тұратын көлемді **«Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники российской истории»** деп аталатын оқу құралы. Бүгінгі таңда гуманитарлық ғылымдарды бір-бірімен жақындастыруға талпынуда. Қазіргі эпистемологиялық ахуал полиметодологизмнің күшейуімен сипатталады.

Сіздерге ұсынылғалы отырған кітаптің концепциялық негізінетарихи дерек барлық гуманитарлық ғылымдарға ортақ объект екендігі. Авторлар деректанудың әдіснамалық проблемаларына ерекше көңіл аударады. Деректану барлық қоғамтану пәндерін интеграциялайтын пән ретінде қарастырылады.

Келесі оқу құралдарының авторлары Мәскеу университетінің профессоры **Голиков Андрей Георгиевич** және сол университеттің доценті **Круглова Татьяна Александровна** өздерінің ұзақ жылдар оқыған дәріс материалдарының негізінде 2000 жылы 464 беттен тұратын **«Источниковедение отечественной истории»** деп аталатын оқу құралын жариялады. Кітапоқырманды Ресейдің Х-XXI ғасырдың басына дейінгі аралықтағы жазбаша деректерімен, олардың эволюциясымен таныстырады. Онда жазбаша деректердің маңызды кешендерінің жүйелі түрдегі шолуы, деректерді іздеп-табудың және оларды талдаудың әдістері талқыланады. Оқу құралы тек орыс тарихының деректерін зерттеуге арналғанмен, ондағы ақыл-кеңестер қазақ тарихының деректерімен жұмыс жасау барысында тигізер пайдасы мол.

Деректану ғылымының барлық гуманитарлық ғылымдарға ортақ екендігін дәлелдеуге тырысқан **Ольга Михайловна Медушевская**. Ол 1977 жылы деректанудың теориялық мәселелерін зерттеуге арналған оқу құралында «дерек» пен «дереккөз» деген ұғымдарға анықтама береді. Ол кісінің тағы бір ашқан жаңалығы Ресей студенттерін шетел тарихының деректерімен таныстыруы.

Әдебиет

Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті. 2002. – 302 б.

Медушевская О.М. Теоретические проблемы источниковедения: Учеб. пособие. – М., 1977.

Голиков А.Г., Круглова Т.А. Источниковедение отечественной истории: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / . – 2-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 464 с.

Данилевский И.Н., Кабанов В.В., Медушевская О.М., Румянцева М.Ф. Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники российской истории Издательство: РГГУ, 2004. – 701 с.

2. АРНАЙЫ ТАРИХИ ПӘНДЕР

Жоспары

1. Арнайы пәндер түсінігі.
2. Деректердің зерттеу техникасын қарастыратын пәндер.
3. Деректанудың жалпы мәселелерін зерттейтін пәндер.

1. Арнайы пәндер түсінігі

Деректану кешенді ғылым. Оның өзінің арнаулы пәні бар, бірнеше салалары бар. Деректану ғылымы дамуының әр кезеңінде пайда болған пәндер еншісін алып, көпшілігі өз алдына пән болып қалыптасты. Арнайы пәндер екі топқа бөлінеді. Алғашқы топқа жататындар негізінен әртүрлі деректердің зерттеу техникасын қарастырады, ал келесі топтағылар деректанудың жалпы мәселелерін зерттейді. Біріншісіне археография, генеалогия, архивтану, палеография, тарихи метрология, эпиграфика, папирология, хронология, текстология жатады.

2. Деректердің зерттеу техникасын қарастыратын пәндер

Бірінші топқа жататын алғашқы пән **Дипломатика**. Сөздің түбірі «диплом» термині, көне Римде заңнамалық актілерді осылай атаған. Бұл терминді ғылыми айналымға XVII ғасырдың эрудит-тарихшысы **Мобиллион** кіргізген. Орта ғасыр заманында заңнамалық актілер өздердің туынұсқасын анықтау өзекті мәселеге айналды. Оны анықтаудың бірнеше әдістерді пайда болды Сол заманның қажеттілігінен туындаған дипломатика ғылымы дами келе тек қана жеке басқа байланысты актілерді зерттеп қоймай, шаруашылық және саяси келісім-шарттарды да тексеретін болды. Егер әр заманның заңнамалық актілерінен өзімізге қажетті ақпарат алатын болсақ, дипломатика пәннің тарихшыларға берері мол. **Сонымен дипломатика пәні заңнамалық актілердің пайда болуын, оның мазмұнын, түрін анықтайды.**

Археография– тарихи актілер мен құжаттарды, қолжазба деректерді жинаудың, сипаттаудың және жариялаудың теориясы мен тәжірибесі жөніндегі ғылым саласы.

Археография түркі халықтарының, оның ішінде қазақтардың мәдениет тарихында өзіндік орны бар, ол бұдан көп ғасыр бұрынғы қолжазба кітаптар дәуірінен, көне ауыз әдебиеті үлгілерінің, шежірелердің қағазға түсірілуінен, XI-XII ғасырлардағы «Қорқыт ата» кітабынан, «Оғыз–нама» тарихи дастанынан бастау алады.

XII ғасырдан бастап Бұхара, Самарқан, Хорезмде билеушілердің жеке пәрмендері мен мемлекеттік маңызы бар құжаттарының жинақтары шығып тұрған. Қазақстанда XV ғасырдан бері ханжарлықтары мен билер кеңесінде қабылданған ережелерді көбейтіп көшіру, жер-жерге тарату дәстүрі орын алды. ХVIII ғасырдың бас кезінде Тәуке ханның пәрменімен қазақтың тұңғыш заң ережесі – «Жеті жарғының» көбейтілген даналары елге кеңінен таратылғаны белгілі. Мұндағы мақсат – аса маңызды құжаттарды халыққа дер кезінде жеткізу ғана емес, оларды болашақ ұрпақтарға сақтап қалу ниеті де көзделді.

Ғалымдардың мақсатты түрде жинап-жүйелеген тарихи маңызды мұралары XIX ғасырдан бері жаңа сипаттағы Археографияға – баспа кітаптар шығаруға негіз жасады. Алғашқы жинақтар фольклорлық, тарихи-этнографиялық шығармалар болды (И.Н.Березиннің «Түрік хрестоматиясы» (1876), Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» (1879), В.В.Радловтың «Қырғыз хрестоматиясы» (1883) т.б. Қазақстан тарихына байланысты мұраларды іздеу, жинау, зерттеу, жеке құжаттарға ғылыми сипаттама мен түсіндірмелер жазып, баспадан жинақтар түрінде шығару ісі XX ғасырда кеңінен қолға алынды.

Отандық археографияның бастауында қазақ ағартушылары, қоғам қайраткерлері, тарихшы-ғалымдар А.Байтұрсынов, С.Ас-пандиаров, С.Сейфуллин, М.Жолдыбаев, С.Меңдешев, О.Исаевтар тұрды. Қазақстан археографияның дамуында Е.Бекмаханов, С.Бейсембаев, М.Қозыбаев, Х.Сейітқазиева, Ш.Я.Шафиро, С.Байжанов, Т.Б.Митропольская, М.Қайырғалиев т.б. зор үлес қосты.

Археографиялық жинақтарды дайындап шығаруда Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві жетекші қызмет атқарды. Кеңестік дәуірде мол архив қорларының болмашы бөлігі ғана жарық көрді. Өкініштісі марксизм-ленинизм методологиясына сәйкес келетін құжаттарды ғана жариялауға рұқсат берілді. Көп ретте құжаттар қысқартылып, саясатқа қарсы тұстары контекстен алынып тасталып, мазмұны катал цензурадан өткізіліп, біржақты қасаң түсіндірмелермен жабдықтылып, жарияланды.

КСРО кеңістігінде орныққан «ресми тарихтың» арнасынан шықпаған бұл басылымдар қазақтың болмысын ашуға, ұлт өміріндегі күрделі құбылыстарды көрсетуге ниеттенбегендіктен оқырмандарына халықтың шынайы тарихын зерделеуге мүмкіндік бермеді.

Кеңестік Қазақстанда 84 тақырыпта құжаттар мен материалдар, хаттар мен естеліктер жинақтары баспадан шықты. Орысша дайындалған бұл кітаптардың сегізі ғана қазақшаға аударылып басылды.

1991 жылдан жарық көре бастаған «Қарқара айбаты»(Археография, 1991), «Қазақ қалай аштыққа ұшырады»(Археография, 1991), «Алаш-мирас» (1991,1993), Т.Кәкішевтің «Сәкеннің соты. Құжатты хикая» (Археография, 1994), «Кенесары Қасымов бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық күресі»Кенесары Қасымов бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық күресі» Археография, 1995, орыс тілінде),С.Байжан-Ата мен Қ.Исабайдың«Қажыға барған қазақтар» (Археография, 1996), А.Кәкеновтің «Сәкен шындығын діттегенде немесе НКВД құжаттары шерткен сыр» (Ақмола, 1996),С.Мұхтарұлының «Кәмпеске»(Археография,1997), Т.Рысқұловтың шығармалар жинағының 3-томы (Археография, 1998), «Қаһарлы 1916 жыл»(Археография), т.б. жинақтардан қазақтың төл және жаңа археографиясы бастау алды.

Архивтану(лат.archivum) Архив – тарихи маңызы бар құжаттар сақталатын мемлекеттік арнаулы мекеме. Мекемелердің ескі құжаттарын сақтайтын бөлімі немесе жеке тұлғаның өмірі мен қызметіне байланысты жинақталған жәдігерлер жиынтығы да архив деп аталады.

Жазба деректерді жинастырып сақтау ісі тұңғыш рет Мысырда, Қытайда, Ежелгі Грекияда, Римде, тағы басқа елдерде мемлекеттік дәрежеде қолға алынды. Қазақ жеріндегі алғашқы мұрағатБөкей ордасында ашылды.Қазақстандағы архив жүйесі (республика, салалық, аймақтық т.с.с.) негізінен ХХ-ғасырдың 20-30-жылдары қалыптасты. Ұлттық архив ісінің бастауындаА.Байтұрсынов,С.Сейфуллин,М.Жолдыбаевсынды мәдениет қайраткерлері тұрды.

Мемлекеттік архив 1921-38 жылы Қазақ АКСР-і Халық ағарту халкоматының, 1938–58 жылыҚазақ КСР-іІшкі Істер халкоматының қарамағында болды, 1958 жылдан Министрлер кеңесіне бағындырылды. Облыстық, аудандық архив жергілікті әкімшіліктерге қарады. Архив қызметінің басты бағыттары: қор жинақтау, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, қор құрамын зерттеп жүйелеу, ғылыми анықтамалар мен көрсеткіштер жасау; құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру және жария ету. КСРО дәуірінде архив социализмді дәріптеудің идеологиялық құралы болды. Республикадағы барлық құжаттар айналымының 10%-ға жуығы коммунистік құндылықтар тұрғысынан мұқият сұрыпталып, мемлекеттік сақтауға – архивке жинақталды. Құжаттардың біржақты іріктелуінің салдарынан Қазақстанның шынайы тарихын бейнелейтін аса бағалы деректер архивке түспей, біржола жойылып отырды. Ал архив қорындағы құжаттардың басым бөлігі түрлі жасанды шектеулер қою арқылы зерттеушілерге берілмеді.

Қазіргі архивтерде дәстүрлі қағаз құжаттардың түпнұсқаларымен және көшірмелерімен қатар фото-киноматериалдар, дыбыстық және бейнежазбалар, ақпараттың барлық жәдігерлер түрлері сақталады. Архивтерде мәңгілік мерзімге сақталып, қорғалатын тарихи деректер – мемлекеттің ішкі-сыртқы

жағдайы, экономика, саяси-идеология қатынастары туралы құжаттарұлттық байлықтыңбір бөлігі болып табылады. Тәуелсіз Қазақстан архивінің қызметіне халықаралық байланыстардың артуы оң ықпалын тигізіп отыр.

Музейтану музей ісі мен тарихын, оларды ұйымдастыру мен қызметтер жүйесін, әдістемесін зерттейтін ғылым саласы. Музейтану термині ХІХ ғасырдың екінші жартысында ғылыми айналымға енді. Музейтану арнайы пән ретінде музей ісінің теориялық және тәжірибелік, ғылыми-әдістемелік негіздерін жасайды, музей ісіндегі тарихи-ғылыми, танымдық тәжірибелерді қорытындылайды.

Музейтануда археологиялық, этнографиялық, өнертану, палеография, нумизматика, жаратылыстану ғылымдарының зерттеу әдістері кеңінен қолданылады. Музейтану ғылыми пән ретінде: музейтану теориясы, музейтанудың тарихы мен тарихнамасы, музейлік деректану методологиясы, музей педагогикасы, т.б. құрылымдарға бөлінеді. Музейтанудың теориялық тұрғыдан зерттелуіне ХХ ғасырдың 50–60 жылдары чех ғалымдары И.Неуступный, И.Бенеш, поляк ғалымы В.Глузинскийлерүлес қосты.1977 жылы өткен Халықаралық музейлер кеңесінің 11-конференциясында Халықаралық музеология комитеті құрылып, іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу жолға қойылды.

Палеография. Көне заманда пайда болып, бізге дейін жеткен жазу өнерінің үлгілерін зерттейтін ғылымды палеография деп атаймыз. Көне жазуды оқу арнайы дайындықты қажет етеді. Әсіресе текстегі қысқартуларды қалпына келтіру ғалымдарға үлкен қиыншылық тудырады. Орта ғасырлық латын мәтіндерінде 15000-ға жуық қысқартулар болған. Кез келген көне жазбаларды оқу үшін сол замандағы халықтың тілін білу керек. Сондықтан палеография көне түркі, грек, латын, словян сияқты арнайы бағыттарға бөлінеді.

Еуропаға қағаз тек қана ХV ғасырда ғана белгілі болды. Оған дейін әр халық жазу үшін әртүрлі материалдарды пайдаланды.

Пергамен, қайың ағашының қабығы, ағаш тақтайшалар, дымқыл қыш тақташалар сияқты заттар адамның қажетіне жарады. Осыған байланысты Мысырдағы көне жазбаларды оқу үшін палеография қанатының астында **папирология** бағыты пайда болды.Ніл дариясының алқабында табылған көптеген көне жазбаларда көршілес халықтардың тарихынан сыр шертетін деректерде кездеседі.

Тастағы, қабырғадағы жазуларды зерттейтін палеографияның саласын **эпиграфика** деп атаймыз. Бейіт басында қойылған ескерткіш тастардағы тау шатқалындағы тас тақталарда, түрме камераларының қабырғасына жазылған жазулар тарихшыларға мол мағлұмат береді. Мәселен ХІХ ғасырдың аяғында Алтай тауының маңынан табылған көне түркі руникалық жазбалар қазақ тарихына қаншама құнды деректер берді. Эпиграфика ғылымының болашағы зор.

Библиография(көне грекше:biblion– кітап жәнекөне грекше: grapho – жазу)– баспа өнімдері жөнінде ақпараттық мағлұмат беріп, оларды жүйелі насихаттайтын ғылыми-практикалық қызметтің бір саласы. Ол кітаби

мұраларды, библиография тарихын, теориясын, библиографиялық қызметті ұйымдастыру жолдарын зерттейтін ғылыми пән ретінде де қолданылады. Баспа өнімдерін іріктеп, оларды жүйелі түрде саралау, ғылыми сипаттама беру және қысқаша мазмұнын ашу арқылы библиография ғылымы мен мәдениет дамуының деңгейін айқындауға көмектеседі, ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағыт сілтейді, белгілі бір ғылыми қағидаларды, саяси, философия және эстетика көзқарастарды, техникалық жетістіктерді таратуға мүмкіндік туғызады.

Ежелгі Грекияда пайда болып, кітап шығару ісімен тығыз байланысты, әдеби және ғылыми сынмен салаласа дамыған. Кейін білімдердің дараланып, сала-салаға бөлінуіне байланысты библиография ғылымның жеке бір саласына айналды. Қазақстанда 1937 жылы баспа өнімдерінің міндетті данасын бір орталыққа жинау белгіленген. Осының негізінде баспа өнімдерін тіркеу және оларды мазмұнына, ғылыми және идеялық мәніне қарай топтастыру жұмыстары жүрді. Яғни, олар басылым түрлеріне (кітап, мерзімді баспасөз т.б.), сыртқы белгілеріне (авторы, атауы, жарыққа шығу мерзімі мен орны), мазмұнына (тақырыптық, пәндік, жүйелік) қарай топтастырылды.

Библиография жазу негіздері. Библиографияда баспа туындыларына библиография сипаттама берудің маңызы ерекше. Ол белгіленген ереже бойынша жасалады. Библиография сипаттамада автордың аты-жөні, шығарманың тақырыбы, басылым орны, мерзімі, көлемі туралы мәлімет беріледі. Қажет жағдайда мазмұндалған (аннотацияланған) сипаттама жасалады.

Библиография атқаратын қызметіне қарай – *ретроспективті* (ағымды, өткенді шолу) және *перспективті* (басып шығаруға дайындалған өнімдер), тақырыбына қарай – салалық, өлкетану, елтану, сын және жалпы әмбебап болып бөлінеді. Сонымен қатар библиографияның қосымша түрлері – библиографияның жалпы жағдайын, дамуын қадағалайтын және еліміздің белгілі ғалымдарының, ақын-жазушыларының, қоғам қайраткерлерінің өмірі мен қызметі туралы мәлімет беретін библиография деген түрі де болады. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың өркендеуіне байланысты кітапханалық процестер де автоматтандырылған.

Библиографтар құрастырған көрсеткіштерді белгілі бағдарлама бойынша компьютерлерде басып шығарады.

Әлемдік деңгейде жұмыс істеу үшін Интернетке қосылу библиография үшін үлкен жетістік болды. Арнаулы мәліметтерді сақтау мақсатында техника баспа материалдары (микрофиштар, магниттік таспалар, дискеттер) пайдаланылады.

Қазақ библиографиясының дамуы. Қазақ библиографиясы, негізінен, қазақ баспасөзінің даму тарихымен тығыз байланысты. 1900 жылы Қазанда **А.Е.Алекторовтың «Указатель книг, журнальных статей и заметок о киргизах»** деген көрсеткіші т.б. орыс ғалымдарының бірен-саран библиография көрсеткіштері жарық көрді. «Айқап» журналының (1911–15 жылдары) беттерінде жаңа шыққан кітаптар жөнінде хабарлама-деректер мен тізімдер жарияланып тұрды.

1926 жылы қазақтың қоғам қайраткері және бірінші библиографы **М. Дулатовтың** екі бөлімді **«Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіші»** шықты. 1937 жылы журнал мақалалары мен кітап жылнамалары, 1940 жылы Қазақстан мерзімді басылымдарының библиографиясы жасалынды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары республикада библиография ісі өркендеді. 1957 жылдан бастап арнаулы басылым – **«Баспасөз шежіресін»**, 1971 жылы **«Қазақ ССР кітаптарының жылнамасын»** шығару ісі қолға алынды.

Библиографиямен көптеген ғалымдар шұғылданды: тарихшы-ғалым **Н. Сәбитовтың «Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші, 1862–1917 жылдары»** (1948 жылы), Қазақ өлкетану библиографиясының бас библиографы **Г. П. Царевтың «Что читать по животноводству»** (1953 жылы), **С. Ақашевтің «Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру»** (1965 жылы), қазақ әдебиеті библиографы **Ә. Қ. Нарымбетовтың 4 томдық «Қазақ әдебиеті»** (1-том – 1970 жылы; 2, 3, 4-том – 1997 жылы) библиография көрсеткіштері, тіл білімі саласында **Ш. Сарыбаевтың «Библиографический указатель литературы по тюркологии»** (1989 жылы), авторлар ұжымы құрастырған **«Библиография обществоведов Казахстана»** жинағы, **Қ. Б. Жарықбаевтың** психология ғылымы бойынша көрсеткіштері, **Ү. Сұбханбердинаның «Дала уәлаяты»** газеті (1996 жылы), **«Қазақ, Алаш, Сарыарқа»** (1993 жылы) атты мазмұндамалық көрсеткіштері, Орталық ғылыми кітапхананың жаратылыстану ғылымдары бойынша салалық көрсеткіштер жарық көрді.

Метрология алғашқыда өлшеудің әртүрлі тегін (*сызықтық, сыйымдылық, салмақ, уақыт*) жазумен, сонымен қатар бірнеше мемлекеттерде қолданылғанақша және олардың арақатынасын табумен айналысты. Қазіргі заманғы метрология үш түрден тұрады: **заңнамалық, фундаменталды (ғылыми) және практикалық.**

Метрологияның тарихы. Метрология ғылымы практикалық түрде бұрынғы заманда пайда болған. Әр өлшем жүйесінің өз ерекшеліктері бар. Ол тек қана заманымен ғана емес, менталитетімен де ерекшеленді. Метрологияның күрт дамуына 1875 жылы **Метрикалық конвенцияның** (құрамында 17 мемлекет бар) қорытындысы (Өлшеу мен таразылар және өлшеудің метрикалық эталонын жасаудың халықаралық мекемесі) себепші болды.

Қазіргі кездегі метрология физика, химия т.б. жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін пайдаланып, физикалық тәжірибенің жоғары дәлдігіне сүйенеді. Қазақстанда алғашқы метрологиялық мекеме 1923 жылы Семей қаласында ұйымдастырылды. Ол 1925 жылы Семей және Жетісу губернияларындағы таразыларды, гирді, ұзындық пен көлем өлшемдерін тексеруді жүзеге асыратын өз алдына жеке палата болды. Оның бөлімдері Петропавл, Ақтөбе, Алматы қалаларында жұмыс істеді.

1930 жылы палата Алматыға көшірілді. 1974 жылы Алматыда арнайы эталондар сақтайтын ғимарат салынды. Қазақстанның эталон базасын құруға және оны жетілдіруге үлес қосқан ғалымдар: **М. Адайбеков, М. Басаров,**

А.Садықов, В.М. Кошелев, Ж.Нызметов, С.Умбетов, И.Ермекбаева, т.б. Республиканың метрологиялық қызметінде тексеру жұмыстарын жүргізу үшін 20 жұмыс эталоны (мыс., қысым, температура, масса, ұзындық, электрлік сыйымдылық, электрлік кедергі, түзу, түзу сызық т.б.) қолданылады. 2000 жылы Қазақстанда Мемлекеттік уақыт және жиілік эталоны пайдалануға енгізілді.

Тарихи хронология. Археологиялық мерзімдеу – деректер бойынша зерттеліп отырған кезеңдер, оқиғалар мен ескерткіштердің уақытын, өзара хронология арақатынасын белгілеу. Тарихи-жазба деректер, негізгі археология және жаратылыстану және техникалық ғылымдарының жетістіктерін қолдануына қарай археологиялық мерзімдеуді үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа зерттеу объектілеріне (жеке заттар, қалалардың мәдени қабаттары, елді мекендер, қалалар, үлкен аймақтар, белгілі оқиғалары) қатысы бар көне авторлардың (мыс., Геродот, Страбон, Сыма Цянь, тағы басқа) туындылары, белгілі бір уақытта патшалық құрған қайраткерлердің (Дарий, Күлтегін, Тонькөк), қолтаңбасы, тағы басқа бұйрығымен жасалған жазулар, эпиграмма, эпитафия, жарлықтар, тағы басқа құжаттар кіреді. Әсіресе, әртүрлі замандардың, алтын, мыс, күміс тиындарының орны ерекше. Бұл деректер қалалардың, елді мекендердің, әртүрлі археология ескерткіштердің уақытын дәлдікпен көрсете алады.

Екінші топқа стратиграфия және типтерге бөлу, салыстырмалы балама әдістері жатады. Белгілі бір мәдени қабаттан табылған зат көптеген элементтерімен ұқсас келесі аумақтық-мәдени тұрғыдан жақын бір затпен салыстырылса, осы екі ұқсас затпен бірге табылған басқа типтес ескерткіштер де бірімен-бірі салыстырылып, бір уақытта, бір технологиямен жасалынып қолданылғаны, одан әрі бір мәдени тұтастыққа жатқаны анықталады.

Үшінші топқа жаратылыстану ғылымдары жетістігін пайдалану арқылы ескерткіштердің абсолютті жасын анықтау жатады. Солардың бірі – радиоизотоптық әдістерге жататын, әсіресе, көне тас дәуірлері ескерткіштерінің жасын анықтауда көп пайдаланатын калий-аргон, торий-230, актиндік радий әдістері. Қола, алғашқы темір дәуірлері ескерткіштерінің жасын анықтауда радий көміртегі әдісі кеңінен пайдаланылады.

Қазақстанда осы әдіспен Үстірттегі Тоқсанбай энеолит-кола дәуірінің бекіністі тұрағы (3700 ± 80 жыл бұрын), Маңғыстаудағы Дікілтас обасы (б.з. 240 ± 40 жылы) тағы басқа анықталған. Бұлардан басқа дендрохронология (ағаштың сақиналарының өсу кезеңдері мен заңдылықтарына негізделген), ЭПР (электрондық парамагниттік резонанс), термолюминисценттеу, радиокарбон, тағы басқа әдістер қолданылады.

3. Деректанудың жалпы мәселелерін зерттейтін пәндер

Нумизматика (лат. numisma, грек. nomisma – тиын, шақа) – тиындар, құйма ақша кесектері, т.б. ескерткіштер арқылы тиын соғу, ақша тарихын зерттейтін арнаулы тарихи пән.

Тиындарды ақша айналымының құралы, мемлекеттік құжат, қолөнер мен өнердің туындысы және эпиграфикалық деректеме ретінде зерттеу басқа да тарихи деректемелерді – жазба және археологиялық ескерткіштерді зерттеу жұмыстарымен тығыз байланыста жүргізіледі. Металл тиындар шыққанға дейін ақшаның міндетін түрлі тауарлар – мал, сәндік заттар, металл қарулар, металл кесегі атқарды. Тиын соғу және оны белгілі бір қоғамда төлем құралы ретінде пайдалану сол қоғамның әлеуметтік экономикалық және саяси дамуының белгілі бір сатысында табысқа жеткенін көрсетеді. Тиынды жасап шығару құқығы, әдетте, мемлекет билігінің қолында болған. Алғашқы тиындар Лидияда (Кіші Азия) және Эгина аралында (Грекия) пайда болған (б.з.б. 8 ғ-дың аяғы – 7 ғасырдың басы). Тиынның оң бетінаверс (Av), ал сол беті реверс (Rv) деп аталатын таңбалар болды.

Әдетте тиынның оң бетіне мемлекеттік өкіметті немесе ресми дінді дәріптейтін суреттер мен бейнелер (ежелгі грек қалаларының тиындарында – құдайлардың бейнесі, Рим империясы мен ортағасырлық Батыс Еуропа мемлекеттерінің тиындарында патшаның суреті немесе оның гербі т.б.), ал сол бетінде оның бағасы, шыққан жері мен жылы т.б. көрсетілді. Жазулар оның екі бетінде де (аверс, реверс) кездеседі. Олар тиынды шығарған елдердің немесе өкімет органдарының белгілерін, монархтың аты мен мансабы, тиын сарайының, тиынды шығаруға жауапты адамның атын, тиынның құнын, шыққан уақытын т.б. көрсетілді.

Алғашқы тиындар Грекия мен Кіші Азияда күмістен соғылған. Бері келе оларды алтыннан, мыстан, сондай-ақ түрлі қосынды металдан (қола, латунь, билон) жасады. Жаңа заманда сонымен қатар никельден, алюминийден т.б. құйылатын болды. Асыл металдарға (алтын, күміс, т.б.) мықты болу үшін мыс қосқан. Осы қосындыларды лигатура, ал тиындағы асыл металл пайызынсынама деп атаған.

Сынаманы (проба) мемлекеттік өкімет белгілеген. Бірақ кейбір мемлекеттер тиындардың бұрынғы номиналды бағасын сақтай отырып, олардың сынамасын және салмағын төмендетіп шығарған. Бұл әрекет, әсіресе, орта ғасырларда мемлекеттердің кірісін көбейту үшін көп қолданылды. Тиындардағы белгілер мен жазулар арқылы басқару түрлерін, патшалықтың ауысуын, әулет шежіресін, мемл. төңкерістерді т.б. анықтауға болады. Олар көбіне саяси және қоғамдық өмір оқиғаларын, соғыстар, жаулап алушы мемлекеттегі ішкі күрестер, мемл. немесе діни реформалар, т.б. көрсетеді. Тиындар – идеология, дін, қоғамның саяси ой-пікірі тарихын зерттеуде айрықша деректеме. Қоғамның экономикалық тарихын, қолөнерінің көркем туындысы ретінде техника және өнер тарихын зерттеуде нумизматика материалының маңызы зор.

Нумизматикалық зерттеулер XVII ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Оның негізін салушы – Вена ғалымы И.Х. Эккель. Нумизматикалық зерттеулер тиындардың ірі коллекцияларын сақтайтын ұлттық музейлерде, ҒА-ларының тарих және археологиялық институттарында, кейбір университеттерде жүргізіледі.

Қазақстанда тиындар (негізінен орта ғасырларға жататын) көне қалаларда, обаларда, сондай-ақ тиын қоймаларында (Отырар, Тараз, Иасы т.б.) жүргізілген археологиялық қазба жұмыстардың нәтижесінде табылды. Олар арқылы Қазақстанды мекендеген халықтардың Орта Азия, алдыңғы Шығыс, Қытай, Жерорта теңізі, Русь мемлекеттерімен сауда байланысы болғандығы анықталды.

Алматыда нумизматикалық зерттеу жұмыстары Археология институтында жүргізіледі. Қазіргі нумизматика тиындарды кешенді зерттеу тауарлы ақша қатынастары тарихын деректемелер ретінде қарастыруды алдына мақсат етіп қойып отыр.

Геральдика. Гербтердің пайда болуын, ондағы символикалық белгілердің мазмұнын ашу-геральдика деп аталатын арнайы тарихи пән айналысады. «Геральдика» термині латынның «heraldus» яғни жаршы деген сөзінен шыққан. Ортағасырлық Еуропа корольдерінің сарайында гербтердің кімге тиесілі екенін анықтайтын, тіркейтін, жүйелейтін және жаңа гербтерді жасайтын арнайы адамдар – герольдтар деп аталды. Кейіннен олар «Герольдия» атты мекемелерге біріктіріледі. Олар геральдиканың белгілері мен бояу түстері ұғымдарының ерекше жүйесін жасады. Геральдика XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап тарихи пән ретінде қалыптасты.

Сфрагистика (грек. мөр), немесе **сигиллография** (лат–мөр) Ресми құжаттар, бәрімізге белгілі, мөрмен расталады. *Әр замандағы, әр елдің ресми мекемелер мөрлерінің түпнұсқасын, түрінің өзгеру эволюциясын, олардың бетіндегі символикалық бедерін зерттейтін ғылымды сфрагистика деп атайды.* Қазақ тарихы үшін бұл ғылымның өзектілігі ерекше. Қазақ би-сұлтандарының, ру ақсақалдары мен хандардың жеке басын растайтын жүзік түріндегі мөрлерінің болғандығы белгілі. Өкініштісі тарихи деректің осы бір үлкен бөлігін зерттеу кенжелеп қалғандығы белгілі. Зерттеуші И. Ерофееваның «Кіші жүз хан-сұлтандары» деген кітабынан басқа зерттеуді көрген емеспіз.

Тарихи география тарихқа жақын ғылымдардың бірі. Екі ғылымның зерттеу әдістері бірі-бірін толықтырып отырады. Тарихи оқиғалар географиялық кеңістіктен өткендіктен тарихшылар географияның көмегіне сүйенеді.

Бұл ғылымның да бірнеше салалары бар. Тарихи география тарих пен география ғылымдарының түйіскен жерінде пайда болған ғылым. Оның бірнеше салалас бөлімдері бар. Олар мыналар:

1. Тарихи физикалық география (тарихи жертану) – ландшафттың өзгеруін зерттейтін ең консервативті саласы.
2. Тарихи саяси география – әлемнің саяси картасын, мемлекеттік құрылымдарды, жаугершілік жорықтардың маршруттарын зерттейтін саласы.
3. Тұрғындардың тарихи географиясы – әр ел тұрғындарының этнографиялық және географиялық ерекшеліктерін зерттейтін саласы.
4. Тарихи әлеуметтік география – қоғамдағы қарым-қатынастар және әлеуметтік топтардағы өзгерістерді зерттейтін саласы.
5. Тарихи-мәдени география – рухани және материалдық мәдениетті зерттейтін саласы.

6. Қоғам мен табиғаттың арасындағы қатынастарды зерттейтін саласы.

7. Тарихи экономикалық география – өндірістің дамуын зерттейтін саласы.

8. Тарихи-географиялық елтану.

Ғалымдардың есебі бойынша деректанудың айналасында алпыстан аса өзінің жеке дара пәні бар ғылым салалары қалыптасқан. Олар жөнінде деректану пәнінің жеке тақырыптарын ашқанда сөз болады.

Әдебиет

Г.А. Леонтьева, П.А. Шорин, В.Б. Кобрин. Вспомогательные исторические дисциплины. – М., 1984.

Парфенов И.Д. Основы исторической библиографии. – М., 1990.

Грицкевич В.П., Каун С.Б., Ходин С.Н. Теория и история источниковедения. Учебное пособие. Минск. 2000.

Данылевский И.Н., Кабанов В.В., Медушевская О.М., Румянцева М.Ф. Источниковедение: Теория. История. Метод. Источник российской истории. Учебное пособие. РГГУ. – М., 1998.

3. ДЕРЕКТАНУДЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Жоспар

1. Деректанудың ғылымға дейінгі кезеңі.

2. Рационалистік кезеңі.

3. Романтикалық кезеңі.

4. Позитивті кезеңі.

5. Марксистік кезеңі.

1. Деректанудың ғылымға дейінгі кезеңі

Деректанудың дамуы ұзақ және күрделі болды. Антикалық тарихшылардың өзі барлық деректерге толық сенуге болмайтын түсінген еді. Ғылымға дейінгі практикалық деректанудың элементтері XV-XVI ғғ. қалыптаса бастады. Олар мәтінге қатысты, діни-публицистикалық және саяси пікірталастарда, жылнамаларды, актілерді құрастыру және бұйрық құжаттарын жүргізу кезінде біліне бастады. Деректерге сын тұрғысынан қараудың элементтерін

Геродоттан, Ливийден, Полибийден, Тациттан және басқалардан көруге болады.

Деректерге сын тұрғысынан қарау итальян гуманисті *Лоренцо Валлаға* (1407–1457) тарих және филология мәліметтері негізінде, рим папасына Рим империясының батыс бөлігіне зайырлы билік жүргізуге мүмкіндік берген «Константин сыйының» жалған екендігін, ол IV ғасырда емес, одан 400 жылдан кейін папа кеңесінде құрастырылғанын бұлтартпай дәлелдеуге көмектесті. Бұл құпияны ашу папа кеңесінің зайырлы билікке ұмтылуының заңды тірегін жойды және католик шіркеуінің жаулап алуына қарсы күреске дем берді.

Деректанулық ой мен әдістеменің дамуындағы *жаңа кезең* XVIII ғасырда баталды. Нақты-тарихи зерттеулер процесінде деректер және деректермен жұмыс жасау әдістері туралы алғашқы теориялық түсініктер қалыптасты. Одан кейінгі уақытта олар жетілдіріліп, жүйеленді және XX ғасырдың басында жеке статусқа ие болды. Тарих әдіснамасы өз дамуында *рационалистік* (XVIII ғ.), *романтикалық* (XIX ғ. бірінші жартысы), *позитивті* (XIX ғ. екінші жартысы), *мәдениеттанулық* (XX ғ. басы), *марксистік*, *таптық-фармациялық* (кеңес кезеңі: 20-шы 80-шы жылдар) және *посткеңестік*, *өркениеттік-мәдениеттанулық* (90-шы жылдар) кезеңдерден өтті.

2. Рационалистік кезеңі

XVIII ғасырда ресейлік тарих ғылымының негізі салынды. Оның қалыптасуы мен дамуында В.Н. Татищев, И.Н. Болтин, М.В. Ломоносов, А. Шлецер және Г. Миллер үлкен рөл атқарды. Олардың зерттеу әдіснамасының негізі ойлаудың *рационалистік* стилі болды.

Рационализм ақыл-ой мен оны нақтылы көрсететін мемлекет-ті тарихтың басты қозғаушы күші деп есептеді. Мемлекет тарихи зерттеулердің басты пәні болды. Осы уақыттағы тарих ғылымына жылнама мәтіндері мен актілік материалдарды жете зерттеу тән болды. Құжаттарды практикалық өңдеу барысында тарихшылар әдіснамалық және әдістемелік тәжірибе жинақтады. Бұл тарихшыларға тарихи деректерге ғылыми сынның қажеттігін көрсетті.

Осы қағиданы алғаш *В.Н. Татищев* жасады. Кейін тарихшылардың қызметіндегі бұл сыни бағыт *тарихи сын* деп атала бастады. Оның мақсаты – деректер баяндайтын фактілердің нақтылығын анықтау. XVIII ғасырда деректен негізінен *мәтіндік* көрді. Сондықтан бұл кезеңде деректанулық анализ *тарихи филологиялық (мәтіндік-логикалық) сын* сипатында болды. Ол ақыл-ой және парасат тұрғысынан жүзеге асырылды. Оны әдіснамалық негіздеуге *И.Н. Болтин* және *А.Шлецер* көп үлес қосты. Шлецер деректанулық анализде *төменгі сынды* (сөздерді сынау) және *жоғарғы сынды* (істі сынау) бөлді.

Тарихи-сыни әдіс XIX ғасырдың бірінші жартысында *Н.М. Карамзиннің*, *П.М. Строевтың*, *М.П. Погодинның* және басқа бірқатар тарихшылардың нақты-тарихи еңбектерінде практикалық түрде дамыды. Тарихи деректанулық сынның тәжірибелік тәсілдерін жасаумен қатар деректанулық әдіснама жетілдірілді.

3. Романтикалық кезеңі

Өзіндерационалистік элементтерді сақтай отырып, ол тарихтың жаңа **романтикалық парадигмасының** қалпына түсті. Бұл парадигма қоғамның тұтас-органикалық дамуы, адам табиғатын, халықтың рухын, әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін есепке алу идеясын ұсынды. Осы жағдай зерттеушілердің назарын XVIII ғасырдың тарихшылары құрастырмаған, **тарихи сынның екінші кезеңіне – жоғарғы сынға** аударды. Құжаттың нақтылығы ең алдымен, **оның** халықтың рухы мен мәдениетінен көрінетін **тарихи шындыққа сәйкестігімен** бағаланды. Осылай **шынайы тарихи сын** әдіснамасы қалыптасты. Оның қалыптасуына **Н.И.Надеждин және М.Т.Каченовский** үлкен үлес қосты. Каченовский сондай-ақ, деректанулық әдістеменің тарих әдіснамасынан бөлінуін бастап берді. Ол сөздер сыны мен жоғарғы сынды формальды сынның бір жеке бөліміне біріктірді.

XVIII ғасырда тарихи сынның дамуына салмақты ғылыми үлесті Ежелгі Римнің белгілі неміс тарихшысы **Бертольд Нибурдың (1776–1831)** еңбектері қосты, ол **екі жақты анализ** және көзімен көрген адамдардың **мәліметтерін өзара тексеру әдісін қолданды**, бұл аңызды шынайы тарихтан оқшаулады.

Леопольда Ранке (1795–1886), өзінің аса кертартпа көзқарастарына қарамастан ортағасырлар мен жаңа заман тарихы бойынша деректерді зерттеу және формальды сын саласында көп жұмыс жасады.

Тарихи деректердің шынайылығын сынау **Вольтердің** тарихи шығармаларында үлкен орын алады. Олар ең алдымен қасиетті кітаптардың хабарламаларына сенетін кертартпа тарихшылардың дәлелденбеген қағидаларына қарсы бағытталды.

4. Позитивті кезеңі

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басында деректанулық әдістеменің одан әрі дамуы **позитивті ойлау** бағытында болды. Бұл процесте зерттеулердің **деректанулық базасының кенеттен кеңеюі** және жазбаша деректерді сынаудың практикалық амал, тәсілдерін жасау үлкен рөл атқарды. **Ғылыми зерттеу әдістемесі, деректанудың теориялық мәселелері** арнайы зерттеу пәніне айналды. Осы кездегі орыс халқының тарих ғылымының дамуына позитивті әдіснама шеңберінде жұмыс жасаған **С.М.Соловьев, Н.И.Костомаров, К.Д.Кавелин, В.О.Ключевский, С.Ф.Платонов, А.Е.Пресняков** және басқа бірқатар тарихшылар зор үлес қосты.

Позитивті парадигманың басты қызметі мынада – ол алғаш рет тарих ғылымына **ғылыми зерттеудің тұтас, теорияға сүйенетін әдіснамасын**

ұсынды. Оның негізі орыс тіліне аударылған *Э. Бернгеймнің* жұмысында және *Ш. Ланглуа мен Ш. Сеньобостың* бірге жазған еңбегінде баяндалды. Олар жасаған ғылыми-тарихи әдіснаманың шеңберіне деректанулық зерттеулердің әдістері туралы ілім де кірді.

Позитивті ойлау көзқарасы тұрғысынан тарих ғылымы қандай да бір философиялық құрылымға сүйеніп, ешқашанда өз қорытындыларын жасамауы қажет. Оның тәжірибелік таным жолы тарихифактілерді тиянақтау, сипаттау және жалпылау. Зерттеуге лайықты тарихи фактілерге позитивистер *типтік және ұжымдық оқиғаларды, бұқаралық қозғалыстар мен қоғамдық құбылыстарды* жатқызды. *Тарихтың өзі – күрделі, көпфакторлы процесс.* Оның қозғаушы күші ретінде әртүрлі позитивті мектептер, түрлі географиялық, экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, идеологиялық және психологиялық факторлардың қиылысуынан көрді. Нақты фактілер құжаттарды сыни зерттеу арқылы анықталды. Зерттеуші жұмысының нәтижесі алынған фактілерден тарихи көріністі құрау болды.

Осылайша, *позитивті әдіснама тарихи зерттеуді екі кезеңге бөлді: деректанулық – сын және тарихи синтез (көріністі құрастыру).* Әдіснаманың *деректанулық бөлігі эвристикадан (бастапқы процестер) және деректанулық анализ әдістемесінен* (аналитикалық процестерден) тұрды. Эвристика қамтыды: *тарихи деректерді анықтау және жіктеу, оларды іздеу, түрлі құжаттар жинағын сипаттау және бағалау, қосымша тарихи пәндерге сипаттама беру.*

Деректанулық анализдің мақсаты *күзгердің баяндаған мәліметтерінің шынайылығын* бағалау, шынайы фактілерді алу және фактілерді шынайы емес хабарламалардан бөліп алу. Ол *деректің сыртқы және ішкі сынынан және оны түсіндіруден* тұрды. Осылайша қарастырылған құжат тарихшыға қажет және қажет емес бірқатар фактілерге арнайы өңделіп, өз тұтастығынан айырылды. Жалпы деректің, өз *өткенінің органикалық бөлігі ретінде позитивті тарихшы үшін дербес мағынасы болған жоқ.* Позитивизмнің елеулі кемшілігі тарихи танымның субъективті жағын түсінбеу болды. Жалпы позитивті деректану бұрынғы мектептер сияқты тарихи деректерді алдын ала өңдеудің жалпы әдістемесін қолданып, тарихи сын дәстүрін жалғастырды.

Дерекке прагматикалық көзқарасқа қарамастан, орыстың позитивті тарихшылары құжатқа деген қызығушылықты қалыптастырды. 1868 жылы Берлин университетінің проф., реакциялық пруссия мектебінің өкілі *Иоганн Густав Дройзеннің «Тарих ғылымдарының негізі»* зерттеуі шықты. Бұл кітапта деректерді жіктеуге және сыни талдауға арналған бөлімдер бар. Кітап тарихшылар үшін әдіснамалық және практикалық нұсқаулық ретінде қолданылды. Ол автордың 1857 жылдан бастап он жыл бойы оқыған лекция курсының негізінде құрастырылды. *«Тарихтан бізқұдайды түсінуге үйренеміз және тек құдаймен ғана тарихты түсінеміз, – дейді Дройзен.* Автордың теологиялық пікірлері, бүкіл жұмыстың идеологиялық бағыттылығы анық көрінеді. Кітапта психологиялық анализ бен тарихи деректерді түсіндіруге үлкен орын берілген.

1886 жылы ағылшын *профессоры Эдуард Фриманның «Тарихты зерттеу әдістері»* кітабы жарық көрді. Ол 1884 жылы автор Оксфорд университетінің студенттеріне оқыған сегіз лекциядан тұрды. Онда деректанудың негізгі теориялық сұрақтары қарастырылмаған. Кітаптың атауы бойынша автордың басты назарында тарихты зерттеу әдістері болуы керек еді, алайда олар үстірт берілген.

1889 жылы неміс тарихшысы *Эрнст Бернгеймнің «Тарихи әдістердің оқулығы»* деген ауқымды еңбегі жарыққа шықты. Ол Гамбург қаласында саудагер отбасында дүниеге келген. 1868 жылы Берлин университетінің тарих бөліміне оқуға түседі, бірақ кейін Страсбург университетіне ауысты. 1872 жылы Орта ғасыр тарихы бойынша докторлық диссертациясын қорғайды. Оған екі бірдей ғылымның: Философия және құқық докторы дәрежесі беріледі. 1883 жылы Грайфсвальд университетінің экстроординарлы профессоры қызметіне шақырылады. 1899 жылы сол университеттің ректоры болып сайланды. Алманияда ұлтшылдар үкімет басына келген уақытта ол еврей болғандықтан қуғынға ұшырайды. Оған лекция оқуға тиым салынады. 1935 жылы оны Алмания азаматтығынан шығарады. Университет оқытушыларының өтініші бойынша оған уақытша азаматтық беріледі. Бірақ ұлтшылдық пиғылдағы тарихшылар оның еңбектерін барынша қаралауға тырысты. 1942 жылы Э. Бернгейм қайтыс болды. Оның аты ғылымда тарихнама, деректану және әдіснама маманы ретінде сақталып қалды.

Бернгейм өзіне дейінгі ғалымдардың шығармаларындағы тарихи зерттеу әдістерінің зерделенуін баяндады және осы мәселені өзінше түсіндірді. Ол тарих ғылымының мәні мен оның алдындағы міндеттерін көрсете келіп басқа қоғамдық ғылымдармен байланысына тоқталады. Бірқатар тараулар деректануға: *деректерді іздеуге*, қосалқы *тарихи пәндердің* мәніне, сыртқы және ішкі сынға, *деректердің интерпретациясына (түсіндіруге)* арналған. Бұл тараулар, әсіресе философиялық ойлар бар тараулар, *автордың идеологиялық көзқарастарына негізделген*. Э. Бернгеймнің кітабы бірнеше рет қайтадан басылды және әлемге танымал болды. Орыс тілінде 1908 жылы шыққан *«Тарих ғылымына кіріспе»* деген шағын еңбегі бар бұл жұмыс 1903 жылы басылымның қысқартылған және өңделген түрі. Ол Бернгеймнің бұдан бұрын аталған жұмыстарынан ерекшеленеді. Онда негізсіз философиялық ойлар аз, *деректерді талдау сұрақтары* анық баяндалған, деректердің жаңа түрлеріне сипаттама беріледі.

1898 жылы француз тарихшылары *В. Ланглюа мен Ш. Сеньобостың «Тарихты зерттеуге кіріспе»* деген жұмысы жарияланды. 1899 жылы ол орыс тіліне аударылады. Оның негізіне Сорбонн студенттеріне оқылған, кейін авторлар толықтырып, өңдеген лекциялар алынды. Олар өз зерттеуін тек мамандарға ғана емес, тарихқа қызығушылық танытатын көпшілік қауымға арнаған. Авторлар тарихи материалды өңдеу тәсілдерін талдауға, құжаттарды іздеп табуға, деректерді сынау сұрақтарына ерекше назар аударған. Олар *сынның екі кезеңін – ішкі және сыртқы сынды* бөліп көрсетеді. Сыртқы сын, олардың пікірі бойынша тек даярлау, төменгі саты, оның функциясына *«деректердің*

жазуын, тілін, формасын алдын ала зерттеу» кіреді. Ішкі сын – сынның жоғарғы формасы ретінде қарастырылады, ол деректегі мәліметтердің шынайылық деңгейін «мақсаты құжат авторының бастан кешірген сезімдерін қайталауға бағытталған, көбіне психологиядан алынған, ұқсастықтар бойынша ой қорыту жолымен» анықтауы керек. (В. Ланглуа и Ш. Сеньобос. Введение в изучение истории. СПб., 1899, 51б.). Позитивті таным теориясын жақтағандықтан авторлар тек тарихи зертеу техникасына, фактілерді іріктеуге, олардың жеке бөліктеріне анализ жасауға қызығушылық танытқан, оларды жалпылауға, синтезге көңіл бөлмеген.

Сеньобос адамзат білімінің жалғыз дерегі деп «құжаттарды» ғана есептеді. *«Тарих құжаттарды іске жарату, құжаттарды ғана сақтау немесе жоғалту тек қана жағдайға байланысты. Осыдан тарихты құрастыруда жағдай басым рөл атқарады... ол қоғамның пайда болу құпиясын аша алмайды және құжаттардың жеткіліксіздігіне байланысты адамзат дамуының басталуы біржола құпия түрінде қалады»* –деп жазды ол (Сонда, 250 б.).

Сеньобостың бұл пікірі Францияның көптеген тарихшыларының, ең алдымен, тарихи дерек түсінігін кең мағынада түсіндіруді қолдайтын *Люсьена Февр* мен *Марк Блоктың* қарсылығын туғызды. Француз тарихшыларының шағын кітабы батыс деректануының негізі болып табылады. Соңғы басылымдардың бірі 1966 жылыағылшын тілінде шықты.

1910 жылы. *неміс тарихшысы Густав Вольфтың «Жаңазаман тарихын зерттеуге кіріспе»* еңбегі жарияланды. Онда жаңа заман тарихының деректерін зерттеуге көп назар аударылған. Автор оқырманды тек тарихи құжаттарды іздеу және талдау тәсілдерімен ғана таныстырмайды, тарихи құжаттардың жеке түрлерін толық сипаттап, олармен де таныстырады. Тарихи деректерді зерттеуге үлкен орын берілген. Көптеген библиографиялық көрсеткіштер келтірілген. Тараулардың бірінде жаңа заман тарихы бойынша құжаттар жинақталған шетел мұрағаттарының, сондай-ақ, ірі кітапханалар мен мұражайлардың сипаттамасы берілген.

Революцияға дейінгі Ресейдің тарихшылары–*А.А. Шахматов, А.С. Лаппо-Данилевский, В.О. Ключевский, Н.И. Кареев* деректанудың дамуыназор үлес қосты. XX ғасырдың басындағы орыс тарихнамасында алғаш рет *А.С. Лаппо-Данилевский* (1863–1918 жж.) деректерді зерттеуге көңіл бөлді. *Ол алғаш рет әлемдік ғылыми-тарихи практикада деректер мен деректану әдістемесі туралы ғылыми негізделген, біртұтас ілім жасады.* Оның негізіне ол *феноменологиялық* философия мектебінің идеяларын алды. Гуманитарлық танымның субъективтілігі жөніндегі жаңакантшылдардың идеясын мойындай отырып, феноменологизм ғылыми-гуманитарлық зерттеудің объективтілігі туралы тұжырымдаманы ұсынды, оны *танитын субъект пен нақты объектінің өзара әрекетінің нәтижесі* деп есептеді. Тарихи танымның мұндай схемасында, процесс барысында тарихшы өткенді оның қалдықтары – деректер бойынша зерттейді (олармен өзара әрекеттеседі), тарихи дерек дербес ғылыми объекті мәніне ие болып, өзіндік тәуелсіз әдіснаманы талап етеді. Оны

жасау А.С.Лаппо-Данилевскийдің негізгі қызметі болды. Ол **деректанудың дербес әдіснамасы мен әдістемесінің** негізін салды.

Тарихи деректер туралы өз ілімінің негізгі қағидаларын А.С.Лаппо-Данилевский **«Тарих әдіснамасы»** деген еңбегінде жүйелі түрде баяндады. Кітапта тарихи дерек туралы түсінік, деректерді жіктеу қарастырылған, олардың мәні, деректерді сынау мен түсіндірудің негізгі әдістері сипатталады. Ол **деректану әдіснамасын** нақты-тарихи зерттеу әдістерімен тығыз байланыста баяндайды. А.С.Лаппо-Данилевскийдің әдіснамалық тұжырымының маңызды жағы – дерекке біртұтас әлеуметтік-мәдени бағытты бекітті.

А.С.Лаппо-Данилевскийдің теориялық-әдіснамалық ілімі орыс және еуропалық ғылыми-тарихи ой шындырының бірі болды. Ол орыс және кеңес тарих ғылымының одан әрі дамуына зор ықпал етті. Кеңес уақытында А.С.Лаппо-Данилевскийдің пікірлері, ізбасарлары мен шәкірттері оның идеяларын одан әрі дамытты. Бұл жерде А.Е.Пресняковтың, А.А.Шахматовтың, С.Н.Валктың, А.И.Андреевтің, И.М.Гревстің және Г.В.Вернадскийдің жұмыстары үлкен рөл атқарды. Кеңес тарих ғылымының шығармашылық қорына позитивті деректанулық әдістеменің үздік жетістіктері енді.

Батыс Еуропаның жаңа замандағы тарихын зерттеуге арналған **Н.И. Кареевтің** еңбектерінде Ұлы француз буржуазиялық революциясы кезінде және одан кейін пайда болған тарихи деректердің сипаттамасы беріледі, оларды талдау тәсілдері қарастырылады. Оның, **«Тарихи білім теориясы»** жұмысында мынадай бөлімдер бар: тарихи деректердің түрлері; деректерді сынау, тарихи фактілерді белгілеу; тарихи фактілер арасындағы байланыстарды анықтау, тарих ғылымындағы синтетикалық жұмыс және тарихи жалпылау (СПБ, 1913, Ч.1.)

1921 жылы австриялық тарихшы **Вильгельм Бауэрдың** **«Тарихты зерттеуге кіріспе»** кітабы жарық көрді. 1928 жылы ол қайта басып шығарылды. Кітаптың он екі тарауының алтауы деректерді іздеу, талдау тәсілдерін қарастыруға, **қосалқы тарихи пәндерді** қолдануға, деректің жеке түрлерін сипаттауға арналған. Әр тарауға ғана емес, сондай-ақ жеке параграфтарға берілген библиографиялық көрсеткіштер оқырман үшін өте пайдалы.

1924 жылы **Альфред Федердің** **«Тарихи әдістер оқулығы»** атты кітабы жарыққа шықты (үшінші басылым). Оның бірінші бөлімі автордың тарих әдіснамасы туралы ойларынан тұрады. Оның көзқарастарын осы кітаптың «Тарихи әдіс және сенім» сияқты бөлімінен көруге болады. Бұл бөлім құдай сөзінің қатесіздігі, құдайға сену керектігі, өйткені «құдайдың қателесуі мүмкін емес» туралы пікірімен аяқталады. Федер тарихи деректерді **діни және адамзаттық** деп бөледі. Кітаптың қосалқы тарихи пәндер, тарихи деректердің жеке түрлері және оларды формальды талдау әдістері туралы материалдар бар бөлімдері назар аударарлық.

Неміс тарихшысы **Эрих Кайзердің** **«Тарих ғылымы. Құрылымы мен міндеттері» кітабы** 1931 жылы жарық көрді. Бұл жұмыстың жалпы сипатына әсер етті. Автор тарих ғылымы өзгеріс сәтін бастан кешіріп жатқанын, оның

алдындағы міндеттер мен ғылыми зерттеу негізделетін теориялық принциптер арасындағы алшақтық сезілетінін, бұл теориялық принциптердің жеткіліксіздігін, баяндайды. Кайзер қазіргі кез тарих ғылымының алдына жаңа міндеттер қоятынын, оларды осы ғылымның лайықты негізін жасамай, шешуге болмайтынын жазады. Автор ұсынған осы тезиске қалайша қарсы шығуға болады?

Алайда Кайзердің көзқарастарымен жақын танысу олардың шын мәнін ашады. Жұмыста реваншистік идеялар: Версаль бейбіт келісімшартының нәтижесінде жоғалтқан беделін, Германияның бұрынғы ұлылығын қайта қалпына келтіру қажеттігі, империяның ертеректе күшпен тартып алынған бөліктерін, неміс халқын Германиядан тыс тұратын барлық немістермен қайта біріктіру идеясы насихатталады. Оның пікірі бойынша, осы міндетті жүзеге асыру мүддесіне тарих ғылымы көмектесуі керек. Бұл ой кітаптың тарихи деректерді талдауға арналған бөлімдерінен байқалады. Кайзер насихаттаған идеялар көбіне өмір кеңістігі және геосаясатта неміс ұлтының үстемдігі туралы фашисттік «теорияларды» болжап білді.

АҚШ-тағы Джон Гопкинс университетінің профессоры **Джо Мартин Винценттің** 1934 жылы шыққан «**Тарихи зерттеу құралында**» негізінен қосалқы тарихи пәндер: дипломатика, палеография, хронология, геральдика, сфрагистика, метрология, нумизматика және т.б. туралы материалдар бар. Сонымен қатар, дипломатикалық және картографиялық материалдардың ерекшеліктеріне арналған бөлімдер бар. Соңғы бөлім тарихи дерек ретіндегі куәгерлердің жауаптары туралы материалдан құралған.

Түрлі мемлекеттердің тарихи журналдарында жарияланған жеке мақалалардан басқа, деректану мәселелеріне арналған, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған батыс зерттеушілерінің бірнеше жұмыстарын атап өту керек. Америка тарихшысы **Вильям Лео Лусидің «Тарих, әдістер мен түсіндірмелер»** жұмысы 1958 жылы Чикагода екінші басылыммен (бірінші басылым 1948 жылы басылды) жарияланды. Жұмыста мынадай: **тарихи деректер, сыртқы сын, ішкі сын, деректерге түсінік беру (түсіндіру) бөлімдері** болғандықтан, ол зерттеушілердің қызығушылығын тудырады. Кітапта АҚШ-тың ірі мұрағаттарында, мұражайларында, кітапхананың қолжазбалар бөліміндегі тарихи деректердің сипаты туралы, оларды іріктеу және сақтау тәртібі туралы, көптеген деректерді бұрмалау тәсілдері және жалған нұсқаларын анықтау жолдары жөнінде пайдалы мәліметтер келтірілген. Жұмыста тарихи деректерді сынауға аса назар аударылған. Лео Луси **«куәгердің сенімділігі оның сипаттарына: жасына (жас, орта жастағы, егде, кәрі), темпераментіне (арсыз, сангвиник, пессимист), тәрбиесіне және өмірдегі жағдайына (ақсүйек, шенеунік) байланысты. Біз жас қыздан және егде саясаткерден, сауатсыз шаруадан және колледж профессорынан бірдей куәгерлікті күтпейміз»** деп есептейді. Бұл пікірмен келіспеуге болмайды. Зерттеуші шынымен де қоғамдық жағдайды, құжатты құрастырушының жеке қасиеттері мен жасын ескеруі қажет. Бірақ автор куәгердің дүниетанымын,

саяси көзқарастарын және куәгерліктің шынайылығын анықтауда өте маңызды бірқатар жағдайларды қозғамайды.

Сонымен қатар Луси бірқатар куәгерліктерге қандай да бір сынды қолданудан бас тарту керек деп есептейді. Ол: «...**Джорж Вашингтонның ақиқатығы жалпы жұртқа белгілі және оның куәліктері сынды қажет емпейді. Басқаларға ойланып қарау керек. Теодор Рузвельттің барлық пікірлеріне сеніммен қарау ерте болар еді**» деп жазды.

1954 жылы шыққан «**Америка тарихы бойынша Гарвард жол көрсеткішінің**» алғашқы тарауларында деректанудың кейбір мәселелері қарастырылады. Бұл жол көрсеткіш хронологиялық принцип бойынша – Американың ашылуынан Эйзенхауэрдің президенттілігіне дейін бірқатар тақырыптарға бөлінген. Әр тақырыпқа тарихи оқиғалар конспектісі берілген және әдебиет пен деректер көрсетілген.

1961 жылы Францияда «**Тарих және оның әдістері**» еңбегі жарық көрді, ол көптеген жылдар бойы Франциядағы деректанудың даму тәжірибесін жалпылаған еңбек болды. Оның жоғарыда аталған еңбектерден бірқатар ерекшеліктері бар. Оны бір автор жазған жоқ, басында академик **Шарль Самаран** тұрған 35 адамнан тұратын авторлар ұжымы жасады. Авторлар арасында елдің жетекші тарихшылары бар.

Мәтіні 1800 беттен тұратын, бұл ұжымдық еңбекте көпшілікке танылған қосалқы тарихи пәндерге: **палеография, хронология, археография, сфрагистика, геральдика, нумизматика, дипломатика және басқаларға** арналған мақалалармен бірге, тек соңғы жылдары ғылыми зерттеудің пәніне айналған тарихи дерек түрлерінің мәні толық талданатын жұмыстар бар. Бұл жерде танымал француз кино сыншысы **Ж. Садульдің** фото және киноқұжаттары, **Ж. Тевенонның** фоноқұжаттар («сөйлейтін» машиналар), **М. Франсуаның** «микрофильмдер» туралы мақаласы жаңа заман және қазіргі заман тарихшылары үшін сөзсіз қызығушылық тудырады.

Кітапта тарихи деректердің сынына үлкен орын берілген. Ең үлкен тараулардың бірі тарихшы **Р. Маришальдың «Мәтін сыны»**, олардың кең эрудициясы мен деректерді терең білетіндігін көрсетеді. Маришаль XIX ғасырдың аяғындағы француз классикалық деректану тәжірибесіне жүгінеді. Ол Ланглуа мен Сеньобос сияқты тарихи деректі «құжат» ретінде түсінеді. Сонымен қатар, ол кейінгі жылдары «құжат» түсінігі едәуір кеңігендігін және тек жазбаша деректерге ғана таралмағанын жоққа шығармайды. Ол сондай-ақ, деректанудың теориялық сұрақтарына күмәнмен қарайды, алдыңғы орынға практикалық дағдыларды – тарихи зерттеу техникасын қояды.

Ланглуа мен Сеньобостың құжаттарды талдау тәсілдеріне жеке сыни ескертпелер жасап, Маришаль іс жүзінде көбіне олардың деректерді сынау сызбасын ұстанады. Тарихи құжаттардың жеке түрлері туралы айтылатын басқа тарауларда да деректерді сынауға көңіл бөлінген.

Жұмыста тек субъективті-идеологиялық көзқарастар ғана емес, бірқатар авторлардың ашық антимарксистік көзқарастары көрінеді. Осы томның екі басты мақаласы тарихшы **А.И. Маррудың** қаламынан шыққан. «**Тарих**

дегенімез не» деп аталатын бірінші мақаласында ол марксизм ғылым емес, дәлелденбеген қағида (догма) деп дәлелдеуге ұмтылады.

«Тарихшы мамандығын қалай түсіну керек» деген басқа мақаласында Марру әлеуметтік және экономикалық мәселелерге тарихшылардың назарын аударып, бұрын пайдалы болған Маркс идеялары ескірді деген пікір айтады.

Деректану саласында жұмыс жасайтын Батыс зерттеушілерінің еңбектерінде, олар көп жылдар бойы жинақтаған деректі материалдар бар, оларды тиісті сыннан өткізген жағдайда олардың тигізер пайдасы зор.

5. Марксистік кезеңі

Кеңес тарих ғылымының дамуына *таптық күресті тарихтың басты қозғаушы күші* деп есептеген *марксистік-лениндік әдіснама* маңызды ықпал жасады. Кеңес кезеңінің алғашқы жартысы (20-50-шы жылдар) оның қалыптасу және нығаю кезеңі болды. Бұған қатарлас жаңа зерттеу әдіснамасы жасалынды, оған алдыңғы ғылым жасағанның таңдаулыларын меңгеру кірді. Бұл процесте *А.В.Шестаковтың, Г.П.Саардың және С.Н. Быковскийдің* жұмыстары елеулі рөл атқарды. Алайда деректанудың теориялық-әдіснамалық және әдістемелік негіздерін нағыз, ғылыми-жүйелі құрастыру тек 50-80-шы жылдары жүзеге асырылды. Кеңес деректануының біртұтас теориялық-әдіснамалық тұжырымдамасын жасауға осы кезеңде *М.Н.Тихомиров, Л.В.Черепнин, И.Д.Ковальченко, Д.Каишанов, А.А.Курносков, В.В.Фарсобин, А.П.Проништейн, С.О.Шмидт* және бірқатар басқа зерттеушілер үлес қосты.

Кеңес деректанушыларының теориялық ізденулерінің өте маңызды нәтижесі *деректанудың дербестігі туралы іргелі қағидалары* болды. Ол, *біріншіден*, деректі уақыт шындығымен байланыстырып, тарихи құбылыс ретінде қарастырады, *екіншіден* субъектінің – тарихшының деректі тану диалектикасын ашады. Теориялық-әдіснамалық деректанудың пәніне *тарихи деректердің және олардың кейбір топтарының жалпы қасиеттерін анықтау, оларды зерттеу және өңдеу әдістері* кіргізіледі. *Кеңес деректануының теориясы келесі* проблемаларды: *тарихи деректің әлеуметтік және ақпараттық табиғатын, деректе әлеуметтік шындықтың көрініс табу заңдылықтарын, деректану пәнін, тарихи деректерді жіктеуді, әлеуметтік құбылыстар мен процестер жөнінде шынайы мәліметтерді алу мақсатында, деректерді зерттеу жұмысының негізгі кезеңдерінің мазмұны және жүйелілігін, осы мәліметтерді тарихшының қабылдау заңдылықтарын* жетілдіреді.

Жалпы кеңес деректанулық мектебі *таптық-марксистік парадигманың, революцияға дейінгі ғылымның үздік әдістемелік жетістіктерінің және кеңес тарихшылары мен деректанушыларының дербес әдістемелік жаңалықтарының табысты синтезі* болды. Бұл бір жағынан кеңес деректанулық теориясы мен әдістемесінің көптеген қағидаларының ғылыми маңызын көрсетті, басқа жағынан белгілі бір сабақтастығын және посткеңестік

уақытта оның одан әрі теориялық және практикалық даму мүмкіндігін қамтамасыз етті.

90-шы жылдары әлеуметтік-саяси қатынастардың жаңа жүйесінің орнауына байланысты отандық **тарих әдіснамасының** дамуы **жетілдірілген ғылыми ойлау тәсілдерін жасаған** жаңа сатыға көтерілді. Жананы іздеу батыс ғылымының әдіснамасын енгізудің дәстүрлі жолымен, XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы теориялық-әдіснамалық жетістіктердің және орыс тарих ғылымының тәжірибесінің мәнін түсінужолымен де жүзеге асырылды.

Қоғамды өздігінен дамытын мәдени тұтастық ретінде қарайтын, өркениеттік-мәдениеттанулық бағыт табысқа жетті. Мәдениеттанулық революция деректану әдіснамасына да тиді. Оның бастапқы түрткісі және негізі А.С.Лаппо-Данилевскийдің идеялары болды. Бірақ деректанудың теориясы мен әдіснамасын өркениеттік-мәдениеттанулық қайта түсіну процесі енді басталған еді. **Деректанудың қазіргі теориясы, әдіснамасы мен әдістемесі сенімді ескі әдістеме мен мәдени-педагогикалық негізге аудару жолымен жетілдіру әрекеттерінің араласуынан тұрады.** Кеңес зерттеушілерінің буржуазиялық тарихшылар мұраларына қатынасын М.Н. Покровский жақсы көрсеткен: **«Буржуазиялық тарихпен күрескен кезде, оның меңгеруге тұрарлық техникасы бар екенін ұмытпаңдар, жауларыңнан көрген жақсы нәрседен қашпаңдар. Барлық буржуазиялық тарихшылардың идеологиялық жағынан алдында болып, техниканы қабылдаңдар, олардың техникалық тәжірибесімен қарулаңдар»** («Историк-марксист», 1928, № 10, стр. 272.).

М.Н. Покровскийдің бұл ойын басқа кеңес тарихшысы О.Л. Вайнштейннің пікірімен толықтыру өте пайдалы болады. **«Тарихи зерттеу техникасы кез келген техника сияқты қандай тапқа қазмет ететініне байланысты, белгілі бір идеологиялық таптық бояуға ие болады – деп жазды ол. Қандай да бір машина капиталистік қоғамда капитализмге, социалистікте – коммунизмге жұмыс істеген секілді, жүз жылдар бойы жетілдірілген буржуазиялық тарихи зерттеу техникасы тарихшы-марксистің, тарихи процесі буржуазиялық идеологиялық түсіндірумен күресіндегі оң жұмысына да, капитализм апологеті – тарихшыға да қызмет етуі мүмкін** (О.Л.Вайнштейн. *Теоретические дисциплины истории. Сб.: «Критика новейшей буржуазной историографии».* Л., 1967, стр. 15–16.).

Соңғы жылдары жарияланған жұмыстардың ішінен қазіргі француз тарихнамасындағы деректану теориясы туралы **О. Медушевскаяның** мақаласын атауға болады. Онда көптеген деректі материалдар негізінде **тарихи дерек түсінігі, деректерді жіктеу принциптері, деректерді сынау мен түсіндірудің әдістері мен тәсілдері** сынды негізгі теориялық сұрақтарды француз буржуазиялық тарихнамасының мысалында, шешудің әдіснамалық принциптерінің талдауы беріледі. О. Медушевская XIX ғасырдың аяғынан бастап, Ланглуа мен Сеньобос деректану теориясының негізін тұжырымдаған кезден XX ғасырдың 60-шы жылдарына дейін, француз деректануында болған эволюцияны бақылайды. (*Вопросы теории источниковедения в современной французской историографии. «Вопросы истории», 1964, № 8.*).

«Жаңа және қазіргі заман тарихы» журналындағы 1961-1963 жылдары болған, жаңа заман тарихы деректануын оқыту сұрағы бойынша *пікірталас* пайдалы болды. (Қараңыз: «Новая и новейшая история», 1961, № 4, 5, 6; 1962, № 2, 5; 1963, № 1, 2, 5.) Ол осы курсты жасауға тарихшылардың назарын аударды. **И.В. Григорьеваның** (ММУ) жаңа және қазіргі заман тарихы деректануы бойынша әдістемелік нұсқаулықты шығаруы жақсы болды (*И. В. Григорьева. Источниковедение истории нового и новейшего времени. Методические указания для студентов-заочников исторических факультетов государственных университетов. М., 1966*).

Жаңа және қазіргі заман тарихы деректануы саласында жұмыс жасап жатқан зерттеуші 1967-1968 жылдары жарияланған іргелі еңбектен біраз мәлімет ала алады. (*Историография нового времени стран Европы и Америки. М., 1967; Историография новой и новейшей истории стран Европы и Америки. М., 1968*). Он-да «тарихи зерттеулердің деректік негізін талдауға, жаңа деректерді ашу және ғылыми айналымға енгізу тарихына, тарихи зерттеу әдістемесін зерделеуге, тарихи ойдың түрлі мектептері мен бағыттарының деректерді қолдануына және тарихи зерттеу әдіснамасы мен әдістемесінің арасындағы байланысқа» көп назар аударылған.

30-шы жылдардың басында бірқатар тарихшылар тарихи зерттеудің әдістемесін, деректанудың теориялық мәселелерін жасаудың аса қажеттілігін сезіп, осы мәселелерге жиі-жиі жүгіне бастайды, бұл мәселелерге жеке мақалаларды, танымал брошюрадағы лекцияларды ғана емес, монографиялық зерттеулерді де арнады. Осы уақытта құжаттар мен материалдарды жариялау процесі жанданады, оларды жариялаудың ғылыми негіздері жасалады.

1930 жылы **Г. П. Саардың Тарихи зерттеудің деректері мен әдістері** кітабы жарыққа шықты. Бұл кітапта тарихи дерек түсінігін анықтау, қосалқы тарихи пәндердің мәні, деректерді жіктеу принциптері сынды деректану сұрақтары баяндалады, буржуазиялық деректану сыналады. Кітаптың он бөлімінің алтауында (IV–IX) деректерді талдау тәсілдері қарастырылады.

С.Н. Быковскийдің Тарихи зерттеу әдістемесі кітабы (Л., 1931). Кітапта тарихи зерттеу әдістемесіне, ежелгі орыс тарихының деректерімен жұмыс жасау тәсілдеріне негізінен көңіл бөлінген. Автор деректерді сынаудың өз принципін ұсынады: *аналитикалық сын және синтетикалық сын*. Ол сыртқы және ішкі сын принципі бойынша деректерді сынауға қарсы болды.

Г.П. Саар мен С.Н. Быковскийдің кітаптарының кейбір кемшіліктері бар, бірақ бұл алғашқы кеңес оқу құралдарының құндылығын жоймайды, олардың авторлары тарихи зерттеулер әдістерін зерделеуді марксистік бағдар тұрғысынан жүргізді.

1940 жылы **М. Н. Тихомировтың «КСРО деректануының тарихы»** курсы жарияланды, ол КСРО тарихының ежелгі кезеңінен XVIII ғ. аяғына дейінгі кезеңді қамтиды. 1962 жылы М.Н. Тихомировтың **«КСРО деректануының тарихы»** кітабының өңделген және едәуір толықтырылған басылымы шықты. Онда деректанудың жалпы сұрақтары – тарихи дерек түсінігін анықтау және басқалар баяндалған.

Осы жылы **С.А.Никитиннің «КСРО деректануы»** курсы жарияланды (2 т.), онда ХІХ ғ. деректерді сынау мен маңызды жазбаша деректерге шолу берілген. М.Н. Тихомиров пен С.А. Никитиннің еңбектерінің басылып шығуы марксистік деректанудағы маңызды қадам болды. Бұл бағыттағы одан арғы жұмысты соғыс тоқтатып тастады.

Екіншідүниежүзілік соғыстан кейін кеңес тарихшыларының түрлі деректанулық мәселелерді жасауға қызығушылығы едәуір өсті. 1955 жылы **«Деректану мәселелері»** деген арнайы басылымдар қайта шығарыла бастады. Соғысқа дейін тек үш басылым шықты. Барлығы он бірі жарияланды. Олар тарихшылар үшін үлкен қызығушылық тудырды. Оларда және Тарих-мұрағат институтының жарияланған еңбектерінде, **«Тарихи мұрағат»**, **«Мұрағаттану сұрақтары»**, **«Археографиялық зерттеу»** журналдарында теориялық сипаттағы деректанулық жұмыстар бар.

Тарих проблемаларына арналған журнал беттерінде деректану мәселелеріне бұрынғыға қарағанда көп көңіл бөле бастады. Бұл журналдардың беттерінде жаңа құжаттарды жариялау жүзеге асырылды, жоғары оқу орындарында деректануды оқыту сұрақтары талданады.

Үлкен Кеңес Энциклопедиясы жариялаған **Л.В.Черепниннің «Деректану»** мақаласы осы ғылым саласы пәнінің және әдістерінің мәнін дұрыс түсінуге көмектеседі. (Қараңыз: Л.В.Черепнин. Источниковедение. См.: БСЭ, т. 19). Бірқатар жалпы деректанулық сұрақтар **А. Д. Люблинскийдің** ортағасырлар тарихы деректануы бойынша зерттеулерінде қарастырылады, онда феодализм кезеңіндегі Батыс Еуропаның барлық елдерінің тарихи бойынша негізгі деректерге шолу жасалынған (Қараңыз: **А. Д. Люблинская. Источниковедение истории средних веков. Л., 1955.**).

1962 жылы **В. И. Стрельскийдің КСРО тарихының деректануы** кітабы жарық көрді. Империализм кезеңіндегі (ХІХ ғ. аяғы – 1917 ж.) КСРО тарихының деректанулық ерекшеліктері қарастырылады. Осы кезеңді зерттеу үшін автор деректердің жеті түрін бөліп көрсетеді:

1. Марксизм-ленинизмнің негізін қалаушылардың шығармалары. Коммунистік партия материалдары.
2. Мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындардың іс жүргізу материалдары.
3. Әлеуметтік-экономикалық статистика.
4. Заң материалдары және басқа құқықтық актілер.
5. Мемуарлық және эпистолярлық әдебиет.
6. Мерзімдік басылым.
7. Көркем және ғылыми әдебиет ескерткіштері.

Бұл бөлімде географиялық зерттеулердің, саяхаттардың, экспедициялардың сипаттамалары да бар. Кітапта тарихи, деректерге ғылыми анализ, іріктеу және синтез жасаудың, деректерді жіктеудің жалпы принциптері, сондай-ақ, КСРО-дағы мемлекеттік және партиялық мұрағат қорларын жасау процесі және оларды ғылыми ұйымдастыру ашып көрсетілген.

М.Н. Черноморскийдің 1966 жылы жарияланған кітабы кеңес дәуіріндегі КСРО тарихының деректануына арналған (**КСРО тарихы деректануы (кеңес кезеңі)**).

М., 1968; соныкі. Автор кеңес дәуіріндегі КСРО тарихын зерттеуге қажет жазбаша деректердің негізгі түрлері деп есептейді:

- 1) В. И. Лениннің шығармалары;
- 2) Кеңес Одағының Коммунистік партиясының құжаттары;
- 3) Кеңес үкіметінің заң актілері және қаулылар;
- 4) КСРО халық шаруашылығын жоспарлау материалдары;
- 5) статистикалық деректер;
- 6) еңбекшілердің бұқаралық ұйымдары (кеңестік, кәсіподақ, кооперативтік, комсомоль және т.б.) құжаттарының негізгі түрлері;
- 7) мерзімді басылым және публицистика, үндеулер мен жолдаулар;
- 8) мемуарлар;
- 9) халықаралық келісімшарттар және дипломатикалық хаттар.

М.Н. Черноморский кітаптың кіріспесінде деректанудың бірқатар жалпы теориялық сұрақтарын қояды, олардың кеңес қоғамы тарихы деректануына қатысты ерекшеліктерін анықтайды, кеңес кезеңіндегі деректанудың дамуына үлес қосқан, өзінің алдындағылардың еңбектерін атап өтеді.

1967 жылы жарияланған **М.А. Варшавчиктің** кітабы Кеңес Одағы Коммунистік партиясы тарихының деректануына арналған. Автор өз шығармасын тарихи-партиялық деректануға кіріспе ретінде қарастырады. КОКП-ның тарихын зерттейтін көптеген деректерді ол келесі топтарға бөледі:

- 1) ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылардың – К. Маркс, Ф. Энгельс және В.И. Лениннің шығармалары;
- 2) партиялық органдар мен партиялық ұйымдардың құжаттары;
- 3) кеңес мемлекеттік органдарының және еңбекшілердің қоғамдық ұйымдарының құжаттары;
- 4) Коммунистік партия және Кеңес мемлекеті қайраткерлерінің шығармалары;
- 5) партиялық және кеңестік басылымдар (мерзімді және мерзімді емес);
- 6) революциялық қозғалыс және социалистік құрылыс қатысушыларының естеліктері;
- 7) халықаралық жұмысшылар және коммунистік қозғалыстар материалдары;
- 8) нақты әлеуметтік зерттеу мәліметтері;
- 9) кино- фото- фоно- құжаттар;
- 10) билік органдары, ұйымдары және т.б. материалдары. (Қараңыз: М.А. Варшавчик. Предмет и задачи источниковедения истории КПСС. М., 1967.).

М.А. Варшавчиктің кітабы жарыққа шыққанға дейін, «КОКП тарихының сұрақтары» журналының беттерінде оның «КОКП тарихы деректануының кейбір сұрақтары туралы» мақаласы жарық көрді, осы мақаланы талқылау деректанудың бірқатар түбегейлі сұрақтарын қоюға жағдай жасады (Қараңыз: «Вопросы истории КПСС», 1962, № 4, 5, 6; 1963, № 1, 2, 3, 5.).

Кеңес деректануының дамуында **С.Н. Валктың, В.К. Яцунскийдің, Л. В. Черепниннің**, олардың шәкірттері мен ізін қушылардың еңбектері өте маңызды болды. Мәскеу тарих-мұрағат институтының қосалқы тарихи пәндер кафедрасының, ММУ-нің және Киев университетінің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері көзге түсті.

1964–1968 жылдары КСРО Ғылым академиясының Тарих институты кеңес қоғамы тарихының деректануына арналған мақалалар жинағын жариялады. (Қараңыз: *Источниковедение историисоветского общества. Сборник статей. М., 1964; вып. II. М., 1968.*)

Кеңес тарих энциклопедиясында жарияланған «*Деректану*» мақаласында кеңестік қана емес, буржуазиялық деректанудың дамуы жөнінде мәліметтер бар (Қараңыз: И.А.Булыгин, Л.Н. Пушкарев. *Источниковедение. Советская историческая энциклопедия, т. 6. М., 1965.*)

О.М. Медушевскаяның мақаласында кеңестік деректану теориясының дамуы қарастырылады (*Развитие теории советского источниковедения. Труды Московского историко-архивного института, т. 24, 1966.*)

1969 жылы КСРО ҒА тарих институты алғашқы мақалалар жинағын шығарды, онда деректанудың мерзімі жеткен теориялық және әдіснамалық сұрақтары талқылауға қойылған. Маркстың, Энгельстың, Лениннің шығармашылық зертханасын зерттеуге ерекше назар аударылған (*Источниковедение. Теоретические и методологические проблемы. М., 1969.*). Аталған шығармалар КСРО тарихы деректануына арналған барлық жұмыстарды көрсетпейді. (кеңес деректануы дамуының тарихнамалық мәліметтерді қараңыз.

С.И. Якубовская. Некоторые итоги развития теории источниковедения в советский период. Сб: «Историография социалистического и коммунистического строительства в СССР». М, 1962, стр. 191–196;

И. М. Беленький и М. К. Макаров. Библиография источниковедческих работ 1956–1963 гг. Сб.: «Источниковедение истории советского общества». М., 1964, стр. 343–374;

И.Л. Беленький, В.М. Моргайло, А.С. Покровский. Библиография источниковедческих работ 1964–1967 гг. Сб. «Источниковедение истории советского общества». Вып. II. М., 1968, стр. 454–505. С. М. **Каушанов.** *Источниковедение. Очерки истории исторической науки, т. 2, стр. 575–594; т. 3, стр. 565–577. М., 1963, 1964.*)

Социалистік елдер тарихшыларының деректану мәселелерін зерттеуге қызығушылығы едәуір артты. Мысал ретінде Герман Демократиялық Республикасында жарияланған жұмыстарды келтіруге болады. 1949 жылы Ростов университетінің профессоры **В. Эккерманның** «*Жаңа тарих ғылымы. Оны зерттеуге кіріспе*» кітабы шықты. Бұл құралда тарих ғылымының рөлі мен міндеттерін анықтауға, қоғамдық даму заңдылықтарын талдауға, Риккерт пен Эл. Мейерайдан бастап фашистік тарихшыларға дейінгі тарихшылардың реакциялық, идеалистік көзқарастарын әшкерелеуге көп назар аударылған. Деректерді жіктеу, деректерді сынау сияқты деректану теориясының сұрақтарын автор жан-жақты қарастырады.

1959 жылы ГДР «Отандық тарихқа кіріспе» ұжымдық еңбегі жарияланды. Оның жеке бөлімдерін мұражайлардың, педагогикалық институттардың, университеттердің, мұрағаттардың, кітапханалардың және т.б. қызметкерлері жазған. Алғашқы үш тарау отан тарихын зерттеудің теориялық және

әдістемелік негіздерін ашуға арналған. Арнайы бөлім деректерді жариялау ерекшеліктерін ашып көрсетеді.

1966 жылы **В. Эккерман және Г. Мор** «*Тарихты зерттеуге кіріспе*» деген іргелі зерттеу шығарды. Ол жоғары білікті мамандардан, ЖОО профессорлары мен оқытушылардан, мұрағаттар, кітапханалар, мұражайлар ғылыми қызметкерлерінен құралған үлкен ұжым еңбегінің нәтижесі болды. Кітап авторлары алдарына «студенттердің ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, оларды ғылыми жұмысқа даярлау мақсатында деректану мен қосалқы тарихи пәндердің жалпы мәселелерін» ашып көрсету міндетін қойды. Деректерді талдауға арналған тарау, жалпы кітап сияқты марксистік бағдар тұрғысынан жазылған. Ол мұқият құрастырылған әдебиеттер тізімінен және түрлі көрсеткіштерден тұрады.

Қазақстанда деректанудың теориялық мәселелері іс жүзінде қарастырылған жоқ. Соңғы уақытта әл-Фараби атындағы Ұлттық Университеттің деректану және тарихнама кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған, бүгінде марқұм болған **Қамбар Атабаев** табысты жұмыс жүргізді. Ол конференцияларда, мерзімді басылым беттерінде сөз сөйлеп, тарихи деректерді іздеу, анықтау және зерттеу әдістерін түбегейлі зерттеуге шақырды. Ол 2001 жылы жазған оқулық бүгінгі күні библиографиялық сирек кездесетін затқа айналды.

Әдебиеттер мен деректану мәселелерінің зерттелу жағдайына қысқаша шолу осындай болды.

4. ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІ ЖҮЙЕЛЕУ ЖӘНЕ ТОПТАУ

Жоспары

- 1. Деректерді жүйелеу.*
- 2. Топтау түсінігі мен принциптері.*
- 3. Қазақ тарихы деректерін жіктеу.*

1. Деректерді жүйелеу

Тарихи деректердің түрі жағынын да мазмұны жағынан да ақпарат алу мүмкіндігі жағынан да, оның объективтілігі мен субъективтілігі жағынан да әрқилы болатындығы баршамызға белгілі. Сондықтан зерттеуші жинақталған материалдарын ретке келтіріп алып, оларды талдау әрекеттерін бастайды. Бұл жұмыс терең біліктілікті, қажырлы еңбекті әрі көп уақытты қажет етеді.

Деректерді ретке келтірудің екі жолы бар. Бірін жүйелеу (систематизация) деп, екіншісін топтау (классификация) деп атаймыз. ***Тарихи деректерді жүйелеу дегеніміз әр текті деректерді осы ғылымның мәнсіз бір белгілеріне қарай жіктеу.***

Жүйелеудің қызметтік (служебный), қосалқы (вспомогательный), техникалық (технический) сияқты бірнеше түрлері болады. Осы әрекетті іске асыру

барысында хронологиялық аумақтық (региональный), этникалық, проблемалық және тұлғалық (персональный) принциптерді есте ұстаған абзал.

1. **Хронологиялық** дегеніміз жүйелеу барысында деректің пайда болған уақытын ескеру (антикалық ортағасырлық, жаңа немесе қазіргі заманға жататын деректер).

2. **Аумақтық** Қостанай облсының тарихына байланысты деректер.

3. **Этникалық** (татар халқының этникалық тарихы, Америка жергілікті тайпаларының отаршылдыққа қарсы күресі).

4. **Проблемалық** (қазақ-қытай қатнастары, екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Қазақстан тарихы жөніндегі деректер).

5. **Белгілі бір тұлғаға байланысты деректер** (Аблай ханның мәмілегерлік саясаты, Бекмахановтың тарихи көзқарасы.).

Көбіне деректерді бірнеше белгілеріне қарай да жүйелеуге болады. Мысалы: «Қазақстан тарихының деректері»

2.Топтау түсінігі мен принциптері

Тарихи деректерді топтаудың (сыныптаудың) тарихшылардың басым көпшілігі қолдаған түрі жоқ. XIX ғасырдың басында белгілі бір тақырып бойынша жинақталған тарихи деректердің көбейуіне байланысты оларды ретке келтіру қажеттілігі туындады. Тарихшылардың **бір тобы** жазбаша деректерді түріне (естеліктер, дипломатиялық құжаттар, іс қағаздары) қарап, ал **екіншілері** мазмұнына (әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы деректер, сыртқы және ішкі саясат тарихының деректері, мәдениет пен қоғамдық-саяси пікірді анықтайтын, айғақтайтын деректер) қарап топтауды қолдады.

Үшінші топтағы ғалымдар деректі пайда болу принципі бойынша топтауды ұсынды. Олардың пікірінше деректер **үш топқа** бөлінеді: әлеуметтік-экономикалық сферада пайда болған деректер; әлеуметтік-саяси күрес нәтижесінде пайда болған деректер; және қоғамдық пікір, мәдениет, тұлғалық, отбасылық салалардан ақпарат беретін деректер.

Мұның бір кемшілігі тарихи деректер пайда болу жағынан қоғамдық өмірдің бірнеше саласын қамтуы мүмкін. Сондықтан да деректерді талдау барысында олардың әрбіреуінің өзіне тән ерекшеліктерін ескеру қажет.

Кейбір тарихшылар жоғарыда аталған пікірлердің бірде біреуін қолдамайды. Олар топтау схемасында тарихи деректердің түрлерінің барлық белгілерін ескеріп, мүмкіншілігін толық пайдалану қажеттілігін ескертеді.

XIX ғасыр ғалымдары тарихи деректерді екі топқа бөлді: **«өткен заманнан жеткен қалдық»** (*остатки*) және **«аңыз, хикая»** (*предания*). Өткен заманнан бүгінгі күнге дейін жеткен дәстүрлі киім үлгілері, ұлттық тағам түрлері, үй жиһаздары, күнделікті тұрмыстық заттар, тіл, ән-күй, әдет-ғұрып, жора-жосын, жазбаша ескерткіштер **сол заманның қалдығы** болып есептелді. Олар келешек ұрпаққа ескерткіш ретінде, немесе сол заманнан ақпарат беру ретінде әдейі жасалмаған.

Ал **«аңыз** немесе **«хикая»** өткен заманда болған тарихи уақиғаны баяндайды.

Ол уақиғаларды бізге тура жеткізбейді, оны біз көзімізбен көре алмаймыз. Ол жөнінде тек біз информатор арқылы біле аламыз. Яғни оқиға туралы ақпарат информатор санасындағы ой-пікір арқылы білім ретінде келесі ұрпаққа жетеді.

Тарихи факт келер ұрпаққа жету үшін әдейі аңыз немесе хикаят түрінде жасалады. Сондықтан олар қалдыққа қарағанда субъективті.

XIX ғасырдағы неміс тарихшысы, эллинизм тарихы туралы үш томдық кітап жазған, **Иоганн Густав Бернхард Дройзен** Берлин, Киль, Йен университеттерінің профессоры (1808) тарихи деректерді топтаудың үлгісін ұсынды. Ол барлық деректерді **тарихтың қалдықтары** (барлық ғылымның қалдықтары, қолөнердің, көркем өнердің қалдықтары, тіл, салт-сана, жора-жосын, хаттама, іс қағаздары т.б. сол сияқты құжаттар) және **тарихи әңгімелер** (өлеңдер, әңгімелер, аңыздар, анекдоттар, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер) екі топқа бөлді. Тарихи деректерді бұлайша топтау ғалымдардың жинақталған материалдарды ретке келтірудегі алғашқы талпынысы еді.

Тарихи деректерді топтау дегеніміз деректің мәнді бір ішкі белгілеріне көңіл аударатырып, олардың әр текті жиынтығын бір текті топтарға бөлу.

Деректерді топтау барысында оның өзіне тән белгілеріне көңіл аударатынымыз белгілі. Оны ғылымда критерий немесе белгілі бір деректі екіншісінен айыратын негізгі белгісі деп атайды. Жоғарыда айтқанымыздай тарихи деректер әрқилы. Сондықтан оларды ерекше белгілеріне қарап **түрлерге** (типологиялық топтау) бөлеміз. Кейде түрдің өз ішінде бірнеше топқа (подвид) бөлшектенуі мүмкін.

Орыс тарихнамасында деректерді топтау мәселесіне XIX ғасырдың 30-жылдары көңіл аудараты бастады. Орыс жылнамалары мен заңнамалық актілерді түрлендіріп оларды ғылыми талдау жолға қойылды. Дегенмен деректерге түбегейлі көзқарастың өзгеруі орыс ғалымы **А.С. Лаппо-Данилевскийдің** есімімен тығыз байланысты.

Ол деректің ғылыми негізіне салмақ салды. Ол тарихи деректің болған оқиғаға жақындығын ескерді. Осының негізінде ол деректерді екі топқа бөлді: **бейнелейтін деректер және көрсететін деректер** (*источники, изображающие факт и источники, обозначающие факт.*) біріншісін **мәдениеттің қалдығы** (*остатками культуры*), екіншісін – **тарихи хикаяттар** (*историческими преданиями*).

Болған оқиғаның қалдығын ол **мәдениеттің қалдығы** деп есептеді. Оған ол біздің заманымызға дейін жеткен заттай жәдігерлерді, заңнамалық актілерді жатқызды. Ал болған оқиғаны баяндайтын деректерді хикаяттар санатына кіргізді. Екінші топтағы деректер мұқият талдауды, тексеруді қажет етеді. Өйткені ол белгілі бір автордың санасындағы субъективті көрініс. Алғашқы топтағы деректер шынайы, объективті. Дегенмен оларды да күні бұрын тексерістен өткізу қажет деп есептеді орыс ғалымы.

А.С. Лаппо-Данилевский өз заманында орыс тарихнамасында тарихтың әдіснамалық мәселелерімен алғаш айналысқан ғалым. Сондықтан да оның жасаған тарихи деректерді топтауының методологиялық тұғыры берік болды.

Кеңес тарихшылары XX ғасырдың 50-інші жылдарына дейін деректерді топтау мәселесіне елелі бір жаңалық кіргізе алған жоқ.

Ғасырдың екінші жартысында тарихшылар теориялық-методологиялық тақырыптарға көңіл аудара бастады. Өзекті мәселелердің қатарына тарихи деректерді тиімді пайдалану проблемасыда кірді.

1975 жылы кеңес ғалымы **Лев Никитич Пушкарев** тарихи деректерді топтаудың жаңа нұсқасын ұсынды. Айта кету абзал, оның топтауы көпшіліктің көңілінен шықты.

Ол тарихи деректерді **жеті топқа** бөлді:

- 1) заттай (археологиялық);
- 2) жазбаша;
- 3) ауызша(фольклор);
- 4) этнографиялық;
- 5) лингвистикалық;
- 6) фото, киноқұжаттар;
- 7) фоноқұжаттар.

Топтаудың екі негізі бар,бірі–ақпаратты кодтау(способ кодирования информации) әдісі, екіншісі–деректің қай гуманитарлық ғылымның еншісінде екендігінде. Бұл нұсқа ғалымдар үшін ыңғайлы болғанымен, кейбір кемшіліктері ойландырмай қоймайды. Мысалы белгілібір дерек екі бірдей топқа жатуы мүмкін. Ауызша және этнографиялық деректер арасында кейде айтарлықтай айырмашылық болмай қалады.

Кейін ол тек қана жазбаша деректерді он топқа бөлді:

- 1) жылнама;
- 2) заңнамалық актілер;
- 3) іс қағаздары;
- 4) акт материалдары (грамота);
- 5) статистика;
- 6) мерзімді баспасөз;
- 7) жеке тұлға құжаттары (мемуар,күнделік, хаттар);
- 8) көркем шығарма;
- 9) көсемсөз және саяси шығармалар;
- 10) ғылыми еңбектер.

1981 жылы Москва Университетінің профессоры **Иван Дмитриевич Ковальченко** тарихи деректерді топтаудың тек қана ақпаратты кодтау әдісіне негізделген, жетілдірілген нұсқасын жариялады. Оның пікірінше берлік деректер небары төрт топқа жіктеледі:

- 1) заттай;
- 2) жазбаша;
- 3) бейнелейтін;
- 4) фоно.

Оның екінші бір жаңалығы жазбаша деректерді екі топқа бөлуі. Ол ғылымға**бұқаралық** және**жеке тұлғалық** (*массовые и индивидуальные источники*)деректер деген түсінік кіргізді. **Біріншісіне**–статистика,іс

қағаздары, актілер сияқты бұқаралық, қоғамдық жүйелерге байланысты туындаған құжаттарды жатқызды. Ал *екіншісіне* - бірін-бірі қайталамайтын, әдеби шығармалар, жеке тұлғалар қолынан шыққан жазбаша құжаттар сияқты деректер түрлерін жатқызған. Кейбір деректердің бұқаралық та жеке тұлғалық та белгілері болуы мүмкін. Мұндай жағдайда құжат екі топқа да жатады. Деректердің кейбіртоптары өз ішінде бөлінуі мүмкін. Мысалы жеке бас құжаттары – естелік, күнделік және хаттар болып өз ішінде жіктеледі.

Тарихшылардың бір тобы тек жазбаша деректерді ғана мойындады. Солардың бірі кеңес ғалымы Харьков университетінің профессоры *Исай Львович Шерман* өзінің Русские исторические источники X-XVIII вв. (X., 1959) кітабында деректерді *қалдық* (остатки) және *хикаят* (предания) деп екі топқа бөледі. Оның ойынша *құжаттық материалдар* қалдықи *баяндайтын* немесе *нарративті материалдар* хикаят болып есептеледі.

Соңғы жылдары ғалымдар арасында кең қолдау тапқан *Сигурт Оттович Шмидтің топтауы*. Біріншіден ол тарихи деректердің барлығын да қамтиды, Екіншіден ол пайдалануға өте ыңғайлы. Өйткені топтау негізінде деректің ішкі «матералдық» түрі жатыр. С.О. Шмидт деректердің мына төмендегідей түрлері мен түршелерін (типы и подтипы) бөліп көрсетеді:

- 1) заттай (археологиялық ескерткіштерден қазіргі заманның техникасы мен тұрмыстық заттарына дейін);
- 2) бейнелеу (көркем бейнелеу, көркем-графикалық, көркем-натуралды);
- 3) сөз (сөйлесу, ауыз әдебиетінің үлгілері, жазбаша ескерткіштер);
- 4) конвенционалды (лат. conventionalis – шартты) нота, математика, химия т.б. нақтылы ғылымдардың белгілері);
- 5) жора-жосын, салт-сана (халықтың күнделікті тұрмысындағы еңбекке, тұрмысқа байланысты мейрамдарда өткізілетін адамдардың іс-әрекеті);
- 6) дыбыстық және аудио деректер.

Қысқаша С.О.Шмид топтауына сипаттама бере кетелік. Конвенционалды деректер дегеніміз кейбір ғылым және мәдениет саласында кездесетін шартты белгілер. Нотна жазбалары, математика, физика, химия сияқты жаратылыстану ғылымдарында кездесетін символика мен формулалардың да деректемелік маңызы бар. Деректану ғылымында бұл тақырып аз зерттелгендер қатарында.

С.О. Шмидт ғылымға *«поведенческие источники»* деген атпен тарихи деректердің жаңа термин кіргізді. Оларды бұрын «этнографиялық деректер» деп атайтынбыз. Ғалымның пікірінше этнографиялық деректерге заттай деректер мен жазбаша деректердің кейбір түрлері де жатады. Сондықтан көзбен көріп, бақылау мүмкіншілігі бар халықтың салт-санасын, жора-жосынын бөлек бір деректер тобына жатқызуға болатындығын дәлелдейді.

Дыбыстық деректер түріне де автор басқаша пікірде. Бұл түрге ол тек қана музыка емес, сонымен қатар құстардың, аңдардың, жануарлардың, адамның қуанғанда немесе ренжігенде, қорыққанда шығаратын дыбыстарын жатқызады. Әрине оның тарих деректерді топту әдісін ғылымның шыңы деп есептеуге болмайды. Табиғатта өзгеріссіз, өте жетілген, барлық талаптарға сай келетін ой-пікірдің болуы мүмкін емес. Тарихи дерек түрлерін белгілі бір топқа ғана

жатқызуға болмайды. Кез келген топтау шартты. Бүгінгі таңда С.О. Шмидттің топтауы оқу процессінің талаптарына сәкес келгендіктен,аздаған өзгерістер енгізіп, оқу-әдістемелік құжаттарымыздың негізіне алдық.

3.Қазақ тарихы деректерін жіктеу

Қазақ тарихының деректері сан-алуан.Оларға мыналар жатады:

- 1.Материалдық мәдениет ескерткіштері;
2. Этнографиялық деректер;
3. Фольклордеректері;
4. Жазбаша деректер;
5. Көркемөнер деректері;
- 6.Аудиовизуалды деректер.

1.Материалдық мәдениет ескерткіштері археологиялық артефактілер, көркем өнер туындылары,өндірістік және азаматтық ғимараттар,техника қалдықтарын тарихи дерек ретінде пайдалану.

2.Этнографиялық деректерге әдет-ғұрып, жора-жосын, дәстүрлі тұрғын үй,ұлттық киім және дәстүрлі тағам,дәстүрлі тұрмыс заттар деректері және т.б. жатады.

3. Фольклордеректері қатарынахалық ауыз әдебиеті нұсқалары,қазақ ақындарының шығармалары,генеологиялық шығармалар,әдет-ғұрыптық заңдар,жер-су аттары тікелей тарихи дерек.

4.Қазақ тарихы бойынша жазбаша деректері қатарына бітік жазу ескерткіштері,ортағасырлық тарихи нарративті шығармалар,VIII–XX ғасырлардағы қазақ әдебиеті шығармалары,заңнамалық және нормативті актілер,мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің іс қағаздары,статистикалық материалдар,жеке тұлғалардың естелігі, күнделіктері мен бір-бірімен жазысқан хаттары,ғылыми еңбектер т.б. жатады. *фильмдер*

5.Қазақ тарихы бойынша көркемөнер деректеріБейнелу өнері деректеріне көркем бейнелеу және графикалық бейнелеу шығармалары жатады.

6.Аудиовизуалды деректерге көркем фильмдер,документальды және хроникалды фильмдерді жатқызамыз.

Әдебиет

Никулин П.Ф. Учебное пособие «Теория и методика источниковедения в отечественной истории X – начала XX вв.» М., 2004. с. 48.

Медушевская О.М. Источниковедение. М., 2007. с. 24.

Сейдембеков А. Қазақтың ауызша тарихы.

5.МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТАРИХИ ДЕРЕК

Жоспары

- 1.Заттай деректер түсінігі және оларды топтау.*
- 2.Көне дәуір тарихын зерттеудегі негізгі дерек- археологиялық артефактілер.*
- 3.Көркем өнер туындылары-тарихи дерек.*
- 4.Өндірістік және азаматтық ғимараттарың деректік маңызы.*

1.Заттай деректер түсінігі және оларды топтау

Адамның қолымен жасалған барлық заттар мен объектілер тарихи деректер қатарына жатады.Олар адамзат қоғамыныңәлеуметтік құрылымы,күнделікті тұрмысы,эстетикалық талғамы және діни наным-сенімдері жөнінде мәлімет береді.Бұл термин жазбаша және ауызша ақпарат бермейтін деректердібілдіреді.Мұндай деректер мұражайларда сақталады.Бұлардың қатарына археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған ескерткіштер,күнделікті тұрмыста пайдаланған заттар,халықтың дәстүрлі киім-кешектері,ыдыс-аяқтары,құрал-жабдықтары,қару-жарақтары және еңбек құралдары жатады. Сонымен қатар архитектураескерткіштері мен техниканың да көне нұсқаларын тарихи дерек ретінде пайдалануға болады.

Заттай ескерткіштер бірнеше гуманитарлық ғылымдар зерттейді:

- * археология (қазба жұмыстары нәтижесінде табылған ескерткіштер),
- * этнология (тұрғын үй, киім-кешек, әшекей бұйымдары, бас киім, аяқ-киім, ыдыс-аяқ, үй жиһаздары,музыка аспаптары және тағы басқалар),
- * өнертану (архитектуралық ғимараттар, сурет өнерінде пайдаланған бояулардың химиялық құрамы, фарфор, фаянс, шыныдан жасалған заттардың, метал қоспасының технологиялық процесі және басқалар),
- * нумизматика (монеталар), сфрагистика (мөр), фалеристика (орден, медаль, басқа да белгілер), бонистика (қағаз ақша), филиграноведения (қағазжәне оның бетіндегі жасырын белгілер),
- * ғылым мен техника тарихы(механизмдер, машинлар,өндіріс технологиясы),
- * музейтану және материалдық мәдениет пен адамзаттың күнделікті тұрмысын зерттейтін ғылым салалары.

Бір өкініштігі заттай ескерткіштерді зерттейтін ғалымдардың немесе ғылыми мекемелердің басы бірікпеген, барлығына бірдей ортақ әдістерді пайдалану жолдары талданбаған.

2. Көне дәуір тарихын зерттеудегі негізгі дерек- археологиялық артефактілер

Археология– ежелгі дәуір мен орта ғасырдағы адамзат қоғамы дамуының заңдылықтары мен негізгі кезеңдерін заттай деректер арқылы зерттейтін тарих ғылымының саласы.

Басты зерттеу нысаны алғашқы қауымнан, ерте заман мен орта ғасырлардан қалған материалдық ескерткіштер: еңбек құралдары, қару-жарақ түрлері, мекенжай, қоныстардың, керуен сарайлар мен әскери бекіністердің жұрты, үй-іші заттары, зираттар, обалар, т.б.

Бұл заттар ғылымда археологиялық ескерткіштер деп аталады. Олар топыраққа көміліп, жер астында қалып, қалалар мен бекіністердің қираған орындарында бірнеше қабаттардан тұратын төбелер пайда болады. Мұндай қатпарлар археологияда **мәдени қабаттар** деп аталады.

Қазақстан жеріндегі ең үлкен қала болып есептелетін Отырардың мәдени қабатының биіктігі 18 м. Кейбір обалардың биіктігі 20 метрге, аумағы 100 шаршы метргедейін жетеді. Қазба жұмыстары кезінде табылған материалдық деректерге ғылыми түсініктеме беру үшін археологияда антропология, этнология, геология, ботаника, зоология, палеонтология, физика, химия, топырақтану ғылымдарының зерттеу әдістері кеңінен пайдаланылады.

Археология(ол гректің *archaios*– ескі, *logos*– ғылым деген сөздерінің қосылуынан шыққан) термині біздің заманымыздан бұрынғы IV ғасырда көне заманды зерттейтін ғылым ретінде (Платон) қолданыла бастағанымен, ғылыми археологиялық зерттеулер Еуропада қайта өркендеу дәуірінде ғана жүргізілді. XV-XVI ғасырларда Италияда ежелгі сәулет өнерінің мұраларын іздеуге, XVIII-XIX ғасырларда Қосөзен бойында көне мәдени мұраларды зерттеуге бағытталған қазба жұмыстары жүзеге асырылды. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейде Қара теңіз жағалауындағы көне грек қалаларының қалдықтары мен скиф обаларын жүйелі түрде зерттеу басталды.

Қазақстан мен Орта Азияда археологиялық зерттеулер XIX ғасырдың 70-жылдарында бастау алды және олар В. Радлов, Н. Веселовский, П. Лерх, В. Бартольд есімдерімен байланысты. 1920 – 30 жылдары. Ә. Марғұлан, С. Руденко, А. Бернштам, т. б. Басқарған экспедициялар Қазақстан жерінде күрделі археологиялық барлау, қазба жұмыстарын жүргізді.

1946 жылы Қазақстанда жаңа құрылған Ғылым академиясының құрамында Тарих, археологиялық және этнография институты, ал 1991 жылы. Археология бөлімі негізінде жеке Археология институты (1973 жылдан археология мұражайы жұмыс істеді) құрылды. Ол республикадағы археологиялық зерттеулердің орталығына айналды.

Орталық Қазақстанда қола дәуіріне жататын Беғазы, Ұлытау, Беласар зираттары, Атасу, Бұғылы, т.б. қоныстар зерттелді. Жетісуда Бесшатыр, Кеген маңында табылған обалар сақ-скиф мәдениеті жөнінде көптеген мағлұматтар берді және олардың Алтай мен Днепр бойында кездескен скиф обаларымен өте ұқсас екендігі дәлелденді.

Оңтүстік Қазақстанда палеолит қоныстары тыңғылықты зерттеліп, оның андронов мәдениетінің негізгі аймақтарының бірі болғандығына ғылыми тұжырым жасалды. Солтүстік Қазақстан қола дәуірінің хронологиялық классификациясы жасалды. 1970 жылдан Қазақстан мен Орта Азияның мәдени орталықтарының бірі болған Отырар алқабының ескерткіштерін зерттеу қолға алынды.

Шығыс Қазақстандағы Шелекті сақ обаларындағы, Жетісудағы Есік қорғанында, қала мәдениеті жөнінде мол мағлұмат берген Отырар мен Құйрықтөбеде жүргізілген қазба жұмыстары көне және орта ғасырда қазақ даласын мекендеген тайпалар мен ұлыстардың материалдық мәдениетінің сабақтастығы жөнінде дәйекті ғылыми тұжырым жасалды.

Заттай деректер тарих оқиғалар жөнінде баяндамайды. Археолог тек олардың негізінде сол оқиғаның реконструкциясын жасайды. Тарихтың жазба деректері жоқ болған жағдайда зерттеуші заттай деректердің көмегіне сүйенуге мәжбүр болады.

Ғалымдардың айтуынша жазу өнерінің тарихы 5000 жыл. Сондықтан археология ғылымының кеңістігі де уақыт шеңбері орасан зор. Жазу өнерінің көне нұсқаларын ғылыми айналымға кіргізген де археолог ғалымдар. Мысалы египет иероглифтері, гректің түзу жазуы, вавилонның сына жазулары қазба жұмыстары нәтижесінде табылып, ғылымның игілігіне айналды. Жазу өнері пайда болғаннан кейін де жазба деректердің мәліметтерін заттай деректер толықтырып отырды.

Археологтың әрекетін үш кезеңге бөлуге болады: ескерткіштерді іздеу, табу, оларды зерттеу және оларды тарихи реконструкция барысында пайдалану. Әрбір әрекеттің өз әдістері бар. Бірінші кезеңде істі далалық археология тындырады. Олар барлау және қазба жұмыстарының нәтижесінде материал жинақтайды. Оның өзіне тән әдістері бар. Келесі кезекте табылған ескерткіштер ішкі түйсік негізінде, типологиялық әдісті пайдалана отырып зерттеледі. Соңғы жылдары формалдық әдісті қолданудың арқасында археологтардың бұл әрекеті ғылыми негізге көшірілуде. Ал үшінші кезең ең күрделісі, әрі пәнаралық байланыстар арқылы іске асырылады. Алдыңғы екі кезеңде археологтар зерттеу жұмыстарының күшімен атқара береді. Артефактілерды интерпретациялау үшін бірнеше ғылым өкілдерінің мүмкіншіліктерін пайдалану қажет.

3. Көркем өнер туындылары-тарихи дерек

Өткен заман көркем өнер туындылары сол заманда өмір сүрген белгілі бір елдің шаруашылығы, материалдық және рухани мәдениетінен зор мағлұмат

беретіндігі баршамызға белгілі. Сондықтан тарих зерттеулер барысында деректің мұндай түрін ескерусіз қалдыруға әсте болмайды.

Алдымен көркем өнерге сипаттама беріп алайық. **Өнердегеніміз көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы.** Өнер өмірде болған оқиғаларды түрлендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Оны қоғамдық сананың өзге формаларынан айырмашылығы адамның шындыққа деген эстетикалық қатынасы болып табылады. Өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. Көркем шығарманың бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері тұрады. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі. Шығарманың суреттеу тәсілі, құрылымдық келбеті, көркем бейне жасаудың материалдық арқауы өнер түрлерінің ерекшеліктерін айқындайды. Осыған сай өнердің: көркем әдебиет, музыка, мүсін, кескіндеме, театр, кино, би, сәулет өнері т.б. түрлері бар.

Қазіргі әңгімеміз бейнелеу өнері ескерткіштеріндегі тарихи шындық жөнінде. Қазақ тарихының ислам дәуірінде бейнелеу өнері қатты дамыды деп айта алмаймыз.

Петроглифтер. Осыдан бірнеше мың жыл бұрын өмір сүрген адамдар өз үңгірлеріне өмірдің ең басты аспектілерін таңбалап кеткен. Бұл – ең бірінші өздерінен кейінгі ұрпақ үшін жасалған әдіс. Біз осы суреттерге қарап, бұрынғы адамдардың қалай өмір сүргендігін, немен айналысқандығын біле аламыз. Мұндай суреттер әлемнің түкпір-түкпірінде бар, тіпті, қазақ даласында да тұнып тұр. Соның бірнешеуі туралы сөз қозғап көрмекпіз.

Алматы қаласынан 70 шақырым жерде орналасқан «Таңбалы» тас деген жер бар. «Таңбалы тас» бірнеше жылғадан, өзектерден тұрады. Жан-жағында сайлар, күнге әбден күйген жалпақ гранит тас бар. Тастың беті толған сурет. Таутеке, бұғы, киік, шошқа, жылқы, бұқалардың кескіндері сол тасқа қашалып салынған. Қолдарына ұзын найза ұстап, белдеріне қылыш асынған, кейбіреуі желбіретте ту ұстаған 22 салт атты сарбаздың суреті өте әдемі бейнеленген. Олар – VI-VII ғасырлардағы түрік жауынгерлерінің бейнесі. Зерттеу барысында бес мыңдай сурет есепке алынды. Олардың салынғанына төрт мың жылдай өткен.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданының Абай қыстағынан оңтүстік-батысқа қарай 7 шақырым жерде, Қаратаудың Келіншеқтау деген жотасында Арпа өзенінің алқабында б.з.б. II-I мыңжылдығына жататын ескерткіштер табылған. Мұндағы суреттердің жалпы саны – 3500. Жартасқа салынған ат, өгіз және түйе жегілген жауынгерлік қос аяқты арбалар ертедегі үнді-арийліктердің әдет-ғұрыптарынан хабар береді. Сонымен қатар, жыл мезгілдерінің ауысуы сияқты табиғи құбылыстар да айқын аңғарылады.

Алматы облысындағы Ақсу ауданының Қапал ауылынан шығысқа қарай 25 шақырым жерде, Жетісу, Алатау сілеміндегі Баянжүрек тауында сақталған

жартастағы суреттер құрамы мен мазмұны жағынан алуан түрлі. Суреттердің арасында қола дәуіріне жататын басын жан-жағына шашырай тараған, 7 сәуле көмкерген екі ғажайып бейне бар. Баянжүрек суреттерінің ішінен сақ және ғұн-сармат кезеңіне жататын көріністер де кездеседі. Жартастағы суреттердің көпшілігі, негізінен, салт атты сарбаздар бейнесінде берілген ежелгі түрік дәуірін сипаттайды.

Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданындағы Бестерек ауылынан солтүстікке қарай 3 шақырым жерде, Ақбауыр тауының етегіндегі үңгір қабырғасында қызыл күрең түсті охрамен б.з.б. III мыңжылдықтың басында салынған суреттер табылған. Негізінен, қос аяқты арба, өгіз, таутеке т.б. суреттері бедерленген. Олардың айналасында әртүрлі ирек сызықтар, нүктелер, үшбұрыштар, төртбұрыштар және адамдар бейнеленген. Бұл суреттер жердің құнарлы болуын, мал-жанның өсіп-өнуін білдіреді.

Қапшағай таңбалы тасы Іле арнасының жарқабағындағы суреттер мен жазулар. Б.з.б. II ғасыр мен б.з. XIII ғасырлары аралығында ойып салынған. он сегізінде жазу бар. Олардың негізгі бөлігі – ежелгі тибет жазуы түріндегі дұғалар мен ежелгі түркі әліпбиімен жазылған моңғол тіліндегі жазулар. Мұндағы ежелгі түркі жазбалары әлі оқылып болған жоқ. Қапшағай таңбалы тасы ескерткішінің ең белгілісі – Үш Бурхан суреті.

Қаратаудың Қойбағар, Арпаөзен, Майдамтал, Үлкентұра, Қысан, Жыңғылшақ, Ақсу-Жабағылы, Қошқарата, Сүйіндіксай т.б. шатқалдары мен сайларындакөне суреттер көптеп ұшырасады. Жалпы саны – бірнеше мың. Олар тік, қия жартастар мен ірілі-ұсақты қойтастарға қашап салынған. Онда аңдар мен хайуанаттардың нобайлары, байлық пен күштің нышанын білдіретін түйе кескіні, аңшылық көріністері, батырлар жекпе-жегі орын алған. Арбаларға жегілген аттар, түйелер сирек ұшырасады.

Қойбағар таңбалы тасы – Оңтүстік Қаратаудағы тасқа қашалған суреттер. Қойбағар суреттері Шымкент облысындағы Созақ ауданы, Сызған кеңшарының оңтүстік-батыс жағында Қаратау сілемдерінде (теңіз деңгейінен 700 метр биіктікте) орналасқан. Суреттердің көп бөлігі қойтастарға салынған. Саны 1200-ден астам. Ондағы суреттер саны 3045-ке жетеді. Негізінен жабайы аңдар мен жылқылар, арқар, таутеке, адамның жабайы бұқаға, ешкіге аңшылығы, бір топ иттің ешкілерге шабуылы бейнеленген. Суреттердің кейбіреуі көлемі жағынан тіпті үлкен болып келеді. Мысалы, кейбір түйе суреттерінің ұзындығы 1-2 метрге жетеді.

XVII–XX ғасырларда қазақ халқының дәстүрлі өмір салтын Еуропа және суретшілерін қызықтырды. Т. Аткинсон, Б. Залесский, А. Горонович, В. Штернберг, Т. Шевченко, П. Кузнецов, Г. Хлудов сияқтылар өз шығармашылығын қазақ тақырыбына арнады. Ш. Уәлихановтың суреттері де қазақ графикалық туындыларының алғашқы құнды үлгілері болып саналады.

Ағылшын суретшісі *Кэстель Джон* 1734–37 жылдары Орынбор экспедициясында топограф-суретші қызметін атқарды. Ералы сұлтанмен етене танысып, ол Кіші жүз ханы Әбілқайыр ордасында 1736 жылы 19 маусымнан 5 шілдеге дейін болды. Әбілқайыр мен Бопай ханым, олардың баласы Ералы,

Күдері батырды бейнелеген және жайлауға көшуі, өзеннен өтуі, шетелдіктерді қабылдау рәсімі сияқты т. б. этнографиялық танымалдық маңызы бар суреттер салды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген орыс суретшісі **Хлудов Николай Гаврилович** (1850–1935) қазақтың тұрмыс-тіршілігі жөнінде біраз шығармаларды дүниеге әкелді. Оның 1896 жылы «Боранда қалғандар», және 1908 салынған «Бие сауу» суреттері Орталық мұражайда ал 1907 жылы салынған «Өгіз мінген бала» деп аталатын суреті Т.Г. Шевченко атындағы қазақ көркемөнер галереясында сақтаулы. Хлудовтың қазақ әйелдерінің жартылай жалаңаш суреттері оның қиялынан туғандар. Сондықтан оған қазақ зиялылары наразылық білдірді. Ахмет Байтұрсынұлының «Суретші Хлудов неден қателесті?» деген мақаласында ол қазақ өміріне қатысты картиналардағы 18 қателікті атап көрсетеді.

1847–1857 жылдары қазақ жерінде украиннің атақты суретшісі **Т.Г. Шевченко** айдауда болды. Оның: «Казах на лошади», «Казахские дети – байгуши», «Казахское стойбище на Кос-Арале» сияқты суреттерінен сол замантуралы ақпарат ала аламыз.

XIX ғасырдың 60–70 жылдары Түркістан өлкесінде болған орыстың белгілі суретшісі **В.В. Верещагиннің** «В горах Алатау», «Мечеть Хазрета Ясави» суреттерінің де деректемелік мүмкіншіліктері бар.

XX ғасырдың басында Қазақстанда кәсіби кескіндеме, мүсін, графика жанрлары қалыптаса бастады. Оның негізін қалаушылар – **Ә. Қастеев, Ә. Бисмайлов, Х. Наурызбаев**, т.б.

Ұлттық кәсіби бейнелеу өнері еуропалық көркемдік дәстүр мен ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрді қоса пайдаланып тамаша туындыларды дүниеге әкелді. Айқын ұлттық қолтаңбасымен көрінген **С. Мәмбеев, М. Кенбаев, Қ. Телжанов, С. Айтбаев, Т. Тоғысбаев, Ш. Сариев** сияқты дарынды өнер шеберлерінің үлкен шоғыры қалыптасты.

Халық өмірінің барлық қырын қамтыған қазақ бейнелеу өнері қазіргі таңда ірі өнер саласына айналған XX ғасырдың соңы ұлттық таным, төл тарих пен мәдениет тарапындағы ізденістер қарқынды дамып, қазақ өнерінің жетіліп, ұлттық көркем бағыттар, түрлі ағымдар, даралық стильдер туған кезең болды. Бұл бағытта Е. Мергенов, Е. Төлепбай, А. Ақанаев, А. Сыдыхан, Т. Маданов, А. Есенбаев, А. Есдулетов, т.б. жемісті еңбек етті. Қазіргі кезеңде қазақ Б. ө. мәдени ескерткіштер, халық тарихының бастаулары, ұлттық ерекшелік, т.б. құндылықтарға ден қою, тың ізденістерге бару.

4. Өндірістік және азаматтық ғимараттарың деректік маңызы

«Архитектура» – тоже летопись мира, она говорит тогда, когда уже молчат и песни и предания и когда уже ничто не говорит о погибшем народе» – деп жазды орыстың белгілі жазушысы Н.В. Гоголь «Арабески» атты шығармасында. Яғни ол тарих жазу барысында басқа да тарихи деректер мен

қатарархитектуралық ескерткіштерді де пайдалануға болатындығын айтып отыр.

Архитектуралық деректер көп жылдар бойы археологиялық деректердің бір саласы болып келді. Кеңес заманында археологтар бұрынғы КСРО территориясындағы көптеген қалалар орнына қазба жұмыстарын жүргізді. Мысалы, С.П.Толстов көне Хорезм маңайындағы қала орындарын зерттеді. А.Ю.Якубовский, Б. Б. Пиотровский Тейшебаини, М. К. Каргер сияқты зерттеушілер орыс қалаларының орнында қазба жұмыстарын жүргізді, сөйтіп тарихшылар үшін орасан зор деректік мәні бар материалдар берді.

Архитектуралық деректерді бірнеше топтарға бөлуге болады. Бірінші топқа көне заманда салынған ғимараттар, бекіністер және қорғандар кіреді. Келесі топқа орта, жаңа және қазіргі заманда бой көтерген, мемлекеттік дәрежеде сақтау және пайдалану статусын алған ғимараттар жатады. Теміржол, көпір, тасжолдарын да, оның бойында салынған ғимараттарымен қоса бір топқа жатқызамыз. Бұл дүниеден өткен белгілі тұлғаларға қойылған ескерткіштер де архитектуралық ғимараттар санатында. Оның өзі мазарлар, мовзалеялар, құлыптастарға бөлінеді.

Мазар (араб. – *сыйынатын орын*) – мұсылмандардың қаза болған адам қабіріне тұрғызатын сәулет ескерткіші. Мазар тұрғызу дәстүрі мұсылман елдеріне кең тараған. Мысалы, Ауғанстандағы Мазари-Шарифпен Герат, Ирактағы Неджеф пен Кербала, Ирандағы Мешхед пен Кум, Өзбекстандағы Бұқара мен Хиуа мазарлары тарихилығымен әрі жергілікті дәстүрлі мәдениеттің дамуына тигізген ықпалымен ерекшеленеді.

Археологтар қазақ жерінде мазар тұрғызу дәстүрін ежелгі көшпелілер дәуірінен (андронов мәдениеті, сақ дәуірі) бастау алды деп есептейді. **Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Алаша хан, Бабажақатын** кесенелері ортағасырлық мазар тұрғызу ескерткіштері саналады.

Мазарлар Маңғыстау түбегі және Батыс Қазақстанда көп кездеседі. Қазақ жеріндегі мазарлардың пішіні, негізінен, шаршы немесе шеңбер үлгісінде келіп, төбесі күмбезделіп өрілетін болған. Қабырғасы шикі немесе күйдірілген кірпіштен қаланып, әрлеу жұмысына өрнекті кірпіш, терракот тақтайша және жылтыр бор тас материалдарын қолданған. Қасбеті мен пештағына, күмбезіне, нақышты өрнектер мен қабырға безендіруіне фриз тәсілдерін пайдаланған. Ислам діні мен мәдениетінің өркен жаюына байланысты Мазардың қабырғалары мен маңдайшаларына аят жәнәхадисүзінділері жазылып, қабір басына құлпытас қойылатын болды.

Ортағасырларда Қазақстан жерінде кесене тұрғызу дәстүрі одан әрі жалғасты. Солардың ішінде өзінің алғашқы нұсқасын осы күнге дейін сақтағандары да бар.

Бүтін қалған, бұзылмаған күмбездер мен барабандары бар Алтын Орда дәуірінен қалған кесенелер көп емес болғандықтан, Сырлытам бірегей болып келеді және бастапқыдағы түрі бойынша пікір тию үшін осы құрылымдардың әжептәуір түрде сақталып қалған қалдықтары бар ескерткіштер ерекше бағалылыққа ие. Қазақстан аумағында осы кезеңге жататын кесене бар, ол

Іңқар-дария ауылынан оңтүстікке қарай 25 шақырым жерде, аттас ағыс құрғақ арнасының жағасында орналасқан.

Асан ата кесенесін Орталық Азияның барлық түркі халықтарының мұрасы деуге болады. Кесене Қызылорда облысы Шиелі ауданы Бәйгекұм теміржол бекетінен шығысқа қарай 5 км жерде орналасқан. Салынған уақыты – XVI ғ. ғимарат авторы белгісіз.

Сәулет өнері Қазақстанның X-XII ғасырларда Қарахан дәуірінде өркендей бастады. XIII-XIV ғасырларда да архитектуралық маңызы бар ірі құрылыс салына бастады. Ол кезден бізге жеткен сәулет өнерінің тамаша үлгілеріне *Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи, Көккесене, Алаша хан, Дәуітбек, Тек-тұрмас* сияқты кесенелер жатады.

Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы болған *Арыстан баб ата* қабірінің басына салынған кесен осы күнге дейін көрген адамды таң қалдырады. Аумағы 30x13 метр яғни 390 шаршы метр. Кесене дәлізхана, мешіт, құжыраhana, азан шақыратын мұнара сияқты жеке бөлмелерден құралған. Кесененің ең көне бөлігі қабірхана болуы тиіс. Қазір де оның едені басқа бөлмелермен салыстырғанда едәуір биік. Қабір үстіне алғашқы белгі XII ғасыр шамасында салынған. Мазар XIV ғасырда қайта жөнделген.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – аса үлкен порталды күмбезді құрылыс. Оның ені – 46,5 м, ұзындығы – 65 м. Ғимараттың орасан зор порталы (ені – 50 метрге жуық, порталдық аркасының ұзындығы – 18,2 м) және бірнеше күмбезі бар. Оның орталық залының төңірегіне түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған. Жамағатхана (мұнда қазан тұруы себепті қазандық деп аталған) күмбезінің ұшар басына дейін есептегендегі ғимараттың биіктігі – **37,5 метр**. Сыртқы қабырғалардың қалыңдығы – 1,8–2 м, қазандық қабырғаларының қалыңдығы – 3 метр. Бұл зәулім *ғимарат қазандық, үлкен ақ-сарай, кіші ақсарай, құдықхана, кітапхана, асхана, көрхана, мешіт* сияқты 8 түрлі бөлмелер тобынан тұрады.

Әлемдегі ентаңқаларлық архитектуралық ескерткіш «*Ұлы қытай Қорғаны*». Екі жарым мың жылдан астам тарихы бар Қытай қорғаны адамзаттың сәулет өнері тарихындағы ғажайып кереметтердің бірі. Жалпы ұзындығы 6700 км артық. Екінші бір деректе 8 851,9 км десе, үшінші бір деректе оның ұзындығын 21 196 шақырымға жеткізеді. Толщина Қорған құрылысына бір миллионға жуық адам қатынасқан, Мұның өзі сол кездегі Қытай халқының бестен бір бөлігі еді. Б.э.д. 770–221 жылдар аралығында салынған. Мин әулеті 1368 – 1644 жылдары сол түстігіндегі көршілері – шүршіттер (маньчжур) мен моңғолдардан қорғану үшін сол заманның ең озық техникасын пайдаланып, қорғанды ұзарта түсті. Қытай қорғанының бүгінгі күнге дейін бүлінбей жеткен 5000 километрден астам бөлігі сол Мин дәуірінде жөнделіп, жаңадан тұрғызылған. Мұның негізгі бөліктерінің орташа биіктігі 7 – 8 метр, табанының ені 6,5 метр, үстіңгі жағының ені 5,8 метр.

Қорғанның үстінде әр 100 метр сайын 2–3 қабаттан тұратын қарауыл мұнарасы салынған.

Алайда солтүстіктегі көшпелі жауынгер халықтарға ол ешқандай тосқауыл бола алған жоқ. Ғұндар, түріктер, қидандар, моңғолдармен шүршіттер (маньчжурлер) қорғаннан өтіп, отырықшы елдермен емін-еркін саяси, мәдени және сауда байланыстарын жүргізді. Әуелі олар Қытай жерінде Вэй (табғаш), Ляо (қидан), Юань (моңғол), Цинь (маньчжур) империяларын құрып, Қытайды көптеген ғасыр биледі.

1961 жылы ҚХР үкіметі қорғанның көптеген тұстарын қайта қалпына келтіріп, мемлекет қорғауына алды, ал 1987 жылы ол адамзаттың мәдени құндылығы ретінде ЮНЕСКО-ның бүкіл әлемдік мәдениет және табиғат ескерткіштері тізіміне кіргізілді.

Тәж–Махал– Үндістандағы ең әйгілі ғимарат және ЮНЕСКО әлемдік мұра нысаны. Делиден 204 шақырым жерде орналасқан. Әлемге танымал бұл Тәж – Махал кесенесін Ақсақ Темірдің ұрпағы Жақан шах 13 бала туып, 14-інші баладан қайтыс болған тоқалы Мұмтаз Махалға арнап салдырған. 1630 жылы басталған кесененің құрылысы 22 жылға созылған. «Өлмес махаббат» нышаны болып саналатын Тәж - Махал – әлемдегі жеті кереметтің бірі. Төрт құбыласында төрт минареті, биіктігі 74 метр бес күмбезі бар ақ мәрмәрдан салынған мазардың құрылысына Орта Азия, Парсы, Таяу Шығыс елдерінен 20 мың зергер-ұсталар жұмылдырып, құрылысты 1643 жылы аяқтады. Тәж - Махал ансамблі – архитектураның шыңы.

Жамуна өзенінің арғы бетінде қара мәрмәрдан жасалған іргетас жатыр. Жақан осы жерге қара мәрмәрдан өзіне арнап тура сол Тәж Махалдың көшірмесіндей мавзелей салуды жоспарлайды. Екеуінің арасында ағып жатқан Жамуна өзеніне қос мазарды жалғастыратын көпір салынуы тиіс еді. Алайда мемлекеттің қазынасы тағы бір құрылысты көтере алмайтын болды. 1658 жылы Жақан шахты ұлы Аурангзеб орнынан алып, Қызыл бекініске қамап қойды. Тоғыз жыл қамауда отырған Жақан шахты қайтыс болғаннан кейін тоқалының жанына апарып жерледі.

Еуропа өркениетінің орталығы – Рим қаласы. Үш мың жылдық тарихы бар қалада архитектуралық ескерткіштердің озық үлгілері осы күнге дейін адамды таң қалдырады. Әулие Петр Соборы, Венеция сарайы, Сикст капелласы, Капитолий Консерваторлар сарайы, Рим форумы, Апий жолы, Треви субұрқағы, Әулие Каллиста Катакомбасы, Испания алаңы, Пантеон, Әулие періште қамалы сияқты ғимараттардың әрқайсысын жеке алып айтса да болар еді.

Көне Римнің ғажайып ескерткіштерінің бірі **Колизей**. Атауы латынның «колоссеум» («алапат ауқамды») деген сөзінен шыққан. Бұл амфитеатрдың ұзындығы 188 метр, ені 156 метр, сыртқы қабырғасының биіктігі – 48 метр, бұл дегеніңіз кәдімгі 12 қабат үймен тең, іргетасының тереңдігі 13 метр, амфитеатрдың мыңдаған жыл бойы қозғалмай тұрғанының да себебі сонда.

Колизейге бір мезгілде 50 мың көрермен сыятын болған. Мұндай ауқымдағы стадионға 100000 мың адам да сыйып кететіні белгілі, бұл арадағы айырмашылық ерте замандағы көрермендердің қазіргідей сығылыспай, еркін отырғандығында. Сексен жерден кіріп шығатын есіктерден енген адамдар

айналасы он минуттың ішінде толық жайғасып үлгереді екен. Сол заманда бүгінгідей трибунасы, секторлары, отыратын орны көрсетілген билеттер болған, сондай-ақ Колизей гладиаторлар айқасын қызықтайтын да жер болған.

Мәңгі қаладағы тағы бір құдірет – **Пантеон**. Таң қаларлық басты қасиеті – архитектуралық шешімнің қарапайымдылығы. Пантеонның кереметі – оның 9 метрлік шаңырағы. Онда жалғыз есік пен жалғыз тесік бар. Нөсерлеген жанбыр жауса да, оған бір тамшы су тамбайды. Оған кіргеннен-ақ бір жерден түсетін күн сәулесі тек қана сіздің жүзіңізге түскендей тылсым бір күй кешесіз. Оның себебін түсіндіру қиын.

Римге барған адам Ватикан мемлекетіне соқпай кетпейтіні белгілі. Католик әлемінің ең қасиетті ғибадатханасы **Әулие Петр соборы** осында. Адамзаттың ұлы суреткерлері Микеланджело мен Рафаэльдің таңғажайып талантының арқасында Капитолий қырқасында тұрғызылған бұл ғимарат дүние дидагындағы шын кереметтердің бірі.

Архитектуралық ескерткіштер тарихшыға нені аңғартады? Біріншіден, сол замандағы құрылыс салу өнерінің деңгейін көрсетеді. Онда қолданған материалдар, оларды өндіру жолдары, құрылыс технологиясының дамуы, жоба жасау және оны іске асырудағы инженерлік шешім тіралы мәлімет береді. Екіншіден, ғимарат салынған тарихи кезеңдегі халықтың рухани деңгейін анықтай аламыз. Үшіншіден, сол елдің саяси – әлеуметтік және шаруашылықтағы жетістіктерінің белгілі бір құрылыс салу ісін жүзеге асыруға мүмкіншілік алғандығын көреміз.

Әдебиет

Всеобщая история архитектуры. – М., 1963. Т.4.

Искусство. Книга для чтения по истории живописи, скульптуры, архитектуры. – М., 1961.

История зарубежного искусства. Учебник – М., 1984.

История искусства зарубежных стран. Том I. – М., 1962.

Энциклопедия. Том VII. Искусство. Том I. – М., 1998.

"История искусств Казахстана" с древнейших времен до наших дней в трех томах (на казахском и русском языках).

6. ФОЛЬКЛОР ДЕРЕКТЕРІ

Жоспары

1. *Ауызша дерек түсінігі.*
2. *Фольклорлық материалдарды тарихи дерек ретінде пайдалану проблемасы.*
3. *Халық ауыз әдебиеті нұсқалары тарихи дерек.*
4. *Қазақ ақындарының шығармаларындағы тарихи проблемалар.*
5. *Генеологиялық шығармалардың деректемелік маңызы.*
6. *Әдет-ғұрыптық заңдары.*
7. *Жер-су аттары тарихи дерек.*

Қандайда болмасын халықтың тарихи деректер негізінде жазылатындығы баршамызға белгілі. Тарих тек қана жазба деректер негізінде жазылу керек деген ұғымның келмеске кеткені қашан. Бүгінгі тарих ғылымында деректердің кез-келген топтары мен түрлерін кәдеге асуы қажет. Жазбаша деректерде тарихи уақиға шынайы шындықты көрсетеді деп ойлайтын болсақ үлкен қателікке ұрынған болар едік. Сондықтан тарих жазғанда кез-келген деректер тобына сыни көзқараспен қарап, бірімен-бірін салыстыра отырып, деректану ғылымының әдістерін толық пайдаланғанда ғана мұратқа жетуге болады.

1. Ауызша дерек түсінігі

Қазақ тарихының жазбаша деректеріне тапшы кезендерін ашуда фольклорлық материалдардың қажеттілігін айтпаса да түсінікті. *Ауыз әдебиеті* – халықтың ғасырлар бойы ауызша шығарып, сақтап келген рухани асыл қазынасы. Фольклор терминің 1843 жылы рет ғылыми айналымға кіргізген ағылшын ғалымы Ульям Томсон екен. Фольклор сөзі ағылшын тілінен аударғанда халық данышпандығы деген мағынаны білдіреді. С.И. Ожеговтың сөздігінде фольклор дегеніміз «устное народное творчество и совокупность обычев, обрядов, песен и другие явления быта народа» [Словарь русского языка. М., 1975, 785 б]. Осы күнге дейін филология ғылымында фольклор термині жөнінде бірізділік жоқ.

Фольклордың құрамына халық шығармашылығының барлық түрі кіреді. Оларды ауызша, музыкалық және хореографиялық-театрланған өнер түрлері деп шартты түрде бөлуге болады.

Фольклор ескерткіштері барлық халықтарда. Мысалы, көне грек эпосы, исланд сағтары, шотланд балладары, орыстың былиналары, кэрелофиндердің рунасы, Кавказ халықтарының нартары, Сібір түркі-моңғол халықтарының батырлар

жырлары, Еуропа халықтарының, «Робин Гуд», «Песень о небелунгах», «Песень о моем сиде».

Бізге белгілі ең көне эпостардың бірі грекхалқының жыры – *Илиада*. Авторы Гомер болып есептеледі. Екі поэмадан тұратын көне ескерткіш тек грек әдебиетінің ғана емес бүкіл әлемдік руханияттың желгі ескерткіштері. Олардың пайда уақыты туралы ешқандай мәлімет жоқ. Илиада Троя қаласының екінші атауы да Одисей жырлардың негізгі кейіпкері. Поэмалардың сюжетіне Троя соғысы туралы аңыздар алынған. «Илиада» 15700 өлеңнен тұрады. Олар 24 кітапқа бөлген (грек алфавитінің саны бойынша).

«Песнь о Нибелунгах» орта ғасырдағы герман тайпаларының эпикалық жыры. Авторы белгісіз. Жазылған уақыты шамамен XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басы. Уақиға желісі V ғасырда өмір сүрген герман тайпаларының қарым - қатынасы, сол заманда Рейн бойында билік еткен гун тайпаларымен туысқандық қатынас орнатуға ұмтылысы жайында өрбиді.

Келесі бір поэма «Песнь о моём Сиде» деп аталады. Испан әдебиетінің озық үлгісі. Мұның авторы белгісіз. Пайда болған уақыты 1195-1207 жылдар аралығы. Испан халқының араб басқыншыларын қарсы соғысы баяндалады. Негізгі кейіпкері Сид тарихи тұлға. Зерттеушілердің пікірінше оның прототипі дворян текті, әскербасы Реконкисты Родриго (Руй) Диас де Вивар (1040–1099), ел қорғауда өзінің ерлігімен халықтың жадында сақталған батыр.

Манас дастаны – қырғыз халқының дәстүрлі эпосы. Ауыз әдебиетінің тамаша үлгісі, бұл дастан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жырланып, халық есінде сақталуда. Дастанның жазбаша үлгілерінің бірі жарты миллионға жуық жолдан тұрады да, көлемі жағынан Гомердің Одиссеясымен Илиадасын қосқандағы көлемнен жиырма есе, ал Махабхарата көлемінен екі есе асып түседі.

Жыр-дастан Манастың, оның ұрпақтарының және ісін жалғастырушыларының хикаяларын баяндайды. Эпос үлкен үш бөлімнен тұрады: Манас жыры, Манастың ұлы Сәметейдің жыры және Манастың немересі Сейтектің жыры.

Дастанның өзекті тақырыбынқытаймен қалмақ дұшпандарына қарсы шайқастар сипаттайды. XV ғасырдан бастап дастанның аты деректерде атала бастағанмен, оның жазбаша нұсқасы 1885 жылға дейін жасалмаған болатын. Әртүрлі көзқарастар негізінде дастанның пайда болу уақытын: VII-X ғасырлар, XI-XII ғасырлар немесе XV-XVIII ғасырлар аралығы деп мөлшерлейді.

Қырғызстанда көптеген манасшылар бар. Дастанның үш бөлігін де жатқа білген манасшылар «Ұлы Манасшы» атағына ие бола алады. Дастанның әртүрлі бөлімдерінің 65-тен астам жазбаша нұсқалары белгілі. Ұлы ағартушы ғалымымыз Шоқан Уәлиханов дастан бөлімдерін қағазға түсіріп, «Көкетай ханның асы» деген көлемді үзіндісін орысшаға аударған.

Орыс тарихшылары өз зерттеулерінде фольклорлық деректерді кеңінен пайдаланады. Олар ауызша деректерді былайша жіктейді:

- күнтізбелік-тұрмыс- салт поэзиясы;
- отбасылық -тұрмыс-салт поэзиясы (бала дүниеге келгенде пестования, үйлену жора-жосындары, жоқтау);
- магиялық дуалау поэзиясы;

- жұмбақтар;
- ертегілер:(кумулятивті,суммированные,жануарлар туралы, таңғажайып,новелла түріндегі ертегілер,тұрмыстық, батырлар туралы ертегілер, переработкибылин,сказки–пародии);
- прозалық әңгімелер:(аңыз,был, предания, сказы,анекдотXX ғасырдағы француз тарихшысы Люсьен Февер *«история, несомненно, создается на основе письменных документов. Когда они есть. Но она может и должна создаваться и бесписьменных документов когда их не существует»* деп, тарихи зерттеулерде деректердің басқа да түрлерін пайдалануды жоққа шығармапты. [Бой за историю. М., 1991. 22 б.].

Сондықтандақазақ тарихын зерттеуде ауызша деректердің орны ерекше. Өкінішке орай қазақ халқының өте бай ауызша шығармаларын зерттеу тек әдебиетші ғалымдардың еншісінде болған. Бұл жөнінде белгілі қазақ тарихшысы Меруерт Қуатқызы (*...казахское устное творчество было в основном объектом изучения фольклористов, литературоведов, а историки и этнографы относились к применению устный традиции для реконструкций прошлой казахов весьма осторожно*)[*Казахстан и Центральная Азия в XV–XVII в.в. история, политика, дипломатия. Алматы: Дайк-пресс, 1998, 67 бет*] деп көрсетті.

Қазақ тарихының ауызша деректерін шамамен 10 топқа бөлуге болады. Олар мыналар: *нормативті деректер, генеология, әдептік заң нормалары, аңыздармен ертегілер, батырлар жыры, лирикалық поэмалар, мақал-мәтелдер және жұмбақтар, халық композиторларының әндері, халық ақындарының өлеңдері, билер мен шешендер сөзі, ономастика материалдары т.с.с.* Әлбетте, бұл топтаудың шартты түрде екені белгілі. Өйткені кейбір деректер бір топтан екінші бір топқа ауыса береді.

2. Фольклорлық материалдарды тарихи дерек ретінде пайдалану проблемасы

Шын мәнінде біздің әдебиетшілер қазақтың ауыз әдебиетін жан-жақты зерттеп, көптеген диссертациялар жазды, жинақтар шығарды. Оның материалдарын өз зерттеулерінде пайдаланды. Тіпті кейбірі ауызша әдебиеттердің тарихилығын зерттеді.

Әйтседе қазақ тарихын жазуда ауыз әдебиетінің мұралары пайдаланылмады деген пікірден аулақпыз. Раши-ад-дин, Әбілғазы Баһадұр хан, Өтеміс қажы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Құрбанғали Халит, М.Ж.Көпейұлы, Е.Бекмаханов, Кляшторный С.Г., Сұлтанов Т.И. еңбектерінде ауызша деректер молынан пайдаланған.

Қазақтың кәсіби тарих ғылымының негізін қалаушылардың бірі Ермұхан Бекмаханов *«тарихи ірі уақиғалар ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз т.б. арқылы қазақ халқының есінде сақталған»* деген пікірі

талас тудырмаса керек. [Қазақстан XIX ғ. 20-40 жылдары. Алматы: Қазақ Университеті. 1992, 43 бет.]

Қазақ халқының ауызша тарихының үлкен ғылыми проблема дәрежесіне дейін көтерген филология ғылымының докторы, профессор **А. Сейдімбек**. Ол өзінің көп жылдық зерттеу жұмысының нәтижесін 2008 жылы аяқтап, Астанадағы «Фолиант» баспасынан 728 беттік кітап етіп шығарды [Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу]. Қазақ халқының шежірелік туындыларын талдап, оған сараптама жасап, оларды тарихи дерек ретінде пайдаланудың ғылыми тұжырымдамасын жасап берді. Ғалымның айтуы бойынша шежіре тарату дәстүрі көпшілік түркі халықтарына тән болғанымен, нақ қазақ сияқты оны өзінің тарихының мәйегіне айналдырған халық жоқ сияқты. Кітаптың құндылығы – ондағы тақырыпқа байланысты терминдерге түсінік беріп, халық арасында ұмытылып бара жатқан ұғымдарды қайта тірілту.

Өз зерттеулерінде ауызша деректерді молынан пайдаланып жүрген ғалымдардың бірі, профессор Ж.О. Артықбаев. Автор ауызша деректерді пайдалануда көп ғалымдарға үлгі боларлық. Оның *«для создание объективной истории Казахстана значение устной историологии чрезвычайно важно, поскольку до конца первой половины XIX века письменной литература не играла в казахском обществе скольконибудь серьезной роли»* [История Казахстана. Учебник для вузов. Қостанай: ТОО «Центрально-Азиатское книжное издательство», 2006. 20-бет] дегеніне алып-қосарымыз жоқ.

Ауызша деректерді зерттеушілер кәдесіне жарату мәселесін алғашқы рет көтерген Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушы ғалымдары. Археология, этнография және Қазақстан тарихы кафедрасында профессор Ж.Артықбаевтың басшылығымен, ауызша деректерді пайдаланудың теориялық және әдіснамалық проблемаларын зерттеу мәселесі жолға қойылды. Өткен ғасырдың 90-жылдары мұнда осы тақырыпқа арналған бірнеше кандидаттық тіпті докторлық диссертациялар қорғалды.

1999 жылы осы кафедра аспиранты Елешова З.Е. *«XV–XVII ғғ. қазақ тарихының фольклорлық нұсқасы»* тақырыбында диссертациялық зерттеу орындалды. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты тарихи фольклор материалдары негізінде XV–XVII ғасырлардағы қазақ халқының тарихын көрсету еді. Автор өз мақсатын толығымен орындады. Бұл дәуір Алаш жұртының енші алу, қазақ, ноғай және өзбек болып бөліну процесінің жүріп жатқан кезі еді. Сондықтанда оның жинаған тарихи деректері осы бауырлас үш халыққа да ортақ.

Тарихи оқиғаларды баяндай отыра, автор қол жазба түрінде немесе ауызша айтылып жүрген тарихи фольклорлық фрагменттермен сюжеттерге текстологиялық талдау жасау және тұтас деректік қор қалыптастыру, дерек түрін өзара салыстыру сияқты әдістемелік жұмыстар жүргізген. Диссертациялық зерттеу негізінде автор қазақ тарихының белгілі бір кезеңін зерттеуде фольклорлық деректердің құндылығын дәлелдейді.

3. Халық ауыз әдебиеті нұсқалары тарихи дерек

Жатар алдында анасының баласына айтатын ертегісін халықтың еріккеннен ойлап тапқан дүниесі деп ойлау үлкен қателік болар еді. Ұзақ жылдар бойы халықтың есінде екшеленіп қалған ертегілер мен аңыздарда тұнып тұрған тарих бар. **Ертегі халық прозасының дамыған, көркемделген түрі. Ол әрі тәрбиелік, әрі көркемдік-эстетикалық рөл атқарады. Ертегінің негізін қалаған жанрлар деп мифті, хикаяны, әсананы айтамыз.** Ертегі пайда болған заманда халық оны қиял деп қабылдамаған. Онда баяндалатын оқиғаға толық сенген. Әлбетте, ертегі адам есінде қалу үшін оны ойдан шығарылған, адам сенбейтін, шым-шытырық уақиғалармен көркемдеген. Алғашында шын болған уақиғалар негізінде айтылған әңгімелер бірте-бірте ел арасына тараған сайын қоспалармен толықтырылып, хикаяға, одан ертегіге айналып кеткен. Бұл күнде қазақ ертегілері том-том кітап болып басылып жатыр. Тарихшының міндеті – осыларды деректанулық сыннан өткізіп, өз кәдесіне жарату.

Үлкен тарихи мағлұмат беретін деректердің тобына қазақтың аңыздары жатады. **Миф дүние туралы фантастикалық түсінік. Аңызды зерттейтін ғылым мифология – адамның рухани мәдениетінің алғашқы формасы.** Арғы тарих кезінде пайда болды. Адам қоршаған ортаны түсіну үшін қолданды. Құдай мен батыр іс-әрекетін айтушы. **Аңыз** – халық қиялынан туған ғажайып қызық оқиға, әңгіме.

Өмірден ерте озған **Қондыбай Серікбол** деген жас ғалым арғы қазақтардың аңыз-әңгімелеріне өзінің 4 томдық еңбегін арнады. Қазақ фольклорының көп жылдар бойы зерттеген профессор **Немат Келімбетов** ертедегі ғұн тайпаларында дастандардың болғаны жөнінде болжам айтады. Еділ Бабамыз жөнінде еуропа халықтарында **«Песень о небелунгах»** және **«Песень о моем Сиде»** деп аталатын дастандардың барлығы белгілі. Одан кейінгі тарихи аренаға көтерілген түркі тайпаларында аңыз-әңгімелердің көп болғандығын Махмуд Қашғари өз сөздігінде атап көрсетеді.

Ауызша деректердің келесі бір тобына ықылым заманнан бері халық арасында тарап келе жатқан мақал-мәтелдер жатады. **Мақал – нақыл сөздің бір түрі. Өмір құбылыстарын жинақтайтын, оларды бір қалыпқа келтіретін, бір не екі тармақтан құралып, алдынгысында шарт не жалпы пайымдау, соңысында қорытынды шығаратын, түйінді пікір айтатын, өте ықшам, бейнелі халықтық поэтикалық жанр.** Ғасырлар бойы екшеленген, қырланған, алуан мазмұнды, сан тақырыпты сөз мәйегі. Қазақ арасында бүгінде кең таралған мақалдардың көпшілігін Махмуд Қашқари сөздігінен, Жүсіп Баласағұни еңбектерінен кездестіріп жүрміз (Атасы бір әрі тартады, анасы бір бері тартады. Үйлену оңай, үй болу қиын.). Қазақ мақалдарына әдеби талдау берген қазақтың белгілі ғалымы профессор Сейіт Қасқабасов. Кейбір елдерде мақал-мәтелдерді зерттейтін ғылым бар. Оны **паремиология** деп атайды. Бұл гректің паремия – нақыл деген сөзінен шыққан.

Енді мәтел сөзге тоқталайық. **Мәтел – өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір-бірімен кереғар шеңдестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз.** Мәтел мақалға жақын, сынар тармақ болып келеді.

Сөз үстемелене келіп түптің түбінде оның мақалға айналуы мүкін. Мақал мен мәтел бірін бірі толықтырып тұратын жанр.

Мақал мен мәтелдерді халық өзі туғызған. Ол қоғамның, жеке тұлға өмірінің барлық саласына қатыстыайтылады. Сондықтан да оның деректік маңызы өте жоғары. Мәселен Махмұд Қашқаридағы «Диірменде туған тышқан, тарсылдан қорықпайды» – деген мақалдан, сол кездің өзінде көне түркілер диірменге ұн тартқаның білеміз. Келесі бір мысал Орхон жазуларында, Күлтегінде толып жатқан мақал-мәтелдер халық жадында бар. Мақал-мәтелдерден біз сол замандағы халықтың шаруашылығына, мәдениетіне, рухани дүниесіне байланысты мәліметтерді көптеп кездестіреміз.

Қазақ фольклорындағы батырлар жыры ең құнды тарихи дерек болып табылады. Ол ғылымда «Қырымның қырық батыры» деген атпен белгілі. Осы күнде барлығы дерлік жаряланды. «Қарақыпшақ Қобыланды» жырының тарихилығы дәлелденді. Эпостағы жырланатын тұлғалардың көпшілігі тарихта болған адамдар. Эпос шығару өнері қазақ қоғамында ХІХ ғасырға дейін өз жалғасын тапты. Оған дәлел Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбайы», Нұрқан Ахметбековтың «Қарауыл қырғыны» эпосы.

4. Қазақ ақындарының шығармаларындағы тарихи проблемалар

Ауызша тарихи деректердің үлкен бір тобы қазақ ақындарының шығармалары. Ханның қордасында әр уақытта ақылшы жыраулар болған. Жыраулар – халық поэзиясын жасаған ақылғөй даналар. Олар заманының өздері куә болған елеулі уақиғаларын, тарихи кезеңдерді жырға қосқан.

Жыраулар поэзиясы сонау көне заманда пайда болып, әсіресе, Қазақ хандығы тұсында (ХV ғасыр) кең өріс алды.

Жыраулардың халық қадір тұтқан. Ел толқыған кезде, бүліншілік шыққанда немесе ел шетіне жау келген кездерде ақыл, кеңес сұрайтын болған. Мұндай кезде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға күш-қуат беріп (дем беріп), істің немен тынатыны жайлы болжамдар айтып отырған. ХV–ХVІІ ғасырлар арасы жыраулар поэзиясының гүлденген заманы.

Жырау деген атау «жыр» сөзінен шыққан. Жыршы деп көптеген эпостық жырларды жатқа білетін, дайын репертуары бар айтқыштарды таныған.

Жыраулар өз шығармаларын ақыл-нақыл, өсиет түрінде айтқан. Олардың толғауларының негізгі тақырыптары – туған жерді, елді сүю, Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиетті насихаттау.

Тарихта белгілі алғашқы жырау найман руынан шыққан Кетбұға. Оның Жошының өліміне байланысты шығармасы жөнінде дерек бар. Өкінішке орай оның толық нұсқасы бізге дейін жетпеген. ХІV ғасырдың аяғында өмір сүрген соқыр Ахмет, Фарқылық, Сыпыра жырау Сұрғұлтайұлы, Асан қайғы, Жұмақұл жырау, Шеге, Шорман және Бақтияр жыраулардың шығармаларында тарихи мағлұматтар мол. Одан кейінгі ғасырларда өмір сүрген Қазтуған Сүйіншіұлы, Доспанбет, Шалкиіз Тіленшіұлы, Жиёмбет және Марқасқа жырау, Қожаберген

жырау, Ақтамберді жырау шығармаларында сол кездегі қазақ қоғамының санқилы уақиғалары баяндалады.

Қожаберген жырау Толыбай ұлы (1663–1763жж) «Баба тілі» және «Елім-ай» поэмаларында қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресін шынайы түрде баяндайды.

XIX ғасырда өмір сүрген, сол кездегі қазақ даласындағы шым-шытырық уақиғаларға куә болған, өздері де сол уақиғаларға араласқан ақындардың шығармаларында қазақи шындық толық баяндалады. Кеңес заманында **«Зар заман ақындары»** деген атқа ие болған **Шортанбай, Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Шернияз, Жарылғашұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері** шығармаларына көңіл аударылмады, мән берілмеді, олар шынайы бағасын ала алмады. Қазақтың болашағы, халықтың келешегі қыл үстінде тұр деп жырлаған ақындардың шығармалары, бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерінің бірі.

Қазақ әдебиеттану ғылымына бұл терминді 1927 жылы енгізген М.О.Әузов. Ол заман ақындары дәуірін Абылай хан тұсынан Абайға дейінгі жүз жылға ұластырып, Нарманбетпен аяқтайды. Зар заман ақындары тұсынан қазақ әдебиеті жазбаша сипатталды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы бұрынғы қалыптасқан құндылықтардың өзгеруі, елді басқару жүйесінің басқа сипатқа ауысуы, отаршылдықтың белең алуы, халықтың қатты күйзелуі Зар заман ақындарын тарих сахнасына шығарған. Зар заман ақындары халқының жай-күйін ойлаған ұлт қайраткерлері ретінде танылды. Олардың шығармалары халықтық салт-дәстүрлерді қаймағы бұзылмаған қалпында сақтауға, ұлттық болмыс-бітімнен ажырамауға үндейді.

Олар Ресей империясы отарлаушыларының озбырлығы мен сұрқия саясатын жан-жақты суреттейді. Қазақ халқының шұрайлы жерлерін тартып алып, ұрпағын аздырып, діннен аулақтату сықылды империялық пиғылдың жүзеге асуына қарсыласу мақсатында пайда болған шығармалардың деректік мүмкіншіліктері мол. Бас игісі келмеген ұлт қайраткерлерінің өршіл үні айқын аңғарылады.

Зар заман ақындарының шығармаларында сары уайымға салыну, қайғы-мұңға берілу сарыны да байқалады. Бұл кезең ақындары келер күннен үміт жоқтығына налиды, тығырықтан шығатын жол таппай қиналады. Олар елдің басына түскен нәубетті ақырзаманның келгені деп ұғады. Халықты қан қақсатқан зобалаңның себебін Зар заман ақындарының бірі адам қолымен жасалған зұлымдықтан, екіншілері діннің бұзылғандығынан деп топшылайды. Әсіресе, Шортанбай ақын шарасыздықтан дінді таяныш қылады.

Отаршылдық дәуірін зерттеп жүрген тарихшылар зар заман ақындарының шығармаларын деректердің басқа түрлерімен салыстыра отырып пайдаланса, оның зерттеуінің сапасы жоғары болатындығына сенімдіміз.

Өз өлеңдерің жаза білген оны құйқылжыта әндете білген Сегізсері Бахрамұлы, Біржан Қорамсаұлы, Ақансері, Естай, Әсет өлеңдері тек қана музыка мәдениетіне қосылған үлес қана емес сонымен қатар шынайы тарихи дерек.

5. Генеологиялық шығармалардың деректемелік маңызы

Келесі бір деректердің үлкен тобы – шежірелер. Ғылыми атауы – генеология (гректің тұқымтану деген сөзінен шыққан). Бүгінде бұл ғылым жеке пән болып қалыптасып отыр. Қазақ халқында шежіре қалыптасқан дәстүр, ата танудың негізі, рухани байлық. XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың алғашқы зиялы қауымның өкілі **Мақаш Баймұхамедов** (1803–1897жж.) Астраханда шыққан бір кітапта былай деп жазыпты: *«Хотя письменных источников по части исторического прошлого в Орде никаких не существует, но зато нет недостатка в преданиях устных, заслуживающих веры при отчетливом знании киргиз – казаками своей генеологии»*[Благодоров М.О. бытие киргизов. Сб.ст. Астрахань. 1910. С. 282.]. Әрине бұл жерде авторменен таласуға да болар еді. Қазақ халқында жазбаша деректер болмады деген пікір шындыққа сәйкес келмейді, дегенмен оның қазақ баласы өз шежіресін жақсы біледі деген пікірін қолдаймыз. Өйткені әрбір қазақ өзінің жеті атасын білуге міндетті болған. Әрбір атаны 30 жылдан деп есептесек қазақ жұрты өзінің соңғы 200 жылдық тарихын жақсы білген. **Шежіре**, (арабша шаджарат – бұтақ, тармақ) – тарих ғылымының халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тармағы. Ру, тайпалардың тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, қалыптасқан ресми Шежіре барлық халықтарда кездеседі. Ресей, Германия, Англия, Франция және көптеген шығыс елдерінде Шежіренің көп томдық жинақтары шыққан. Башқұрт, өзбек, түрікмен, қырғыз, Сібір халықтарында Шежіре дерек көздері ретінде молынан кездеседі. Шежірені шежіреші қарттар ауызша таратып отырған. Сондықтан оны кейбір ғалымдардалалық ауызша тарихнама (ДАТ) деп те әспеттейді.

Жалпы Шежірені жинақтаған көнекөз қариялардың көмегімен қазақтың ру-тайпаларының өткені туралы біршама мәліметтер алуға болатындығы XVIII ғасырда белгілі болды. XVIII–XIX ғасырларда мұндай Шежірелердің біразын Н.Аристов, А.Левшин, В.Григорьев, Л.Мейер, П.Рычков, М.Тевкелев, Н.Гродеков, И.Андреев, Ш.Уәлиханов, Г.Н. Потанин, Ә.Диваев, т.б. зерттеушілер жазып алып, ғылыми айналымға енгізді. Алынған жинақтар шежіре деректері орта ғасырлардан бастау алатындығын, тіпті жекелеген нұсқалары Адам атадан басталатындығын айқындады. Кейбір шежіре нұсқалары ортағасырлық деректемелермен де ұштасып жатады. Рашид әд-Дин, Ұлықбек, Әбілғазы, Бейбарыс, ибн Халдун, т.б. көптеген ортағасырлық авторлардың еңбектерінде белгілі бір тұлғалардың, ру-тайпалардың, халықтардың шығу тегі таратылып, бірнеше ұрпақтар алмастығы өрбітіліп отырды.

Түркі, соның ішінде қазақ ойшылдары топтаған шежірелердің ең бағалылары – Мұхаммед Хайдар Дулат пен Қыдырғали Жалайыридың еңбектері болып саналады. Сондай-ақ «Көшен-Қарауыл шежіресі» (XVIII ғасыр), «Жәңгір хан шежіресі» (1835), Уәлиханов жазып алған «Ұлы жүз шежіресі», А.Ниязовтың «Үш жүздің шежіресі», А.Жантөриннің шежіресі, Потанин жазып алған Мұса

Шорманұлышежіресі, Ө.Бөжейұлының «Қазақ жұртының шежіресі», Қ.Бірімжанұлының бастауымен жинақталған «Орта жүз және Кіші жүздің шежіресі» (1894), «Насабнама» сынды шығармалардың да құндылығы жоғары.

Керей шежіресін алғаш рет қағазға түсіріп, келер ұрпаққа мұра етіп қалдырған Дәулен Таузарұлы. Оны ұлы атақты Толыбай сыншы толықтырып, өзінің ұрпағы Қожаберген жыраудың қолына тигізді. Өз кезегінде Қожаберген, осы шежіре негізінде «Ата тек» деген дастан жазды. Қолдан қолға өтіп, керей шежіресі Сегіз сері Бахрамұлына жетті. Сегіз серіден кейін бұл шежірені жинап, жалғастырған Тәшмұхамед Тәбейұлы Барлыбаев. Осының бәрін бүгінгі ұрпаққа жеткізген белгілі фольклор танушы Қаратай Биғожин.

Қазақ шежіресін кеңінен пайдаланып жазылған еңбек Құрбанғали Халидтің «Шығыстың бес тарихы». Автор Орталық Азия, ШығысТүркістан халықтарымен қатар қазақ даласын мекенейтін ру-тайпаларға да тоқталады. Өзен-көл, жер, ру-тайпа аттарының этимологиясы жөнінде көптеген мәліметтер бар. Бір қызығы Құрбанғали Сары арқаны екіге бөліп, бірін Оң Арқа, екіншісін Сол арқа депайтатындығынмәлімдейді. Обь және Ертіс арасын ерте заманда Сол Арқа деп атаған.

Қазақ шежіресін алғашқы қағазға түсіргендердің бірі Мәшһүр-Жүсіп Көбеев (1857–1931). Ол өзінің кітабын 1911 жылы Орынборда шығарды. Кеңес заманында бұл шығарма бірнеше рет жарық көрді. Мәжһүр шежіресінің ерекшелігі ол әрбір аталарды баяндағанда, сол аталардың өз тұсында болған оқиғалар туралы ел аузында қалған ертегі-аңыздарды қоса айтады. Сондықтан ол жазған шежіре оқуға өте қызықты.

Шежіреніөлеңмен жазған жерлесіміз Нұржан Наушабаев (1885–1919). Оның «Манзумат қазақия» аталатын 1903 жылы қазанда жарық көрген кітабына қазақ шежіресінің біраз материалдары пайдаланылған. Нұржанға еліктеп шежірені өлеңмен жазатындар көбейген.

Қазақ тарихнамасында шежіре деректерін деректемелік талдаудан өткізу қажеттілігін алғаш айтқан Шәкәрім Құдайбердіұлы Көп оқыған, көп білген, шығыстың да батыстың да тарихи әдебиеттерімен таныс Шәкәрім қажы тарихи зерттеулерде батыс ғалымының әдіс-тәсілдерін пайдалану қажеттілігін түсінді. Әсіресе ол шежіре деректеріне үлкен күмәнмен қарап, оларды деректердің басқа да түрлерімен салыстыра отырып пайдаланады. Сондықтан да оның шежіре жөніндегі еңбегі шығыс және батыс тарих жазу дәстүрлерінің арасында жазылған.

Хронологиялық ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, ол қазақ тарихын жүйелі түрде баяндауға тырысты. Шәкәрімнің Керей-Уақ жөніндегі пайымдалулары талас тудырып, осы күнгі қалаптасқан пікірлермен сәйкес келмейді.

Қазақтың белгілі жазушысы Сәбит Мұқановтың көзінің тірісінде баспаға ұсынған, бірақ өзі қайтыс болғаннан кейін жарыққа шыққан еңбегіндеқазақ шежіресіне арнаған бөлім бар. Онда қазақ шежіресіне сипаттама бере келе қожа және қазақ шежіресіне талдау жасайды. Ол шежіре тек ауызша, жазбаша ғана болып келмей оның өлеңмен айтылғанын да атап көрсетті. Бұл кітаптан жа-

зушының туған жері Солтүстік Қазақстанда сол заманда өмір сүрген шежіреші қарттар жөнінде де мағлұмат бар. Бір қызығы солардың ішінде ССРО халық әртісі Ермек Серкебаевтың әкесі Бекмағамет те бар.

Шежіре жинау, оны зерттеу, ғылыми айналымға кіргізу жөнінде алдына жан салмаған ғалым – Әлкей Марғұлан еді. Кеңес үкіметі заманында шежірені өзінің ғылыми еңбегіне негіз қылған Мұхаметжан Тынышпаев қазақтар жөніндегі алғашқы еңбектің авторы болды. Онда ол өзіне белгілі қазақ руларын талқыға салды. Өткен ғасырдың 20-шы жылдары Ташкент қаласында жарық көрген оның кітабы көпшіліктің сүйіп оқитын шығармасына айналды.

Тағдыры тәлкекке түскен, атақты Е. Бекмаханов өз еңбектерінде шежіре материалдарын арнаулы тарихи дерек ретінде молынан пайдаланды. Одан кейінгі Х.Арғынбаев, Ж.Артықбаев, М.Мұқанов, В.Востров, Н.Әлімбаев, Б.Жакин және тағы да басқа тарихшылар шежіре деректеріне зор баға берді.

Өткен ғасырдың 90 жылдары Моңғолия мен Қытайда Абақ Керейдің ру-тайпалық құрамын зерттеу кең етек алды. Зерттеу нәтижесінде бірнеше кітап жарық көрді. 1995 жылы Ұлан Баторда Сұлтан Тәукейұлының «Шежіре» деп аталатын кітабы оқырмандар қолына тиді. Шежіре схемалық түрде жазылған.

Қазақ Шежіресінде тайпа, ру, аталардың таралуымен қатар, оларға байланысты тарихи оқиғалар, елдің қоныс аударуы, бір ел мен екінші елдің қарым-қатынасы, ол елдерден шыққан шешендер, батырлар жайлы әңгімелер қоса жазылады.

Қазіргі таңда шежірені дереккөзі ретінде қарастырып, одан алынған мәліметтерге ғылыми пайымдаулар жасау, тарихи материалдармен байланыстыру біршама жолға қойылып келеді. Қазақ тайпаларының шежіресі «Өнер» баспасынан бірнеше том болып басылып шықты. «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығы да (жетекшісі Х.Ғабжәлелов, Т.Омарбеков) шежіре деректерін жинақталып, қазақ ру-тайпаларының нақты тарихы жан-жақты баяндалуда Тама-үш том, Табын-екі том, Кердері-бір томдақ, Керейт бір томдақ, Жағалбайлы- екі том, Рамазан- бір томдақ Телеу- бір томдақ, Жалайыр- екі том, Арғын- үш том, Найман- үш том, Дулат- екі том, Қаңлы- бір томдақ, Қаракесек бірлестігі-бір том, алты ата әлім-Әлім-Кете-Шөмекей»-төрт том, Қоңырат-1, Керей- бір томдақ шежірелері жарық көрді. Шежіренің қазақ қоғамындағы рөлі, одан алынатын құнды мағлұматтар тарихшы мамандар тарапынан зерттелу үстінде.

Шежіреге бүгінгі күні үлкен көңіл бөлінуде жер-жерде, әр облыстарда жергілікті рудың шежіресіне арналған кітаптар жарық көруде. 2010 жылы Қостанайда 720 беттік керей тайпасының шежіресі жарық көрді.

Шежіре материалдарын ғылыми зерттеу дәрежесіне дейін көтерген ұмтылыстар да бар. 2007 жылы Алматыда Шыңғыстану институтында *Мақсат Алпысбес* есімді жас ғалым «*Қазақ шежірелері – тарихи дерек ретінде*» атты тарих ғылымдарының докторлығы дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Диссертация – автордың көп жылдық еңбегінің нәтижесі еді. Ол шежірені тарихи дерек ретінде пайдаланудың ғылыми теориялық тұжырымдамасын

жасап олардың қазақ тарихын жазудағы негізгі дерек екендігін дәлелдеп шықты.

6. Әдет-ғұрыптық заңдары

Қазақтың әдеп заңы көне түркілердің Төресінен бастау алады, Шыңғыс ұрпағы билеген дәуірде. Шыңғыс ханның «Ясысымен» толықтырылып, бүгінгі заманымызға дейін жетті. Бүгінгі қазақ Конституциясы бола тұра, оған негізделген заң нормалары бола тұра, осы күнге дейін кейбір өмірлік жағдайларда әдет-ғұрыптық заңдарының нормаларымен өмір сүреді.

Әдет-ғұрып заңдары тасқа басылып, қағазға жазылмаса да халықтың санасына терең бойлап енгендігі соншама, олар халықтың күнделікті өмірінің реттеушісі сияқты. Бүгінгі қазақтың көпшілігі жақында шыққан неке және отбасы туралы заңды білмесе де баяғы замандағы отбасының шаңырағы шайқалмай өмір сүріп келеді. Әке мен баланың, анасы мен қызының, іні-сіңілі, ағайын-туыс, көрші-қолаң арасындағы қарым-қатынас әдет-ғұрыптық заңның сарқыншағы. Әдет-ғұрыптық заңдар негізінде, қазақ қоғамындағы саяси құрылыс, әлеуметтік қарым-қатынас, рухани өмір жөнінде толық мағлұмат алуға болады.

Қазақ қоғамында ел билеген билер, сөз бастаған шешендер үлкен абыройға, зор құрметке бөленген. Олардың бір кездері айтқан сөздері афоризм ретінде біздің заманымызға дейін жетіп отыр. Олардың көпшілігі жиналып, зерттеліп, талданып тарихи деректік дәрежеге дейін көтерілді. Көпшілік тарихи еңбектерде пайдаланып та жүр. Әдет заңдары оқу құралының келесі тарауларында толықашылады.

7. Жер-су аттары тарихи дерек

«Еліңнің аты – тарихтың хаты» дейді халық, бұл сөзде үлкен мағына бар. Өйткені халық ат қойғанда ойланып толғанып барып қояды. Атаулар жөніндегі ғылымды «ономастика» деп атайды. Бұл ғылым тарих, география және лингвистика ғылымдарының түйіскен жерінде. Әсіресе жер атаулары, ел атаулары сонау көне заманда қалыптасып ауызша түрде бізге дейін жетіп отыр. Біздің негізгі міндетіміз сол атауларға зор ыждаһаттылықпен қарап, оларды мұқият тіркеп, жан-жақты талдау жасауымыз керек. Жер атаулары ауызша тарихи деректердің бір түрі. Бір қуанатын жағдай жер атауларын зерттеу Қазақстанның әр облысында үлкен талпыныспен жүргізілуде. Мұндай қызығушылықты мемлекеттің өзі де қолдап отыр. Қарағанды, Павлодар, Қостанай облыстарында мұндай зерттеулер жарияланып та үлгерді.

Қорыта айтқанда қазақ тарихының ауызша деректерінің зерттеу ісі қолға алынды, бірақ оның ғылыми тұжырымдамасы жасалып әдістері толық айқындалды деп айту қиын. Алматы, Астана, Қарағанды сияқты қалаларда деректану орталықтарын ашу кезек күттірмейтін мәселе. Шынайы қазақ тарихы деректердің әр тобын бірімен бірін салыстыра отырып пайдаланғанда ғана

жазылады. Осы салада зерттеу нәтижесін жариялап тұратын арнаулы басылым болса – құба-құп.

Әдебиет

Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.–302 б.

Алпысбес М. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу: монография.–Астана: «BG-Print»ЖК, 2013.–380 б.

Төрқұлов Н, Қазбеков М. Қазақтың би шешендері 1,2 кітап. Алматы,1993.

Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі А.Мектеп,1986.

Сейдембеков А. Қазақтың ауызша тарихы:Зерттеу «Фолиант», Астана, 2008.–708 б.

7.ЖАЗБАША ДЕРЕКТЕР

Жоспары

- 1.Жазбаша дерек түсінігі және түрлері.*
- 2.Жазу өнерінің пайда болуы және алғашқы жазбаша деректер.*
- 3.Көне дүние деректері.*

1. Жазбаша дерек түсінігі және түрлері

Жазбаша деректер тарихи зерртеулерде кеңінен қолданылатын ақпарат көзі екендігі баршамызға белгілі. Әлем тарихшылары арасында ондай деректердің беделі өте жоғары. Сондықтан әрбір зерттеуші алдымен жазбаша деректерді іздеп табуға тырысады. Жазбаша дерек дегеніміз кез келген затқа арнаулы белгілер арқылы өткен заманнан жеткен ақпарат. Оның тарихы жазу өнерінің пайда болуымен тығыз байланысты.

XIX ғасырдың аяғында жазылғанның бәрі дерек емес деген түсінік пайда болды. Жазбаша деректерге сын көзбен қару қажеттілігі орта ғасырда айтыла бастағанымен, тек соңғы ғасырларда ғана деректемелік талдау мәселесі ғылыми жолға қойылды.

Жазбаша деректер сан-алуан. Пиктографиялық ақпарат көздерінен бастап ғылыми еңбектерге дейін жазбаша деректер болып саналады. Сондықтан да оларды бір жүйеге келтіріп, топтау мәселесі туындайды. Әсіресе Кеңес тарихшылары жазбаша деректерді бөлшектеудің бірнеше нұсқасын ұсынды. Алғашқыда барлық жазбаша деректерді **құжаттық** (документальные) және **баяндайтын** (повествовательные) деп екі топқа бөлді. Бірінші топқа жататын ақпарат көздері өмірде болып жатқан уақиғаларды тіркеп отыру қажеттілігінен туған. Ондай құжаттарды жасағандар келешек ұрпаққа ақпарат қалдыруды ойлаған жоқ. Сондықтан да мұндай құжаттар шынайы болып, зерттеушінің сенімін арттырады. Дегенмен мұндай деректер оқиға жөнінде толық ақпарат бере алмайды.

Жазбаша деректердің екінші әдеіі тарих үшін жазылады. Оқиға ретретімен, толық әрі оның ішіндегі элементтердің бір-бірімен байланыстыра отыра баяндалады. Баяндамалы деректер мұқият тексеруді қажет етеді. Бір ғана ақпарат көзін пайдаланып тарих жазуға болмайды. Зерттеуді басқа дерек түрлерімен толықтыру қажет.

Әлбетте жазбаша деректерді осылайша топтау шартты түрде болуы мүмкін. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай ақпарат көздері әр алуан. Деректердің бір түрі жойылып кетіп жатса, жаңа түрлері пайда болып жатады.

Деректердің бұл екі тобы да өз кезеңінде бірнеше түрлерге бөлінеді. Деректердің түрі дегеніміз – мазмұны мен ішкі құрылымы ұқсас құжаттар кешенін айтамыз. Деректердің топқа және түрге бөліну мәселесі ғылымда ұзақ пікірталас тудырғаны белгілі. Сондықтан ешбір ғалымның концепциясына еліктемей қазақ тарихына байланысты жазбаша деректерді өз қалауымызша топтауға тырыстық.

I. Құжаттық деректер:

1. Заңнамалық құжаттар. (Құқық ескерткіштері);
2. Акт деректері (келісім-шарттар);
3. Іс қағаздары (кеңселер мен мекемелерде пайда болған құжаттар);
4. Статистика материалдары.

II. Баяндау деректері:

1. Жылнама және хроника;
2. Жазу өнерінің алғашқы нұсқалары;
3. Ортағасырлық нарративті деректер;
4. Естеліктер мен и эпистолярлық жанр ескерткіштері;
5. Әдеби және публицистикалық шығармалар;
6. Баспасөз материалдары.

2. Жазу өнерінің пайда болуы және алғашқы жазбаша деректер

Жазу дегеніміз адамның ойын, пікірін білдіретін, хабарын жеткізетін таңбалар жүйесі. Жазудың басты атқаратын қызметі хабар беру. **Оның алғашқы түрін**

Код поля изменен

Код поля изменен

пиктография(лат.*pictus*болу,*грек, grapho жазамын) деп атаймыз.*

Пиктографиялық жазу шартты түрде бейнеленген суреттер арқылы тілдік формаларды емес, тек ойды, ұғымды білдіретін ертедегі жазу түрі.

Әрбір сурет бүтіндей хабарды білдіре алады. Ол хабар графикалық жағынан жеке сөздерге бөлшектенбейді. Осыған орай пиктограмма тілдік формаларды емес, оның мазмұнын бейнелейді. Осылай болғандықтан пиктограммалардың мағынасын әртүрлі тілдерде сөйлейтін адамдар түсіне алатын болған. Зерттеушілер пиктографиялық жазу ең алғаш рет неолит дәуірінде пайда болды деп есептейді.

Мұндай жазу өте қарапайым болды, сондықтан тереңмазмұнды ойды жеткізу мүмкіндігі болмады. Пиктографиялық жазудың тәсілін қазірде де кездестіруге болады. Мысалы, көшеде жүрудің тәртібін аңғартатын әртүрлі белгілердің, дүкендермен мен шеберханалардың жарнамасындағы бас, аяқ киімдерінің суреттері пиктографиялық сипаты бар.

Осындай жазудың дамуы барысында идеографиялық жазу пайда болды. Оның таңбалары идеограммалар деп аталады. Идеограммалар белгіленетін заттың мағынасын білдіретін шартты таңбаларынан қолданған.

Идеографиялық жазудың үлгілерін ертедегі қытай жазуы мен шумер жазуынан көруге болады. Қытай жазуының идеографиялық жүйесі осыдан мың жыл бұрын жасалған болатын. Қытайдың жазу жүйесі әрбір таңбаның дыбыстық тілдегі белгілі бір сөзге сәйкес келіп, соған телінуіне негізделген. Қытай жазуындағы таңбалар біртіндеп өзгеріп, жетіліп, белгілейтін заттар мен құбылыстардың шартты таңбаларына айналған.

Идеографиялық жазудағы графикалық таңбалар цифрлар тәрізді: олар сөздің дыбысталуын емес, мағынасын білдіреді. Жазудың идеографиялық принципін қазіргі тілдердегі сандардың таңбаларынан да көруге болады. Мысалы, «5» деген цифр. Бұл цифрдың сандық мағынасы барлық халыққа түсінікті. Бірақ бұл цифрдың атының дыбысталуы әр тілде әртүрлі. Цифр белгілі бір ұғымды санның таңбасы ретінде көрсетеді, бірақ ол таңбаның цифр атының дыбысталуына ешбір қатысы жоқ. Осы ерекшелік, идеограммалар мен идеографиялық жазуға да тән нәрсе. Идеограммаларды цифрлар тәрізді таңбалар деп түсіну керек.

Қазіргі кездегі идеограммалар (математикалық, химиялық, астрономиялық және т.б. ғылыми-техникалық таңбалар) жеке сөзбен немесе сөз тіркестері мен айтылатын ғылыми терминдерді білдіреді.

Әліпби немесе **алфавит** (гр.–*альфа* және *бета* (жаңа грек. – вита деген екі әрпінің қосындысы;) жазуда қолданылатын әріптердің белгіленген тәртіп бойынша орналасқан жиынтығы. Әріптердің рет тәртібін де білдіреді. Ұғымды белгілейтін идеограмма жазудан, сөзді бейнелейтін логограмма жазудан әліпбилік жазудың жүйесі мүлде бөлек.

Жазудың әліпбилік үлгісін, яғни таңбаның бір ғана дыбысқа сәйкес келуін біздің заманымыздан бұрынғы 3-мыңыншы жылдардың ортасында семит халықтары ойлап тапқан. Семит тілдерімен туыстас көлбеу – (*курсив*) арамей (*көне семит тілі*) әліпбиі Таау және орта шығыс елдерінің

бәріне дерлік тарады. Біздің заманымыздан бұрынғы VI-IV ғасырларда Кіші Азиядан Үндістанға дейінгі билік құрған Ахемен әулеті билеген парсы мемлекетінде қолданылған парсы-арамей жазуы (*парфян, согды, хорезм жазуларына негіз болған*), еврейлердің шаршы жазуы, сирия-арамей жазуы (*манихей, несториан, яковит жазуларына негіз болған*), жол асты, жол үсті дәйекшелерімен толықтырылған араб жазуы, т.б. арамей жазуының жергілікті тармақтарына жатады. Түзу сызықты **финикий әліпбиі** бастапқы түрінде Кіші Азия, Грекия, Италия, т.б. елдерде қолданылды.

Ал көне грек әліпбиі бірнеше тілдердің жазу-сызуына негіз болды. **Византия жазуы**, копт (*христиан мысырлықтар*), гот, славян жазулары көне грек әліпбиінің Шығыс тармақтарына жатады. Ал италий, этрус, көне герман сына жазуы, т.б. батыс грек әліпбиінің тармақтары болып саналады. Бұлардың ішінде этрус әліпбиі латын әліпбиіне негіз болған.

VIII–XIII ғасырларда Орталық Азиядағы түркілердің арамей-сирия тармағынан тараған несториан, манихей жазуларымен жазған жазба ескерткіштері болды. Сондай-ақ парсы-арамей тармағына жататын согды әліпбиі Шығыс Түркістанда кеңінен қолданылған көне ұйғыр әліпбиіне негіз болған. Ал көне ұйғыр әліпбиі негізінде XIII ғасырдан кейін түңғыс-манжұр жазулары қалыптасты. Түркі халықтарының әлемге әйгілі Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің әліпбиіне согды жазуы негіз болған деген де пікір бар. Ал орыс шығыстанушысы Николай Аристов түркі әліпбиін ешбір бөгде әліпбидің ықпалынсыз, түркі таңбалары негізінде туған төл жазу деп санайды. Жазу-сызу мен сауаттылық дінмен тығыз байланысты болды.

Арамей жазуы зороастрашылдық, сирия-арамей жазулары яковит, несториан (*христиан секталары*), манихей діндерімен байланыста тарады. Араб әліпбиі мұсылман дінінің, ислам мәдениетінің кеңінен таралуына байланысты көптеген түркі халықтарының жазу-сызуына негіз болды.

Қазақ жазба мұраларының көпшілігі араб әліпбиі арқылы біздің заманымызға жетті. 1912 жылы А. Байтұрсынұлы араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуына алғаш реформа жасады. Ол қазақ жазуы тарихында **«жаңа емле»** (*төте жазу*) деп аталып, халықты сауаттандыруда ірі бетбұрыс жасады. Әліпби 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде, 1929 жылға дейін кеңестік мектептерде қолданылды.

XX ғасырдың 20-жылдары аяғында әліпбиді ауыстыру жайлы түркі, қазақ зиялылары арасында айтыс жүріп, төте жазу қолданыстан шығарылды. Дегенмен көрші Қытайдың Шыңжаң автономиялық ауданын қоныстанған қазақ жұрты бұл әліпбиді қазіргі кезге дейін қолданып келеді.

1929 жылы КСРО құрамындағы түркі халықтары латын әліпбиіне көшірілді. 1940 жылы Кеңес Одағы халықтары біртекті әліпбиді қолдануы қажет деген саясатпен орыс әліпбиі қолданысқа енгізілді. Орыс тілінде жоқ қазақ тілі дыбыстарының таңбалары кирилл таңбаларына ұқсастырылып (**қ-к, ғ-г, ө-о, ң-н**), қабылданды. Бұл әліпбидің қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бәрін толық таңбалай алмауына байланысты кейінгі жылдары қазақ жазуында латын әліпбиіне көшіру мәселесі көтерілуде.

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

3. Көне дүние деректері

Көне парсы деректері. Басты деректемелердің бірі Зороастризмнің киелі «Авеста» деген атауымен белгілі. Ахура Мазда құдайына арналған жырларда авторы Заратуштра («Кәрі түйеші» деген мағына береді) делінеді. Заратуштра Каспий теңізінің шығыс-солтүстігін қоныстанған арий тайпасының Спитама руынан шыққан. Шамамен алғанда, адамзат тарихындағы тұңғыш пайғамбар, абыз Заратуштра, біздің заманымызға дейін IX ғасырда өмір сүрді. Табиғи дарынының арқасында арийлердің батыр ұлдары жайлы жырлап, отыз жасында жана дінді ойлап табады. Қазақстан, Орталық Азия, Иран, Әзербайжан, Ауғанстан жерінде таралған Заратуштра ілімінің қасиетті жазбалар жинағы біздің заманымызға дейін III ғасырында хатқа түскен 21 кітаптан тұрады. «Авестаның» сақталған бөлігінде Құдай атына айтылатын жырлар (гимндер) бар.

Басында Айға, Күнге, отқа, суғатабынатын арийлер оның діни уағыздарын қабылдай қоймады. Әсіресе турлар қатты қарсылық көрсеткен. Заратуштра басқа жақтарға қоныс аударып, өз ілімін көрші елдерге таратады. Осылайша зороастризм діні дүниеге келді. Заратуштра уағыздарының Қазақстанның ежелгі тұрғындарының тарихын, мәдениетін танып білуде маңызы зор. Онда шығыс ирандық көшпелі тайпалар "турлар" деген жинақ атаумен беріледі. Сонымен қатар "Авестада" "сайримдер", "дахтар" деген тайпалар туралы да айтылады. Турлар мен арийлер арасындағы шымшытырық оқиғалар Әмудария мен Сырдария, Каспий мен Арал, Еділ мен Кама өңірлерінде өрбиді. Бұл деректегі кейіпкерлер доңғалақты арбаға мінген. Олардың қарулары – садақпен жебе, найза, айбалта, кәсібі – мал өсіру (өгіз, жылқы және түйе), тамағы – етпен – сүт, Құдайға құрбандыққа шалуға жылқы, сиыр, қой әкелетіндігі баяндалған.

Дерек Орталық Азияны мекендейтін халықтардың рухани әлемі жөнінде біршама мәлімет береді. Ондағы фактілер археологиялық зерттеулер нәтижесінде дәлелденіп отыр.

Көне грек авторларының шығармалары. Ежелгі Қазақстан жөнінде ең көп хабар жинақтаған антика (көне грек) авторларының шығармалары. Көбіне грек және ішінара латын тілдеріндегі деректердің ішінен Галикарнас қаласынан шыққан ежелгі грек тарихшысы Геродотты (490 және 484–425 жылдардың арасы) ерекше атауға болады.

Ежелгі Рим ғұламасы Цицерон Геродотты «тарихтың атасы» деп атайды. Б.з. дейін V ғасырдың ортасында жазған «Тарих» атты тоғыз томдық еңбектің 4-томында скифтердің географиялық орналасуы, саяси тарихы, әдет-ғұрпы, тұрмысы суреттеледі. Геродот скифтердің Шығыстағы далалық көшпелі тайпалар арасынан келгенін айтады. Ол сақтарды «азиялық скифтер» дейді. Скиф атауы Солтүстік Қара теңіз өңірі мен Алдыңғы Азияның көшпелі тайпаларына қатысты қолданылады. Грек деректемелерінде басқа

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

дамассагеттер, сарматтар (савроматтар), аргиппейлер, аримаспылар, исседондар және т.б. тайпа атаулары кездеседі.

Мысалы, Геродот массагеттерді Каспий теңізінен шығысқа қарай, Сырдарияның (Аракстің) арғы жағына орналастырады. Сақтармен массагеттер еліне жасалған Дарийдің, Кирдің жорықтарын егжей-тегжейлі әңгімелейді.

Сақтардан солтүстікке қарай орналасқан сайримдер туралы Геродоттан барынша толығырақ деректер алуға болады. Геродот: **«Танаис өзенінің (қазіргі Дон) арғы жағы сарматтардың қолында»**, – дей келе, Доннан Еділге дейінгі аралықты меңзейді. Сарматтартайпа бірлестігі құрамына Солтүстік-батыс Қазақстан өңірінен шыққан аорстар да енген. Жайық – Елекөзендері аралығынан табылған археологиялық ескерткіштерде аорстардың сарматтармен мәдени ұқсастықтары бар екендігін анықтады. Геродот Дарийдің Скифияға жорығы туралы айта келіп: «Сарматтар скифтер жағында белсенді түрде соғысты», – деп жазды. Оларды әйелдер басқаратындығын айта келіп, амазонка әйелдер тайпасы туралы аңызды баяндайды.

«Сармат әйелдері садақ атады, сапы лақтырады, аттың үстінде жүреді. Барлық саны үш жауды өлтіргенше қыз күйеуге шықпайды», – деп көрсетеді. Сарматтар негізінде біздің заманымызға дейін IV–III ғасырларда Сармат тайпалар одағы құрылды. Соңғы жылдардағы Батыс Қазақстаннан табылған «Алтын адам», «қайқы, қылыш» сияқты археологиядағы жаңалықтар сарматтардың әскери өнері дамығандығы туралы Геродот жазбаларын растай түседі. Сармат-алан тайпаларын IV ғасырда ғұндар талқандады.

Ал Геродот болса, халықтардың шығыстан батысқа қарай көшуін айта келіп: **«Солтүстік-шығыс Қазақстанды мекендеген аримаспылар исседондарды өз жерінен ығыстырып шығарды. Ал исседондар скифтерді отырған орнынан қозғады, ал киммерліктер скифтердің тепкісіне төтеп бере алмай, өз елін тастап кетті»**, – деп жазды. Геродот: **«Осынау көшіқон біздің заманымызға дейін VII–VI ғасырларда жүзеге асты»** деп көрсетеді. Исседондарға ерте темір дәуіріндегі Орталық Қазақстандағы Тасмола мәдениеті тән. Археологиялық зерттеулер Орталық Қазақстан, Жетісу мен Орталық Азияда табылған қару-жарақ үлгілерінің ұқсастығын анықтап берді. Тасмола мәдениетіндегі тайпалар (исседондар) сақ тайпаларының қуатты бөлігін құраған.

Геродот келтірген **«алтын қырыққан құзғындар»** туралы аңыз Алтай өңірімен байланысты шықса керек. Геродоттың баяндауынан сақ тайпалары ішінен массагеттермен исседондардың бір-біріне ұқсас тайпалар екендігін байқауға болады. Тарих атасының айтуынша, массагеттер Аракс (Сырдария) өзенінен шығысқа қарай исседондарға қарама-қарсы мекендеген ірі, әрі күшті тайпа болған.

Бұл тайпалар жайлы **Страбон** еңбектерінен де табуға болады. Ертедегі грек географы әрі тарихшысы **«География»** еңбегінің авторы Страбонның (біздің заманымызға дейін 64 – біздің заманымызда 23 жылдары) мәлімдеуіне қарағанда, Каспий теңізінің шығысына қарай тұратындар массагеттер мен сақтар делінеді. Ал қалғандарын Страбон жалпылама скифтер деген атаумен береді. **«Бірақ әрбір тайпаның дербес атауы бар. Олардың арасындағы барынша**

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

белгілілер: асиилер, пассиактар, тохарлар, сакаравилер. Массажеттер тек Күнді гана Құдай деп санайды және оған құрбандыққа жылқы шалады... аттылы-жасая жақсы жауынгерлер. Ұрысқа алтын белдік тағып шығады. Аттарына алтын жүген салады. Оларда күміс жоқ, темір аз, бірақ қола мен алтын өте көп.Егіншілікпен айналыспайды, қайта номадтар (көшпенділер), скифтер сияқты мал бағып, барлық аулап тіршілік етеді", – деп жазды. Бұдан Страбонның тарихи материалдарды көбінесе басқа да грек авторларының шығармаларына ұқсас екендігін аңғарамыз.

Орталық Азиямен Қазақстан жерін мекендеген скифтердің шығыстан батысқа қоныс аударуы нәтижесінде Қара теңіздің солтүстік өңіріндегі скифтер мемлекеті пайда болды. Ал Қара теңіз жағалауы скифтері өз замандастары гректермен тығыз қарым-қатынас жасаған. Бұл аймақтағы тарихи байланыстар жөнінде бірсыпыра анық мәлімет беретін «Тарихта» Геродот Скиф даласынан шыққан ғұлама *Анахарсис* туралы маңызды дерек қалдырған.

Анахарсис Скиф жерінен Эллада еліне біздің заманымызға дейін 594 жылы келеді. Оның шыққан тегі туралы алғашқы деректі Геродот былайша береді: *«Арианифаның сенімді кісісі, тыңшысы Тимнен естуім бойынша, Анахарсис әке жағынан Скиф патшасы Идантирстің ағасы болып келеді. Спарганифтен Лик, Ликтен Гнур, одан Анахарсис туған»*. Анахарсистің басты мақсаты – Эллада еліне барып, мемлекет ісін, философия ғылымын игеру еді.

Анахарсис өз Отанында тамаша тәрбие алып, ана тілін жетік меңгергендігімен қатар грек тілін де жақсы білген. Ол өзінің скиф және эллин халықтарының өмір-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, кәсібі туралы 800-ден астам еңбектері бар. Анахарсис Солонаркылы афинылықтардың салт-дәстүрімен, заңымен, мемлекет құрылысымен тереңірек танысады. Скиф данасы көне грек ойшылдарын, грек мәдениеті мен өнерін біліп қана қоймай, оларға сын көзбен қараған. Оның көзқарастарынан далалықтардың дәстүрлі дүниетанымы байқалады. Анахарсистің даналық сөздерінің болмыс бітімі қазақтың белгілі шешен-билерінің сөздерімен қабысып жатыр. Эллин жерінде жүрсе де, тұрмыста скифтерше өмір сүреді.

Плутархтың «Жеті данышпанның сауығы» деген әңгімесінен Анахарсистің эллиндер елінде өзінің ақылымен, адамгершілігімен, терең білімімен үлкен құрметке ие болғаны байқалады. Геродоттың баяндауына қарағанда, Анахарсис Эллада елінде оқып, білім алып, мемлекет ісіне үйреніп, еліне қайтады. Анахарсис туған Отанында оны көре алмаушылардың қолынан қаза табады. Геродот Анахарсистің қайғылы өлімінің себебін скифтердің әдет-ғұрпымен байланыстырады. Афины билеушісі, Атақты реформатор Солонның төмендегі жалынды сөздері ұлы скиф данышпаны Анахарсиске арналады: *Ал мына жателдік азамат... скиф бола тұра ақылға бай, дана. Ол менің көзімді ашты, ойымды байытты, көптеген пікірлерімді басқаша байыптауға көмектесті, толып жатқан кеңес беріп, білім мен пайдалы іске үйретті. Сондықтан да бұл азаматты ел үшін де, мемлекет үшін де құтты деп*

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

санап, оның мүсінін мыстан құйып, ең бір құрметті жерге қалаулыларының мүсіндерімен қатар қойыңдар!»

Қазақстан аумағын мекендеген тайпалардың ежелгі дүние өркениеттерімен парсылармен, гректермен байланыс орнатқандығын көрсетеді. Сақтардың сол кездегі көптеген тарихи оқиғалардың бел ортасында жүргендігі байқалады. Адамзат жинақтаған мол құндылықтармен танысу әлемдік өркениеттегі Еуразия көшпенділерінің алатын орнын анықтауға көмектеседі. Бұл өз кезегінде тарихтағы еуроцентристік көзқарастардан арылуға септігін тигізері сөзсіз.

Қытай жазба деректері. Қытайдың Батыс аймақтарды бағындыруға ұмтылуы сол өңірдегі халықтар жөнінде материалдар жинаудан басталды. Қытай жазба деректері өзінің көлемі жағынан және жүйелі жазылғандығымен ерекшеленеді. Қазақстан тұрғындары туралы алғашқы анық мәліметтер император У-ди (біздің заманымызға дейін 140–87 жылдары) Батыс өңірге жіберген тұңғыш Қытай елшісі **Чжан Цяннан** алынды. Қытай жазбаларындағы **«Батыс өңір»** деген жерлер қазіргі Шыңжаң (Шығыс Түркістан) және Қазақстан мен Орталық Азияның біраз бөлігіне қатысты қолданылды.

Чжан Цянь екі рет Батыс өңірде болып қайтты. Чжан Цянь бастаған елшілікке ғұндарға қарсы Жетісудағы үйсіндермен одақ жасау міндеті жүктелді. Ол елшілік барысында жергілікті халықтың шаруашылығына, әскери күштеріне, қару түрлеріне, әдет-ғұрып, салт-дәстүріне дейін назар аударып, жазып алып отырды.

Әулеттердің тарихын жазушылардың ішінде У-ди императордың басты жылнамашысы **«Қытай тарихының атасы Сыма Цянь»** (біздің заманымызға дейін 145–86 жылдары) бөліп көрсетуге болады. Оның **«Тарихи жазбалар»** («Шицзи») деген еңбегінің **«Сюнну туралы хикая»** және **«Давань туралы хикая»** деген екі тарауында ғұндар туралы мәліметтер бар. Мазмұны жағынан Геродоттың Қара теңіздің жағалауындағы скифтер туралы баяндауларына ұқсас.

Көне түркі жазулары тарихи дерек. Көне Түркі жазуларының зерттелуі Сібір және Монғолия далаларына таралған жұмбақ жазулардың бар екендігі туралы ғылыми орта ертеден-ақ білетін еді. Оларды «Руна жазулары», яғни скандинавия тілдерінен алғанда «құпия, сыры ашылмаған» таңбалар деп атайтын. Ол кезде әлем ғалымдары сондықтан, бұл жазуларды көне Угор тайпаларының (Орал халықтарының ата-бабалары) мұрасы деп есептеді.

Жазуларды зерттеуге арнайы ұйымдастырылған Ресей Ғылым Академиясының экспедициясы Минусинск ойпатында іздестіру жұмыстарын жүргізіп, Д.Г. Мессершмидт және Ф.И. фон Стралленберг 1721–1722 жылдар аралығында көптеген материалдар жинақтады. Жиалған деректер ғылыми тұрғыдан екшеліп, 1729 жылы З. Байердің Санкт-Петербургтегі Императорлық ғылым Академиясының жазбаларында жарық көріп, Еуропадағы барлық Шығыстанушылардың қатты қызығу.

Әдебиет

Код поля изменен

Код поля изменен

История Казахстана в произведениях античных авторов. В двух томах. Астана: Фолиант, 2005.

История Казахстана в персидских источниках. Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. «Таным тармактары». Алматы, «Санат», 1998./Сост. **К.Салғараулы**.

«Сиунну. Хан Кітабінан» («Сюнну»). Алматы, «Санат», 1998./ Сост. **К.Салғараулы**.

«100 құжат». Алматы, «Санат», 1998./ **Сост. К.Салғараулы**.

«Дунху. Гаучы». Алматы, «Санат», 1999./ **Сост. К.Салғараулы**.

Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 1-2т. Алматы; 2005.

Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии XIII, XVIII вв.: (библиографические обзоры). Алматы, «Дайк-Пресс», 2001. – 426с.

8. НАРРАТИВ ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТІНДЕ

Жоспары

1. *Тарихи зерттеулердегі нарративті деректердің орны.*

2. *Еуропа нарративті деректері.*

3. *Орта ғасырдағы қазақ нарративті деректері.*

1. Тарихи зерттеулердегі нарративті деректердің орны

Тарихи зерттеулерде нарративті деректердің орны ерекше. Мұндай деректер тек тарих ғылымында ғана емес, сонымен қатар, басқа да гуманитарлық пәндерге тән. Сонымен нарратив дегеніміз не? Нарратив дерегінің бірнеше нұсқасы бар, алғашқысы латын тіліндегі *pagina* және *pagus* деген екі сөздің қосындысынан пайда болған. Қазақ тіліне аударғанда **«бірдеңе жөнінде білетін»** және **«эксперт»** осы ұғымға ұқсас ағылшын тілінде де «*narrative*» аударғанда әңгіме деген сөз бар. Біздің пікірімізше, осы термин әңгіме еткелі отырған нарратив түсінігіне сәйкес келетін сияқты. Бүгінгі ғылымда нарративті деректер психология, әлеуметтану, саясаттану, филология, философия тіпті психотрия ғылымында да кездеседі. Ғылымда **нарративті, наррация, нарративтік техника** сияқты **нарратология** ғылымының бағыттары бар.

Жоғарда айтылғандай нарратив термині білім және әңгіме ұғымдарына сәйкес. Яғни нарратив дегеніміз болған оқиғаны баяндауды білдіреді. Бірақ нарративтің жәй әңгімеден түсінігі бөлек. Нарративті әңгімелеудің өз сипаты және ерекшеліктері бар. Сондықтан оны жәй әңгімемен шатыстыруға болмайды. Енді оның ерекшеліктеріне тоқталайық: Жәй әңгіме бұл коммуника-

ция әдісі, ақпарат алмасу түрі ал нарратив сол ақпаратқа мағына беретін, түсіндіретін әңгіме. Американың философы және өнер зерттеушісі *Артур Данто* өзінің тарихтың аналитикалық философиясы атты еңбегінде бұған «түсіндіретін әңгіме» деген сипаттама берген болатын. Нарратив объективті емес керісінше субъективті әңгімелеу. Нарративтік әңгіме дегеніміз өмірде жие кездесетін жәй әңгімені субъективті эмоцияны және әңгіме айтушының бағасын қоса беру арқылы жасалатын әңгіме. Әңгіме айтушы ақпарат беру барысында болған оқиғаға жәй ғана констатация жасамай оған өзінің жеке басының эмоциясын қосып және сол оқиғаға өз бағасын береді. Сөйтіп тыңдарманды, оқырманды өзіне тартуға тырысады, берген ақпаратына қызықтырады.

Тарихи оқиғалар бір-бірімен себеп-салдарлар байланыста болатындығы белгілі. Нарративті әңгіме айтушы осы оқиғаларды қисынды байланыстырады. Мысалы: 1812 жылы Бородино түбінде орыс әскері шегінуге мәжбүр болды. Бұл жәй әңгіме түрі ал енді осы әңгімеге оның себебін білдіретін сөздерді қоссақ ол нарративті әңгіме болып шығады. 1812 жылы «орыс әскері тактикалық қулық жасап Бородино түбінде елдің ішкі аудандарына қарай шегінді десек бұл нарративті әңгіме болып шығады. Мазмұны жағынан бұл әңгіменің екі нұсқасының да бірінен-бірінің айырмашылығы жоқ, дегенмен екінші нұсқадағы «тактикалық қулық жасады» деген сөз тіркесі жәй әңгімені нарративке айналдырып отыр. Бірінші нұсқасында субъективтілік көзқарас жоқ, ал екіншісінде субъективтік көзқарас негізгі ойды білдіріп тұр.

Жалпы, нарратология ХХ ғ. 60-70 жылдарында жазба әңгімелерді, көркем мәтіндерді зерттеудің структуралистік әдісі ретінде пайда болды. Оның негізгі міндеті әңгімелеудің астарында жатқан «терең құрылымдар» мен «эмбебап грамматиканы» іздеу деп белгіленді. Нарративті тарих аясында оқиғалардың мағынасы түбегейлі негізделген тарихи процесс деп емес, оқиға туралы әңгіменің контекстінде туындайтын және интерпретациямен ішкі байланыста болады деп түсіндірілді. Нарративтік талдаудың көмегімен фактілер, оқиғалар іріктеледі және түсінік беріледі.

Олар белгілі бір «сюжетке» айналып, оқиғалар неге дәл осылай болу мәнісі ашылады. Нарратив шындықты түсіндіру моделін жасайды, тәртіпке келтіреді, ұйымдастырады, сендіреді. Ол аудитория назарын бір құбылыстарға аударады, ал екіншісін тасада қалдырады. Нәтижесінде құбылыстар әлеуметтік және коммуникативтік контексте мән мағынаға ие болады. Нарратив арқылы субъект өзін әлеуметтік аудиторияға белгілі бір қоғамның, мәдениеттің өкілімін деп таныстырады. Нарративтің ерекшелігі де осында, өйткені когнитивтік практикасын түсіндіруші субъект таным процесінің «ішінен шыққан».

Нарратив 6 элементтен – *тезис* (қысқаша мазмұны, резюмесі), *бағыт-бағдар* (болған уақыты мен жері, кейіпкерлері), *оқиға реттілігі*, *бағасы* (айтушының оқиғаны бағалауы), *резюлюциясы* (оқиға немен бітті), *коды* (айтушының қазіргі уақытқа қайтуы) – тұрады.

Нарративтік талдау барысында сұхбат материалдары мазмұндық ғана емес, мәтін формасына қатысты да сарапталады. Яғни сұхбат берушінің жеке басына қатысты немесе белгілі бір оқиғаны субъективті қабылдауына байланысты өз

еркімен, өз қалауымен қандай оқиғалар мен өмірінің жайттарын бөліп көрсететінін өзі шешеді. Сонымен қатар сұхбат беруші қандай категорияларды, ұғымдарды, сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланатыны да маңызды. Нарративтік талдау биографиялық немесе тақырыптық сұхбатты сапалы түрде талдауға жетелейді. Ф. *Шютц*, В. *Фишер*, Г. *Розенталь*, Дж. *Брунер* – нарративтік талдаудың методологиялық негіздерін жасаған ғалымдар. Айтылған әңгімелерді (нарратив) оқу, түсіндіріп беру және талдау бір-біріне тәуелсіз холистикалық тәсіл немесе «категориялық versus» және мазмұндық тәсіл немесе «формал-дық versus» өлшемдерімен жүреді.

Бұл екі өлшемнен нарративті интерпретациялаудың *төрт моделі* туындайды: *холистикалық – мазмұндық, холистикалық– формальдық, категориялық – мазмұндық және категориялық- формальдық*. Категориялық тәсіл толық мәтінді не түрлі респонденттерден алынған бірнеше мәтінді секцияларға бөлу және ондағы сөздерді категориялармен байланыстырып талдауды білдіреді. Холистикалық тәсіл материалды тұтас қарастырып мәтіннің әрбір бөлігін басқа бөліктердің контекстінде түсіндіреді. Категориялық тәсіл белгілі бір мәселені не феноменді түсіндіруге ыңғайлы. Тұлға өмірін тұтас зерттеуге холистикалық әдіс қолайлы. Мазмұндық тәсіл оқиға туралы әңгіменің фактілік ақпаратын талдайды: тұтас оқиғаның, не оның бөліктерінің мәні мен маңызын, мүдделердің көрінісін, информанттың тұлғалық ерекшелігін, т.с.с. Формалды талдау әңгіме сюжетінің құрылымын, оқиғалар реттілігін, уақыттық сәйкестігін, көңілкүй мен сезімдерге қатысты сөйлеу стилін, қолданылған метафоралар, т.б. анықтау үшін қолданылады. Нарративті зерттеп жүрген ғалымдар «кездейсоқ оқиғалар» тәжірибесін баяндайтын жағдайлармен жиі ұшырасатындарын айтады.

Дискурс және нарратив

Дискурс (фр.) – тілдік коммуникация түрі. Кең шеңберде, *дискурс* дегеніміз уақыттың мәдени тілдік контексті. Оған рухани-идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді. Тар мағынада, дискурс деп қандай да болмасын мағыналы, құнды іс-әрекеттің (актінің) нақты тілдік шындығын айтады.

Дискурс– сөйлесу арқылы берілетін ойдың әлеуметтік астарына талдау беретін ұғым. Структуралистер ғылыми айналымға қосқан бұл ұғым философияда, әлеуметтануда, семиотикада мәдениеттануда, когнитивтік талдауларда қолданылады. Дискурс ұғымы арқылы қандай да бір тікелей оқырманға не тыңдаушыға бағытталған концепция (ғылыми, философиялық) белгіленеді. Дискурс адамдардың сөйлеу арқылы жасаған қарым-қатынасынан кейін ғана мағынасы болады, яғни мағынасы мен белгісін, сөз бен ойдың бірлігін айқындайды.

Француз әдебиеттанушысы *Жан Франсуа Лиотар* наррацияны дискурстың бір түрі деп есептейді. Ал енді екінші бір неміс ғалымы *Иенс Брокмейер* нарративті дискурстың бір түрі деп есептейді. Соныменен лингвистика дәне әдебиеттану ғылымдарында нарратив және дискурс ұғымдары бірімен бірі байланысты бірімен бірі өмір сүре алмайтын түсініктер.

Тарихи нарративтер

Осы күні барлық гуманитарлық ғылымдар пайдаланып жүрген нарративті деректер тарих ғылымының аясында пайда болған. Тіпті орта ғасырда «**нарративті тарих деген**» термин де болған. Оның мәні тарихи оқиғаларды логикалық ретімен емес контекст және интерпритация призмасы негізінде қарау болды. Яғни нарративтің негізінде оқиғаның өзі емес ол туралы әңгіме жатты. Соныменен тарихи нарратив әңгімедегеніміз оқиғаның объективті баяндалуы. Нарративке трактат, хроника, кейбір фольклорлық және литургиялық сияқты тарихи мәтіндер жатады. **Нарративті дерек дегеніміз нарративті баяндауы бар мәтіндер мен хабарламалар.**

Й. Брокмейера және Р. Харре сияқты ғалымдар барлық кез келген мәтіннің тарихи нарративке жата беретініне қарсылық білдіреді. Мысалы кейбір «өмірбаяндық» мәтіндер уақыт өте келе өзгеріске немесе редакциялауға ұшыраған. Ондағы фактілердің объективтілігіне сенім аздығын алға тартады.

Дегенмен болған оқиға барысы одан өзгермейді. Деректанушы контекстен өзіне керегін сын елегінен өткізіп барып керегіне жаратады. Бәрімізге белгілі, өмірбаян иесі өзі туралы бар шындықты айта бермейді. Өзі туралы мәліметте ол жамандығын жасырып, жақсылығын асырып жазуы әбден мүмкін.

Нарративті деректерді адам жасайды. Сондықтан онда субъективті факторлардың әсері бар. Адам белгілі бір әлуметтік топтың немесе қоғамның мүшесі. Қоршаған орта, елдегі саяси ахуал, жазушының білімі, қызметі, қоғамдағы орны, жас мөлшері сияқты факторлар нарративті деректерден көрініс табады.

Сонымен нарратив дегеніміз өзіндік құрылымы бар логикалық байланыстағы әңгіме. Автор өзінің өмірлік тәжірибесіне қарай айналасында болып жатқан құбылыстарды қабылдап өзін өзі тануы және өзін жұртқа таныстыруы.

Тарихи нарратив арқылы тарихи тұлғалардың өмірге деген көзқарасын ескере отыра сол заманның болмысынан мәлімет аламыз. Кейде автор сол оқиғаның қатнасушысы немесе оның куәгері.

Нарративті деректерді топтау

Ортағасырлық нарративті деректерге мына төмендегілер жатады: **хроника** (грек.–уақыт)– тарихи оқиғаларды хронологиялық тәртіппен сипаттау дегенді білдіреді. Хроника тарихи туынды ретінде Ежелгі Рим империясында пайда болып, Византия мен Батыс Европада дамыды. Әдетте, хроникалар өзінің баяндауын ғылымның қалыптасуынан бастайды. Хронографтардың аудармалары негізінен Болгарияда жүргізілген. Русьте жасалған хроникаларды хронографтар деп атайды. XII ғасырдың соңынан бастап XVIII-ға дейін Ливония мен Шығыс Балтық елдерінде хроника маңызды тарихи дерек болып табылады. Солардың ішіндегі ең танымал: Латвиялық Генрихтың «**Хроника Ливонии**» (XIII ғасырдың алғашқы жартысы.), «**Рифмованная хроника**» (XIII ғасырдың соңы.), «**Новая рифмованная хроника**» Б. Гёнеке (XIV ғасырдың орта шені.)

Қазіргі заманғы тарихи әдебиеттерде «хроника» атауы кең мағынада жиі қолданылады ортағасырлық тарихи шығармаларға, Шығыс елдеріне қатысты. Ежелгі Русь және басқа да бірқатар елдердің (Византия, Болгария, Сербия) тарихи шығармалары хроникаға байланысты жылнама және хронограф деген атқа ие болады.

Агиография (грек – киелі; – жазамын) – діни тақырыпта жазылған шығармалар.

***Дидактикалық әдебиет** – ғылыми, философиялық, моральдық, діни идеяларды және уағыз, гибрат ойларды білдіретін шығармалар. Онда көркем сурет пен бейнелеуден гөрі байлам, пікір, тұжырым, өсиет, уағыз, насихат басым болады.

***Тарихи публицистика** – қоғамдық салада туындайтын тарихи деректің бір түрі. Публицистика қандай да бір маңызды мәселе жайлы әлеуметтік қоғамға пікірін білдіру жатады. Сонымен публицистика терминін нақты өмір құбылысына қатысты қарастырғанда, шығыс славян, поляк, неміс тағы басқа тілдерде кең мағынада түсінуге болады.

Қазақ публицистикасында ғасырлар қойнауындағы ауызша, жазбаша жәдігерлерді кездестіріледі. Олар Күлтегін, Тоныкөк, Орхон, Енисей ескерткіштерін жатқызуға болады.

***Жеке тұлғалақ деректері** – өткен заманның ерекше мәліметтер тобын ұсынады. Жазбаша дерек көзі ретінде нақты шығу тегі бойынша адамға байланысты ерекшелінеді. Деректанулық талдаудатарихи ғылымда нақты қаралады және басқа да ғылым салаларында соның ішінде гуманитарлық пәндерде белсенді пайдаланылады. Тарихи, мәдени, әдеби, лингвистикалық және т.б. зерттеулерде жеке тектік деректерге сүйенеді, сол дәуірде болып жатқан оқиға тұрғысында терең түсінуге мүмкіндік береді.

Жеке тектік деректердің жалпы түсінігі тарихи деректерде әдіснамалық тәсілдерге байланысты белгіленген. Негізге ала отырып, олардың дерек көздерін анықтау, жеке тектік деректердің айналасында екі ұғым бар – мемуарлық және тұлғалақ-коммуникациялық жазбаша деректер.

***Мемуар (ғұмырнама)** – жеке тектік деректердің бір түрі болып табылады, оқиғалар туралы өзі қатысқан немесе сол заманда болған адамның жазбалары. Ғұмырнамада мәтіннің нақтылығымен ерекшелінеді, бірақ шын мәнінде барлық ғұмырнамалар шыншыл және дәл болып табылмайды. Ғұмырнама, хроника, өмірбаян осы ұғымдар өмірде синоним ретінде пайдаланылуы мүмкін. Ғұмырнамашылар өз өмірін тарихи контекст ретінде ұғынуға тырысады, белгілі бір тарихи процесс ретінде өз іс-әрекетін сипаттайды. Көпдеген ғұмырнамалар тарихты өзінің нақты бір ролі бар тұлғалармен жазылған (Уинстон Черчилль, Шарль Де Голь, Екатерина II). Олар белгілі бір уақытты, өмір бойы бір маңызды оқиғаларын кейде күнделікті өмірінің ұсақ мәліметтерді қамтуы мүмкін. Осыған қатысты ғұмырнама тарихи дерек ретінде маңызды.

Нарративті деректермен жұмыс істеу:

– деректің мазмұнын талдау, жоспар құру, жазба деректерге қарастырылған мәселелерге жауап іздеу, бірнеше жазба деректі салыстыра отырып, оған сыни баға беру ұсынылады.

– деректердің маңыздылығы мен мазмұнына, тақырыпқа сәйкестігіне қарай топтау, оның мазмұнын қысқаша баяндау, оқыған дерек бойынша тұжырым қалыптастыруды үйретеді.

Тарихи деректермен жұмыс істеу кезінде білім алушылардың танымдық мүмкіндіктерін ескеру арқылы үш түрлі деңгейдегі күрделі тапсырмалар дайындалады:

1) деректерді талдау – одан дәйектер алу – оларды ауызша әңгімелеп, жазбаша шығармада, сурет арқылы түсіндіру. Деректі сипаттау мен картаның; құқықтық күнделік пен күнделік жазбалардың; кез келген тұлғаның мемуарлары, хаттары және портреті байланыстырылуы мүмкін.

2) деректерге сұрақтар ойлап тауып, сөзжұмбақтар құрастырады, оқиғаларды сипаттай келе өз мәтіндерін жазады. Деректермен осылай жұмыс жасау шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді, бірақ еңбекті көп қажет етіп, уақытты да көп алады.

3) деректермен жұмыс жасау барысында археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған заттай деректерді де сәйкестендіре отырып, өзінің дайындаған тақырыбын одан әрі көркемдей түседі.

Қазақстанның түріктанушылар мен шығыстанушыларды ортағасырлық жазба деректердің аз зерттелуін, деректерді классификациялаудағы қиындықтармен байланыстырады. Теориялық деректануда Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы жайлы деректер ішінде парсы және түркі деректерін территориялық сипатына қарай классификациялауда филолог – ғалым Ә.Құрышжановтың тізген жүйесі ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Ә.Құрышжанов кезеңдерді тарихи дәуірлерге байланысты тарихи деректерді жүйелі бірізділік тұрғысынан бөледі: ерте орта ғасыр (I–X ғғ.) – көне түркі жазбалар, орта орта ғасыр (XI–XV ғғ.) – ескі түркі жазбалар және кейінгі орта ғасыр (XVI–XVIII ғғ.) – жаңа түркі жазбалар. Ғалым сонымен қатар жазба деректерді жазылу уақыты, қолдану аясы және тілдік ерекшеліктеріне қарай да классификациялайды.

2. Еуропа нарративті деректері

Ортағасырлық нарративті деректер саналуан. Өкініштісі, біздің заманымызға дейін олардың көпшілігі жетпеген. Жазу материалдарының тапшылығынан немесе олардың қымбатшылығынан жазылған бір ескеткішті өшіріп оның үстіне екіншісін жазған (палимпсестілер).

Орта ғасырдың алғашқы дәуірінде көбінесе белгілі саяси оқиғалар жөнінде көлемді шығармалар жазылды. Олардың қатарына VI ғасырда өмір сүрген византиялық тарихшы Кесарийлық Прокопидің «Юстиниан соғыстарының тарихы». Турлық Григоридің «Франктар тарихы» (VI в.), Мәртебелі Беданың «Ағылшын халқының иіркеулік тарихын» (VIII в.) жатқызуға болады.

Хроникалар мен тарихи шығармалармен қатар ортағасырлық тарихнамада Эйнгардтың IX ғасырдың басында жазылған «Ұлы Карлдың өмірі» деп

аталатын өмірбаяндық және жыл сайынғы көрнекті оқиғаларды тіркеп отырған анналар шығармалары да кездеседі.

***Анналық шығармалар** дегеніміз жылда болған, өзара байланысы жоқ саяси оқиғалар мен шіркеу өмірін баяндайтын қарапайым тілмен қысқаша жазылған әңгімелер жинағы.

Сонымен қатар ортағасырлық шығармалардың ішінде деректік мәні бар агиографиялық және христиан шіркеуінің әулие санатына қосқан тұлғаларының өмір жолдарын насихаттайтын мәтіндерді айтуға болады.

XI–XV ғасырларда да Еуропада нарративті деректер молынан жазылды. Ескі дәстүр бойынша – **анналар, хроника мен тарихи шығармалар** пайда болды. Олардың көпшілігі крестшілер жорығына арналды. Шала сауатты рыцарь жазған «**Деяния франков и прочих иерусалимцев**», бірінші жорыққа қатынасқан маршал Шампани Жоффруаның «**Взятие Константинополя**», және сол оқиғаны баяндаған Робер де Кларидің шығармалары маңызды деректер қатарына жатады.

XIII ғасырдан бастап тұтастай бір ел туралы жазылған тарихи шығармалар пайда болды. Эпотолярлық жанр күш алып жүздеген, мыңдаған әртүрлі мазмұндағы хаттар жинағы жарық көрді. Феодализм заманында әдебиет саласында да рыцарлық романдардан бастап трубадурлар мен ваганттар поэзиясы, халық әндерінен балладаға дейінгі шығармалар жазылды.

Ол заманда публицистика жанры жеке бөлек шыға қоймаған кезі еді. Ондай жанр арнаулар мен философиялық трактаттарда көрініс тапты. Мысалы Рейм архиепископы Гинкмардың IX ғасырдың соңында король Карлға арнап жазған «**О дворцовом и государственном управлении**» және X ғасырдың орта шенінде жазылған Византия императоры VII Константиннің баласы Романға арнаған «**Об управлении империей**», трактаттары жатады. Мұндай шығармалардан тек сол замандағы қоғамдық ой-пікірді ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік құрылыс, ішкі және сыртқы саясат, ел ішіндегі әлеуметтік жағдай жөнінде мағұлмат алуға болады.

Халық әдебиетінің үлгілерінен де деректік мәні бар ақпарат алуға болады. Фольклорлық шығармалардың жазбаша үлгілері қалыптасты.

*Немістің «**Песнь о Хильдебранде**» және ағылшынның «**Беовульф**», герман тайпаларының эпикалық ескерткіші «**Песньо Нибелунгах**», француздың «**Песнь о Роланде**», исланд сағтары әлемдік өркениетке қосылған үлес еді. Әрбіреуіне қысқаша тоқталып өтелік.

IX ғасырға жататын көне германбатырлық жыры «**Песнь о Хильдебранде**» толық сақталмаған. Оқиға «халықтардың ұлы көші» заманында өрбіген. Негізгі мазмұны әке мен бала арасындағы жекпе-жек шайқас. Хильдебранд есімді әскербасы өз билеушісімен келісе алмай, әйелі мен жас баласын тастап елден қашып шығуға мәжбүр болады. Гун королі Аттиладан пана тапқан ол 30 жылдан кейін гун әскерімен туған жеріне қайта оралады. Шекарада оны баласы Хадубранд өз әскерімен қарсы алады. Шайқас алдындағы азғана пікір алысу барысында әке баласы таниды да жекпе-жектен бас тартады. Әкесінің

әлдеқашан өлгеніне сенімді Хадубранд оныбаласымен шайқасуға мәжбүр етеді. Осы жерде поэма үзілген. Оның немен аяқталғандығы бізге беймәлім.

*Ағылшын-саксон эпикалық поэмасы **Беовульф** (аудармасы аю) Британ аралдарына қоныс аударуына дейінгі Скандинавияда болған оқиғаларды баяндайды. Мәтіні 3182 жолдан тұрады, Еуропа халықтарының ең көлемді шығармаларының бірі. Пайда болған уақыты VII ғасырдың соңы мен VIII ғасырдың басы. Беовульф есімді батырдың қорқынышты әрі қауіпті құбыжық Грендел мен оның анасымен күресі баяндалады. Жыр христиан дінінің жаңа ғана Еуропа елдеріне тарап жатқан уақытта пайда болған сияқты.

***Песнь о Нибелунгах** орта ғасырдағы герман тайпаларының эпикалық жыры. Авторы белгісіз. Жазылған уақыты шамамен XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басы. Оқиға желісі V ғасырда өмір сүрген герман тайпаларының қарым қатынасы, сол заманда Рейн бойында билік еткен гун тайпаларымен туысқандық қатынас орнатуға ұмтылысы жайында өрбиді.

***Келесі бір поэма «Песнь о моём Сиде»** дер аталады. Испан әдебиетінің озық үлгісі. Мұның авторы белгісіз. Пайда болған уақыты 1195–1207 жылдар аралығы. Испан халқының араб басқыншыларын қарсы соғысы баяндалады. Негізгі кейіпкері Сид тарихи тұлға. Зерттеушілердің пікірінше оның прототипі дворян текті, әскербасы Реконкисты Родриго (Руй) Диас де Вивар (1040–1099), ел қорғауда өзінің ерлігімен халықтың жадында сақталған батыр.

***Роланд туралы жыр** француз халқының орта ғасырлық батырлық эпосы. Бүгінгі күнге дейін оның өзгеріске түскен нұсқалары ғана жеткен. Ең көне нұсқасы 1170 жылы жазылған Оксфордта сақталған қолжазбасы. Жырға негіз болған жылнамашы Эйнхардтың “Ұлы Карлдың өмірін баяндау” атты туындысы. 778 жылғы француздардың басқаруға қарсы шайқас тарихы баяндалады.

IX–X ғасырларда жыр өңделіп, өзгертілді. Кейбір трагедиялық оқиғалар басқаша көріністермен ауыстырылды. Басқарушылардың орнына сарациндіктер болып өзгерді. Шын мәнінде бір жылға жетпей аяқталған Карл жорығы өзгертілген нұсқасында жеті жылға созылды. Поэмаға негіз болған тарихи оқиға поэтикалық бейнелер арқылы мүлдем жаңа сипатқа ие болды.

«Роланд туралы жыр» алғаш 1837 жылы Парижде басылып шықты, авторы белгісіз. 1864 жылы француз композиторы О. Мерме «Роланд Ронсеваль шатқалында» атты операның музыкасын жазды.

Жиханкездіктің дамуы алыстағы елдер туралы, оған барар жол маршруттары навигациялық карта-портоландарды туғызды. Бізге белгілі XIII ғасырдағы Марко Полоның Азияға саяхаты.

***Марко Поло** (1254–1324) тарихи тұлға – Италия саяхатшысы. Орта ғасырларда Азия туралы аса бай географиялық және тарихи мағлұматтар қалдырған. **1271–75 жылдары әкесі Никколо Поло мен ағасы Маттео Полоға** еріп, Қытайға саяхат жасаған. Жер орта теңізі, Палестина, Кіші Азия, Ирак, Иран, Памир тауы және Қашғария арқылы **3 жылдан аса** жол жүріп, Пекинге жеткен.

1271–1275 ж.ж. олар теңізбен Кіші Азияның оңтүстік-шығыс жағалауына келіп жетті, осы жерден Қытай құрлығына табан тіреді. Қытайда 17 жыл тұрды. Моңғолханы Құбылайдың қарамағында болып, Қытайды аралады. Қызмет бабымен Үндістанға барып қайтты. Қытайда Полонның «мансабы өрледі», қызметімен Құбылай ханға қатты ұнап, елдің әр аймағына орын ауыстыра жүріп, Құбылай ханға 15 жыл қызмет етті. Ол ел басқарудың күрделілігі мен тиімділігіне, мәселен, пошта жүйесіне қатты таңданды. Осы жүйенің арқасында салт аттылар санаулы сағаттар ішінде патшалықтың ең шалғайдағы бұрышынан астанаға хабар жеткізетін (пошта жүйесін 300000 ат қамтамасыз етті).

1295 жылы теңіз жолымен Оңтүстік Азияны айналып өтіп, Жерорта теңізі арқылы еліне қайтып оралды. Генуя мен арадағы соғыста тұтқынға түскен. Тұтқында отырған кезінде түрмеде бірге отырған кәсіби жазушы пизалық *Рустичелло* аэзінің естеліктерін жаздырған. Оның еңбегі бүкіл Азия, Солтүстік, Еуропа және бірқатар Африка елдерінің географиясы, тарихы және халқы туралы құнды мағлұмат береді. Бұл кітап орасан табысқа ие болды және XIV–XVI ғ.ғ. теңізшілерге, картографтарға, жазушыларға айтарлықтай әсер етті.

Христафор Колумб Америкаға алғаш теңіз сапары кезінде оны өзімен бірге алып жүрді. Қытайға тап болған жағдайда кәдеге жарар деп дәмеленді. XIV–XV ғасырларда бұл естеліктер Еуропаның бірқатар елдерінің тілдеріне аударылып, Азия картасын жасауға негіз болды. XV–XVI ғасырлар да испан және португал экспедицияларын ұйымдастырушылар оның еңбегінен Азия құрлығы батыстан шығысқа қарай созылып жатқандығын білді. Сөйтіп Еуропаның батыс және Азияның шығыс жағалауы бір-біріне жақын, Еуропадан батысқа қарай жүзген саяхатшы Үндістан жағалауынан шығады деген қорытынды жасалды. Мұндай сенім Х. Колумбтың Американы ашуына себеп болды.

***Игорь жасағы туралы жыр** орта ғасырлық әдеби ескерткіш. Жырдың сюжетіне – XI ғасырда Игорь Святославовичтің Киев Русінде билік үшін талас кезінде өзіне қолдау көрсеткен қыпшақтарға опасыз қарсы жорығы, жасағының ойсырап жеңіліске ұшырауы, өзінің тұтқынға түсуі арқау болған. Сондай-ақ, жырда өзара қырқысып береке таппаған Киев Русі князьдерінің тарихы, қыпшақтардың үстемдігі баяндалады.

Жыр – эпикалық шығарма болғанымен, онда лирикалық шегіністер, фольклорлық (жоқтау, жұбату, мадақ, т.б.) элементтер кездеседі. Жырдың поэтикалық, көркемдік қуатын байқататын әсірелеу, теңеу, ұлғайту сияқты бейнелеуіш құралдар мол.

Жырдың түпнұсқа қолжазбасы жоқ. Ал көшірме қолжазбасын тұңғыш рет граф А.И. Мусин-Пушкин діни ғимараттардың архивтері мен кітапханаларындағы көне қолжазбаларды жинау барысында кездестіріп, қайта көшірткен. Ал жырдың түпнұсқасы болып есептелетін алғашқы көшірме нұсқасы – 1812 жылғы Мәскеудегі өрт кезінде Мусин-Пушкин үйімен қоса өртеніп кеткен. Түпнұсқа көшірменің осылайша жоғалуы ғалымдардың жырға күмәнмен қарауына негіз болды. Сондай-ақ, көптеген ғалымдар жырда түркі тілінің

ықпалы зор екенін, қайсыбір христиан дініне қатысты мәліметтердің қондырма екенін, жырды айтушы әрі оның кейіпкері Баян жыраудың бейнесі бұл шығарманы тудыруға түркі халықтарының да қатысы барлығын байқатады. «Игорь жасағы туралы жыр» туралы көптеген зерттеу еңбектер жазылған. Жыр ақын Б. Аманшиннің аудармасы бойынша қазақ тілінде жарық көрді (1951, 1985).

3. Ортағасырдағы қазақ нарративті деректері

Бірнеше нарративті деректер өзінің көркем әдебиеттілігімен, түрлі құбылыстағы көркем бейнесімен айқындалады. Өз кезіндегі түрлі ортағасырлық шығармалар, хроникалар, шежірелер, өмірбаяндар, қандай да бір тарихи оқиғаларды жатқызуға болады.

Нарративті деректердің бірінші тобына парсы деректері жатады.

Тарихты зерттеулердің аталмыш уақыт кезеңі көршілес және шығыс мемлекеттерінің жекелеген авторларының негізінен жазбаша материалдарға жүгінеді. Нарративті шығармаларындағы маңызды материалдар негізінен тарихи, географиялық және мемуарлық шығармалар болып табылады. Олардың бастысы парсы тілінде жазылған. Бұларды араб, түркі және шағатай тілдеріндегі шығармалар толықтырады, көрсетілген деректегі алшақтаған деңгейі әртүрлі. Көршілес жатқан шығыс Түркістандық авторлардың еңбектері нақты деректермен жазылған. Сонымен бірге, өте көлемді және жеткілікті нақты мәліметтер Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу туралы жазылған.

Қазақ хандығының тарихы өте күрделі әрі қызықты дәуірлерді басынан кешірді. Әсіресе XV ғ. соңы мен XVI ғасыр көп зерттелмеген әрі түрлі қиындықтар туындаған кезең болғандықтан, бұл кезеңді тарихи жазба деректер арқылы қалпына келтіру қажеттілігі туындап отыр. Ал бұл уақытта пайда болған деректердің өзін деректанулық талдаудан өткізіп, шынайылық деңгейін анықтау қажет. Онсыз таза тарихты қалпына келтіру мүмкін емес. Бұл деректерді тиімді пайдалану үшін классификациялаудың маңызы зор. Бүгінгі таңға дейін деректерді классификациялаудың ортақ және нақты жүйесі қалыптаспағанын да атап айту қажет. Тек қана белгілі бір авторлардың зерттеу кезеңі мен аумағына, деректерде сақталған ақпараттардың бірегейлігі мен ерекшелігіне қарай бөліп қарастыру принципі ғана негізге алынады.

Қазақстандық ғалымдар өз зерттеулерінде шығыстық жазба ескерткіштердің үзінділерін мейлінше көбірек пайдаланып, оларды ғылыми айналымға енгізе отырып, отандық деректану ғылымының қалыптасуына елеулі үлестерін қосты. Тарих философиясымен және тарихи зерттеулердің методологиясымен, деректанумен айналысатын еліміздегі тарихшы-медиевистердің бір тобы белгілі шығыстанушы-ғалым В.П.Юдиннің төңірегіне шоғырланды. Олар ортағасырлық шығыстық жазба деректерді салыстырмалы-мәтіндік талдау, оларды идеялық-саяси және текстологиялық ерекшеліктері бойынша жіктеу сияқты деректанулық мәселелерге үлкен көңіл қойды. Осының нәтижесінде ортағасырлық қазақ тарихына қатысты жазылған он жеті парсы және түркі деректер жинақтаған «XV–XVIII ғғ. Қазақ хандығы бойынша материалдар»

атты ұжымдық аударма-еңбек жарияланды. Қазақ хандығы дәуірінен мәлімет беретін бұл маңызды жазба ескерткіштер мыналар еді.

Түркі тілді деректер. Қазақ тарихының нарративті деректерінің ішінде орта ғасырдың соңғы дәуіріндегі түркі тілінде жазылған шығармалардың маңызы жоғары екендігі белгілі. Олар кейде парсы тілдес деректермен мазмұны жағынан, жазылу дәстүрі жағынан қабысып жатады. Оларда қазақ этносының қалыптасуы, қазақ хандығының құрылуы, оның алғашқы кезеңіндегі қым-қуат оқиғалар жөнінде құнды мәліметтер бар. Сондай шығармалардың бірнешеуіне тоқтала кетейік.

*Қазіргі түркі халықтарының – оның ішінде қыпшақ тобына жататын ру - тайпаларының – қоғамдық, саяси – әлеуметтік, этнографиялық және мәдени тарихын зерттеуге **«Кодекс Куманикус»** материалдарының деректер ретінде тигізген пайдасы өте мол. Шығарма 164 беттен құралған қолжазба, алғашқы бетінде «1303 ж.» деген белгі бар. Авторы мен жазылған жері белгісіз.

Тіл ерекшелігі жағынан ол қазіргі түркі тілдерінің, солардың ішінде қазақ тілінің орта ғасырдағы табиғи қалпын көрсетеді. «Кодекс Куманикустен» қазіргі қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі болып табылатын кейбір грамматикалық құбылыстар байқалады. Түркітану ғылымындағы жаңа деректер бойынша, бұл еңбек түпнұсқасы 1294 жылы жазылған да, оның бірінші көшірмесі 1303 жылы жасалған, ол 1330 жылы толығымен көшіріліп біткен. «Кодекс Куманикус» Дешті қыпшақтан емесе Қырымда (Солхат қаласында) жинастырылып, бір ізге түсірілген. Осы өңірді қоныстанған қыпшақтарды Батыс Еуропа жұртшылығы кумандар деп атаған. 1303 жылы «Кодекс Куманикус» түпнұсқадан Алтын Орда мемлекетінің астанасы Сарай қаласының жанындағы Джан әулиенің ғибадатханасында көшірілген. «Кодекс Куманикус» готикалық көне қарпімен жазылған. Екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімі (1–10 б.) – үш бағана етіп жазылған латынша-парсыша-куманша сөздік. Қалған жартысындағы сөздер лексикалық мағыналарына қарай топтастырылған. Мысалы, адамның дене мүшелерінің аттары, егіншілікке байланысты сөздер, т.б. Екінші бөлімі (111–164 б.) – діни уағыздар. Осы бөлімдегі мәтіндер мен жұмбақтарды көрнекті неміс түркітанушысы А. фон Габен «кумандар әдебиетінің үлгісі» деп таниды. Көптеген қыпшақ сөздері көне неміс тіліне, кейде латын тіліне де аударылып берілген. Жеке сөйлемдер мен сөз тізбектері, жеке сөз тізімдері мен аудармасыз берілген жұмбақтар, қыпшақ тілінің латынша жазылған қысқаша грамматикалық очеркі де бар.

Ол кезде (XIII-XIV ғасырлар) Дунай өзенінен Жоңғар қақпасына дейінгі елдің бәрі де қыпшақ тілін түсінген. Батыс Еуропаның Шығысқа жорыққа шыққан адамдары Алдыңғы Азия, Таяу Азия, Кіші Азия, Орта Азия және Орта Азия елдерін аралау үшін куман (қыпшақ) тілін халықаралық тіл ретінде пайдалануға болады деп ұққан. Сол кездегі еуропалықтар үшін латын тілі қандай рөл атқарса, бірсыпыра Азия халықтары үшін куман (қыпшақ) тілі де сондай қызмет атқарған. «Кодекс Куманикус» Венециядағы Марк әулие шіркеуінің кітапханасында сақтаулы.

Осы уақытқа дейін «Кодекс Куманикустін» қыпшақ тіліндегі бөлімі үш тілге аударылып, төрт рет басылып шықты: 1828 жылы француз тіліне (Г.Ю.Клапрот, Париж, 1–бөл.), 1880 жылы латын тіліне (А.Кун, Будапешт, 1–2-бөл.), 1884 жылы неміс тіліне (В.В.Радлов, Санкт-Петербург, Кун баспасының негізінде), 1936 жылы түпнұсқа (факсимилие) түрінде бір рет жарық көрді (Гренберг, Копенгаген, түпнұсқа), 1942 жылы (Гренберг, Копенгаген, куманша-немісше сөздік). Қолжазба қазіргі Тіл білімі институтында бірінші рет орыс тіліне аударылып, түгелдей баспаға (1972) дайындалды, ал парсыша бөлімі 1972 жылы Иранда басылып шықты.

*Орта ғасырдың аса маңызды тарихи және әдеби шығармаларының бірі, **Жүсіп Баласағұнның "Құтадғу білік"** (Құтты білім) деген еңбегі, Қарахан хандығы дәуірінде (1070 ж.) жазылды. Бұл – қазақстан мен Орта Азияның түркі тілдес халықтарының азаматтық әдебиетінің аса бағалы ескерткіші. Онда ақын заманындағы өмір шындығы, белгілі әлеуметтік топтардың қоғамдық санасы мен саяси концепциясы өзіндік ерекшеліктерімен суреттелген.

Құтадғу білік – қоғамдық – саяси өмірдің шиеленісуі нәтижесінде Қарахан мемлекетінің орталық өкіметі нәтижесінде Қарахан мемлекетінің орталық өкіметі әлсіреп, елге ыдырау қаупі төнген кезеңде, «мемлекетті қалай басқару керек, оның ішкі және сыртқы тәртібін сақтап отыру үшін қандай саясат жүргізу қажет, қоғам мүшелері арасындағы өзара қарым - қатынас қандай болу керек?» деген сұрақтарға жауап ретінде жазылған шығарма.

Құтадғу білікті жан – жақты зерттеп, оны басқа тілдерге аударма жасау саласында келелі жұмыс атқарған адам – академик В.В.Радлов. Ол осы шығарманы зерттеу, аудару, баспаға әзірлеу істерімен жиырма жыл (1890–1910) шұғылданған.

Оны тарих, әдебиеттану, тілі білімі тұрғысынан зерттеуге В.В.Радловтан басқа да көптеген ғалымдар өз үлестерін қосты.

Жүсіп Баласағұнның шығармасының Қазақстан тарихы ғылымындағы мәні ерекше зор. Бұл шығарма бергін келе қазақ халқының этникалық құрамына енген ру – тайпаларың ежелгі дәуірдегі шаруашылық – тіршілігін, қоғамдық өмірін, мәдениетін, т.б. зерттеп білу үшін аса қажетті тарихи дерек болып табылады [12, 616 б].

*Түркі тілдес қыпшақтардың ортағасыр тарихының құнды жазба деректерінің бірі – **«Диуани луғат ат-түрк»**. (Түркі сөздерінің жинағы). Еңбек – XI ғасырда, Қарахан дәуірінде жазылған мұра, оның авторы – Қарахан әулетінен шыққан түркі ғалымы Махмұд Қашқари (1029–138 жылдар арасында Қашқарда туған, өлген жылы белгісіз), толық аты – Махмұд ибн ул - Хусаин ибн Мұхаммед ал - Қашқари.

Махмұд Қашқаридің өзі айтуынша, бұл еңбекті жазудан бұрын ол түріктердің барлық елі мен даласын түгел аралап шыққан. «диуани луғат ат – түркте» қамтылған сөздер түгелдей түркі тілдеріне тән сөздер. Ол сөздердің түсінігін Махмұд Қашқари араб тілінде жазған.

Кітапта қамтылған материалдары академик А.Н.Кононов бес салаға бөліп қараған. Олар: 1. белгілі бір тайпа тәндігі дәл көрсетілген сөздер қоры; 2. түркі

тайпаларының мекен-қоныстары жайындағы мәліметтер; 3. түркі тілдерін топтастыру; 4. түркілік тарихи фонетика мен грамматика туралы мәліметтер; 5. Түріктердің тарихы, географиясы, этнографиясы, поэзиясы және фольклоры жайындағы мәліметтер.

Махмұд еңбегін тек сөздік қана деп ұсынуға болмайды. Онда жеке сөздермен қатар XI ғасырда Орта Азия мен Қазақстан территориясы мекендеген халықтар тарихының құнды деректері мейлінше мол. Кітап алғашқы рет 1914 жылы түрік ғалымы Али Амири қолына түскен, ал Қиласали Рифат қолжазба көшірмесін 1915 жылы 1–2 кітап, 1917 жылы 3 кітап етіп Стамбұлда бастырып шығарған. СөздікҚазақстанда 1993 жылы жарық көрді.

***Фазлаллах Рашид ад-Диннің «Жами ат-тауарих»** («Жылнамалар жинағы» 1310–1311жылдары аяқталған) деген тарихи еңбегі XII–XIII ғасырдағы сонғол және түрік тайпалары мен халықтарының тарихы жөніндегі мейлінше елеулі еңбек болып табылады. Раши ад-Дин шығармасының негізінде ресми монғол, хроникалары, монғолдар жаулап алған түрлі елдердің тарихи шығармалары, оқиғаларға қатысушы хабарламашылардың материалдары алынған. Әдет-ғұрыптар, діни нанымдар, көшпелі тұрмыс туралы, түрік және монғол тайпаларының орналасуы туралы мәліметтер алуан түрлі. «Жылнамалар жинағының» екінші томында тайпалардың этникалық құрамы, қазақстан монғол ұлысының құрамына кірген кездегі оның топонимикасы, тарихи географиясы, саяси тарихы жөніндегі деректер. Орда –Ежен ұлысының тарихы, оның ұрпақтарының, басқа да Жошы ұрпақтарының генеалогиясы жөніндегі мәліметтер келтірілген.

Тауарих-и гуздайи нусрат-наме «Жеңістер кітабының таңдамалы тарихтары» деп аударылады. Авторы белгісіз.Түркі тілінде (ескі өзбек)Шейбани ханға (1451–1510) арналып жазылған шығарма. Кітап шамамен 1505 жылы жазылып біткен.Кейбір зерттеушілер кітаптың авторы ханның өзі болуы мүмкін деген болжам айтады. Тарихтан белгілі ол білімді адам болған,ақындықтан да кенде емес. Бізге дейін оның кейбір өлеңдері де жеткен.

Шығарманың бір нұсқасы Санкт-Петербург қаласындағы РҒА Азия халықтары институтында да екінші нұсқасы Британ музейінде сақтаулы. Алла Мурад Аннабой оглы дегенқоңырат руының оқымыстысы шығарманың қысқаша түрін 1815 жылы Бұхарада құрастырады.1849 жылы Қазан университетінің профессоры И.Н.Березин кітаптың түркі тілінде бастырып шығарды.1967 жылы өзбек ғалымы А.М.Акрамов шығарманың факсимилесін жариялады. Оның фрагменттері мен аудармасын қазақстан-дық ғалым В.П.Юдин 1969 жылы «Материалы по истории казахских ханств XV–XVII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений)»деп аталатын жинаққа кіргізді.Кітапта түркі тайпаларының арғы тарихы,Шыңғыс хан туралы деректер бар.

Автордың айтуынша, ол деректердіДжувейни мен Рашид ад-Диннен алған. Одан басқа ол белгісіз автордың«Тарих-и арба улус» («Төрт ұлыстың тарихы»)пайдаланғандығын жасырмайды. Одан әрі ол атасы Әбілхайырдың көшпелі өзбектер мемлекетінің тағына отыруын,ноғай биі Ваккаспен

араздасуын және оның маңғыт пен қазақтармен күресін, Мұхаммед Шейбанидің ноғай биі Мұсаменіске аспай қалған келісімі жөнінде баяндайды. Кітапта, әсіресе, Әбілхайыр ұрпақтарының Мәуеренахр жерін жаулау жөнінде толық мәлімет бар. Шығарма 1504 жылы Әндіжанды басып алу оқиғаларымен аяқталады.

*Камал ад-дин Бинаидің *«Шайбани-наме»* (Шайбан туралы кітап) деп аталатын шығармасы да Шибандар әулетінің тарихына арналған. Авторы өз заманының белгілі тұлғасы, өнерпаз, әрі жазушы. Төменгі әлеуметтік топқа жатқанымен жасында жақсы білім алған. Өмір сүрген уақыты 1453–1512 жылдар аралығы. Карши қаласына сефевидтер әскері басып кіргенде мезгілсіз қаза болған. Ол Гератта, Иракта, Бұхара мен Самарқанда болған. Мәуеренахрды Мұхамед Шайбани басып алғанда ол жаңа ханға қызмет етеді. Оның ішінде екеуі 1504 және 1510 жылдары жазылған *«Шайбани-наме»* және *«Футухат-и хани»* шығармаларында қазақтар туралы құнды мәліметтер бар. Бұл шығармаларға кезінде көптеген зерттеушілер көңіл аударған. А. Самойлович, М. Салье, П. П. Иванов, Р. Г. Мукминова, А. Мирзоев, С. К. Ибраимов, Б. А. Ахмедов сияқты ғалымдар Бинаи шығармаларын дерек ретінде өз еңбектерінде кеңінен пайдаланған.

**Абдаллах бен Мухаммад*, басқа бір деректерде Абдаллах Балхи (XV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басы), есімді автордың жалпы тарихқа арналған *«Зубдат аль-асар»* (Жылнамалар қаймағы) атты кітабы қазақтың саяси тарихының таптырмас дерегі. Ташкенттің билеушісі Келді Мухаммад-султанның тапсырысы бойынша жаздым дейді. Ол кітапты 1510 жылғы Мухаммад Шайбаниханның қазақтарға жасаған сәтсіз жорығы, Қасым ханның Түркістан мен Тәшкентке жасаған сәтті жорығы сияқты оқиғалар толық баяндалады. Компилятивті хроника сипатындағы шығармада мұсылман әулеттерінің тарихы, сол замандағы ел билеушілері жөнінде мәлімет береді. Өзінің көзімен көргендерімен қатар естігендерін де кітапқа кіргізген.

*Тарихшы, ақын, билеуші – Үндістанда Ұлы Моғолдар империясының негізін салушы *Бабырдың* (1483–1530) қазақ тарихы үшін құнды деректерінің бірі (*«Бабыр жазбалары»*) деген атпен белгілі болған еңбегі. Ол орта ғасырдағы тамаша тарихи–әдеби ескерткіштерінің бірі болып саналады. Бабыр сол дәуірдегі көптеген оқиғалардың куәгері ғана емес, тікелей қатысушысы да болды. Бұл кітапта сол замандағы ғұрыптың мейлінше толық көрінісі берілген. *«Бабырнамада»* сондай-ақ ежелгі қазақ жеріндегі кен орындары, өзендер, көлдер, таулар, өсімдіктер мен жан – жануарлар дүниесі, т.б. әңгімеленген. Мысалы, қазақтың Түркістан, Сайрам, Отырар, т.б. шаһарлары туралы, Сырдария (Сейхун), Арыс, т.б. өзендері мен көлдері жөнінде қызықты мағлұматтар бар.

Абай, Шоқан және Мұхтар Әуезов *«Бабырнаманы»* қазақ халқының тарихына тікелей қатысты деректік шығарма деп таныған.

Тазкира-и муким хани (Муким ханның ғұмырнамасы) – тарихи шығарма. Аштархан әулеті кезіндегі Балх хандығының тарихына (1601 – 1702) арналған. Авторы – Мұхаммед Юсуф Мунши. Ол өз еңбегін Балх тағына 1697 жылы

Аштархан әулетінен шыққан Мұхаммед Муким хан келген кезде бастап, 1704 жылдан кейін аяқтаған.

Шығарма кіріспе мен үш тараудан тұрады. Кіріспеде түркі-монғол халықтарының аңыздағытүп ата-анасы Алан-гүл (Алан-гао) мен Түмен хан туралы және Шыңғыс ханның Мауераннахрды, Балх пен Бадахшанды жаулап алу тарихы қысқаша берілген. Бірінші тарауда Орталық Азияның Шайбани әулеті кезіндегі саяси тарихы қысқа баяндалған. Екінші тарауда Балх пен Бұхар хандығының XVIII ғасырға дейінгі саяси, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық тарихы, рухани және мәдени өмірі толық сипатталған. Үшінші тарау 1702 – 04 жылдар аралығындағы тарихи оқиғаларға арналған.

Еңбек Орталық Азия тарихынан құнды мағлұматтар беретін деректердің бірі. Балх пен Бұхардың Үндістан, Иран, Түркия, Қашқар және т.б. елдермен саяси қарым-қатынастары туралы мәліметтер бар. Онда Балх ханы Абд әл-Мүмин мен түрік сұлтаны Мұрат (1574–95), Үндістандағы моғол билеушісі Аурангзеб пен Сұбханқұл хан, т.б. билеушілердің арасында жазылған хаттардың көшірмесі берілген.

XVII ғасырдың екінші жартысындағы Хиуа мен Бұхар қарым-қатынастары туралы деректердің ішінде Әбілғазының және оның ұрпақтарының Бұхара мен Самарқандқа жасаған үздіксіз жорықтары туралы мәліметтер бар. Бұл тонаушылық жорықтар ақырында Хорезмдегі Шайбани әулетінің билігі құлап, онда 1688 жылдан бастап Қоңырат әулеті билігінің орнауына әкелді. Балхпен оның маңайындағы жерлерді мекендеген түркі тілдес тайпалар барлас, қоңырат, түркмен, алшын, қатаған, сарай, қалмақ, қыпшақ, найман, құрама, т.б. туралы құнды мағлұматтар бар.

Сондай-ақ қазақ пен бұхаралық билеушілердің, Оңтүстік Қазақстанның маңызды сауда-экономикалық орталықтары мен Ташкент үшін болған күрестері туралы мәліметтер назар аударарлық. «Тазкира-и Мукин хани» жан-жақты зерттеліп, бірнеше шет тілге аударылған. 1956 жылы профессор А.А. Семенов толық зерттеу жұмысы мен аудармасын жариялады.

*XVI ғасырдың екінші жартысына жататын авторы белгісіз Қашқар сопыларының бірі Ходжа Мухаммад Шарифке арналған географиялық шығарма *«Тазкира-и Ходжа Мухаммад Шариф»* («Ходжа Мухаммад Шарифтің басынан кешкендері») атты шығарма қазақ тарихының дерегі болып саналады. Ол Сайрам қаласының тумасы, Самарқандта медресе бітірген. Оқуды бітірген соң Қашқар қаласына қоныс аударады. Қараханид ханы Сатук Боғра ханның мазарын паналайды. Жаркенд қаласында 1656–1666 жылдар шамасында қайтыс болды.

«Тазкира» тұрмыстық әдебиет жанрна жатады. Кітаптың алғашқы бөлімінде сопылық тұрмыстың сипаты баяндалады, Ал екінші бөлімінде тарихи материалдар берілген. Шағатай әулетінің өкілі Абд аль-Латифтың қырғыз еліне жорығы, оның өлімі жөнінде мәліметтер бар. Ал енді осы оқиғаны сипаттайтын екінші бір деректерде Абд аль-Латиф қазақ хандарының қолынан қаза тапты делінеді.

*Ақын әрі ғалым **Мухаммад Салих Шайбани-хананың** ресми тарихының авторы. Оның **Шайбани-наме** («Шайбани туралы кітап»), атты еңбегінде қазіргі Қазақстан мен Мәуренахр жеріндегі саяси ахуал баяндалады. XVI ғасырдың басында қазақстанның солтүстік және орталық бөлігіндегі Шыңғыс әулеті сұлтандар топтарының саяси билік үшін таласы жан-жақты қамтылған.

1500–1509 жылдар аралығындағы Мавераннахр мен Хорезмдегі Шайбани-хан, Керей мен Жәнібек, Бурундук-хан мен Қасыммен арасындағы қарым-қатынас, Сыр бойындағы қалалар үшін соғыс сөз болады. Сонымен қатар автор қазақ даласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, бір-біріне қарсы соғысқан елдердің әскері, мемлекеттік құрылымы жөнінде де мәліметтер бар. Елдің географиялық жағдайы, сол жерді мекендеген тайпалар мен ұлыстар туралы да жазылады.

***Әбілғазы** Баһадүр хан (1603–1664) – Хиуа ханы (1645–63), тарихшы-шежіреші. Үргеніште Жошы ұрпағынан тараған Арабмұхамед ханның отбасында туған. Әкесі Арабмұхамед хан 1602 жылы Хорезм ханы болып жарияланған. Арысхан медресесінде оқып, ғұлама ғалымдардан дәріс алған. Медреседе халық ауыз әдебиетін, тарихты оқып зерттеді, әскери өнер, мемлекет басқару ісін меңгерді.

Арабмұхамед ханның қартайған шағында балалары арасында билікке талас басталды. 17 жасынан бұл талас-тартысқа Әбілғазы да араласты. Оның аяғы ағайынды адамдар арасындағы қарулы қақтығысқа ұштасты. Сондай соғыстың бірінде 1621 жылы олар ауыр жарақаттанып, Әмударияны жалғыз жүзіп өтіп, қашып құтылады. Маңғыстаудағы түрікмендерді, қазақ хандары Есім мен Тұрсынды паналайды. Ә. Ташкентте Тұрсынхан сарайында екі жыл тұрып, еліне қайтып келген соң, 1628 жылы ағаларының қолына түсіп, Иранға жер аударылды. Он жылдай Исфахан қаласында айдауда болған. 1638 жылы Исфаханнан қашып шығып, түрікмен руларының арасында жасырынып жүрген. 1640–41 жылдары Жем өзенінің бойындағы қалмақ ханы Хорлектің ордасында тұрған. Осы жерден Арал қазақтары көп сыйлық беріп, Әбілғазыны қалмақ ханынан сұрап алып, өздеріне хан көтерді.

1643 жылы Ілияс би бастаған Арал қазақтары Хиуа ханы Аспандиярға қарсы көтерілгенде Әбілғазы солармен бірге болған. Екі жыл бойы Хиуаға дамылсыз шабуыл жасап, ақыры қазақ, өзбек, қарақалпақтардың күшімен 1645 жылы Хиуаны алып, хан болып жарияланды. Хан тағына отырғаннан кейін де көп жылдар түрікмен тайпаларымен соғыс жүргізді. *Хиуа хандығы* жеріне баса-көктеп кірген қалмақтарға қарсы қиян-кескі ұрыс жүргізді, Бұхараға шабуыл жасады. Тек 1663 жылы ғана хандық билігін ұлы Ануш Мұхамедке беріп, бейбіт істермен айналысуға мүмкіндік алып, шығармашылық жұмысқа кірісті.

Әбілғазы өз заманының білімді адамдарының бірі, зиялылардың ұстазы болды. Ол өзі туралы **“Құдай тағала мырзалық қылып, маған біраз нәрселер берген. Мен, әсіресе, үш түрлі өнерді жете меңгердім. Біріншісі – әскери өнер, яғни әскерді басқару, оның тәртібі т.т.; екіншісі – ақындық өнер, яғни түрлі өлең құрылысын сақтай отырып, түрік тілінде меснеуи, қасида, газел, рубаят тәрізді өлең шығара алу, араб, парсы, түрік сөздерінің мағынасын жетік білу; үшіншісі – бұрын Арабстан, Иран, Тұран, Моңғолияны билеген**

патшалардың өмірі мен мемлекеттік маңызды істерін, оларда болған ірілі-уақты оқиғаларды жатқа білу» деп жазды.

Әбілғазыжазған *«Шежіре-и Тарахима»* («Түрікмен шежіресі», 1661 жыл) және *«Шежіре-и Түрк»* (Түрік шежіресі, 1665 жылы) атты тарихи екі шығарма шығыстануда, оның ішінде түркітану мен қазақтануда кеңінен танымал болды. «Шежіре-и түрк» ғыл. ортаға ХҮІІІ ғасырдың бас кезінде мәлім болды. Кітаптың қолжазбасын Ресейде тұтқында жүрген швед офицерлері Тобыл қаласынан тауып, оны Бұхар ахунына орысша аудартқан.

Көп өзгерістерге ұшырамай, қазіргі қазақ тіліне өте ұқсас таза көне түрік тілінде жазылған қолжазба алғаш рет француз (1726), орыс (1770, 1780) және неміс (1780) тілдерінде кітап болып шықты. 1825 ж. шежіренің араб әрпімен жазылған түпнұсқасы граф Н.И. Румянцевтің араласуымен Қазанда басылып шыққаннан кейін ғана ғыл. айналымға қосылды.

Акад. Х. Френ бұл басылымды «шығыстану ғылымының даңқын шығаратын үлкен іс» деп бағалады. 1854 жылы И.Н.Березин «Шығыс тарихшылары кітапханасының» үшінші томына Г.С. Саблуков жасаған орысша аударманы кіргізді. Жоғарыдағы нұсқасы мен Даль коллекциясынан Азия музейіне түскен жаңа қолжазбаны пайдаланып, П.И.Демезон оның салыстырмалы нұсқасын екі кітап етіп бастырып шығарды (1871–74).

Бұл шығарма – Шыңғыс ханнан бұрынғы және одан кейінгі дәуірлерде Орта Азия, Қазақстан, Таяу Шығыс елдерінде болған оқиғалар мен сол тұстағы ел басқарған хандар жүргізген саясат туралы жылнама. Еңбекте қазақ халқын құраған рулар мен тайпалардың көне тарихы, тұрмыс тіршілігі мен мәдениеті жайлы құнды деректер келтірілген. *Әбілғазы* ханның «Түрік шежіресі» – тарихи-деректік, әдеби және тілдік жағынан өзге шежіре еңбек-терден шоқтығы биік тұратын шығарма.

**XVIII ғасырда Шир-Мухаммад Аваз-би, лақап аты Мунис, «Фирдаус аль-икбал»* («Райский сад счастья»), атты тарихи шығарма жазды. Ол өзбектің юз тайпасы ақсүйектерінің өкілі еді. Ол сарай ақыны әрі тарихшысы болды. Мемлекеттік қайраткерлігі де бар. 1829 жылы дүниеден озып оның кітабын немере інісі әрі оқушысы Агахи аяғына дейін жазып шығады. Еңбек шағатай тілінде жазылған. Бірінші бөлімінде авторлар өзіне дейін жарық көрген еңбектерді қайталайды. Ал қалған бөлімдерінде сол замандағы, яғни ХVІІІ ғасырдағы, Орталық Азия елдеріндегі саяси оқиғалар баяндалады. Хиуа хандығының ішкі және сыртқы саясатындағы шиеленіскен оқиғаларға қазақ сұлтандарының араласуы жөнінде қызықты материалдар кездеседі.

*XVII ғасырдың орта шенінде Шығыс Түркістанда *«Тарихи Каушар»* атты шығарма дүниеге келді. Авторы белгісіз. Мазмұны мен құрылымы шығыс түркістандық және ортаазиялық ортағасырлық тарихнама дәстүрінде ұйғыр тілінде жазылған. Ресей ғылымдар Академиясының Азия халықтары институтының Санкт Петербург бөлімшесінде оның үш нұсқасы сақтаулы. Оның бір нұсқасын 1902 жылы Ташкент қаласында белгілі орыс шығыстанушысы В.В. Бартольд сатып алып, Азия музейіне тапсырған. Өзіне дейінгі деректерге сүйене отырып автор Оғыз хан туралы және Шыңғыс хан мен оның

ұрпақтары туралы аңыздарды келтіреді. Шағатай мен оның ұлысы және Моғолстан жөнінде толық мәліметтер бар. 1670 жылдан кейінгі оқиғалар жөніндегі мәліметтері өте қызық баяндалған.

Моғолдар мен қазақтар арасындағы шайқасжөнінде басқа авторларға карағанда оның өз ой-пікірі бар. Кітапта Даниал қожаның XVII ғасырдың басында, Шығыс Түркістанда Шағатай әулеттерінің билігі жойылған уақытында, Жәркенд тағын қазақ ханы Есімге ұсынатындығы жөнінде қызықты деректер бар.

*Есім сұлтанның Шығыс Түркістандағы әрекеті жөнінде толығырақ **Мұхаммед-Садық Қашғари** жазған **«Тазкира-йиходжаган»** (Жизнеописание ходжи) баяндалады. Мұнда қалмақ-қазақ, моғол-қазақ қатынастары, Хакназар ханның Абд аль-Латифа сұлтанды өлтіруі, Моғолстан ханы Абд ар-Рашидтің қазақтарға қарсы жорығы туралы материалдар бар.

*Орта ғасырдың соңындағы Қазақ хандығының ахуалы жөнінде **Молла Муса Айс** жазған **Тарих-и амнийя** (История спокойствия и безопасности) еңбектен мағұлымат алуға болады. Автор Сайрам қаласында туған. Саналы өмірін Шығыс Түркістанда өткізген. Өз еңбегінде сол өлкенің тарихын II ғасырдан XIX ғасырға дейін жеткізеді. Жоңғар шапқыншылығына ерекше көңіл аударады. Қалмақтардың Сайрам тұрғындарын Шығыс Түркістанға көшіргендігі жөнінде мәліметтер бар. Кітапта Убайдаллаханның грамотасы мәтіні бар. Грамотадан Оңтүстік Қазақстандағы Сыр бойы қалаларының XVI ғасырдағы тарихы туралы құнды материалдарды кездестіреміз.

*XVI ғасырдағы **Шейбанидтер сарайының тарихшысы Масуд бен Османи Кухистани** **Тарих-и Абул-хайр-хани** (Әбілхайрханның тарихы), атты шығарманың авторы. Туған жылы белгісіз, 1490 өмірден озған. Трактат жалпы тарих түрінде жазылған, тіршілік жаралғаннан бастап 1460 жылға дейін әкелінеді. Қолжазбаның басым бөлігі Джувейни, Джузджани, Шараф ад-Дин Али Йездисияқты авторлар шығармаларының көшірмесі болып келеді де тек соңғы 32 бетінде ғана ол Әбілхайр хан жөніндегі өзінің пікірін білдірген.

Қолжазбаның бірнеше нұсқалары бар. Өзбекстан ғылымдар академиясында оның үш нұсқасы сақтаулы. Оның біреуі ХVIII ғасырдың аяғында көшірілген. Өкініштісі не басы, не соңы жоқ. Екіншісіде толық емес, 1900–1901 жылдары көшірілген. 1825–26 жылдары бай иллюстрациясы бар үшінші нұсқа өте құнды дерек болып есептеледі. 1818 жылы көшірілген Санкт-Петербург университетінің кітапханасында, РҒА Шығыстану институтында, Британ музейінде қолжазбаның нұсқалары сақталған. Зерттеуші С.К. Ибрагимов қолжазбаны орыс тіліне аударып 1969 жылы Алматыда жарық көрген «Материалы по истории казахских ханств XV–XVII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений)» деп аталатын жинаққа кіргізді.

Парсы тіліндегі нарративті деректер

***«Бадай ал-Уакаи»** («Таңғажайып оқиғалар») (1485–1551/56) естеліктер түрінде жазылған тарихи шығармасы. Парсы тілінде жазылған бұл шығарма 46 тараудан тұрады. Әр тарауда автордың өзі куә болған оқиғалар баяндалады. Шығармада Хорасан, Орталық Азияның тарихы, ХУ ғасырдың соңы мен ХҮІ ғасырдың басындағы Гераттың саяси, экономикалық, мәдени өмірі сипатталады.

Әбу Әли ибн Сина, Абд әр-Рахман Жәми, Әбулқасым Фирдоуси, Әлішер Науаи, Камал әд-Дин Бинаисияқты орта ғасыр ғұламалары жөнінде маңызды мәліметтер бар. Ираншаһы Исмаил Сефевидің Гератқа жорығы, сунниттер мен шииттер арасындағы діни қақтығыстар суреттеледі. Ғазал, рубайүлгісінде жазылған бірқатар өлеңдер де енгізілген.

Шығармада Қазақ жері «Қазақстан» деп аталды. Сыр бойындағы қалалар, Шайбани әулетінен шыққан Ұбайдаллаһ ханның моғол ханы Абд әр-Рашидханмен одақ құрып, қазақтарға қарсы жасаған жорығы (шамамен 1537–1538 жылы Ыстықкөлдің батысындағы Сән-Таш деген жерде), «Қазақтарды жеңу туралы мәлімет» Қазақханы Тахирдың қалмақтарға тойтарыс беру мақсатында бір таудың етегінде Жатан бекінісін салғаны (XVI ғасырдың 20-жылдары) туралы мәліметтер Қазақстан тарихы үшін құнды дерек болып табылады. Шығарманың қосымшалармен толықтырылған нұсқасы 1971–1972 жылы Тегеранда басылып шықты.

*«*Дулати Хұсайынұлы Мұхаммед Хайдар* (1499–1551) – әйгілі тарихшы, әдебиетші, Моғолстанмен оған іргелес елдердің тарихы жөнінде аса құнды деректер беретін «*Тарихи Рашиди*» кітабы мен «*Жаханнама*» дастанының авторы.

Автор қазақ хандығының қалыптасуы туралы, мұнан кейінгі Жетісу мен Шығыс Дешті-Қыпшақта болған оқиғалар, Моғолстанның құлауы, қазақтар, қырғыздар және өзбектердің сыртқы жауға қарсы күресте өзара одақтасуы туралы көптеген мәліметтер бар.

Сонымен бірге бұл еңбекте XV–XVI ғасырлардағы Оңтүстік және Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы, орта ғасырдағы Жетісудың тарихи географиясы, қалалық және егіншілік мәдениеті туралы құнды мәліметтер бар.

Ол сол кездегі саяси оқиғалар мен оған қатысқан қайраткерлерді, сондай-ақ Моғолстанның, Қазақ хандығының өткен тарихын жақсы білген. Оның көптеген оқиғаларына өзі тікелей куә болған. Содан да болар, ол орта ғасырдағы қазақтарға, әсіресе дулат тайпасының тарихына қатысты өте құнды материалдар береді. Қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасуы, одан кейінгі кезеңдері, олардың қырғыздармен, өзбектермен қарым-қатынасы жайында кеңінен сөз болады.

*Орта ғасырдағы Қазақстан тарихының нарративті деректерінің бірі *Ша-раф-наме-йи шахи* (Шахтың даңқы кітабы) Авторы ақын, жылнамашы-тарихшы *Хафиз Таныш Мир Мұхаммед Әл-Бухари*. 1549/52 жылдары өмірге келген, қайтыс болған жылы белгісіз.

Автор осы кітапта шайбанид Абдаллах ханның жорықтарын жаза отырып, Келес өңірін көп суреттейді. Қазығұрт тауы туралы да көптеген деректер бар. Хан Келес өзенінің Рабат-и Чагат маңындағы тұсына келіп, орда тікті деп көрсеткен. Осы Рабат-и Чагат Келестің қай тұсы екені белгісіз. Хан бұдан кейін Сайрамға аттанған. Соған қарағанда бұл қазіргі Рабат аулы да болуы мүмкін.

1583–85 жылдары Абдолла II-нің сарайында тұрып, *Абдоллана* еңбек жазған. Онда автор көзімен көрген оқиғаларды ресми деректермен толықтыра отырып, талдау жасайды.

*Келесі бір дерек *Махмұд бен Әмір Уәлидің «Бахр ал-асраф фи мин-акибал-ахиар»* (Мейірбан адамдардың ізгі қасиеттері жайлы телегей-теңіз құпия сырлар) атты кітабы. Автор тарихшы, әдебиетші, 1595/96 жылдары туған, қайтыс болған уақыты белгісіз. Өз заманының жан-жақты білімді адамы болған. Оның бұл кітабы Орта ғасырдағы Қазақстанмен Орта Азия тарихы жөніндегі аса құнды дерек саналады.

Жоғарыда аталған негізгі еңбегін Нәдір Мұхаммедтің тапсыруы бойынша 1634 жылы 24 қыркүйекте бастап, 1640/41 жылы аяқтаған. Жеті томдық шығарма энциклопедиялық сипатта жазылған. Автор өзіне дейін араб, парсы-тәжік және түрік тілдерінде жазылған еңбектерді кеңінен пайдаланған.

Сонымен қатар, бұл еңбекте қазақ хандарының шығу тегі, Ақ Орда, Әбілхайыр хан мемлекеті, Қазақ хандығының тарихына қатысты, XVI–XVII ғасырлардың басындағы қазақ, Орта Азия халықтары, қазақ-моғол қатынастары, Есім және басқа қазақ хандарының Шығыс Түркістандағы Шағатай әулетінің өзара талас-тартысына қатысуы жайлы да мәліметтер бар.

*«*Тарихи шах Махмұд мен Мирза Фазыл Чорас*», (Шах Махмұд бен мырза Фазыл Шорастың тарихы) қазақ даласындағы тарихи оқиғаларды баяндайтын шығарма. Еңбектің әуелгі аты белгісіз. Оны алғаш Зәки Уәлиди Тоғантауып, мұқабасындағы жазуға қарап шартты түрде «Тарих-и шах Махмуд ибн Мырза Фазыл Чорас» деп ат қойған.

Оны автор шамамен 1673–76 жылдары аралығында Шығыс Түркістанда құрастырылған. Ол кіріспеден және 119 шағын тараудан тұрады. Шығарманың сипаты, мазмұны және құрастырылуы жағынан жергілікті әулеттер тарихын, Шағатай әулетінен шыққан Жүніс ханның билік құруынан бастап, Исмаил ханның (1670) таққа отыру жайын баяндайды.

Еңбектің алғашқы бөлімі Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и-Рашидин» негізге алған. Автор 55 тараудан бастап өзінің көргендері мен туыстарының естеліктерін, оқиға куәгерлерінің әңгімелерін пайдаланған. Жылнамада XVI–XVII ғасырлардағы Орта Азия, Қазақстан, Қырғызстан, Шығыс Түркістан және Жоңғар хандығы жөнінде деректер мол. Оның парсы және ұйғыр тіліндегі нұсқалары табылып отыр.

*XV–XVIII ғасырлар арасындағы қазақ даласындағы саяси жағдайдан толық мәлімет беретін шығармалардың бірі *Тарихи Қыпчаки* (Қыпшақ тарихы). Авторы Қыпшақ хан деген атпен белгілі Қожамқұли-бек Балхи.

Еңбек кіріспе мен 9 тараудан (кейбір деректерде 5 тараудан) және қорытындыдан тұрады. Онда бұған дейінгі деректерде қамтылмаған Қазақ хандығының ертедегі тарихы баяндалады. Еңбек тек қолжазба күйінде сақталған. Оның жекелеген үзінділері 1969 жылы «*XV–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының тарихы туралы материалдар*» атты еңбекте жарияланды. «Тарих-и-Қыпшақидың» В.Г. Тизенгаузен аударған тараулары жарық көрген жоқ. Ол қазір Шығыс зерттеушілерінің архивінде сақтаулы.

*«Ислам-наме» (Ислам кітабы) авторы **Шаир Ахун** деген лақап атпен белгілі Молла Әбд-әл Әлім); Шағатай тілінде жазылған шығарма. Екі нұсқасы бар. Екеуі де Ресей ғылымдар Академиясының Азия халықтары институтының Санкт Петербург бөлімшесінде сақтаулы. Зерттеуші А.М. Мугинов шығарма шамамен 1767 жылы жазылған деп есептейді. Кітапта сол замандағы Орталық Азия мемлекеттеріндегі саяси жағдайлар баяндалады. Галден Церен өмірден озғаннан кейін Жоңғар хандығындағы саяси дағдарыс толық суреттеледі. Тақ үшін күресте кейбір жоңғардың билікке ұмтылушы топтары сол кездегі қазақ ханы Абылайдың көмегіне жүгінеді. Молла Абд ал-Әлимқазақ саясаткерлерінің жоңғардың өзара тартыстарына қатынасуы туралы қызық жәйттерге тоқталады. Ислам-наменің Жоңғар хандығына байланысты бөлігін орыс тарихшылары арнайы кітап етіп басып шығарды.

***Өтеміс қажы ибн Маулана Мұхаммед Дост** – ХҮІ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген тарихшы, «Шыңғыснаманың» авторы. Хорезмдегі Шайбани әулетіне қызмет еткен ықпалды отбасынан шыққан. Өзі Елбарыс ханның (1512–1525) сарайында қызмет еткен. Сол кезден-ақ қыпшақ даласында билік еткен Шыңғыс хан ұрпақтарының тарихы туралы көптеген мәліметтерді жинап, аңыз-әңгімелерді көп білетіндігімен танылады. Олардың көпшілігі «Шыңғыснамаға» енген. Автордың көптеген мәліметтері соны көрінгенімен, кейбір зерттеушілер (В.В. Бартольд, В.П. Юдин, К.А. Пищулина) оны шындықтан гөрі аңызға жақын, күмәнді деп санайды. Өтеміс қажы

шығармаларының зерттеуімен Е.Ф. Коль, А.З. Уәлиди Тоған, М. Кафали, Д. Девиз т.б. айналысты.

Өтеміс қажы – түркілер тарихы туралы жазған Хорезмнің тарихшысы, «Шыңғыснама» авторы. Қажының бұл еңбегі Алтын Орданы билеген Жошы әулетінің хандары туралы. Жошы әулетінің ел билеген кездері шығармада аңыз әңгімелер түрінде баяндалады, бірақ ондағы деректер шын болған оқиғаларға негізделіп жазылған. Еңбектің жазылу уақыты – ХҮІ ғасыр. Тарихи еңбекті оқысақ, Өтеміс қажы географиядан да хабардар болған кісі. Бұл шығарманың екі нұсқасы бар. Толық нұсқасы Стамбулда, толық емес данасы Ташкентте сақтаулы. Екінші нұсқасындағы хрониканың, жылнаманың Тоқтамыс жайын баяндайтын тарауы бізге жетпеген. Кітаптың алғы сөзіне назар аударсақ, ол тарихи оқиғаларды өзі өмір сүрген кезеңге дейін жазбақ болған. Бірақ, шығарма орта ғасырлардағы Қазақстан тарихынан көптеген мәлімет алуға болатын құнды еңбек.

Татар ғалымы И.А. Мустакимов Қазан мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасының сирек кітаптар қорында сақталған Жошы ұлысына қатысты екі құнды деректің тізімі бар екендігін атап өткен. Қолжазбаның басым бөлігін яғни 1-69 беттер арасында Қадырғали Жалайыридың «Жылнамалар жинағы», ал 70-79 беттерде ХҮІІ ғасырдың соңындағы «Дафтар - и- Чингиз наме» деп аталатын тарихи әңгімелер жинағы бар екендігін айтады.

Кітап Еш сұлтанның тапсырмасымен, ХҮІ ғасырдың бірінші жартысында жазылған. Өтеміс қажы заманында көшпенділердің тарихи білімі далалық

ауызша тарих түрінде көрініс тапты. ШығармаЖошы ұлысытарихы туралы естеліктер мен тарихи әңгімелердің жинағы болып табылады. АвторЕуразия даласын мекендеген тайпалар мен рулар туралы алуан-алуан мәліметтер жинаған.

Қазақ даласындағы XIV ғасырдағы саяси оқиғаларды қарастырғанда ерекше маңызды орынға шығатын шығармалардың бірі **Өтеміс қажының«Шыңғыснамасы»** болып табылады. Расында да «Шыңғыснама» түркі тілінде жазыла отырып, көптеген атаулар ментерминдердің түп нұсқалық негізде бізге жетуіне, оның бұрмалануына мүмкіндік берген. Сонымен қатар, шығармада Шығыс Дешті Қыпшақ көшпенділерінің тұрмыс-тіршілігі, әскери ісі, музыкасы, шаруашылығы және де басқа өмірлерінің қырлары туралы құнды мәліметтер келтірген. «Шыңғыснама» Шыңғыс ұрпақтары мен Дешті Қыпшақ тайпаларының Шыңғысхан туралы, оның мұрагерлері және Еуразия далаларындағы ру-тайпалар туралы әңгімелері негізінде жазылған, яғни онда көшпелілердің ауызша тарихы білімі жазбаша түрде берілген. «Шыңғыснама» - өзіндік бір ерекше тарихи еңбек қана емес, шайбанилық үлгідегі құнды дерек болып табылады.

Қадырғали Жалаури– XVI – ғасырдың ортасы мен XVII-ғасырдың басында өмір сүріп (1530–1605 жылдары), қазақ халқыныңтарихындаөшпес із қалдырған тұлға. Ана тілімен қатар араб, парсы тілдерін жақсы меңгерген. Қадырғали би ұлы жүздіңЖалайыртайпасынан шыққан. Сондықтан да ол тарихта көбінесе«Қадырғали Жалаури»ретінде белгілі. Ата-бабалары ертедеСыр-дариябойын мекен етіп көшіп-қонып жүрген. Кейін Жалайыр әулеті осы күнгіТалдықорған облысынакеліп қоныс тепкен. Қадырғали бидің ата-бабаларыҚарахан дәуіріненбері ел басқарған ықпалды кісілер болған. Әкесі Қосым да беделді би.

Ресейдің атакты патшасы Борис Годуновтың қол астында жүріп, 1602 жылы **Жылнамалар жинағын** жазып бітірген. Бұл – қазақ тілінде жазылған тұңғыш ғылыми еңбек. Қазақтың көрнекті көрнекті ғалымы Р.Сыздықова «Жинақтың» тілдік құрылымын, жазу мәнерін зерттеп,арнайы кітап жазған.

Орыс ғалымдарының ішіндеҚадыр Әлі деректерінеалғаш көңіл аударған **Шоқан Уәлиханов**. Оның түсіндіруінше: *«В отношении сведений о киргизах самое первое место занимает «Сборник летописей» издания Березина, замечательный тем более, что представляет единственные памятники прошедшей жизни казахов. Он написан в конце царствования Бориса Годунова... В нем степных уподоблений, поговорок бездна»...*

«Жылнамалар жинағының» жалғыз көшірме данасын Қазан Университеті кітапханасына татар ғалымы **И.Халфин** тапсырған екен. Сол көшірмені шығыс қолжазбалар жинағына бастырғанда профессор И.Н.Березин былай деп алғысөзжазыпты: *«Біз шығармаға қандай ат берілгенін білмейміз, бірақ кітаптың негізгі бөлігі Рашид ад-Диннің әйгілі туындысының қысқаша аудармасынан тұрғандықтан, біз оның атын да қолжазбамызға бере аламыз»*. Сөйтіп, ол Қадыр Әлі еңбегін оның нағыз аты анықталатын көшірмесі

табылғанша «Джами – ат –Таварих» –«Жылнамалар жинағы» деп атауды ұсынған.

Ол жырақта жүрсе де, қазақ хандарының саяси-әлеуметтік жағдайлары, Қазақстанда рулық-патриархалдық қатынас қалыптасуы, хан төңірегіндегі сұлтандар мен қаршылар, бектер мен хафиздер т.б. жайында деректі мәліметтер жазып қалдырды. Автор Шығыс елдеріне, оның шаһарларына шолу жасап, қазақ сахарасын мекендеген жалайыр, арғын, қыпшақ, қаңлы, найман, керей, алшын т.б. түркі ру-тайпаларына тарихи сипаттама берді.

«Мен дүние жүзіндегі неше түрлі мемлекеттерді аралаған, әділ үкім, нақыл сөздерге қанық көптеген кітап оқыған адаммын», дейді ол өзі жайында.

Мұнда қазақ хандығының X ғасырдың басынан бергі ішкі-сыртқы жағдайлары, қазақ тайпаларының халық болып қалыптасуы, оның халықаралық жағдайлары, хандардың және олардың төңірегіндегі түрлі әлеуметтік топтардың саяси ахуалдары жөнінде аса құнды мәліметтер берілген.

Еңбек үш бөлімнен тұрады: Борис Годунов билігін бейнелеу; Рашид ад-Диннің «Джами ат-Таварих» атты еңбегінің қысқаша аудармасы; Орыс ханның Ораз Мұхаммед сұлтанға дейінгі қысқаша аудармасы.

Ол Рашид ад-Диннің парсы тіліндегі «Жамиат-тауарих» шежіре кітабына сүйене отырып, Шыңғысхан әулеті және оның өзі жайында аса мол деректер келтіреді, қазақ хандарының өмірбаянына тоқталады. Онда қазақ жері, оның қалалары, XIII–XVI ғ. Аралығындағы қазақ жеріндегі оқиғалар, қазақ хандарының ішкі-сыртқы жағдайлары, әлеуметтік топтар және қазақ жерін мекендеген ежелгі рулар бірлестігі жайында деректер бар.

Бұларға қосымша алтын ордалық ірі қайраткер Едіге батыр жайында дастаны берілген. Қадыр Әлінің бұлеңбекті жазудағы негізгі мақсаты – өз әміршісі Шыңғыс хан ұрпағы Ондан сұлтанның баласы Оразмұхаммедтің хан тағына лайық екенін дәлелдеу. Екінші бір мақсат: патша Борис Федоровичтің мәңгі әділдігін, ақтығын айту және тағы жоғары мәртебелі Оразмұхаммед ханды жоғары мәртебелі патшаның құрметпен хандыққа отырғызғанын көрсету үшін жазылды.

Қадыр Әлі би еңбегінің қазақ халқының, қазақ хандығының қалыптасу процесін зерттеп білуде алатын орны ерекше.

Әдебиет

Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 35 б.

Атабаев Қ.М., Тасилова Н.А., Толамисов А.Ф. Деректану пәнін оқыту методикасы: Оқу құралы – Алматы «Қазақ Университеті» 2011 35б.

Күзембайұлы А, Әбіл Е. Тарихнама. Оқу құралы. Қостанай, 2016 125б.

Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XIII–XIX вв. – Астана, 2006-256/10-18б.

Р.Сыздықова. "Язык "Жамиат-тауарихЖалаири", Алматы, 1989 Утемиш-хаджи. Чингиз-наме/Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П. Юдина. Комментарии и указатели М.Х. Абусеитовой. – Алма-Ата: Гылым, 1992. – 296 с (С. 119.).

Материалы по истории казахских ханств XV–XVII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений)» (ответственный редакторБ. Сулейменов.– Алма-Ата, 1969.).

История Казахстана в арабских источниках IX–XVI вв. В трех томах. Алматы: «Дайк-Пресс», 2005.

9. ҚҰЖАТТЫҚ ДЕРЕКТЕР

Жоспары

1. Заңнамалық құжаттар.
2. Акт тарихи дерек.
3. Іс қағаздары.

1. Заңнамалық құжаттар

Белгілібір мемлекеттің құқықтық жүйесінің негізін қалайтын, жоғарғы билік бекіткен, заңдық күші бар нормативті құжаттарды заңнамалық деп атаймыз. Аталған құжаттар зерттеуші үшін таптырмайтын тарихи дерек екендігі айтпасада түсінікті.

Құқық нормалары мемлекетің өзмен қатар пайда болады.Көне қоғамдарда адамдар арасындағы қарым –қатнас әдеттік норма бойынша реттелді. Келе-келе саяси-экономикалық және әлеуметтік мәселелердің күрделенуіне байланысты оларды реттеп отыратын заң жүйесінің қажеттілігі туындайды.

Ең көне заңдар жинағыныңбірі**Хаммурапи**заңдары деп аталады. Бұл заңдар ертедегі Вавилон жерінде**Хаммурапи**патшалық еткен кезде, шамамен біздің

заманымыздан бұрынғы 1760 жылы қабылданған. Бұл заң Ежелгі Шығыстағы құл иеленушілік құқықтың аса маңызды ескерткіші болып есептеледі.

Хаммурапи заңы баптарға бөлінбеген, бірақ француз ғалымы В.Шейл тұңғыш рет заңды **282 бапқа** бөліп қарастырады. Заң жинағы ерекше топтастырылған заң нормаларынан құрылады. Мысалы: 1–5 баптар процессуалдық сипаттағы ережелер; 6–126 баптар мүліктік қатынастарға; 127–195 отбасылық – мұрагерлікке; 196–214 баптар жеке тұлғаны қорғауға; 215–282 жалға беру тәртібіне және тағы басқа қатынастарға арналған. Заң баптарға бөлінбегенін айтып кеттік, сондықтан ескерткішті кодекс сияқты жинақ деп қарастыруға болмайды.

Хаммурапи заңы талион («көзге көз, тіске тіс» яғни, кінә үшін оған тең жаза тарту керек) принципіне негізделген қатаң жазаларымен сипатталады. Бірақ бұл принцип қоғамның дамуына байланысты кей кезде жұмсартып отырғанын заңның белгілі баптарынан байқауға болады.

Ежелгі Үнді мемлекетінде тарихи-құқықтық қайнар көз ретінде – **Ману Заңдары** (б.э.д.ІІғ. – б.э.ІІғ.) және Каутилья Артхашастралары (б.э.д.І ғ. – б.э.І ғ.) есептеледі. Ежелгі Үндіде құқық түсінігі қоғамдық қатынастарды реттеуші жеке нормалар жиынтығы ретінде танылмаған. Үнділердің күнделікті өмірі эстетикалық сипаттағы нормалармен бекітілген ережелерге бағынды. Адамдардың күнделікті мінез-құлқын анықтайтын нормалар (дхарма) – дхармашастралар деп аталды. Ең белгілі дхармашастра Ману Заңы (Ману – миф құдайы) болып табылады. Бұл заңның жазылғанын нақты уақыты белгісіз. Бірақ, б.э.д. ІІғ. және б.э. ІІғ. Аралығында пайда болды деген жорамал бар.

Ману Заңы 2685 баптардан тұрады. Құқықтық мазмұн негізінен VIII және IX бөлімдерде көрсетілген. Ману Заңының ең маңыздысы – варналық құрылымның қалыптасуы. Бұл жерде діни ілім бойынша әр варнаның пайда болуы және олардың әскери-кәсіптік сипаты көрсетіледі. Әр варнаның тағайындалуы және жоғарғы варнаның үстемдігі туралы айтылған.

Заң негізгі жеке меншіктің түрін жер деп таниды. Мемлекеттің жер қорын патшаның, қауымның, жеке адамның жерлері құрайды. Мемлекеттің бүкіл жері патшаның жеке меншігінде болған жоқ. Патша жерден жеке меншік иеленуші ретінде емес, мемлекет мүддесін қорғаушы ретінде салық алып отырған. Ману Заңы бойынша, егер патша салықты жинап, мүдделерін қорғамаса, онда ол тозаққа барады дейді.

Римнің **12 таблица заңы** өркениетік заңдарының шынар биігі болып саналады. Ғасырлар бойы римдіктердің пайдаланған заңдары толықтырылып және жетілдіріліп бүкіл Еуропа халықтарының игілігіне айналды.

Салик заңы орта ғасырдағы герман тайпаларының әдеттік заңдарының жиынтығы. Мәтіні латын тілінде VI ғасырдың басында Бірінші Хлодвиг король тұсында жазылған. 65 тараудан тұрады. Ескерткіш герман тарихының ең маңызды әрі құнды деректерінің бірі.

Қазақ халқының заңдық деректеріне жалпы шолу.

Қазақстан территориясында қола дәуірі кезінде әйгілі билік пайда болды. Жазылмаған заң арқылы қауымды реттеп отырды. Метал өндіріп, қару соғып, соғыстың көбейуіне байланысты, осыны реттеп, тәртіпке келтіретін күшті орталықтанған билік керек болды. Билік заңдары шығарды. Бұл заңдардың деректік мәні зор.

Сонау ықылым заманнан бүгінге дейін халқымыз бірнеше заңнамалық жүйелерді басынан өткізді. Оларды әдет-ғұрып салт – дәстүр, шариат, Шыңғыс ханның жарғысы, Темірдің билік құрамы, Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәукенің жеті жарғысы, Ресей империясы тұсындағы заң құжаттары, Кенес үкіметінің Заң актілері, Тәуелсіз Қазақстанның Заңдары деп кезең – кезеңге бөлуге болады. Бұл әрине шартты түрде.

Қазақ Ордасының ең алғашқы Заң жинағы – Қасым ханның «Қасқа жолы». Жаңа саяси жағдайда ескі заңдар ел мүддесін ескере алмады. Сондықтан Қасым хан әдеттік заңдарды қайта жинақтап, жаңа заманға лайықтап оларды кодификацилады. Жылдар өте келе бұл заңдар да өзінің жарамсыздығын таныта бастады.

1511 жылдар шамасы жаңа Заң жүйесі Есім ханның «Ескі жолы» қабылданды. Бұл құқықтық актіде ханның, билердің, батырлардың өкілеттіліктері және өзара міндеттері мен құқықтары анықталды. Жоғары заңды билік ретінде маслихат қала берді. Оның құрамына қазақ қоғамының барлық өкілдері мен ықпалды сұлтандар кірді. Маслихаттың әр мәжілісін мол халық жиналды, сондықтан оны кейбір деректерде халық жиналысы деп атайды. Маслихат жылына бір рет, көбінесе күзде Ұлытауда, Түркістанда немесе Ташкент түбінде өткен. Маслихат өкілеттілігіне соғыс немесе бейбітшілік мәселелерін, жайлау мен суаттарды бөлу, хан сайлау секілді ең маңызды мәселелерді шешу кірген.

1599 жылы Қазақ Ордасының Астанасы Түркістанға көшірілді. Елдің шекарасы кеңейді. Оны бір орталықтан басқару едәуір қиыншылықтар туғызды. Жаңа құқықтық жүйе қабылду қажеттілігі туындады. Осындай жағдайда Тәуке хан «Жеті Жарғы» деп аталатын заң жинағын ұсынды. Онда төрелердің құқықтары шектелді, басқару істері билерге жүктелді. Жарғыға әкімшілік, қылмысты істер, азаматтық, құқық нормалары, сондай-ақ, салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген. Яғни онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтары қамтылған. «Жеті Жарғыны» тұнғыш болып зерттеген шығыстанушы ғалым Н.Өсеров оны 1680 жылы қабылдады, – деген пікір айтады. Өз Тәукенің «Жеті Жарғысына» теориялық-ғылыми тұрғыдан қарасақ, оның әрбір бабы, талаптары мен реттеу функциялары сол заманның тарихи жағдайларына дәлме-дәл сәйкес келетінін байқаймыз. Бұл құжат қазақ халқының ұлттық бірлігін нығайтуға, рулар арасында алауыздықты тежеуге, жонғар шапқыншылығына қарсы елді бір тудың астына топтастыруда өлшеусіз рөл атқарды.

XVIII ғасырларда қазақ жеріне Ресей империясы саяси құрылым институттары кіре бастады. Ал XIX ғасырдың басында орыс әкімшілігі хан билігін ыдыратып, оның орнына өз жаңа басқару жүйесін кіргізуге тырысты. Әкімшілік басқару әскери сипатта болды. Басқару жүйесіндегі реформа 1822 жылғы «Сібір

қырғыздарының Жарғысы» 1824 жылғы «Орынбор қырғыздарының Жарғысы», – деп аталатын құжаттар негізінде жүзеге асырыла бастады.

XIX ғасырдың 60-90 жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалары жүзеге асырылды. 1867 жылы 11 шілдеде «Положение об управлении в Семиреченской и Сырдарьинской Областях», 1868 жылдың 21 қазанында «Временное положение об управлении в степных областях Оренбургского и Западно-Сибирского генерал-губернаторства» деп аталатын құжаттар іске асырыла бастады.

Ресей үкіметі 1886 жылы 21 маусымда үкімет «Положение об управлении Туркестанским краем», 1891 жылы 25 наурызда «Положение об управлении Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской областями» атты құжаттарды қабылдады. Солар арқылы XX ғ. басына шейін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы және территориялық-әкімшілік құрылысындағы өзгерістер жүріп отырды. Міне осы заңнамалық актілердің деректемелік құзыреті өте жоғары. Қазақстан республикасындағы заңнама түрлері азаматтық заңнама – Азаматтық іс жүргізу заңнамасы – Еңбек заңнамасы – Отбасы-неке заңнамасы – Әкімшіліктік заңнама – Қылмыстық заңнама – Салық заңнамасы – Бюджеттік заңнама – Жер заңнамасы – Кеден заңнамасы.

2. Акт тарихи дерек

Тарихи актілер деп заңды түрде мемлекеттер, мелекет пен шіркеудің, мемлекет пен жеке тұлғалар арасында жасалған экономикалық және саяси келісім-шарттарын айтамыз.

Акт сөзі латынның *«actum est»* – деген сөзтіркесі. Қазақ тілінде «жасалған іс», – деген мағынаны білдіреді. Ертедегі Римде екі жақтың келісілген құжатының соңында осындай сөздер болған. Кейін орта ғасырларда бұл дәстүр бүкіл Еуропаға тарап кетті.

XVIII–XIX ғасырларда акт ұғымы бүкіл заңнамалық құжаттарды, іс қағаздарын білдірді. Актілердің пайда болуы, олардың түрлерін және даму үрдісін зерттейтін арнайы ғылымды *дипломатика* деп атайды. 1681 жылы француз ғалымы **Ж. Мабильон** *«Дипломатика туралы»* атты еңбегін жария етті. Осыдан кейін дипломатика бірте бірте өзінің пәнін тауып ғылымға айнала бастады.

Батыс Еуропа елдерінде негізіне актінің пайда болу критеріі алынған актілерді топтау схемасы қалыптасты. Актілер үлкен екі топқа бөлінді. Біріншісіне мемлекет басшыларының құжаттары кірді. Ал келесі топқа қалған құжаттар жатты.

Актілердің келесі бір топталуы *удостоверительные (конститутивные)* и *осведомительные (декларативные)* деп аталды. Күнібұрын дайындалған формуляр бойынша контрагенттер арасындағы құқықтық қатынастарды заңдастыратын актілерді *қуәландыратын* (конститутивті) немесе «нағыз» актілер деп атайды. Мәлімет беретін актілердің де түрі бар. Мұндай актілер жасалған келісімшарттар жөнінде хабарлама береді. Көбінесе еркін түрде жазылады.

Актілерді талдау әдістері. Жұмыс төрт белестен тұрады. Алдымен құжаттың сыртқы түріне көңіл аударылады. Жазу мәнері, мөр, филигринь, символикалық элементтері, монограммасы талданады. Сөйтіп оның түпнұсқалығы анықталады. Келесі кезекте оның ішкі түрі талданады. Сосын барып алынған ақпарат синтезделеді де, соңында оның мазмұны қандай ақпарат беретіндігі анықталады.

Формулярдың төрт түрі болады: шартты түрдегісі, абстрактылы, нақтылы, жеке, дара.

Ортағасырдағы Еуропа дипломатиясында шартты формуляр он екіге бөлінді. XIX ғасырдың 60–70 жылдары неміс формальді дипломатика мектебінің өкілдері Т. Зиккель, Ю. Фиккер шартты формулярды үшке бөлуді ұсынды.

1. **протокол (алдыңғы желімделген)**– папирология ғылымынан алынған термин, алғашқы протокол. Оған инвокация, интитуляция, инскрипция және салютация кірді.

2. **Негізгі бөлім** немесе «мәтін». Ол аренга, промульгация, наррация, диспозиция, санкция, корроборация деп аталатын бөлімдерден тұрады.

3. **эсхатокөл** (соңғы желімделген) немесе соңғы датум және апрекацидан тұратын протокол.

3. Іс қағаздары

Жазбаша деректердің үлкен бір тобына іс-қағаздары жатады. **Іс-қағаздары дегеніміз – мемлекеттік, экономикалық, қоғамдық мекемелер мен ұйымдарда және сот-тергеу органдарында өзінің басқару және қоғамдық әрекетін реттеп отыратын күнделікті құжаттары.** Іс – қағаздары мемлекеттік аппараттың негізгі құжаттары. Оларды бірнеше топқа бөлеміз. Мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар және жеке меншік мекемелері іс қағаздарын жүргізеді.

Іс қағаздары құрамындағы құжаттарды екі топқа бөлеміз. Бірінші топқа басқару шешімдеріне байланысты құжаттар жатады, ал екіншіге – құжат айналымынан туындайтын қағаздарды кіргіземіз. Құжаттардың, құжат айналымы жүйесін дұрыс ұйымдастырудың маңызы аса зор. Сауатты жасалып, заңды күшке ие болған құжат қана табысты жұмыстың кепілі болады. Іс қағаздары белгілі бір заңдар мен нормативтік-құқықтық актілері негізінде жүргізіледі.

Іс қағаздарын жүргізу мекемелер мен кәсіпорынды құру сатысында-ақ басталып кетеді десе де болады. Ол болашақ ұйымның құрылтай құжаттарын дайындаудан бастап, оны мемлекеттік тіркеуден өткізу аралығын қамтиды. Белгілі-бір ұйым нақты тіркеуден өткеннен кейін заңды тұлға мәртебесіне ие болады. Міне, осы сәттен бастап мекемеде құжат айналымы жүйесін қалыптастыру қажеттігі туындайды.

Қазақстанда Кеңес үкіметі орнаған сәттен ақ іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге талпыныс жасады. 1921 жылы 2 ақпанда Қазақ АССР Халық комиссарлар комитетінің «Республиканың мемлекеттік мекемелерінде қазақ және орыс тілдерін қолдану туралы» декреті бойынша іс жүргізу қазақ тілімен қатар орыс тіліне де мәртебе берілді. 1923 жылғы қарашадағы Қазақ АССР

ОАК-нің «Қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізуді ендіру туралы» декреті жарық көрді. Қазақ АССР ОАК Президиумының «Қазақ тілінде іс қағаздарын енгізу жөніндегі орталық комиссия туралы ережені бекіту туралы» қаулысы пайда болды. 1924 жылғы 21 шілдедегі Қазақ АССР Еңбек Халық Комиссиариатының «Қазақ тілінде іс жүргізуді енгізуге байланысты қызметкерлерді жұмыстан босату және оларды қазақ тілінде сөйлеп, жаза алатын қызметкерлермен алмастырудың тәртібі жөніндегі» қаулысы жарияланды. Бірақ, өкініштісі, аталған құжаттар қағаз жүзінде қалды. Осы күнге дейін кейбір мекемелерде мемлекеттік тілдің жұлдызы әлі де жарқырай қойған жоқ.

Елімізде іс қағаздарының үшке бөлінеді: азаматтық қарым-қатынас құжаттары, жеке бас құжаттары, басқару және ұйымдастыру құжаттары.

Азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін құжаттарға сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі жатады. Екінші топ құжаттары: өмірбаян, түйіндеме, жеке іс парағы, визит карточкасы, өтініш, арыз, мінездеме, кепілдеме, кеден мағлұмдамасы, жеделхат. Ал үшінші топқа үкім, өкім, жарғы, жарлық, ереже, хабарлама, бұйрық, нұсқау, ресми хаттар, хаттама, жарнама сияқты құжаттар жатады.

Іс-қағаздарының төмендегідей атқарар қызметтері бар:

- жеке тұлғалар арасындағы қатынасты реттеуші;
- жеке адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеуші;
- әртүрлі мекеме, ұйымдардың өзара байланысын реттеуші;
- мекеме, ұйым жұмысын ұйымдастыру тәртібін негіздеуші;
- жеке адам мен қоғам өміріне қатысты оқиғаларды айғақтаушы;
- мемлекеттік басқару ісін жүйелеуші;
- тарихи құбылыстарды зерттеудің қайнар көзі;
- мекеме мен ұйымның атқарған істерінің көрсеткіші;
- мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші.

Іс қағаздарының – **саяси** (мемлекетішілік, мемлекетаралық, халықаралық қатынастарда):

- **әлеуметтік** (қоғамдық-әлеуметтік қатынастарда);
- **ұйымдастырушылық** (басқару қызметі жүйесінде);
- **құқықтық** (заңдық және жеке тұлғалар арасындағы қатынастарда);
- **тарихи** (әр дәуірдің, қоғамдық сатының өзіндік ерекшеліктеріне сай қатынастарда);
- **ресмилік** (міндетті түрде заңдық тұрғыда тіркелуінде) сияқты сипаты бар.

Іс қағаздарының пайда болуы алғашқы мемлекеттік құрылымдардың тарихымен тығыз байланысты. Египет тарихындағы Жаңа патшалық заманында мемлекеттік қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулары болған. Ұзақ уақыт іс қағаздарын тек мемлекеттік аппарат жүргізген. Сондықтан да олардың көпшілігі ұзақ сақталып, біздің заманымызға дейін жетіп отыр. Мемлекеттік аппарат күрделенген сайын ондағы іс қағаздары да көбейіп отырған. Сонықтан іс қағаздарын мекеменің тарихынан бөлек қарастыруға болмайды. Кез келген мемлекеттің алғашқы дәуірінде іс қағаздары жүйелі түрде жүргізілді деп айтуға болмайды. Келе-келе іс қағаздарын сапалы да, тиянақты жүргізетін «кеңсе» деп

аталатын құрылым пайдаланды.

Әр мемлекеттерде жүргізілген іс қағаздарын талдағанда оның түрі мен мазмұнына көңіл аударатынымыз белгілі. Кейбір елдерде оларды дәптерге жазған. Ресейде XVIIIғасырда қалыптасқан дәстүр бойынша жеке парақтарға жазылып олар бір біріне желімделген. Бірнеше парақтардан тұратын құжаттар сақтауға ыңғайлы болсын деп таяқшаға оралған. Ондай құжатты оқу үшін оны сүйретіп жүру қажет болған. Мұны орысша «волочить» дейді. Осыдан барып уақытында шешілмейтін мәселен олар «волокита деп атайды.

Іс қағаздарын топтау күрделі мәселелердің бірі. Оларды тіркеу, сақтау және орындау үшін міндетті түрде жіктеу қажет. Әрине әрбір елде, мекемелерде, өндіріс орындарында құжаттарды сақтаудың өз тәртібі бар. Оны Іс қағаздарының номенклатурасы деп атайды. Дегенмен барлығына бірдей мына төмендегідей тәртіп бар.

- Өкімдік (распорядительная);
- Есептік құжаттар (отчетная);
- Хаттамалар (протокольная);
- Мекемелер арасындағы жазысқан хаттар;
- Құжат айналымын реттейтін және кадрлар жөніндегі құжаттар;
- ақпараттық (негізгі функциясы– қабылданған шешімдерді жеткізу);
- іс қағаздарының арнаулы жүйесі: сот-тергеу, әскери, дипломатиялық.

Қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың іс жүргізу практикасында едәуір өзгешіліктер бар.

Құжаттар қызметтік және жекебастық, ішкі және сыртқы, өте жедел, жедел және жедел емес, құпия, құпия емес және қызметтік пайдалану, тұрақты сақталатын, ұзақ сақталатын және уақытша, төл нұсқасы, түп нұсқасы және көшірмесі болып бөлінеді.

Мекемеге келіп түскен құжаттар міндетті түрде тіркеледі, оған номер беріледі түскен уақыты белгіленді және оның орындалуына міндетті қызметкердің аты-жөні жазылып орындалатын уақыты белгіленеді.

Әдебиет

Биск И.Я. Методология истории: курс лекций /Иваново: ИГУ, 2007. 236 с.

Грицкевич В.П., Каун С.Б., Ходин. Теория и история источниковедения. Уч. пособие для студентов заочных отделений гуманитарных факультетов вузов. Минск 2000г.

Данилевский И.Н и др. Источниковедение: Теория, История, Метод. Источники Российской истории. Уч. Пособие М., 1998.

Репина Л.П. и др. История исторического знания: пособие для вузов. 2-ое издание Стереопотип. –М.: Дрофа, 2006. – 288с.

10. СТАТИСТИКА МАТЕРИАЛДАРЫ–ТАРИХИ ДЕРЕК

Жоспары

1. Статистика түсінігі.
2. Статистиканың қысқаша тарихы.
3. КССРО заманындағы санақ жүргізілуі.
4. Статистика материалдарын тарихидерек ретінде пайдалану әдістері.

1. Статистика түсінігі

Деректердің ерекше түрі ретінде санақ материалдары капитализм дәуірінде қалыптасты. Осы дәуірден санақ мәселесінің сапалы өзгеріс кезеңі бас-талып, тарихи шындықтың негізгі құбылыстарын экономикалық-географиялық және санақ материалдарын жалпылама сипаттау тұрғысынан баяндаудан сандардың негізінен түсіндіруге ауысты.

– **Статистика (лат. status – жай-күй) – түсінігі.** Бірінші-ден, қоғамдағы құбылыстарды сандық және спалық көрсеткіштерін зерделейтін ғылым саласы. Екіншіден, қоғам өмірінің заңдылықтарын сан және сапа тұрғысынан бақылап, талдап және өндеп отыратын мемлекеттік қызымет.

– **Мемлекеттік статистика** дегеніміз сандық ақпаратты жинау мен өндеудің орталықтандырған жүйесі. Оның негізгі салалары:

- статистиканың жалпы теориясы;
- әлеуметтік статистика;
- экономикалық статистика;
- демографиялық статистика;
- қаржы статистикасы;
- салалық статистика;
- халықаралық статистика.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын белгілеуде статистиканың рөлі зор. Осы бағыттағы қызметті ұйымдастырып, үйлестіріп, бағыттап отыратын орган – ҚР Статистика жөніндегі агенттігі.

Ресми статистика – үкімет ведомстволары жинап және басып шығарған деректер. Ресми түрде жарияланған құжаттар зерттеуші үшін өте құнды дерек болып есептеледі.

Санақ материалдары негізгі екі топтан тұрады. Оның **біріншісі** – үкімет қажеті үшін, мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындардың міндетті қызметін жүзеге асыру үшін жиналған мәліметтерден тұрады. **Екінші тобын** санақтық талдау үшін арнайы жиналған мәліметтер құрады. Олар, ең алдымен, бірақ рет жүргізілген тексерулер – санақ материалдарын, сонан соң, күнбе-күнгі санақ мәліметтерін қамтиды. Бұл материалдардың жиналуы мен өңделуі есеп-санақ ғылымының ережелеріне сәйкес ұйымдастырылады.

2. Статистиканың қысқаша тарихы

Статистика XVII ғасырдың ортасында «*саяси арифметика*» ретінде пайда болды. Ал XVIII ғасырда «*мемлекеттану*» деген ұғымды білдірді. Ғылыми айналымға кіргізген ағылшын ғалымы – *Уильям Петти* (1623–1687).

1746 жылы неміс ғалымы Готфрид Ахенваль өзі сабақ беретін Германия университетінде «Мемлекет ісін жүргізу» курсының орнына «Статистика» сөзін қолдануды ұсынды. Бұдан статистика тек соңғы ғасырларда пайда болды деген ой тұмауы керек. Мемлекет ішіндегі халық, әскер, салық жинау және мал, жер көлемінің сандық сипатын біліп отыру сонау көне замандағы елдердің бәрінде болған.

Қазақ жерлерінің Ресей империясының құрамына кіруіне байланысты санақ жүргізу мәселесі туындады. 1868 жылы Түркістан губерниялық статистика комитеті құрылды. Оған қарасты Сырдария және Жетісу облыстарында статистикалық бюролар құрылды. XIX ғасырдың 70-жылдарының орташенинде Орал, Семей, Ақмола және Торғай облыстарында осындай комитеттер ашылды. Қазақстандағы статистикалық комитеттер санақ жүргізумен қатар тарихи-этнографиялық зерттеулермен де айналысты.

1906–1912 жылдары Ресей статистері П. Скрыплев, П. Румянцев Сырдария және Жетісу облыстарында. Статистикалық экспедиция ұйымдастырып қазақ шаруашылығын тексеріп оның нәтижесін 1908–1913 жылдары Ташкентте 8 томдық кітап етіп шығарды. 1904–1911 жылдары осындай экспедицияны П. Хворостинский, В. Кузнецов және А. Переплетчиков дегендер Торғай, Ақмола және Семей облыстарын тексерді. 13 томдық материалдары 1909–1913 жылдары жарияланды.

Алынған материалдар негізінде XX ғасырдың басында қазақ жерлер жаппай алынып «Переселен қорына» өткізіле бастады. Игерілген егістіктер өткізілген ирригациялық құрлыстарымен Ресейден қоныс аударылған «қара шекпенділерге» таратып берілді. Мұндай шара қазақ шаруашылығын күйзеліске ұшыратты.

1920 жылы «Қазақ АССР мемлекеттік статистика туралы Ереже» бекітілді. Кеңес өкіметі халық шаруашылығын жоспарлау мемлекеттік басқару ісінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырды. Ал мемлекеттік санақ жүйесі жоспарлаудың негізі болып есептелді. Сондықтан бұл жұмысқа аса мән берді.

Кеңес заманында ел ішінде санақ жүргізу жұмысы экономиканың көптеген салалары мен негізгі қоғамдық процестерді (халық саны, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транспорт, байланыс, сауда, қаржы, мәдениет салалары, денсаулық, еңбек пен еңбекақы т.б.) қамтыды.

3. КСРО заманында санақ жүргізілуі

Жоғарыда көрсетілгендей кеңес заманында санақтың бірнеше түрі болды. **а) Демографиялық жалпы санақ** үш бағытта жүргізілді: жаппай халықтық, күнделікті және ішінара. Санақтың мұндай түрінің өз ерекшеліктері бар. Жалпы санақ бүкіл халықты қамтиды. Олардың құрамы жөнінде мәліметтер алынады. Зерттеу нысанына (объектілеріне) әрбір адам алынады. Кейде санақта

жанұя немесе үй шаруашылығы ескеріледі. Мәліметтерәрбір адамның өзінен тікелей алынады.

Ресей халқының алғашқы санағы 1897 жылы қаңтар айында өткізілді.

Санақ төмендегі сұрақтарды қамтыды: аты, әкесінің аты, фамилиясы, жанұя жағдайы (бойдақ, үйленген, жесір, ажырасқан), шаруашылық басшысына қатынасы (ағайыны, жегжаты, асыранды бала немесе бірге тұрушы, үй қызметшісі немесе малайы, жұмысшы және т.б.), жынысы, жасы, хал-жайы немесе сословиесі. діни көзқарасы, туған жері, тізімге алынған жері, тұрақты мекенжайы, ана тілі, сауаттылығы, кәсібі (негізгі және қосымша). Санақ материалдары 89 том болып жарияланды.

Кеңес дәуірінде халықтың бірнеше санағы: 1920, 1923 (қалалық), 1926, 1939, 1959, 1970, 1979 және 1989 жылдары –өткізілді. Осы санақтарды өткізілу уақытының кеңес мемлекеті тарихының белгілі кезеңдеріне байланысты екені байқалады. Мысалы, азамат соғысының аяқталуы мен жаңа экономикалық, саясатқа өтуі; халық шаруашылығын қалпына келтіру процесін аяқтау мен халық шаруашылығын социалисте жолмен реконструкциялау; КСРО-да негізінен «социалистік қоғам құру» мен «социализмді толық және түпкілікті» орнату және т.т. деп аталатын дәуірлерге байланысты.Бұл санақтың қорытындылары в 1920–1925 жылдары «Труды ЦСУ-да» жарияланды.

1923 жылы жаңа экономикалық саясатты жүргізу мен халықты еңбек салаларына қайта белуге байланысты, КСРО халқының әлеуметтік-өндірістік белгілерін анықтау мақсатымен тек қана қала тұрғындары арасында тағы да санақ жүргізілді.

Бірінші бүкілодақтық санақ КСРО халықтарының саны мен құрамын анықтау мақсатымен 1926 жылы өткізілді. Қорытындылары 1933 жылы аяқталып, 56 том болып басылып шықты.

1939 жылғысанақтың қысқаша қорытындылары 1940 жылы жарияланды, оның материалдарының толық қорытындыланып басылуына Ұлы Отан соғысының басталуы бөгет жасады.

Келесі халық санағы 1959 жылы өткізілді. Материалдары 17 том болып басылды. Оның бір томында КСРО бойынша жалпы деректер беріліп, басқаларында одақтық республикалардың материалдары топтастырылды. Мұндахалықтың саны, ұлтық құрамы, қала мен село тұрғындары санының айырмашылығы, білім дәрежесі, қандай әлеуметтік топқа жататындығы, халықтың халық шаруашылығының салаларына қарай бөлінуі туралы мәліметтер бар.

1970 жылғы халық санағы қорытындылары 70-жылдардың бірінші жартысында жарияланды. 1979, 1989 жылдары КСРО халқының жаңа санақтары өткізідді. Сөйтіп, алғашқы санақ Қазақстан территориясында Қазан төңкерісіне дейін 1897 жылы өткізілсе, Кеңес өкіметі дәуірінде 1926, 1939, 1959, 1970, 1979 және 1989 жылдары жүргізідді.

Сонымен, халық санағы адамдардың саны мен оның құрамын бір белгілі уақыткөрсететін тиянақты дерек болып саналады. Алайда, осы санақтардың мәліметтері тарихшыны толық қанағаттандырмайды. Оның себебі бір санақ пен

екінші санақтың арасында ұзақ мерзімнің орын алуы мен санақ бағдарламасы шеңберінің тарлығында. Сондықтан тарихшылар көп жағдайда күнбе-күнгі демографиялық санақ пен халықтың ішінара зерттелген материалдарына жүгінеді. Күнбе-күнгі демографиялық санақта адамдардың тууы мен өлімі жүйелі түрде тіркеледі. Тіркеу адамның туған жерінде бір айдың ішінде, ал оның өлімі сол жердің жергілікті азаматтық хал-ахуал актілерін тіркеу бюросында (ЗАГС-те) немесе ауылдық жердің кеңесінде үш күн ішінде жүргізіледі. Бұл жұмыстың қорытындылары ай сайынғы шығарылып отырады.

Демографиялық санақта халықтың көшіқон (миграция) мәселесіне үлкен көңіл бөлінеді. Санақтың бұл түрінің мәліметтері құнды дерек болып саналады. Тарихшылар халықтың саны мен олардың көшіп-қонуы туралы дәл уақыты көрсетілген деректерді пайдалану мүмкіншілігі бар.

ә) Өнеркәсіп санағы елдің экономикалық дамуын бақылауға мүмкіндік береді. Өнеркәсіптің санақ деректері екі үлкен топқа бөлінеді. Олардың біріншісіне өнеркәсіп санақтарының материалдары, екінші тобына күнбе-күнгі мәліметтер жатады.

КСРО өнеркәсібінің бірнеше санағы 1918 жылы өткізілді. Онда өңдеуші және өндіруші өнеркәсіп орындары есепке алынды. Санақтың бағдарламасы бойынша елдің кәсіпорындары, олардың иелері, құрылымы мен басқарылуы, әкімшілігі мен техникалық мамандары, жұмысшылары, қаржы жағдайы, техникалық жабдықталуы, шикізаты, өндірілетін өнімдері т.б. туралы мәліметтер жиналды. Бұл санақ 1913-1918 жылдың тамыз айына дейінгі Ресей өнеркәсібінің даму жолынананықтауға арналады.

Санақпен елдің еуропалық бөлігінің 31 губерниясының 9750 кәсіпорны камтылып, оның толық қорытындылары 1926 жылы «Труды ЦСУ» деген екі басылымда баспадан шықты. Бұл басылымдарда өнеркәсіп санағының көптеген қажетті мәселелері қорытындыланбай қалды.

1920 жылы өнеркәсіптің жаңа санағы өткізілді. Санақ материалдарын Орталық санақ басқармасы топтастырып, территориялық принцип пен өндіріс топтары негізінде берді. 1923 жылы желтоқсан айында тағы бір өнеркәсіп санағы өткізілді. Оның бағдарламасы өткен санақтың сұрақтарын қайталады. Бұл санақтың бұрынғы санақтардан елеулі айырмашылығы болмады. 1920, 1923 жылдары өткізілген санақтарды санақшылар методологиялық жағынан дұрыс өткізілмеген деп санайды. Оларда ірі өнеркәсіп ұсақ өнеркәсіптен бөлініп берілмеген, сондықтан ол санақтардың мәліметтерін 1918 жылғы санақтың мәліметтерімен салыстыруға келмейді. 1923 жылғы санақ тек қана қалаларда өткізілгендіктен, оның нәтижелерін 1920 жылғы санақтың жарияланған материалдарымен салыстыруға болмайды.

Келесі санақтар 1925, 1927, 1929 жылдары өткізілді. Оларда ұсақ өнеркәсіпшілер, қолөнершілер, кустарлар бүкіл ел бойынша есепке алынды. 1930 жылдан бастап өнеркәсіп санағы кәсіпорындарының жылдық есептеріне негізделіп беріле басталды. Жылдық есептер санақтық және бухгалтерлік құжаттар бойынша жасалды. Өнеркәсіп саласындағы санақ мәліметтері Халық шаруашылығының Жоғарғы Кеңесі (ВСНХ) мен Орталық санақ басқармасының

(ЦСУ) санақтық жинақтарында және арнайы анықтамалық басылымдарда жарияланды. 1957 жылдан бастап «Народное хозяйство СССР», ал 1973 жылдан «Народное хозяйство Казахстана» деген статистикалық жинақтар КСРО-ның ыдырап, тәуелсіз мемлекеттердің құрылуына дейін жыл сайын баспадан шығып тұрды. Олармен қатар мерейлік даталарға байланысты санақ жинақтары мен анықтамалық жинақтар да жарық көрді. Бұл жинақтарда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының барлық салаларынан сандық деректер берілді. Өнеркәсіп мекемелерінің жаңадан жіктеліп, ауыр және жеңіл өнеркәсіп болып бөлінуіне байланысты, 1957 және 1964 жылдары Орталық санақ басқармасы «Промышленность СССР» деген арнайы анықтамалықтар шығарды. Оларда санақ материалдары негізінде кеңес индустриясының даму қорытындылары мен негізгі бағыттарының толық мәліметтері берілді.

б) Жұмысшы мен зиялылар санағы 1918 жылы өнеркәсіп санағының негізінде қорытылды. Бұл бүкілресейлік кәсіби санақ болды және оның бағдарламасы да жан-жақты ойластырылды. Онда жұмысшылардың кәсібі, сауаты, тұрмыс жағдайы, қоғамдық ұйымдар жұмысына қатысуы т.б. туралы сұрақтар да болды. 1918 жылы санақ Кеңес өкіметі орнаған губернияларда ғана жүргізілді. Қазақстан, Орта Азия, Украина, Оралдың көптеген губернияларында, Сібірде санақ өткізілген жоқ.

Жұмысшы табының құрамы маңызды саяси проблемаға айналуына байланысты 1929 жылы сәуір-мамыр айларында олардың кәсіподақтық санағы өткізілді. 1941–1976 жылдар аралығында жұмысшылар мен қызметкерлер есебі жүргізілді. Оның материалдары «Народное хозяйство СССР», «Труд в СССР» есептік анықтамалығында, «Вестник статистики» журналында басылды. Жұмысшы санағының мәліметтері 1930, 1932, 1934, 1936 және 1968 жылдары басылған «Труд в СССР» жинағында берілді. Әлеуметтік санақтың түрлі мәліметтері «Народное хозяйство СССР» жинағында жарияланды. Алпысыншы жылдардың басынан әлеуметтік санақты, әлеуметтік зерттеулер толықтырды. Бұл тұрғыдағы зерттеу материалдары өзгеше тарихи деректің рөлін атқарады.

1920 жылы халық ағарту саласы зерттелді. Санақ халық ағарту ісі органдарын, мектептерді, балалар үйлерін, техникумдарды, кәсіби мектептерді, оқу шеберханаларын, курстарды т.б. қамтыды. Сонымен бірге зерттеу жұмысы оқушылар мен оқытушылар арасында да жүргізілді.

1927 жылы мектеп санағы өткізілді, оның барысында барлық оқытушылар арнайы бланкілерді толтырды. Бұл санақ 315 мың мектеп оқытушысын қамтыды. Отызыншы жылдардың ортасында денсаулық сақтау, кітапхана, сауда мекемелері және т.б. қызметкерлерінің бірінші арнайы санағы өткізілді. Денсаулық сақтау қызметкерлерінің осындай санағы 1963 жылы болды.

Ғылыми мекемелер мен жоғарғы оқу орындарының, ғылыми интеллигенцияның бірінші санағы 1928 жылы ұйымдастырылды. Зерттеу 1227 ғылыми-зерттеу мекемесі мен 151 жоғарғы оқу орнын қамтыды. 1933 жылы КСРО-ның басшылары мен мамандары есепке алынды.

Интеллигенциямен қатар, халыққа білім беру, ғылым және мәдениет салаларының КСРО мен одақтас республикалардағы өсужолдарын зерттеушілерге арналған деректік басылым 1971 және 1977 жылдары жарық көрді.

в) **Ауыл шаруашылығының санағы** елдің азық-түлік қорларын есепке алу, оның жоспарлануын тәртіпке келтіру және шаруалардың әлеуметтік-таптық жағдайын талдау үшін жүргізілді. Кеңестік ауыл шаруашылық санағының тарихын екі кезеңге бөлуге болады: біріншісі 1930 жылға дейінгі уақытты қамтыса, екіншісі ауылды жаппай коллективтендіруден басталады. Бірінші кезеңде санақтық мекемелер жүйесі қалыптасты, біртіндеп ауыл мен селоны зерттеудің әдістемесі жасалды. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты селодағы өндіргіш күштер мен шаруалардың әртүрлі экономикалық топтарының шаруашылық құрылысын және егін-шілік пен мал шаруашылығының даму қарқынын зерттеу болды. Ауыл шаруашылығының көптеген ұсақ шаруашылықтардан тұрған кезеңінде оны зерттеудің кең таралған тәсілі – шаруашылықтарды тұтас емес, оның кейбір түрін ғана ішінара тексеру болды.

Елдің ауыл шаруашылығының алғашқы санағын РСФСР-дің Орталық санақ басқармасы 1920 жылы өткізді. Бұл санақтың басты мақсаты ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін есепке алу еді. Әр жанұяның құрамы, оның мүшелерінің жынысы, шаруашылығы, мал-мүлкі т.б. ескерілді. Санақ тек РСФСР-дің еуропалық бөлігінің 25 губерниясында ғана өткізілді. Оның қорытынды мәліметтері 1920 жылы «Труды ЦСУ» жинағында жарияланды.

1920 – жылдары ауыл шаруашылығы санағында іріктеп тексерудің екі түрі қолданылды. 1921–1927 жылдары табиғи-шаруашылық аймақтары ортақ белгілі мекен орындарының өсу санағы мен ішінара санағы өткізіліп отырды.

1921–1929 жылдары ішінара өткізілген санақ жұмыстары егістіктер, мал шаруашылығы мен жалпы ауыл шаруашылығы өндірісінің есебін алу мақсатына арналды. Олардың кейбір мәліметтері Орталық санақ басқармасының соңғы уақытта шыққан басылымдарында жарияланды.

1930 жылы елдің санақ мекемелері қайта құрылды. Орталық санақ басқармасы КСРО-ның мемлекеттік Жоспаркомының (Госплан СССР) халық шаруашылық есебінің Орталық басқармасы болып қайта құрылды. Жаппай коллективтендіруге байланысты ауыл шаруашылығының санақ тәсілдері өзгерді. Осыған байланысты санақ негізіне енді ішінара зерттеулер емес, ауыл шаруашылық мекемелерінің шаруашылығын есепке алумен олардың мезгіл-мезгіл есептері алынатын болды. Көптеген құжаттардың ішінен колхоздардың, совхоздардың және МТС-тердің шаруашылық жұмыстарының қортындылары көрсетілген жылдық есептерінің мәні артты. анықталып отырды.

30 – жылдары коллективтендіру қарқыны Наркомзем мен колхоз центрдің ведомстволық есептерінде баяндалып отырды. Олардың қорытындысы 30-жылдардың басында басылымдарда жарияланды. Бұл мәліметтер 1956 жылы «Народное хозяйство СССР» деген жинақтың баспадан шығуымен қайтадан жарияланды. 1957 жылдан «Народное хозяйство в ... году» деген жинақ жыл

сайын, ал «Советское хозяйство СССР» жинағы 1960 және 1971 жылдары баспадан шықты.

4. Статистика материалдарын тарихи дерек ретінде пайдалану әдістері

Санақтық деректі талдаудың мақсаты оның шынайылық дәрежесін анықтау екендігі белгілі. Мәліметтерінің дұрыстығы бірнеше себептерге байланысты. Біріншіден, санақ жұмысының дайындық деңгейі, санақ объектісін таңдау, оған қатынасқан мамандардың біліктілігі ескеріледі. Екіншіден зерттеудің мақсаты мен маңыздылығына, оның түрі мен құрылымына көңіл аударған жөн. Үшіншіден санақ жүргізудің методологиялық деңгейіне, бастапқы материалдардың дайындалу әдістеріне қарай алынған материалдың сапалық дәрежесі белгілі болады. Әлбетте, осыларды ескерген жағдайда зерттеу жұмысына пайдаланған статистикалық деректерің сапалы болады.

Статистика материалдары көбіне жарияланып тұрады. Ал жария етілмегендері мұрағат қорларында сақтаулы. «Вестник статистики», «Бюллетень ЦСУ», «Статистическое обозрение» және т.б. басылымдар тұрақты түрде шығып тұрады.

Жарияланған санақ жинақтарының алғы сөзінде, түсіндірме кестелерінде зерттеу жұмыстарының әдістемесі мен материалдарды дайындау тәсілдері баяндалады. Мәліметтерді дайындау және жариялау барысында санақ бланкілерінде кейде зерттеушіге қажетті қорытынды цифрлар толық көрсетілмеуі мүмкін. Сондықтан алғашқы көрсеткіштерді белгілеу тәртібін және дайындалған таблицалардың сапасын айқындау керек. Тарихшы осылайша жинаққа енбей қалған мәліметтерді анықтайды. Санақ материалдарының дұрыстығына көз жеткізу үшін енгізілген түзетулермен ескертулерге көңіл аудару қажет. Санақ материалдарына сыни тұрғыдан қарамаушылық деректің объективтілігіне нұсқаны келтіреді.

Санақ материалдарын толық қарастырған абзал. Тәжірибесі аз тарихшылар кейде материалды талдап мен оны қорытындылауда жекелеген көрсеткіштермен ғана шектеледі. Қоғамдық көріністерге шынайы көзқарас қалыптастырудан санақ материалдарын түгел пайдаланған жөн. Санақ қортындыларын материалдарын жариялау барысында көптеген жұмыс бабындағы материалдар жинаққа кірмей қалуы мүмкін. Сондықтан лажи болса мұрағат құжаттарын да ғылыми айналымға кіргізген дұрыс.

Санақ мәліметтерін талдауда көптеген жағдайда салыстыру әдісі пайдаланылады. Соның негізінде құбылыстардың даму бағыты ашылып, оның қарқыны анықталады, зерттелетін құбылыстың әртүрлі буындарын сипаттайтын пропорциялардың қалыптасуы нақтыланады. Мұндайда тек салыстыруға келетін деректерді ғана салыстыру керек екенін ойдан шығаруға болмайды. Кейде санақ мәліметтеріне талдау жасауда территориялық өзгерістердің де еленбей қалатын кездері болады.

Санақ мәліметтерін салыстырмалы талдаудың міндетті шартты-санақтық зерттеудің методологиясын анықтау болады. Жарияланған жинақтарда, өткен дәуірдің мәліметтері осы заманғы өлшемдермен берілуі мүмкін. Зерттеуші осы жерде метрология пәнінен алған білімін пайдаланады. Бұрынғы және қазіргі өлшем жүйелерін салыстыра зерттеу әдәсінің септігі тиеді.

Статистика көпшілік процестердің сандық заңдылықтарын көрсету мен зерттеуге арналғандықтан, ол санақ материалдары анық көрсетілген көпшілік (массовые источники) деректердің қатарына жатады. Деректердің осындай тобымен жұмыс істеуде Мәскеу университетінің профессоры И.Д.Ковальченко математикалық әдістерді пайдалануды ұсынады.

Архив қорларының санақ материалдарын игеруде санақтың математикалық әдісінің үлкен болашағы бар. Осы әдіс арқылы тарихшылар деректік мәліметтерді топтастыру мен жіктеуден және санақ көрсеткіштерінің өзара қатынастарын талдаудан бастап, күрделі математикалық модельдер (үлгілер) құруға дейінгі жұмыстарды атқаруға мүмкіндік алады,

Алайда, мұндай математикалық санақ әдісі – тарихи зерттеу жұмыстарында негізгі тәсіл емес, ол қосалқы ғана роль атқарады. Негізгі мақсат зерттелетін қоғамдық оқиғалар мен құбылыстардың сапалы, мағыналы талдануында. Математикалық санақ әдістерін қолдану тарихи зерттеулердің сандық өлшемдеріне дәлдік бере отырып, талдау мүмкіндіктерін көтере түседі.

Қорыта айтқанда, санақ деректері қоғам өмірінің барлық қырынан: өндіргіш күштердің дамуынан, адамдардың әлеуметтік өмірінің өзгеруінен және т.б. – құнды мәліметтер береді. Қоғам өмірін сипаттайтын санақ көрсеткіштері уақыт талабына сай үнемі жаңарып отырады.

Әдебиет

Абилев А.К. (Кузембайұлы) Из истории деятельности научных учреждений по изучению Казахстана XIX – начXX в.в. Алматы, Изд. "Гылым", 1990.– 68 с. (соавтор: Аханов Ж.)

Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 302 б.

Статистика: учебник [И. И. Елисеева и др.]. – Москва: Проспект, 2011. – 443 с.

11. МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМ – ТАРИХИ ДЕРЕК

Жоспар

1. Мерзімді баспасөз түсінігі және оның қысқаша тарихы.
2. Мерзімді баспасөздің топтастырылуы, газет-журнал жанрлары.
3. Тарихи зерттеулерде газет-журнал деректерін пайдалану әдістері. **М**

1. Мерзімді баспасөз түсінігі және оның қысқаша тарихы

Тарихи зерттеулер барысында мерзімді баспасөз материалдары кеңінен пайдалынады. Олар тарихи деректің оңай табылатын және барынша шынайылыққа жақын түрі. Дегенмен олар субъективті болғандықтан оларды да мұқият талдау және объективтілігін анықтау қажет. Сол күйінде өз зерттеуіне пайдалануға әсте болмайды.

Баспасөз– мерзімді және мерзімсіз басылымдар болып екіге бөлінеді. Себебі, оның беттерінде сол замандағы өзекті болып саналатын әрқилы материалдар жарияланатын. Мерзімді баспасөз бетерінен шынайы ақпарат алу әдістеріне тоқталайық.

Мерзімдібаспасөз қатарына газет,журнал, альманах және жинақтар жатады.Мерзімді баспасөзге тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде жарты жылда бір рет шығарылатын.Олар шығармалық-өндірістік процестердің ұйымдастырылу ерекшеліктеріне, тақырыптық-мазмұндық бағыттарына, әкімшілік-аумақтық бөлініс деңгейлеріне, оқырмандар аудиториясының сипатынат.б. белгілеріне орай бірнеше түрлерге жіктеледі.

Баспасөздің екінші түрі –**мерзімсіз** басылымдарға кітаптар, кітапшалар,плакаттар,күнтізбелер, ноталарт.б. жатады. Оның ең негізгі әрі көне түрі –кітап. Кітап басу ісі VIII–IX ғасырлардаҚытайдабасталды. Алғаш ретксилографиялық(ағаштан ойылған қалыппен басу) әдіспен буддистердің «Жақұт сутра» (868) деген қасиетті кітабы басылып шықты (Еуропаға бұл жаңалық 4 ғасырдан кейін келеді). Қазақ тіліндегі алғашқы кітап – «Сейфүл-мәлік» қиссасы 1807 жылы Қазан қаласында жарық көрген (қара Кітап).

Мерзімді баспасөздің ең негізгі әрі көне түрлерінің бірі – газет.

Газета – белгілі бір атаумен, кем дегенде, айына бір рет шығып тұратын басылым.

Қысқаша тарихы.Көне заманда жаңалықтар жарияланған қолжазбаларды газеттің түп атасы деуге болады. Кезіндегі Юлий Цезарьдің «Деяния сената», ал кейін «Ежедневные общественные деяния народа»деп аталатын басылымдарын газеттің алғашқы түрі деп есептеуге болады.Рим газеттері қыш тақтайшаларға жазылды. 911 жылы Қытайда «Цзинь бао» («Астана хабаршысы»)деген атпен жарық көрген басылымды шығыстағы алғашқы газет қатарына қосуға болады. «Газет» терминінің пайда болуы ертеде-гі Римдегі ең ұсақ монетаның *gazetta(gaceta)* атына байланысты.XVIғасырда қысқаша жаңалықтар жазылған көпшілікке арна-лып жазылған басылымды оқығандығы үшін бір *gaceta* төленетін.

Орыстың алғашқы газеті қолжазба түрінде XVII ғасырдың алғашқыширегінде пайда болды. Онда шетел газеттерінен алынған мақалалардың аудармасы және шет елге барып келген немесе Ресейге келген шетелдіктердің материалдары жарияланды.1668 жылдан бастап Ресейде пошта қызметі жолға қойылды.Енді шетел газеттері уақытында тұрақты түрде келіп тұратын болды.Қолжазба түріндегі газеттер айына 3–4 рет шығып,патша сарайына жеткізілетін. Онда әлемде жүргізіліп жатқан соғыстар,үкіметтердің ауысуы,шетелдермен жасалған келісімшарттар, табиғаттың тосын әрекеттері және техногенді апаттар туралы хабарлар.

Орыстың алғашқы журналы «Ежемесячные сочинения пользе и увеселению служащие» деп аталды. 1755–1764 жылдар аралығында орыстың белгілі ғалымы М.В.Ломоносовтың мұрындық болуымен Петербург Ғылым Академиясы шығырып тұрды. Тиражы 2 мың дана. 1758 жылдан бастап «Сочинения и переводы пользе и увеселению служащие», ал 1763 жылдан – «Ежемесячные сочинения и известия о учёных делах» деп аты өзгертілді. Алғашқы редакторы Алмания елінен шақырылған Санкт Петербург Ғылым академиясының толық мүшесі акад. Г.Ф.Миллер болатын. Журналда Миллер, П.И.Рычков, Ф.И.Соймонов, А.Л.Шлёцер, М.М.Щербатов сияқты ғалымдардың мақалалары жарияланды. Әдеби мақалаларға да орын берілді. Сол заманның белгілі әдебиетшілері А.П.Сумароков, В.К.Тредиаковский, М.М.Херасков сияқтылар журналмен тығыз байланыста болатын. Ж.Бюффон, Вольтер, Ж.Д.Аламбер, К.Линней сияқты ғалымдардың еңбегі аударылып басылды.

Қазақстанда мерзімді баспасөз XIX ғасырдың 70-80 жылдары пайда болды. Ол қоғамдық-мәдени өмірден маңызды орын алып, үнемі даму жолында болды. Жұртшылыққа журналистика және онан орын алған идеялар өзіне тән саясаттың арена ретінде танылса, сонымен бірге олар қоғамдық өмірдің жан-жақты мәліметтерімен тарихи дамудың айнасы да болды.

Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда 13 баспасөз басылымдары шықты. Олардың ұзақ уақыт шығып тұрғандары «Түркістан уалаяты» (1870–1882), «Дала уалаяты» (1888–1902) газеттері мен «*Айқап*» (1911–1915) журналы болды. Қазақ баспасөзінің тарихы осы екі газеттің шығуынан басталады.

«Түркістан уалаяты» газеті әуел баста «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде 1870 жылдан бастап Ташкент қаласында шыға бастады. Алғашқыда ол айына төрт рет, оның екі нөмірі өзбек тілінде және екі нөмірі қазақ тілінде шықса, кейін келе орыс тіліндегі газеттен бөлініп шығып, қазақ және өзбек тілдерінде шығарылды. «Түркістан уалаяты» газеті бетінде қазақ елінің тұрмысы, тарихы туралы мағлұматтар, оның ішінде қазіргі Қызылорда, Шымкент, Жамбыл және Алматы облыстарын қоныстанған қазақтардың сол кездегі тіршілігі, тұрмыс салты кеңірек орын алды (ол кезде бұл облыстар Түркістан өлкесінің құрамында болған).

Газет патшаның отаршылдық саясатын күшейте түсу, Ресейге жаңадан қосылған өлкенің жағдайларын, табиғат байлығын орыс буржуазиясының талабына орай зерттеп білу мақсатымен шығарылған.

Бірақ газеттің бейресми бөлімінде Қазақстанның Ресейге қосылуы аяқталуына байланысты бұл өлкедегі қазақтың шаруашылығындағы өзгерістер туралы мағлұматтар, қазақтың тарихы мен әдебиетінің материалдары көбірек орын алған.

«Түркістан уалаяты» тек Түркістан өлкесіне қарайтын аймаққа ғана емес, ол Ақмола, Көкшетау, Қызылжар, Омбы, Қарқаралы, Семей уездеріне де таралып тұрған «Дала уалаяты» газеті» Ақмолинские областные ведомости» газетіне қосымша ретінде 1888–1894 жылдар аралығында дербес газет, ал 1902 жылдың 12-сәуіріне дейін қазақ, орыс тілдерінде Омбы қаласында шығып тұрған. Ол

Ақмола, Семей, Жетісу облыстарын билеген Дала генерал губернаторының органы болды. Газеттің ресми бөлімінде патша өкіметінің және жергілікті ұлықтардың бұйрық-жарлықтары басылды, патшаға табыну уағыздалды.

Ал бейресми әлемінде қазақтың әлеуметтік, шаруашылық және мәдени өмірінің мәселелері көтерілді. Сонымен қатар газетте қазақ ауыз әдебиетінің нұсқалары, орыстың белгілі ақын-жазушыларының кейбір шығармалары, қазақтың әдет-ғұрпын, тұрмысын, мәдениетін зерттеуші орыс ғалымдарының мақалалары жарияланып тұрды. Қазақ әдебиеті мен тілінің мәселелері сөз етілді. «Қазақ» – қоғамдық-саяси және әдеби газет. 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. Тиражы 3000, кейбір мағлұматтарда 8000 ға жеткен. Бірінші редакторы – белгілі ғалым, жазушы, қоғам қайраткері Ахмет Байұрсынұлы, екінші редакторы – қоғам қайраткері, ақын Міржақып Дулатов, бастырушысы Мұстафа Оразаев, кейін «Азамат» серіктігі болған. Газеттің басылып шығуына қаражат шығарған Ахмет ишан Оразаев болған. А.Байұрсынұлы газетке автор ретінде де қатысып «Қызылқұм елінде» деген сияқты мақалалар да жарияланып отырған. Хусаинов –Каримов баспаханасында басылып тұрған. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзық Жәнібеков. Барлығы 265 нөмірі жарық көрді. Газетте XX ғасырдың басындағы қазақ жұртының саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, шаруашылық жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған Ә.Бөкейхановтың, Ш.Құдайбердиевтің, Ғ.Қарашев, А.Мәметов, Б. Серікбаев, Р.Малабаев, Қ.Қоңыратбаев сынды әдебиетіміздің даму шығармалары, әңгіме, өлеңдері басылып, аудармалары туралы сын-мақалалар мен қатар Л.Толстойдан, А.Чеховтан, М.Лермонтовтан, В.Короленкодан, И.Крыловтан алғашқы аудармалар жарық көрген.

Қазақ халқының әлеуметтік-саяси және мәдени өмірінде XX ғасырдың бас кезінде болған елеулі уақиғалардың бірі – «*Айқап*» журналының баспадан шығуы. Ол қазақтың тұңғыш қоғамдық-саяси және әдеби журналы болды. Ол өзінің сипаты жөнінен жалпы демократиялық болғанымен, қазақтың қоғамдық ой-пікірінің, әдебиетінің, публицистикасының прогресшілдік және демократиялық дәстүрлерін жалғастырып, ілгері дамытқан журнал болы. Оның редакторы демократ-жазушы Мұхаметжан Сералин (1872–1929) еді. Журнал 1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың қыркүйек айына дейін осы күнгі Троицк қаласында ай сайын шығып тұрды. Алайда XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас түрлі себептермен жабылып қалды. 1917–1920 жылдары шығарылған газеттердің саны 20-дан асты.

1989 жылы Қазақстан бойынша баспадан 450 түрлі газет пен 94 журнал және журнал типіндегі басылымдар шығып тұрған. Бұлардың көптеген материалдары құнды тарихи деректер болып саналады.

2. Мерзімді баспасөздің топтастырылуы, газет-журнал жанрлары

Қазіргі кезде Қазақстанда 1200-ден астам газет-журналдар, апталықтар жарық көреді. Сондай-ақ, әртүрлі меншік нысанындағы 260-тан астам баспадан мыңдаған таралыммен кітаптар, буклеттер мен плакаттар, т.б. шығады. Республикадағы Баспасөз жүйесінің қызметі ҚР-ның «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңымен (1999, 23 шілде) реттеледі.

Журнал – түрлі саяси, ғылыми материалдардан кітап түрінде ай сайын (немесе екі айда бір, әлде үш айда бір) шығып тұратын мерзімдік басылым.

Мерзімдік басылым органдарының көпшілік қабылдап қолдаған топтастырылуы кездеспейді. Әдетте оларды бір-бірінен төменгіше ажыратады:

-басылып шығу мерзімі бойынша (күн сайын, ай сайын, тоқсан сайын);

-территориялық белгісі бойынша (астаналық баспасөз, орталық, аймақтық, жергілікті, баспасөз);

-тілі бойынша (қазақ немесе орыс газеттері мен журналдары, шетелдік газеттер мен журналдар);

-басып шығарушылары бойынша (ресми баспасөз, мемлекеттік, салалық, жеке меншік баспасөз, қоғамдық ұйымдардың баспасөзі);

-басылымның мағынасы мен типтері бойынша (әдеби-қоғамдық журнал, газеттер; ресми-ведомстволық, ғылыми және арнайы; салалық; сатиралық, иллюстративтік);

Баспасөз жанрлары. мерзімді баспасөзде жарияланатын материалдардың түрі сан алуан. Жанрлық ерекшеліктер мәтіннің мазмұнына, жазылу пішіміне, деректерді іріктеп, сұрыптау немесе жинақтап, талдау ыңғайына, тілдік-стильдік әдісіне қарай айқындалады. Оларды негізінен, 3 топқа: ақпаратты (хабар, есеп, сұхбат, репортаж), талдамалы (мақала, рецензия, шолу, хат) және көркем-публицистикалық (суреттеме, очерк, публицистика, эссе, баллада) жанрларға бөлуге болады. Сондай-ақ, көркем-публицистикалық жанрлардың сатиралық түрлері (фельетон, памфлет, мысал, эпиграмма, пародия, шарж т.б.) бар.

Жанр дегеніміз – белгілі бір шығарманың, газет, журнал материалының, радио, телевизия хабарының көрініс табу формасы. Нақты болмыс-құбылысты жазып, суреттеп айтып берудің, оқиға, фактілерді көрсетудің ғылым белгілеген, жұрт таныған формалары болады. Өзіндік сипаты, өзіндік белгілері бар сол формалардың әрқайсысы жанр деп аталады.

Баспасөз жанрлары белгілі бір оқиғаларды, құбылыстарды нақты деректер мен мәліметтерге сүйене отырып баяндайды. Әр жанрдың өзіне тән ерекшеліктері мен сипаты, әрі бәріне ортақ белгілері бар. Ақпаратты жанрлар күнделікті оқиғаларды жедел де шынайы түрде хабарлап, жаңалықтар мен өзгерістерді оқырман қауымға қаз-қалпында жеткізуге тырысады.

Талдамалы жанрларға оқиғаларды салыстыра зерттеу, деректер мен мәліметтерді тарата талдап, солардың төңірегінде ой қорыту, бағалау тәсілі тән.

Ал, көркем-публицистикалық жанрлар типтік деректерді талдау, суреттеу әдісімен жазылады; әрқилы әдеби тәсілдер (даралау, образ жасау, мінез-құлық қақтығысы, оқиға шиеленісі, т.б.) арқылы әлдебір деректі құбылыстың ішкі

мән- мазмұнымен идеялық сипатын көркем-публицистикалық деңгейде ашып көрсетеді. Сатиралық жанрлар әлеуметтік тұрмыстағы келеңсіз құбылыстар мен кертартап қылықтарды юморлық не сатиралық пішіммен әшкерелейді, кемшіліктерді жоюға шақырады.

Баспасөз жанрларының негізгі, басты міндеті – өмірдегі нақты оқиғалар мен құбылыстардың күнделікті тізбегін жазу арқылы белгілі бір кезеңнің тарихи шежіресін жасау. Ол үшін журналистің білімі терең, ой-өрісі кең, жазу қабілеті мол болуы, сонымен қатар Баспасөз жанрларының қыр-сырын жетік меңгеруі шарт. Баспасөз жанрларын тиянақты меңгеру – журналистің кәсіби шығармашылық шеберлігін жетілдірудің, баспасөз материалдарының сапалық деңгейін арттырудың кепілі.

Ақпарат бүгінде демократияландыру үрдісінің басты өлшемдерінің біріне айналды. Нейдер деген америка заңгерінің «Информация – основная валюта демократии» деген сөзін осы жерде еске алуға болады. Сондай-ақ, ақпарат дегеніміз қоғамдық мәніне сай жаңа мағлұмат, білім.

Заметка (қысқа хабар)

Қысқа хабар дегеніміз – ең шағын және оперативті жанр. Ол өмір шындығының нақты фактілері, құбылыстары туралы дәлме-дәл тұжырымды хабарлайды. Ол көбінесе телеграфтық стильде жазылады. Баспасөздің бұл қарапайымда шағын жанры үгіт-насихатты факті арқылы жүргізетін, оқушыға әсерлігі жағынан ең бір қонымды да ыңғайлы жанр боп саналады. Ол еліміздің өмірінде болып жатқан жаңалықтарды, өнеге боларлықтай жайларды, үздік үлгі боларлықтай істер мен жаңа бастамаларды газет оқушыларына тұжырымды түрде жеткізеді. Заметка өмірдің жағымды жақтармен бірге, кейбір кемшіліктері туралы да оқырманға дер кезінде жеткізіп отырады.

Қысқа хабар негізінде бір оқиға, бір құбылыс, бір объект ғана жатады. Автор өз пікірін байыптау мен қорытынды жасамайды. Хабарға өзек болып отырған факт мен құбылыс тың әрі қоғамдық мәні мен маңызы салмақты болуға тиіс. Сонымен қатар ол тек өмір шындығына, фактілер мен ресми цифрларға, ресми құжаттарға негізделіп жазылады. Сондықтан да олардың тарихи дерек ретінде бағасы өте жоғары.

Өмірдің осындай шындықтарына алынған заметкалар баспасөзде әртүрлі формада жазылады. *Қысқы хабарда* ортақ немесе дербес атаулар беріледі. Ол алуан түрлі формада жазылғанмен, оның негізгі екі ғана түрі бар. Атап айтқанда, бірнеше жолдық тектес *қысқа хабар* және дербес *қысқа хабар*. Дербес *қысқы хабар* екі түрлі формада кеңейтілген түрде және сын түрінде жазылады да, ол газеттің күнделікті ісінде өте жиі кездесіп отырады.

Тектес қысқа хабар халық шаруашылығы мен мәдениет саласында болып жатқан алуан істердің жемістерін шағын жолдармен жеткізеді. Заметканың бұл түрі көбінесе өмірдің жағымды фактілерімен оқушыны көңілдендіріп қуантып отырады. Тектес заметканың өз алдына дербес атауы болмайды, бірнеше жолдық боп, бір атаумен топталып береді.

Дербес қысқа хабардың өз алдына дербес атауы болады. Оның баяндалуы көлеміді, мәселені толығырақ қамтиды. Қол жеткен табыстардың мәнімен маңызын барынша қысқа, бірақ айқын баяндайды. Табыстың мәні мен маңызын хабарлаумен бірге оның сырын да жол-жөнекей, жол арасында түсіндіріп кетеді. Заметканың бұл түрі халық шаруашылығындағы жаңалықтарды, үлгілі істерді, жеке адамдардың еңбектегі көрнекті табыстарын өзіне өзек етеді.

Есеп (отчет)

Газет есебі – съездер, конференциялар, мәжілістер мен кеңестер туралы мерзімді баспасөзде жиі жазылатын хабар жанрларының бір түрі. Жиналыстары, әртүрлі кеңестер мен мәслихаттары өткізіліп жатады.

Сонымен қатар еңбекшілердің митингілері мен салтанатты демонстрациялары, бір жерде ескерткіштің ашылуы, өткізілген спорт жарыстары, әртүрлі делегациялардың кездесуіне арналған салтанатты жиналыс, міне, осы сияқты оқиғалар әр кезде де баспасөздің шағын жанры – газет есебінің өзегі болып отырады.

Газет есебін жазу – творчестволық жұмыс. Ол журналисттен оқиғаға жауаптылықпен қарауды талап етеді. Өйткені жиналыстар мен өнеркәсіптік мәжілістерде көптеген мәселелер қаралады, талай ойлар тоғысады, пікір таластары туады. Мұның ішінде дұрыс та, бұрыс та пікірлер ұшырасады. Ал кейде дұрыс, пайдалы пікір қағыс қалып, теріс пікірлерді қолдаушылар табылуы мүмкін.

Есептің мерзімді баспасөзде жиі қолданылып, көп таралғанымен де, оның санаулы ғана түрлерін атауға болар еді. Қазіргі баспасөздің тәжірибесіне қарағанда хабар жанрының бірі – газет есептері: заметка түрінде, қысқа есеп түрінде, тіке және кеңейтілген есеп түрінде, суреттеме түрінде беріледі.

Есептің қысқаша хабар түрі телеграфтық стильмен бірнеше жол ғана жазылады. Есептің бұл түрінде жиналыс қайда, қашан өткені, қандай баяндама жасалғаны, оны кім жасағаны, жиналыс қандай шешім қабылдағаны қысқа хабарланады.

Тіке есеп коммунист партиясының, бүкіл еліміздің өмірінде болған елеулі оқиғаларға арналады.

Кеңейтілген есеп. Есептің бұл түрінде жиналыста, мәжілісте қаралған мәселелер түгел көрсетіледі. Мұнда баяндамашы да, сөйлеушілер де түгел қамтылады. Журналисттің болған оқиға, қаралған мәселе туралы өзінің пікірін білдіруіне толық жағдай туады. Журналисттің шеберлігі де, мәселені қаншама терең білетіндігі де, тақырыпты қандай дәрежеде меңгеретіндігі де, оның адалдығы мен принциптілігі де осы есептің кеңейтілген түрін жазу үстінде анық байқалады. Кеңейтілген есеп екі түрлі боп жазылады. Ол тақырыптық және сын формасында кездесіп отырады.

Суреттеме есеп. Есептің бұл түрі суреттеу стилімен жазылады. Мұнда автор оқиғаны тартымды да қызғылықты әдеби стильде береді. Мұның өзі мерекенің өтуіне, салтанатты жиындар мен слетке, әртүрлі көрмелерге, бүкіл халықтық

мерекені мейрамдау демонстрацияларын келісті теңеулерді кең қолдана отырып, жүрекке жылы тиетін әдемі тілмен жазады.

Интервью (сұхбат) оқиғаға екі адамның, журналист пен оның әңгімелесушісінің, қатысуымен жүргізіледі. Бұл жанр оқиға туралы интервью берушіден алынған қосымша мәліметтерге көбірек сүйенеді. Бірақ фактілердің берілу дәлдігін байқау мен оларға журналистің қатынасын түсінуде қажетті болғандықтан, интервьюдің тексті мұхият талдау керек.

Журналист қоғам қайраткерлерімен немесе шаруашылық салаларында істепжүрген озаттар мен сан алуанмәселелер жөнінде әңгімелесіп, пікір алысады. Әрине, бұл әңгімелермен пікірдің біздің ұшан теңіз болыптолқып жатқан өміріміз үшін маңызы менқоғамдық саяси мәні зор болуға тиіс. Әңгіме болып отырған мәселеніңмән-жайын жақсы білетін, болған оқиғаны дұрыс бағалай алатын адамнан интервью алу газет үшін өте бағалы болып саналады.

Сұхбаттың мазмұндыболуы мынадай жайларға байланысты: журналист әңгімеге лайық тақырыптығандай білді ме, интервью беретін тұлғаның біліктілігі, журналистің әзірлігі, сұрақтардың тереңдігі және өзектілігі. Міне, осындай негізгі талаптар орындағанда ғана интервью көңілдегідей болып шығады.

Қазіргі баспасөзімізде: **интервью – әңгіме, интервью сұрақ-жауап, интервью – суреттеме, интервьюанкетатүрлері** бар. Сонымен қатарсоңғы кездері газет«**тілімі тілдескенде**», «**біздің интервью**»деген және басқа рубрикалармен де интервьюлер жариялап жүр.

Репортажлат. «*reportore*» – хабарлау, баяндау дегенмағына береді. Алғашқы уақыттарда ағылшын парламентінің мәжілістерітуралы берілген хабарларды репортаж деп атаған. Оның авторлары – мәжіліске қатысқан баспасөз өкілдері – репортёрлер болған. Репортажға тән нәрселер: репортёр болған оқиғаның басы-қасында, оны бақылаушы болады. Ол сол оқиғаны болған қалпында суреттеп жазады, оны өз әсерлерімен, өз пікірлерімен толықтырады. Кез-келген ұсақ-түйекоқиғалардыңбәрі бірдей репортаж жазуға негіз бола бермейді. Оның өзегінде елеулі қоғамдық-әлеуметтік оқиғалар жатуға тиіс. Ол оқиғалар толық, жан-жақты, жүйелі түрде дамытылуы керек. Репортаж жаңа да елеулі оқиғалар туралы жазылып, өмір шындығына сүйенеді. Тіл, стилінәрлі де тартымды болуы керек.

Түрлері:Жедел репортаж.Белгілі бір уақыттың ішінде болған оқиғаны ғана қамтиды. Мысалы, бір делегацияның келуі, салтанатты жиылыстар мен мерекелердің өткізілуі, немесе спортшылардың кездесулері және тағы басқа оқиғалар. Мұндай оқиғалар белгілі бір күнде, нақтылы бір уақытта өтеді. Сондықтан сол күні, солсағатта оған қатысып жазбасаң, әрине, оның өзектілігі болмай қалады. Ал маңызын жойып алған репортаждың ешбір мағынасы қалмайды. Сондықтанмұндайрепортаждытекжеделтүрдеғанажазуға болады.

Оқиғалы репортаж. Елімізде талай-талай таң қаларлық құбылыстар мен оқиғаларболыпжатады. Кейбір оқиғалардың қоғамдық-саяси мәні болуымен бірге, ол елдің даму кезеңдерінен елеулі орын алатын оқиғаларболады. Ал, кейдеболғаноқиғаныңтек еліміз үшін емес, бүкіл адам баласының тарихында

елеулі орын алатыны да болады. Міне, осындай мәні өте зор оқиғаға арналған репортаждарды оқиғалы репортаж дейміз.

Проблемалық репортаж. *Кәсіпорынның, мекеменің, оқу орнының күнделікті өмірінен жазылады.* Репортаждың мұндай түрінде журналисткәсіпорындармен совхоздардың немесе колхоздардың бір күнгі еңбек көрінісін суреттеп жазады. Болмаса жеке бір озаттың еңбек қимылын қамтиды. Мұндай репортажда істің жақсы жақтары: озат кәсіпорны, үздік еңбектің үлгісін көрсетуші адам туралы баяндалады.

Жол-жөнекей репортаж. *Репортаждың бұл түрі жол-жөнекей очеркке ұқсас келеді.* Ол оқиға туралы баяндаумен қатар журналист көргендерінің ішінде елеулі нәрселердің бәрін қысқа баяндап отырады. Журналист заводты, қаланы, яғни белгілі бір объектіні аралағанда назар аударатын жайларды қысқаша, қоюлап жазып отырады. Жол-жөнекей репортаж көбінесе репортердің объектіні аралау сапарынан туады.

Сөйтіп, жол-жөнекей репортаж көбінесе кәсіпорындары мен совхоз, колхоз шаруашылығын аралау үстінде туады. Репортёр мұндай репортажды жол-жөнекей байқап, көрген-білгендерін әдемілеп суреттей отырып аралаған жерлерінің барлық жайын, адамдардың еңбегін, олардың көңіл күйін көрсетеді. Репортаж жазу тақырыптан даудан басталады. Репортаж жазуды тілеп тұратын көп сырлы, әсерлі тақырыптар да болады. Мысалы, бүкілхалықтық мереке, салтанатты жиналыс, көрменің ашылуы, үлкен каналдың пайдалануға берілуі, шопан аулының тойы, егін орағына жаппай кіріскен алғашқы күн тағы басқалар. Қалай болғанда да тақырыптың тыңдығы, жаңалығы ұнамдылығы журналистің үнемі іздену, ойлануы үстінде тууға тиіс.

Корреспонденция – *өмір фактілерін жинақтап, оны жан-жақты талдап зерттеудің және қорытудың негізінде шындық құбылыстар мен оқиғаларды баяндайтын газет жанры.* Ол – өміріміздің шындығын сол өмірдің жеке фактілері мен құбылыстары арқылы баяндаудың әдеби формасы. Оның тілі нәрлі, көркем, тартымды болып, ол публицистикалық стильде жазылуы керек. Корреспонденция жанры әдеби форма ретінде тым жан-жақты келеді. Қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтерумен газет беттерінен алған орындарына қарағанда *корреспонденция газеттің негізгі жанры* боп саналады.

Саяси және халық шаруашылығы саласындағы басты мәселелерге газет, ең алдымен, осы корреспонденция жанры арқылы үн қосады. Ол алуан-алуан өміріміздің тоқсан түрлі тартыстарын барлық жағынан да қамти жазады. Сол арқылы оқырманның назарын келелі міндеттерге аударады, ол міндеттерді істе мүлтіксіз орындауға жұмылдырады.

Корреспонденция нақтылы фактілердің негізінде өміріміздің шындығын баяндайды. Ол «фотография емес, көркем сурет болып шығу керек». Ол фактілердің жай ғана жиынтығы болмай, оның саяси мақсаты, тенденциясы, түйінді пікірі, өмірге әсер етерліктей жалыны болуға тиіс. Мұның басқа жанрларымен ұқсастығы көп болғанмен, бұл жанр тек өзіне ғана тән көптеген ерекше белгілері бар. Оның негізгі арқауы – факті. Фактіні терең зерттеу және іріктеп алу – творчестволық жұмыстың тек бастамасы ғана. Факті –

корреспонденцияның құрылыс материалдары тәрізді. Егер құрылыстың қажетті материалдары кезінде және сапалы әзірленбесе, ешқандай құрылыс салу мүмкін емес. Сол сияқты факті жақсы тексеріліп, шебер іріктелмесе, әрбір фактінің ішкі мәніне терең түсінбесе, ондай материал сапалы тарихи дерек бола алмайды.

Корреспонденция түрлері. Суреттеме корреспонденция жеңіл, суреттеу стилімен жазылады. Мұндағы негізгі мақсат болған оқиғаны, құбылысты оқырманға көркем тілмен жеткізу. Мұнда образ, портрет, вымысел (ойдан шығару), домысел (ойдан қосу) дегендер болмайды. Корреспонденцияның бұл түрінде кейіпкердің толық портреті болмағанымен оның элементтері орын алады.

Суреттеме корреспонденцияда фактілер, оқиғалар мен құбылыстар тең, жан-жақты талданбайды. Ол мәселе де көтермейді. Мұнда көбінесе өміріміздің жағымды жақтары қамтылады. Сондықтан болған кемшіліктерге талдау жасау, себептерін анықтау, оны жоюдың жолдарын көрсету жағына назар аударылмайды.

Жедел корреспонденция. Бүгінгі күннің қойып отырған міндеттеріне, кезек күттірмейтін істерге, тез және оперативті араласып отырады. Жедел корреспонденция – өміріміздің алуан саласында болып жатқан табыстарымыз бен жеңістерімізді, немесе кемшіліктерімізді тез хабарлауға тырысады. Жедел корреспонденция үшін уақыт шешуші роль атқарады. Онда талдау жан-жақты болумен бірге нақтылы болуға тиісті. Табыс пен жетістіктер туралы жазылғанда оның сыры мен мәні кең ашылса, ал кемшіліктер туралы жазылғанда оның себептерін, оған жауаптыларды қатал жан-жақты сынау керек. Жедел корреспонденция дегеніміз – өмірдің бүгінгі талабына ілесе үн қосып, уақыт пен жағдайға байланысты нақтылы объектінің фактілерін өзек ете отырып, ерекше оперативтік сарынмен жазылған корреспонденция жанрының бір түрі.

Проблемалық корреспонденция. Бұл – газеттің корреспонденция жанрларының басқа түрлеріне қарағанда едәуір күрделі түрлерінің бірі. Егер корреспонденция өмірдің бір бөлшегін қамтиды десек, ал проблемалық корреспонденция сол өмірдің бір бөлшегінің қандайынан болса да проблемалық мәселе көтереді. Проблемалық корреспонденция газеттің бұл жанрларының басқа екі түріне қарағанда тақырыпты талдауы жан-жақтырақ және тереңірек келеді. Тақырыпты баяндауы да, мәселені қорытындылауы да анағұрлым күрделі болады. Проблемалық корреспонденцияның тақырыбы өзінің күрделілігі мен маңыздылығы жағынан аумақты және салмақты келеді. Күрделі тақырыптарды өзек ету – проблемалық корреспонденцияға тән нәрсе.

Очеркті көркем-публицистикалық жанрдың «патшасы» деп атайды. Бұл ең қиын жанрлардың бірі, себебі ол журналистен шынайы әдеби шеберлікті талап етеді. Очеркте аналитика және бейнеліліктің бастамалары бірлеседі. Бір сөзбен айтқанда, журналист тек фактты ғана емес, сонымен қатар, көркемдеу әдістерін де қолдану қажет.

Очерктің басты үш түрі: *портреттік очерк; проблемалық очерк; жол-сапар очерк;*

Осылардың ішінен жол-сапар очеркке тоқталсақ, бұл автордың сапар кезіндегі оқиға немесе кездесулерінің суреттелуі. Бұл жанр авторға фантазия мен әдеби шеберлікті қолдануға көбірек мүмкіндік береді. Басты проблема – ақпаратты сараптау, себебі сапардан кейін көп әсерлер қалады, алайда, олардың қайсысы қызықты, қайсысы маңызды екенін түсіну қажет. Жолсапар очерктің бірнеше мақсаты бар, мысалы, әртүрлі елдегі адамдардың өмірін көрсету т.б.

Жолсапар очеркіне баспасөз зерттеушісі Д. Баялиева мынадай анықтама береді: «Бұл очерк жанрының ең көне түрі. Ол автор жол-жөнекей көрген-білгенін, кездесулер мен куәсі болған оқиғалардың негізінде жазылады. Автор өзін толғандыратын әлеуметтік-экономикалық, ғылыми, мәдени, салттық-саналық мәселелерді ғана іріктеп әңгімелейді».

Жолсапар очерк – публицист-суретшінің жазудағы ең ашық формалардың бірі. Жазушы материалды еркін жеткізіп, оқырманмен ашық қарым-қатынаста болады. Осы очерктің түрінде тарих, статистика, жаратылыс ғылымдардың элементтері мен саясатқа қатысты мәселелерге пікір білдіру, жеке ойлар, сезімдер бар. Жолсапар очерктің тамаша үлгілері: М. Әуезовтың «Үндістан очерктері», «Америка әсерлері», Б. Момышұлының «Кубадағы кездесулер» мен Н. Оразбековтың «Мұхиттың арғы жағы, бергі жағы».

Көсемсөз – публицистика (лат. *Publicus* – қоғамдық) – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын саласы. Публицистика белгілі бір күннің, сол дәуірдің саясатымен, философиялық көзқарастарымен байланыстырады. Көсемсөз халықтың рухын көтеретін ұшқыр да уытты көркем тілмен жазылады, көпшілікті игі іске шақырады, бірмақсатқа жұмылдырады (*Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.*)

Төл тіліміздегі баламасын алғаш ғылыми айналымға енгізген Ахмет Байтұрсынұлы. «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде көсемсөз ұғымын публицистика баламасы ретінде қолданады. Өт-

кен ғасырдың 70 жылдарында Кеңеселінде көсемсөз туралы пікірталас қызу өрбіді.

«**Вопросы литературы**» журналының 1970 жылғы жетінші санында

«**Публицистика – әдебиеттің алғы шебі**»

деген тақырыпта пікірталасқа қатысушылар ой-тұжырымдары оқырман талқысына салынған. Бұл мәселеге аталған басылым 1973 жылғы 10-санында «**Публицистика және қазіргі заман**» деген тақырыппен қайта айналып соқты. Екінші санында да, тоқ

етері айтсақ, ортақ тұжырымы публицистика әдебиеттің жауынгер жанры дегенге келіп саяды.

Алашқайраткерлерінің көркем-публицистикалық туындыларының тарихи дерек ретіндегі маңызы өте жоғары. ХХ ғасырдың басында баспасөз бетінде пайдаланбаған көркем публицистикалық жаңа жанрдың бірі – ашық хат түріндегі көсемсөз мақалалары. Өкініштісі ашық хат туралы ғылыми

әдебиеттен ақты сипаттама жоқ. А.Байтұрсынұлы *заман хат* деген термин кіргізді.

Заман хат та ашық хат сияқты заман лебін, заман ағысын, қоғамдағы күрделі өзгерістермен құбылыстардың мәнін жұртшылыққа жедел түрде жеткізіп, сол жаңалықтардан үлгі алуға шақырады.

«Біреудің заманында болған тарихи уақиғадан, яки өзішінде болған істерден дерек беруі заман хат деп аталады. Мәдени жұрттың адамында заманында болған көзге түсерлік уақиғаларды, яки өз өмірінде ұшыраған зор істерді жазып, әңгіме ретінде тіркеп отыратын әдет болады.

Заман хат шежіредей емес, тәртіпті, жүйелі келеді. Шежірені тек хат білетін адамдар құртіркей беруге болады. Заман хатты оқымысты адамдар жазады. Сондықтан мұнда құрхалық аузында әуезе болып жүрген дәлелсіз сөздер жазылмайды. Заман хатта уақиға уақыт сарынымен жазылмайды, «іс сарынымен жазылады» деп сипаттама береді А.Байтұрсынұлы. [2, 398]. Ол «Заман хатты жазатын кісі «өз көңілінің күйіне түспейтін, яғни достыққа да, қастыққа да қарамайтын адам боларға тиіс» екендігінайттып, осы талап орындалғанда ғана «тарихқа беретін жемінің молдығынан заман хат өте құнды сөздер есебіне қосылады» деп жанрдың тарихи, әдеби маңызын көрсетеді.

Шындығында, заман хатты, яғни ашық хатты А.Байтұрсынұлы атап өткендей, «оқымысты адамдар» – Алаш зиялылары жазған. Олар «достыққа да, қастыққа да қарамайтын адам» болғандықтан ашық хатты парасат пен шындыққа жүгініп, әділ жазған, көркем-публицистикалық тілмен, айшық ой өрнектерімен заманақиқатын газет-журнал оқырмандарына ақты жеткізген, ашық хаттағы оқиғаны еш бұрмаламай, реңкін өзгертпей, дәлме-дәл әңгімелеген. «Әдебиеттану тілше» заман хат екі түрге бөліп көрсетіледі: «Заман хат жазушы жазуына керек жемді иә уақиғаның толып жатқан үстінен асып жазады, иә көп уақыт өткізіп уақиғада болған халдерді өзінің есіне алып жазады». Біздің зерттеу мысалымызда заман хаттың бірінші түрі – оқиғаның үстінен алып жазу, яғни оқиға болған сәтке немесе сол тарихи жағдайға байланысты жазылған ашық хат түрі диссертация нысанасына дәл келеді. Ал «көп уақыт өткізіп уақиғада болған халдерді өзінің есіне алып жазу» түріне А.Байтұрсынұлы Абайдың қара сөздерін жатқызыпты. Бұл – жөн пікір. Себебі, Абай өзінің заман сөзі – қарасөздерін жаһан дамуы, адамзат тарихымен өз халқының тағдыр-талайын ұзақ уақыт ой елегінен өткізіп, сарабдалойлар мен тұжырымдар жасау нәтижесінде жазған.

Қарасөздің, яғни көркем прозаның бір түрі – көсем сөз жанры ретінде заман сөз қарастырылмағанымен ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзінде жарияланған ашық хат түрінде жазылған мақалалардың әлеуметтік, саяси – қоғамдық, мәдени-рухани, экономикалық даму дағуына мәселесіне көсем сөз рухында көркем-публицистикалық тілмен жұртшылықты ұйытып, бағыт-бағдар беруі бұл туындының көркем публицистика жанры деп атауға болатын-дығын дәлелдейді. Себебі, заман сөз, яғни ашық хат публицистика талаптарына сай

нақты өмір деректері мен құбылыстарына сүйеніп жазылып, болған тарихи оқиға ізімен немесе ерекше жаңалықтың артынан іле-шала шапшаң датезарадаанық та айқын ой-пікір білдіретін, тұжырым жасап, заман талап еткен белгілі бір мақсатты орындауға үндейтін оперативті, яғни ұшқыр жанр деуге болады. Ашық хат жеке автордың атынан басқа бір жекетұлғаға арналып немесе бүкіл халыққа, саяси жүйеге немесе қоғамға бағышталып жазылуы мүмкін, екінші бір түрі – бір топ белгілі қоғам қайраткерлерімен әдебиет өкілдері атынан ұжымдық ашық хат та жазылуы мүмкін. Ашық хат нақтылы орынға, уақытқа, жағдайға байланысты жазылып, заманмен бірге тыныстайды, сол күн, апта, айдағы елді елең еткізген оқиғалар мен құбылыстарға жылдам ілесіп, өзүн, пікірін білдіреді. Мұнымен қоса заман хаттың басты міндеті – белгілі оқиғаға көзқарасын лезде жазып, көпшілікке жұмыс істеуі тиіс, сол ретте уақыттан оза отырып, шапшандықпен, көрегендікпен алда болу керек.

Алаш көсем сөзшілері заман хат жанрына қалам тербегенде ашық хат жазудың осы міндеттері үдесінен шыға білген. «Айқап» журналының 1911 жылғы №7 санында «Азамат Алашұғылы» де-ген бұркеншік атпен жарияланған М. Дулатовтың **«Қазақ халқының бас адамдарына»** атты заман хат стилінде жазылған көркем-публицистикалық туындысында газет шығару ісін мәселе етіп көтеріп, М. Сералиннің «Айқап» журналы шығара бастағанын жарқын мысалқылады да, бұл басылымға қаржылай болмаса да қалам қайратымен көмек беруге үндейді: *«Жалғызым да сен, жалмауызым да сен»* деп тіг ой бір шеше. Бас адамдарға өкпемді айтып болдым. Енді олардан халық есімі мен тілегімынау: *«Қазақ халқына есімдері мәшһүр оқығандарымыз ғылым, тәжірибелерін ше халыққа керекті сөздерді, атқа мінген ағалар өз жұртында неболып жатқанын, не таршылық, не кемшілік бар, нендей ойлаған ағалымдары бар, соларын жазса екен. Сол уақытта күллі қазақ халқының нендей халде екені алақандағыдай көрініп, бір сенің жапқанға қылыңмен басқаларда пайдаланып, бір жерде болған зарардан екіншісі алдыналасақтанып, журналды оқушылар көбейіп, қазіргі секілді айына бір ғана шығып зарықтырмай, айына екі мәртебе, тіпті жұмасында бір шығып тұрса, шын шаттық сонда болар еді! Жұзайтсақ та бір тілек, надандық тұманында адасқан бейшара қазақ халқын жетектеп, жарық дүниеге шығарушы қаһармандарға мұқтажбыз. Тілесе кісі жоқ емес, уақытта өткен жоқ. «Ештен кеш қайырлы» деген орыс халқының бір мақалын ескетүсіріп үміт етіп тұрамыз».* Ашық хатта адамның жан дүниесін те бір еңтерлік өткір публицистикалық тілмен бедерленіп, заман талабынан туған өнер-білімді меңгеру тақырыбы дәл көтерілген, мағыналы байыптаулар мен ойлы тұжырымдар жасалған.

Публицистиканың көркем жанрлары ішінде ірі оқиғалар мен құбылыстарды образ арқылы айқындайтын фельетонның орны бөлек. Өкініштісі бұл жанр ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі кенжелеу дамып, кейінірек қалыптасты. Сол жылдардағы басылымдарда фельетон көбінесе «оқшау сөз» терминімен белгілі болды.

XX ғасырдың баскезіндегі қазақ әдебиетіндегі көркем публицистика жанрлары арасында сол кезде жаңа қалыптаса бастаған түрлерінің бірі **памфлет** – көркем-публицистикалық немесе өткір сатиралық шығарма. «Памфлет бүтінбір қоғамдық құрылысты, саяси системаны тұтас алып, неолардың типтік кеселді жақтарын, кертартпа әлеуметтік топтары мен партиясын, идеологиясы мен көзқарастар жүйесін жер жебіріше жете әшкерелеуді мақсат етеді» [78, 115].

Оның басты бір ерекшелігі «қарасөзбенде, өлең түрінде де кездесетін сатиралық шығарма... көп қырлы жанр, ондасол заманның саяси-әлеуметтік тынысы полемикалық сарында, өткір сатира, сарказм мен айқындала ашылып отырады» [79, 261–262]. Осы жанрға ұқсас, жоғары дасөз қылған оқшау сөз қоғамда кездесетін келеңсіз оқиғаларды, адамдардың оғашқылықтарын әжуалап әшкерелесе, ол памфлет сол қоғам тудырған әлеуметтік типті арқау етіп, бүкіл билік құрылымын, қоғамдық құрылысты сынап-мінеп, сықақтап әшкерелейді.

XX ғасыр басындағы алаш зиялылары мен қаламгерлері, жалпы шығармашылық өкілдері памфлетті патшалық жүйеге қарсы өткір деықпалды, қаһарлық ару ретінде шебер пайдаланып, газеттер мен журналдарда жариялаған. Ақын-жазушылар арасында Міржақып Дулатов пен Сәбит Дөнентаев памфлет жазудың тамаша үлгісін жасады. Қазақ көсемсөз шеберлерінің қатарына Қ. Сәтбаев, Е. Алдонғаров, Ж. Аймауытов, Т. Лепбергенов, Қ. Кемеңгеров, Ә. Ғалимов, М. Әуезов, Т. Рысқұлов, М. Жұмабаев, Б. Майлин сияқты алаш арыстарын жатқызамыз.

3. Тарихи зерттеулерде газет-журнал деректерін пайдалану әдістері

Жоғарыда айтқанымыздай баспасөз материалдары тарихшы үшін таптырмайтын тарихи дерек. Бірақ өз зерттеулерінде оларды пайдалану барысында бірқатар деректанулық әдістерді пайдалану қажет.

Бірінші, ескеретін жайт мерзімді басылымның сипаты, оның беделі мен тиражы. Мемлекет тарапынан, белгілі бір қоғамдық ұйымдар қаржыландыратын газет-журналдар тек ресми материалдар жариялайды. Ондай мақалалар біршама объективтілікке жақындау болатындығы белгілі.

Екіншіден, мерзімді басылымның жанрына көңіл аударған жөн. Қысқа хабардан объективті фактілерді алуға болады, ал керісінше аналитикалық жанрлардан зерттуші өзіне қажетті, белгілі бір талдаудан өткен материалдарды пайдалануға мүмкіншілік алады.

Сондықтан баспасөз материалдарына, тарихи жазба дерек ретінде, көңіл аударушы тарихшылар баспасөз органдарының саяси және әлеуметтік бағыт-бағдарына сыни пікір тұрғысынан қарауы керек

Әдебиет

Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 302 б.

Бекхожин Х., Матвиенко С., Козыбаев С. Очерки истории казахской журналистики, А., 1991.

Аллаберген К., Нұсқабаев Ж., Оразаев Ф. Қазақ журналистикасының тарихы (1870–1995 жылдар), А., 1996.

12. ӨМІРБАЯНДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ТАРИХИ ДЕРЕК

Жоспар

1. Жекебас құжаттарының деректемелік ерекшеліктері.

2. Мемуарлардың деректік құндылығы.

3. Жекебас күнделігі – тарихи дерек.

4. Эпистолярлық жанрдың мәліметтерін тарихи дерек ретінде пайдаланудың әдістері.

1. Жекебас құжаттарының деректемелік ерекшеліктері

Өмірбаяндық шығармалардың сенімді тарихи дерек екендігі баршамызға мәлім. Бүгінгі деректану ғылымында олардан шынайы ақпарат алу әдістері қалыптасқан. Естеліктер, күнделіктер, жеке адамның жазысқан хаттары (эпистолярлық) ескерткіштері, тарихшылар үшін өздерінің пайда болу сипаты, мән-мағынасы жағынан бір – біріне жақын тарихи ескерткіштер. Солай бола тұрсада олар дерек ретінде үш түрге бөлінеді және оларды іздестірудің, пайдаланудың өзіндік бір ерекше жолдары бар. Естелік, күнделік, хаттар субъективтік сипаттағы деректер. Себебі, оларды жеке адамдар өз пікірі тұрғысынан жазады.

Мұндай деректердің ерекшелігі олар күні бұрын белгілі шектелген адамдарға, өздерінің балалары, отбасы мүшелері үшін замандастары, тарихшылары үшін жазылады. Автордың алдында белгілі бір мақсат бар, оны орындау үшін жадында сақталған материалды жинақтап тәртіпке келтіреді. Өмірбаяндық деректерді топтауға мына төмендегідей талаптар қойылады. Алдымен оның авторын, сипатын (ауызша ма немесе жазбаша ма), ақпаратты қайдан алғандығын анықтау қажет. ***Объект тарихшының зерттеп отырған уақытына тым жақын болса, ақпарат тұлғаның өзінен алынса, ақпарат бізге дейін жазбаша түрде жеткен болса, ол бізге дейін бұрмаланбай, өзгеріске ұшырамай, алғашқы түрінде жеткен жағдайда деректің сипаты шындыққа тым жақын болады. Ал керісінше, құжат зерттеп отырған уақыттан алыстау, ақпарат бізге ауызша жетсе, ақпарат көзі бізге дейін бұрмаланып, өзгертіліп, “түзетулер” енгізілген болса дерек шындықтан алыстау, яғни оны пайдалануда сақ болған жөн.***

Өмірбаяндық деректердің тағы бір ерекшелігі олардың авторларының әлеуметтік жадына байланысты. Ол өзінің пайдаланған мәліметтерін деректемелік сын тезінен өткізбейді. Ол заманында қалыптасқан дәстүрден ауытқымауға тырысады. Жастық шағын, өткен заманды аңсайды (настольгия), келешекке зор үмітпен қарайды, болашақ замандысыра мақтау, тарихтың кейбір сәттерін тұлғаның өзінше қабылдау сияқты факторлар шығармаға әсерін тигізеді.

2. Мемуарлардың деректік құндылығы

Мемуар– (французша: *memoires*, латынша: *memoria* – еске алу) – авторлардың өздері куә болған тарихи оқиғалар мен қоғам қайраткерлерінің өнегелі өмірлері жайлы көркем естеліктер. Автор өзі куә болып, араласқан дәуір оқиғасына өз көзқарасы тұрғысынан баға беріп, жеке адамның, тарихи тұлғаның тағдырын халық өмірімен тығыз байланыста көрсетеді. Мемуардың очерктен айырмашылығы құжаттық-деректік тұрғыдан неғұрлым нақтылығында, әрі көркемдігінде жатыр.

Мемуар жанрының туу тарихы ерте дәуірлерден басталады, оның нақты мәніндегі жетілу, қалыптасу кезеңдері ХҮІІІ-ХХ ғасырлар еді. Оның үздік үлгілеріне А.Герценнің “Көргендер мен ойлары”, С.Сейфуллиннің “Тар жол тайғақ кешуі”, С.Айнидің “Бұхарасы”, С.Мұқановтың “Өмір мектебі” т.б. жатады.

Ахмет Байтұрсынов әдеби туындының бұл түріне «Біреудің заманында болған тарихи оқиғалардан, яғни өзі ішінде болған істерден дерек беру – заманхат деп аталады» – деген анықтама берген.

Заманхаттың негізгі үшбелгісі болады. **Біріншісі** – заманхаттың субъективтілігі, **екіншісі** – ретроспективтілігі және соңғысы – жадқа сүйенушілігі. Осы айтылғандарды ескере отырып, біз заманхатқа мынадай анықтама бердік. Заманхат автордың өз көзімен көрген, қатысып араласқан оқиғалар жайындағы өмірбаян түрінде, күнделік түрінде, қолжазба түрінде кездесетін үлгіде жазылса да, әдеби шығарма жай естелік болып қалмайды. Мемуарлық шығармада автордың өзі көріп-білген жайларды әртүрлі адамдардың әрекетін айғақтай отырып айтатыны – бұл жанрдың өзгешелігі және артықшылығын көрсетеді.

Заманхаттың ерекшеліктерінен ескере отырып А. Байтұрсынұлы заманхаттың пайда болуының себептерін, оның тарихи деректік ерекшеліктерін көрсетті. Ол «*Мәдени жұрттың адымында заманында болған көзге түсерлік оқиғаларды яки өз өмірінде ұшыраған зор істерді жазып, әңгіме ретінде тіркеп отыратын әдет болады. Заманхатты оқымысты адамдар жазады. Сондықтан мұнда құр халық аузында әуезе болып жүрген дәлелсіз сөздер жазылмайды. Заманхатта оқиға уақыт сарынымен жазылмайды, іс сарынымен жазылады*» – деп, оның құнды тарихи дерек екендігін дәлелдеді.

Заманхаттың тарихи дерек ретінде ғылыми сыннан өтуінің қажет екендігін М. Қозыбаев «Мемуарлық әдебиетке сын көз керек, ондағы деректерді ой елегінен өткізіп, басқа деректермен салыстырып отыру керек» – дейді. Естелік

жазуға әртүрлі жағдайлар итермелейді. Кейбіреулер жолдастары, әріптестері немесе бала-шағасының өтініші бойынша жазса, екіншілері өзі туралы тарихта із қалдыру, өзінің белгілі бір оқиғалардағы орнын көрсету мақсатында, енді біреулері әлеуметтік тапсырысты орындайды. Оқырман мұндай шығармалардан ерекше бір «құпияларды», «ешкімге айтылмаған тылсым сыр» күтеді.

Мемуарды көбінесе жасы ұлғайған адамдар жазады. Оның негізгі дерек көзі – автордың жады (көбінесе олар ұмытшақтыққа шалдығады), көп дүние есінде қала бермейді. Кейде олар мемуар жазу барысында ұмытылған дүниелерді еске түсіру үшін басқа да дерек көздеріне сүйенеді. Көбіне олар басқа біреуден естіген өсекке, айтылған әңгімеге, тіпті шындыққа жанаспайтын мәліметтерге бой ұрады. Мемуарлардың ерекшеліктерінің бірі автордың шығарма жазылып отырған заманының тарихи санасына сәйкес болып шығуы.

Кеңес заманында жазылған естеліктер идеологиялық шырмаудан шыға алмайды. Баяндалып отырған заманның оқиғасы емес, көбінесе авторжеке тұлғаларға тоқталады. Сол заманда болған белгілі оқиғаларға өзінің қатыстылығын жеткізуге тырысады. Сол замандағы кейбір «шындықтарды», жеке тұлғаға байланысты мәліметтерді кішірейтіп көрсетуге тырысуы немесе «ұмыт» қалдыруы, оқиғаларды баяндағанда қалыптасқан штамптар мен бағалауды пайлануы, өзі өзіне цензура жасауы шығарманың сапасына әсерін тигізеді.

Мемуардың классикалық түрін 1992 жылы «О моем времени» деген атпен Д.А.Қонаев жазды. Қазақ тіліне «Өтті дәурен осылай» – деп аударылды. Бұл кітап көпшілік оқырманның қызығушылығын тудырды. Екінші басылымы 1994 жылы «Ақиқаттан аттауға болмайды» («От Сталина до Горбачева») деген атпен жарық көрді. Д.А. Қонаевтың заманхаттары оның өз өмірі мен өмір сүріп жатқан қоғамы жайлы жазылған естеліктерден құралған.

Д.А.Қонаев өз көзімен көрген, шынайы куә болған, өзі бел ортасында жүрген оқиғаларды қағазға түсірген. И.Қабышұлы «Өтті дәурен осылай» атты кітапті монғол тіліне аударды. Қырғыз, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт ағайындар мың-мыңдап кітап сұратса, Түркия, Германия, АҚШ, Италия, Корея елдері бұл еңбекті өз тілдеріне аударып бастырды.

Естеліктерді сынау технологиясына автордың жеке басын зерттеу оқиғаның уақытын, болған жерін анықтау, автордың сол оқиғаға қатыстығын анықтау (сол оқиғаның ішінде өзі жүрді ме, әлде біреуден естіді ме), оқиғаның толық процессін білуі, осы тақырып бойынша ғылыми әдебиетті білуі, естеліктің жазылу тарихын, оның баспаханаға дейінгі сипатын білу жатады.

3. Жекебас күнделігі – тарихи дерек

Күнделік оқиға өтіп жатқан уақытта жазылады (оқиғанның синхрондығы). Автордың бүкіл оқиғаны бүге-шегесіне дейін білуі оны нақты құжат екендігін дәлелдейді. Күнделіктің мерзімі қойылады, онда оның оқиғаға байланысты әсері, жеке пікірі, көзқарасы жазылады.

Күнделік жазу түрлері әрқилы болады. Күнделікті күнде толтыру, оны толтырған кезінде автор осыны келешекте жариялаймын деп үміттенеді, сондықтан ол оқиға барысындағы өзінің рөліне асыра баға беруге тырысады. Автордың білімі, оның болған оқиғаға талдау жасай алуы, өз ойын жеткізуге құмарлығы күнделіктің ерекшелігіне жатады. Басқа бір адамға ойын білдіруге жүрексінеді, қорқады, қауіптенеді, сондықтан бар ойын қағазға түсіруі де оның ерекшелігі.

Автор өткен өміріне орала беруге тырысады. Автор күнделікті тек өзі үшін жазады, оны ол тірі пендеге көрсетпеуге тырысады. Екінші біреуі күнделікті әдейі жариялау үшін жазады. Күнделік дәптерге, қалың дәптерге, қойын кітапшасына немесе апталық беттеріне жазылады. Онда телефон нөмірлері, мекен-жай, афоризм, қысқа тақпақтар, ақылды ойлар, жоспар т.б. ұмытылмайтын мына сұрақтарға жауап береді: а) кім жазды? б) неге жазды? в) қалай сақталған, қайдан, қалай табылды? г) күнделік күні бұрын жариялау үшін жазылған ба, әдеби түзетуден өткізілген бе? Міне осы сұрақтарға жауап бергенде ғана күнделікті дерек ретінде пайдалану мәселесі шешіледі. Күнделіктің авторы және оның мазмұны субъективті.

Күнделіктің тарихи деректік ерекшеліктері мынада. Автор сол заманның тәрбиесінің, моральдық принциптерінің, өмір сүру ортасының негізгі талаптарын орындайды. Күнделік көбінесе жасырын жазылады, яғни оған басқа адамдардың қатысуы жоқ. Ол құпия жазылса да, автор оны белгілі бір уақытта бөтен адамдардың оқитындығын сезінеді. Сондықтан автор жан-жағына жалтақтайды, эгоцентризмге бой ұрады. Өзінің істеген жағымсыз қылықтарын түсіндіруге тырысады, кейде өзінің аз ғана үлесін ұлғайтып көрсетуге бейім. Күнделіктерді тарихи дерек ретінде пайдалану барысында ескерілетін жәйіттер бар. Біріншіден, кез-келген күнделік тарихи оқиғаны толық қамтымайды. Автордың ойы тұрақсыз, жалпы бір идеяға, заманның идеологиялық принциптеріне бағына бермейді. Күнделік еркін жанрда жазылады.

4. Эпистолярлық жанрдың мәліметтерін тарихи дерек ретінде пайдаланудың әдістері

Адамзаттың даму процесімен бірге дамып, жетіліп келе жатқан адамдардың қарым-қатынас әрекеттері тек ауызша ғана емес, жазбаша да заман талабына сай қарым-қатынас жолдары арқылы жүзеге асады. Қарым-қатынас әрекеттерінің бірі – хат жазу дәстүрі. Хат жазу ертеден бүгінгі таңға дейін әлеуметтік жағынан алғанда мәдени және тарихи мәні зор жанрлардың, жазба тілдің ежелгі формаларының бірі болып табылады.

Эпистолография (грек. epistole – жолдау, хат) – хат түрінде жазылған шығарма. Мұндай шығарма түріне ірі қоғам қайраткерлерінің өзара жазысқан, тарихи мәні бар, әдеби мұраға айналған хаттары жатады. ***Эпистолярлық жанр түрлері:*** жалпы амандықты білдіретін, қызметтік, шығармашылық жеке, жеке

іскерлік, ресми іскерлік, әдеби хаттар. Жазылу түрлеріне қарай қара сөз немесе өлең түрінде болып келеді.

Эпистолярлық әдебиет жанр ретінде көне дәуірден басталады. Цицеронның, Горацийдің, Сенеканың хаттары эпистолярлық публицистиканың негізін қалады. Антикалық дәуір әдебиетіндегі мәліметтер сол кездің өзінде хат жазу этикеті болғанын көрсетеді. Мысалы: сол дәуірдегі хаттарда алдымен жіберушінің аты, одан кейін алушының аты, амандасу формалары мен түрлі тілек мәнінде жұмсалатын сөздерден кейін барып хат мәтіні жазылатын болған.

Алтын Орда дәуірінде қазақ жерінде де пошта қызметі кеңінен тарады.

XVIII ғасырда еуропалықтар хатты кеңінен жаза бастады. Көп елдерде пошталық байланыс тәртіпке келді, хат жалпыға қолайлы ақпарат құралына, сондай-ақ бос уақытты өткізудің құралына айналды. Кейін хатпен жазылған роман пайда болды. Мысалы орыс жазушысы Н.М. Карамзиннің «Орыс саяхатшысының хаттары» (1789–1792) – Эпистолярлық әдебиеттің тамаша үлгісі. «Хат мәнеріндегі роман» – психологиялық және әлеуметтік роман реализмінің даму жолында маңызды роль атқарды. Бірақ XIX ғасырдағы роман тарихи хабарлау, жанұялы хроника негізінде дамиды, А.С.Пушкиннің «Роман в письмах» (1829), Ф.М.Достоевскийдің «Бедные люди» (1845) – дәуірдің ақырғы романдары.

Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында 25 қазақ хандары мен сұлтандарының ғылымға белгісіз болып келген хаттары екі том болып жарияланды. Жинаққа 811 аударма және 250 хаттың түпнұсқасы (факсимле) кірген. Хаттардың көпшілігі алғаш рет жарияланып отыр. Олардың хронологиялық шеңбері 1675–1821 жылдар аралығын қамтиды. Жинақта Орыс географиялық Қоғамының, Тарих музейінің, Этнография музейінің, Третьяков галереясынан, Эрмитаждан, орыстың өнер музейінен, Киевтің ұлттық музейінен т.б. әлем мұражайларынан алынған 113 иллюстрация, карта, бейнесуреттер бар.

Қазақ хан-сұлтандарының бір-біріне, көрші елдердің билеушілеріне жазған хаттарынан сол замандағы саяси ахуал жөнінде, қазақ атқамінерлерінің күнделікті тұрмысы жөнінде мәлімет аламыз.

Қазақтың алғашқы ғалымдарының бірі Ш.Уәлихановтың хаттары оны үлкен парасат иесі, азаматтық болмысы жоғары, туған халқының мәдени-ағарту ісінің жанашыры екендігін көрсетеді. Әкесімен жазысқан хаттарынан оның қазақи болмысын көреміз.

Қазақ тарихына байланысты шетелдік қайраткерлері қалдырған хаттары баға жетпес тарихи дерек екендігі талас тудырмайды. Мысалы, 1861 жылы Парижде француз тілінде жарық көрген поляк халқының аяулы азаматы Адольф Янушкеевичтің қазақ халқының өткен ғасырдағы ұлттық салт-санасы, тұрмысының дәйекті құжатына айналған хаттары тамаша тарихи дерек. Француздар сақтап, бүгінге жеткізген А.Янушкеевич хаттары, Зелинскийдің «Қазақ даласы» поэмалары, академик Алексеев ашқан алғаш «Владимир мен Зара» – әлемдік өркениеттің шедеврi десе де болғандай.

Қазақ әдебиетінде Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсариннің орыс достарына, Абайдың өз туыстарына жазған хаттары – эпистолярлық қымбат мұра.

Шоқанның орыс әкімшілігінің басшыларына, әріптестеріне, достарына және ағайын-тустарына жазған елуден аса хаттары жарияланды. Шоқанның ұлылығын танытатын, оны биіктете түсетін нақты мәліметтердің бірі – өзі ерекше сүйіп, бағалаған достарымен жазысқан хаттары. Осы хаттардың әрқайсысынан да Шоқанның азаматтық бейнесі ерекше таныла түседі.

Ш.Уәлихановты туыстары да, айналасындағы достары да өте жақсы көріп, құрметтеген. Өйткені, ұлы ғалым өзін тек қана жақсы жағынан көрсете білген. Бұл Шоқанның тектілігіне, өскен ортасы, алған тәрбиесіне де байланысты шығар.

Шоқанның Федор Достоевскиймен он тоғыз жасында танысқаны белгілі. Кейіннен әлемге әйгіленген бұл жазушы осынау жас жігіттің қабілет-қарымын бірден байқаған секілді. Шоқаннан он төрт-он бес жастай үлкендігі бар ол осынау дарынды жасқа бірден құлай жығылып, екеуі тез тіл табысады. Көп ұзамай-ақ бұл таныстық мәңгілік аңызға айналатындай-ақ ұлы достыққа жалғасқан. Оның дәлелі – екеуінің жер-жерде жүріп бір-біріне жазған хаттары. Өкініштісі оның жазған, оған жазған хаттардың көпшілігі сақталмаған. Бұл жайында зерттеуші М.Фетисов: *«Эпистолярное наследие Чокана Валиханова не сохранилось полностью: до нас дошло только два десятка его писем. Но все они за очень редким исключением представляют документы большой историко-литературной ценности, в которых отчетливо выражен публицистический характер, и отличаются глубокой идейностью и широким социальным диапазоном... Новаторство Чокана Валиханова в эпистолярном жанре состояло в том, что он сумел придать ему публицистическую силу и остроту»*, – деген ой айтады [Зарождение казахской публицистики. – Алматы: Каз. гос. изд-во худ. литературы, 1961. –215]. Ғалымның бұл тұжырымына қосыла отырып, Шоқанның профессор И.Березинге, П.Семенов-Тянь-Шанскийге, Н.Курочкинге, Г.Колпаковскийге, А.Майковқа, К.Гутковскийге, Ф.Достоевскийге, Г.Потанинге және өмірінің ең соңғы сәтінде әкесіне жазған аманат хатының небір өзекті мәселелерге, қазақи ұрпақ тәрбиесіне арқау болғандығын аңғаруға болады.

Қазақтыңмұңы мен зарын айта білген хаттардың озық үлгілері қатарында Ы.Алтынсарин мен Ш.Уәлиханов хаттарын жатқызуға болады. Шоқанның хаттары – қазақ эпистолярлық публицистикасының көш басында тұрған таптырмас туындылар. Бұлай деуімізге негізіміз де бар. Мәселен, оның хаттарын елеп-екшеп, оның өзіне тән ерекшелігін саралар болсақ, мынадай қорытындыға келеміз:

1. Хаттардың деректілігі (күні, айы, жылы, қай жерден және қай жерге жіберілгендігі т.б.).
2. Фактілер дәлдігі (қандай мәлімет келтірсе де нақты жер-су атауы, адамдардың есімдері жинақы, ұғынықты түрде беріледі).
3. Ықшамдылығы (шұбалаңқы сөздер тіпті де кездеспейді десе болады).

4.Турашылдығы (көңіл-күйін жасырмай білдіреді, соған орай әңгімелесушісінен де соны сыпайы талап ете біледі).

5.Қырағылығы (өзі байқаған, бағамдаған жәйттерді білдіруге шебер, білгісі келген мәселесін сұрауда да аса сыпайылық танытады).

6.Өзінің және халқының құқығын терең білетіндігі (мәселе шенеуніктер мен феодалдардың жүгенсіздігі мен озбырлығына тірелген кезде ол әр кезде бұқараның жағына шығады, үнемі сыпайы сөйлейтін жігіттің бұл тұрғыда өзіндік характерін байқауға болады).

7.Жоғары мәдениеттілігінде (үнемі үлкенмен де, кішімен де тіл табысады, таласу-тартысу фактісі кездеспейді).

Атап өтетін жайт, Шоқан хаттарынанқарапайымдылық пен сыпайгершілік, өз ұлтының алдындағы патриоттық парызын қарызындай қабылдап, асқан ұлтшылдық рухты тұлға екендігін сеземіз. Ал оның эпистолярлық мұрасының әрқайсысы – өз алдына шоқтығы биік, тарихи да, тәрбиелік маңызыбар асыл дүниелер.

Ыбырай Алтынсарин1860–1889 жылдарыөзінің В.В.Катринский (30),Н.И.Ильминский (26), А.А.Мазохин (19), Ф.Д.Соколов (4),А.А.Бобровников (1), В.В.Григорьев (1), Б.Кейкин (1), сияқты орыс әріптестеріне 91 хат жазған. Бұлар архив қорларынан табылып жарияланғаны ғана. Оның атасы Балғожамен жазысқан хаттары сақталмаған.

Хаттары – негізінен, ағартушылық көзқарас жемісі. ХІХ ға-сыр аяғында жазылған Ы.Алтынсариннің хаттарына талдау жасасақ, орыс сөздерінің (школ, учитель) жиі қолданылғандығын байқаймыз. Хаттарда ай аттары орысша аталуынша беріледі. Бұған қарағанда ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ жазба тілінде ай аттарының көне қазақша немесе арабша атауларын орыс күнтізбесі ығыстырғаны байқалады. Бұл да, сірә, орыс мәдениетінің қазақ даласына күшті әсер ете бастағанының бір куәсі тәрізді. Орыс сөздері жұмсала бастайды. Қазақ тарихында хаттардың бірнеше түрлері бар. Әсіресе құндысы хандар мен сұлтандардың көрші мемлекет басшыларына жазған, бір-бірімен жазысқан хаттары зерттеуші үшін таптырмайтын дерек болып есептеледі.

Ал белгілі тарихшы М.П.Вяткин арнайы зерттеу жұмысын жүргізбесе де, қазақ хандары мен сұлтандарының орыс әкімшілігіне әр түрлі мақсатта жолдаған хаттарын өзінің «Қазақ ССР тарихы бойынша материалдар» деген еңбегінің 2,3,4 томдарында жариялаған.

М.Сералиннің «Айқап» журналына жазған беташар сөзі, «Талапкерге жауап» хаты – эпистолярлық жанрдың жазушы мен оқырман арасын баспасөз арқылы жалғайтын журналистикаға қызмет етуінің көрінісі. Баспасөзде жарияланған хат үлгілерін ХХ ғасыр басындағы газет-журнал бетінен жиі кездестіруге болады. Айтылған жайлар – хаттың қазақ халқы өміріне қатынас құралы ретінде, әрі мәдениет үлгісі райында дендеп енуін айғақтайтын деректер. С.Торайғыров жазған кейбір хаттар ақынның екі томдық шығар-малар жинағында жарияланды. Ақынның эпистолярлық мұрасы жинақталған.

Эпистолярлық әдебиет 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты халық поэзиясынан кең көрініс тапты («Құбаша ақынның Әбдірахман

Иманқұлұлына жазған хаты», т.б.). Бұл жыр-хаттар ақ патшаның бұйрығына наразылық, ыза-кек білдіріп, тікелей көтеріліске шығуға, Амангелді Иманов бастаған топқа қосылуға үндейді.

Майданнан жазылған хаттарда жауыздық пен әділетсіздікке қарсылық білдірсе, майданға жазылған хаттарда ел-жұрттың сағыныш сезімі, амандық-саулық баяндалады. Эпистолярлық әдебиет кеңестік дәуірде кең өріс алып, айрықша дамыды. (С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, т.б.). 1916 жылғы сәлем хат жырлары екінші дүниежүзілік соғысы жылдарында туған эпистолярлық әдебиетке келіп жалғасты. Бұл кезде жазылған хаттарда патриотизм, Отанды қанқұйлы жаудан қорғап қалу, дұшпанға деген өшпенділік сезімі басым.

Ал С.Мұқановтың хат формасында жазылған «Қандас досыма хат» (М.Шолоховқа), «Досыма хат» (Ү.Балқашевқа) т.б. сын мақалалары әдебиет мәселелерін терең толғайтындығымен қатар, халық тарихын шежіредей тарататындығымен құнды. Бұл хат – мақалалар да С.Мұқановтың эпистолярлық жанрға ерекше құрметпен қарағанының белгісі.

Жалпы, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басында жазылған хаттар сол кезеңдегі тілді көрсететін нұсқаларға жатады. Бұл кезеңдегі хаттардың көпшілігі шағатай тілінде жазылғанекерткіштер. М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Қ.Аманжолов, т.б. жазысқан хаттар эпистолярлық әдебиеттің көрнекті үлгілері болып табылады.

Қорыта айтқанда, хаттар тарихи деректің бір түрі. Бұларды талдаудың өз әдістері бар.

Әдебиет

Д.А.Қонаев. О моем времени. Алматы, 1992.

Алтынсарин И. Собрание сочинений. В трех томах. Алма-Ата, 1978. Т.ІІІ, 9-156 сс.

Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений. В пяти томах. «Наука» т.ІV, Алматы, 1968, сс. 43-124.

Өмірбаяндық деректер. (С.Мұқанов. «Әр жылдардағы хаттар») – Алматы, 2002. – 286 б.

Вяткин М. П. «Қазақ ССР тарихы бойынша материалдар» – М.-Л., 1940, Т4 -334 б.

«Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675–1821 гг. Сборник исторических документов в двух томах» Алматы. 2015.

13. ЖАЗБАША ДЕРЕКТЕРДІ ФОРМАЛЬДІ ТАЛДАУ

Жоспары

1. *Деректемелік талдаудың реті.*
2. *Деректің сыртқы түрін талдау.*
3. *Деректің пайда болуын анықтау.*
4. *Деректің авторын анықтау.*

1. Деректемелік талдаудың реті

Деректемелік талдау жұмысының реттері. XIX ғасырдың орта шеніне дейін тарихшылар қолына түскен деректерді сол күйінде өз зерттеулерінде пайдаланған. Сондықтан да олар деректерді талдауға, тексеруге, түпнұсқасын анықтауға онша мән бере қоймаған. Оның сыртқы түріне көз жүгіртіп, мұқабасына, қағазына, жазу-құралдарына, мәтіннің көркемделуіне ғана көңіл бөлген. Яғни, олар деректі тек формальді түрде ғана сын тезінен өткізген

Кейін келе, орыс ғалымдары, ортағасырлық жылнамалардың бірнеше нұсқасын салыстыра отыра, олардың бір-біріне сәйкес келмейтіндігін байқайды. Міне осыдан кейін деректерге сенімсіздік туындайды. Алғашқылардың бірі болып бұл мәселеге көңіл аударған орыс тарихшысы Болтин еді. Ол кез-келген деректі, егер ол көшірме болса, түпнұсқасымен салыстыру, мәтінді толық түсіндіре отырып, оның шынайылығын анықтау қажеттілігін дәлелдеді.

Келесі бір ғалым Шлецер деректерді сынның екі деңгейіне өткізу туралы ұсыныс енгізді. Бірінші деңгейде, мұны ол төменгі сын деп атайды, мәтінде кездесетін сөздерді, терминдерді түсіну. Ал енді екінші деңгейде құжаттың шынайылығын анықтау керектігін айтады. Келесі деңгейін ол «жоғарғы сын» деп атайды

Міне, осыдан кейін тарихшылар кез келген деректі талдау қажеттілігін түсініп, бірлі-жарымды ғалымдар өз пікірлерін білдіре бастады. Әсіресе, жылнамаларды, кейбір заңнамалық актілерді дерек ретінде пайдаланғанда өте мұқият болу әрбір тарихшының күнделікті міндетіне айналды.

Орыстың М.П.Погодин, Н.И.Надеждин, С.М.Соловьев, О.И. Ключевский сияқты ғалымдары осы мәселеге аса көңіл аударды. Соңғысы әрбір деректі филологиялық және нақтылы тарихи сыннан өткізу керектігін баса көрсетті.

XIX ғасырдың соңында гуманитарлық ғылымдарда позитивистік әдіснаманың әсері біліне бастады. Міне, осыған байланысты деректану ғылым болып қалыптасып, оның принциптері мен негізгі әдіс-тәсілдері жасалды.

Осылардың бәрін қорытындылай келе Бернгейм (1850–1972), Ланглуа (1863–1929) және Сеньбос (1854–1942) 1897 жылы жарық көрген «Тарихты зерттеуге

кіріспе» атты еңбегінде деректемелік талдаудың негізгі мақсаты құжаттағы шынайы ақпаратты анықтау қажеттілігін дәлелдеді.

Олар деректанушының барлық жұмысын екіге бөліп: сыртқы және ішкі сын деп атады. Алдымен, тарихшы сенімді ақтайтын, зерттеушінің қажетіне жарайтын деректі таңдап алып, оның пайда болған уақытын, пайда болған жерін, авторын анықтау – алғашқы міндет. Келесі кезекте құжатқа әсер еткен субъективті факторлар, автордың немесе авторлар ұжымының психологиялық ауытқулары нәтижесінде пайда болған келеңсіздіктен мәтінді та-зарту қажет. Осыдан кейін құжатта көрсетілген ақпараттың шындығын анықтау, оның ішіндегі кейбір сол заманның болмысына жанаспайтын, шынайы тексеріске келмейтін деректерді зерттеу шеңберінен шығарып тасталады. Соңында деректің ішіндегі фактілердің бір-бірімен байланысы және олардың тарихи шындыққа жақындығы, сәйкестігі тексеріледі

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында орыс тарихшысы Лаппо-Данилевский деректің әлеуметтік-мәдени табиғаты туралы заңдылықты ашты. Кез-келген тарихи дерек сол заманның мәдениеті аясында пайда болды. Сондықтан оның мазмұнына, саясатта, әлеуметтік жағдайда, автордың білімі мен біліктілігі, оның ішкі жан-дүниесінің жағдайында да әсер етуі заңды құбылыс.

Тарихи деректі зерттеудің осы схемасын Кеңес тарихшылары да қабылдады. Тек марксизмнің әсерімен деректерге ішкі сын жасау барысында әлеуметтік-таптық талдау әдісіне басымдылық берілді. Яғни, алдыңыздағы деректің әлеуметтік табиғаты, қай таптың позициясы тұрғасында жазылған, автордың саяси көзқарасы сияқты проблемалар оның құндылығын анықтады.

2. Деректің сыртқы түрін талдау

Жиналған тарихи деректерді кәсіби талдау ғылыми-зерттеу жұмысының ең негізгі және жауапты кезеңі. Деректемелік талдаудың негізгі мақсаты – зерттеп отырған тақырыпты толық, әрі шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Қазіргі ғылыми-зерттеу практикасында деректерді талдаудың екі деңгейі қалыптасқан: деректің сыртқы түрін формальді талдауда; оның мазмұнын анықтау, ішкі мәнін берер мәліметінің пайдасын бағалау.

Тарихи деректің сыртқы ерекшеліктерін анықтау. Ғылыми-зерттеу жұмысының сапасы пайдаланған деректердің толықтығына байланысты. Әлбетте, тарихшы тек құжаттың түпнұсқасымен ғана жұмыс істейді.

Осы күні тарихшылар сан қилы құжаттарды пайдаланады. Қолға түскен деректердің барлығы бірдей оның түпнұсқасы ма, алде көшірмесі ме, немесе оның жалған нұсқасы ма? Міне осы сұ-раққа жауап беру қалған шаруаның сапалы болуының кепілі.

Кез-келген тарихи ескерткіштің айғақтығын (достоверность) анықтаудың бірнеше әдістері, тәсілдері бар. Құжаттың жалған нұсқасының болуы бірнеше себептерге байланысты. Көбінесе оның мазмұны немесе түрі (формасы) бұрмаланады (фальсификация). Түпнұсқаның өзгеріске ұшырайтын құжаттар

көбіне саяси немесе мұралық мазмұнда екен. Кейде тарихи құжаттардың сыртқы түрі де бұрмаланады.

Деректердің сыртқы ерекшеліктерін талдау үшін оның жазу түрін, жазу құралын, жазу материалын, жазған адамның жазу мәнерін, шрифтісін және т.б. белгілерін анықтау қажет. Мұндай жұмысты тиімді жүргізу үшін деректану ғылымының бір са-ласы «Палеография» пәнін жақсы меңгеру қажеттілігі туындай-ды.

Қазақстан тарихы бойынша деректер көбінесе қытай, араб, парсы, түркі және орыс тілдерінде болып келеді. Сондықтан деректанушы тек сол елдің тілін біліп қана қоймай, олардың жазу жүйесінің тарихын да терең білуі керек.

Мәтіннің жазылған уақытын анықтау үшін оның алфавитін анықтау қажет. Қазақ тарихының деректері бірнеше алфавит түрлерімен жазылған. Жазудың ең алғашқы түрін «Бітік жазуы» деп атайды. Орталық Азияны мекендеген түрік тайпалары VIII–X ғасырларда осы алфавитті пайдаланды. Ол 38 әріппен бөліну белгісінен тұрды.

Кейбір деректер VIII–XVI ғасырларда көне ұйғыр алфавитімен жазылған. Қазақ жерлерінің араб халифатының ықпалына түсуіне байланысты елімізде араб жазуына басымдылық берілді.

Түркі тарихының ең көне ескерткіші 930 жылы жазылған «Ырық бітік» – қолжазба кітабы. Сақталған жері Британ кітапханасында. Лондон. Батыс Түркістанда жазылған. 1902 жылы зерттелген. Көлемі 62 парақ. 4 беті қытайша. Биіктігі 13,1 см, ені 8,1 см. Зерттегендер: А.Ле-кок., М.А.Стейн, В.Томсен және т.б. 1902 жылы Ұлыбританияда «Азия қоғамы» журналында жарияланған.

Жазбаша деректерді түр жағынан үш топқа бөлуге болады. XI–XII ғғ. Евразия даласында пайда болған деректер кітап, грамота орама түрінде кездеседі. Кітаптың форматы $1/4$, $1/8$, $1/32$ сияқты өлшемде болады. Кітап 16 беттен тұратын бірнеше дәптерлерден құралған. Мұқабасы былғарымен немесе матамен тысталған тақтайдан жасалған.

Ал енді грамота тек бір бет, орама бір бетке екіншісін, екіншісіне үшіншісін жапсыру арқылы жасалған. 1649 жылы жазылған «Соборные уложение» деп аталатын орама 959 беттен тұрып, ұзындығы 300 метр болған. Оны оқудың ыңғайсыздығына байланысты 1770 жылы мұндай орамалар жасау тоқтатылған.

Қолжазбаны әшекейлеу. Ортағасырлық қолжазба кітаптары әртүрлі әдістермен әшекейленеді. Мәнерлеп жазуды **өрме жазу** деп атаған. Осы замандағы орыс кітаптарында **инциал**, **концовка**, **миниатюра** белгілері кездеседі. Егер мәтіннің бірінші әрпі әшекейленіп, жазылса оны **инциал** деп атаған, ал енді дәл осындай әріп мәтін соңындағы сөйлемнің біріншісінде болса, оны **концовка** деп атаған. Кітап толып жатқан кішкене суреттермен безендірілген, мұны **миниатюра** деп атаған.

3. Деректің пайда болуын анықтау

Деректің жазылған уақытын анықтау үшін хронология ғылымының әдіс-тәсілдеріне жүгіну қажет. Ғылымда кез-келген ескерткіштің пайда болған уақытын абсолютті немесе салыстырмалы түрде анықтайды. Мұның мақсаты

пайдаланғалы отырған дерегіңіздің шынайылығына (достоверность) көз жеткізу. Хронология әр елдің жыл қайыру немесе күнтізбе (календарь) жүйесін зерттейтін ғылым. Қазақ тарихында кездесетін даталарды анықтау үшін қазақша жыл санау, мұсылман жұртының жыл қайыруы-хиджра, юлиан, григорян календарьларын жақсы білуі керек.

Көпшілік құжаттарда жазылған датасы көрсетіледі. Ал енді кейбіреулерінің уақытын білу үшін хронологиядағы салыстырмалы әдісті пайдалану қажеттілігі туындайды. Яғни, мәтінде кездесетін кейбір уақиғалардың уақыты белгілі. Соған қарап, алдыңыздағы құжаттың қай уақытта жазылғанын білуге болады. Құжаттың жазылған уақыты жөнінде ақпарат бірнеше түрде болады: дәл, жанама, әдейі өзгертілген, мән берілмей байқаусызда өзгертілген.

Деректің жазылған жерін анықтау.

Деректану ғылымындағы деректерді локолдау және атрибуциялау мәселелерін шешу үшін филология ғылымының бір саласы – ***ономастиканың*** көмегін пайдаланамыз. Тарих, география, этнография, мәдениеттану, әлеуметтану пәндерімен тығыз байланыста бола тұра филологиялық әдістерді пайдалана отыра ономастика ғылымы автономды болып қалып отыр. Елді – мекен, жер – су, адам аттарын, адам есімдерін тарихпен байланыста зерттеу барысында ономастика ғылымының мүмкіншілігі зор.

Қолда бар, өте бағалы мәліметтер беретін, тарих деректің қандай географиялық кеңістікте пайда болғандығын анықтау ғылымда « деректі локалдау » – деп атайды.

Қажетті кеңістіктік ақпарат алу үшін тарихшы өзі зерттеп отырған елдің әрбір тарихи кезеңіндегі әкімшілік, саяси құрылымын, географиялық жағдайын, мәдени – әлеуметтік ахуалын, тарихын, тілін жатқа білуі қажет. Сондықтан, құжаттың пайда болған жері жөнінде мәлімет алуы үшін ***тарихи география, тарихитопонимика, тарихи лингвистика пәндерінің дәйектерін пайдаланад. Тарихи метрология, палеография, геральдика, сфрагистика*** сияқты арнаулы ғылымдарда тарихи деректі локалдауға көмектеседі.

Мұны зерттеу үшін ономастиканың бір саласы ***топонимика*** ғылымының көмегіне зәру боламыз. Жер-су, елдімекен аттарын зерттейтін ғылым тарих, лингвистика және география пәндерінің тоғысқан жерінде пайда болған. Деректің жазылған жерін анықтау оның авторын табуға мақсатын, уақытын, сол жердің тарихи-мәдени жағдайын ашуға көмектеседі. Оның төмендегідей бағыттары бар:

Астионим – қала атаулары;

Гидроним – су қоймаларының атауы;

Дримоним – орман атаулары;

Урбоним – қала ішіндегі объект атаулары;

Годоним – көше аттары;

Агроним – алаң атаулары;

Дромоним – жол аттары;

Макротопоним – үлкен қоныстанбаған географиялық объект;

Микротопоним – кіші қоныстанбаған географиялық объект;

Антропоним – адам есіміне байланысты пайда болған географиялық объект. Кейбір деректерде оның жазылған жері тура көрсетіледі. Ал енді көпшілік құжаттардың жазылған жерін анықтау үшін жанама фактілерді пайдалануға тура келеді. Әлбетте, алғашқы кезекте деректің қандай этникалық топтың ортасында пайда болғандығы анықталады. Бұл жерде топонимиканың екі – этнопоним (халықтың атымен аталған географиялық объект) және топоэтноним (елдің атын емденген халық) зерттеледі. Жазбаша деректерде белгілі бір халықтың, немесе халықтың атауымен аталған елде болған уақиғалар баяндалуы мүмкін.

Келесі бір ақпарат беретін топонимиканың салалары төмендегідей:

Эклезиионим – шіркеу және діни мейрамдардың атауымен аталған елді мекендер.

Аннотонионим – қасиетті тұлғалардың атымен аталған географиялық объектілер.

Поссессионим – қожасының, иесінің атымен аталған елді мекендермен географиялық объектілер.

Катоним – мекендеп отырған жердің атымен аталатын халық.

Аллоэтноним – көршілердің атымен аталатын халық (неміс, армян, т.б.).

Автоэтноним – халықтың өзі – өзіне қойған атауы.

Поссессионим – қожасының, иесінің атымен аталған елді мекендермен географиялық объектілер.

Катоним – мекендеп отырған жердің атымен аталатын халық.

Мұндайда тарих ғылымындағы басқа да арнаулы пәндердің көмегін пайдалануымыз қажет. Кейде тарихи деректің *орфографиялық ерекшеліктері* оның қай жерде пайда болғандығын мензейді. Қазақ тілінде диалект болмағанымен еліміздің әр өңірлерінде тек қана өздеріне тән сөздер немесе сөз тіркестері кездесуі мүмкін. Қазақ жерінің өңірлерінде өзіне тән адам есімдері бар. Мысалы Батыс өңірінде балаға «Ғали», «олла» жұрнақтары қосылған есім береді», (Ғарифолла, Сағидолла), Оңтүстік Қазақстанда «құл», «бек», «хан» жұрнақтары қосылады Қалибек, Төреқұл, Төребек.

Мәтінде «азанда», «мақұл» деген сөздер кездесе қолжазба Қазақстанның оңтүстігінде пайда болған, «бұл не зат?», «біз деген» сөз тіркестері кездесе, оның батыстан пайда болғандығын білеміз.

4. Деректің авторын анықтау

Деректанудың негізгі функциясы. Автордың алдына қойған мақсат, терең міндеттері бар. Ол сол заманның белгілі тұлғасы, белгілі бір әлеуметтік-мәдени ортаның белді мүшесі, солортаның қуанышын бөлісіп, жоғын жоқтайтын, мұңын мұңдайтын тұлғасы.

Сондықтан деректің авторын анықтап алмай, оның мазмұнын дұрыс түсіну мүмкін емес. Бұл жерде ономастика ғылымының бір саласы антропонимистикаға жүгінуге тура келеді.

Антропонимика (гр. *Anthropos* – адам, *онута ат*) – адамдардың өзіне меншікті есімдерін, аты-жөнін, жалған, бүркеніштік, жасырын аттарын, ру аттарын

зерттейтін ономастиканын бір тармағы. Бұл ғылым сонымен қатар күнделікті өмірде пайдаланылатын және канондық есімдерді, сол сияқты бір есімнің әдеби және диалектілік, ресми және биресми түрлерін ажыратып қарастырады.

Әрбір этностың әр дәуірде өзіне тән есімдер тізімі қалыптасады. Жеке адам есімдері басқа өздерінің дербестігі мен ерекшеленеді. Бала туа сала оған жеке есім беріледі. Есімдер тізілімі шектеулі. Жеке есімдер қайталап отыратындықтан, оларға қосымша атаулар беріледі. Дамыған қоғамда адамның ресми атауларының өзіндік жүйесі болады. *Мәселен, Римдегі есімдердің тұрақты жүйесі мынадай: адамның жеке есімі + ру тегі + жалған аты + ататек есімі + қосымша аты.* Үнді елінде бұл жүйе үш құрамнан тұрады: *гороскоптық есімі, жыныстық немесе діни-секталық есімі, касталық есімі.* Мысалы, Рабиндрант Тагордың есімі: Рабиндра (Күн құдайы), Натх (еркек), Тхакур (жер иеленушілер қастасынан) құралымынан тұрған.

Қазақ елінде, арабтарда, қытайда, орыста адам атаулары жүйесі әртүрлі болады. Мысалы, орыс елінде фамилия тек XVIII ғасырда пайда болды. Оның өзінде қара халықтың ата-тегі болмады. Олар тек лақап атқа ие болды. Орыстарда аты-жөнінің бірнеше түрі болды: тек – фамилия, аты-имя, лақап аты-псевдоним, бүркеме аты-криптоним және прозвище. XVIII ғасырда дворяндар арасында отечество деген пайда болды. Мәселен, өзінің атымен қатар әкесінің аты аталды (Иван Петрович). Ал енді орта таптың өкілдері полуотечествоға ие болды (Иван Петров). Христиан дініне кіргеннен кейін олар балаға шоқынған кезінде шіркеу күнтізбесіне байланысты канондық ат берді. Ал енді күнделікті тұрмыста олар басқа атпен аталды. Мәселен, Николай-Никола, Иван-Ваня, Николай-Коля, Александр-Саша.

Қазақтың тегі әкесі мен баласының аты қатар жүрді. Тереңдеп қазбалап сұраса, ол руын, тайпасын, елін, жерін айтатын. Араб халқының атыменен әкесінің аты, жерінің аты, туған қаласының аты қатар жүрді.

Мәтінді түсіндіру, оған мағына беру (Истолкование). Жазбаша деректердің пайда болу себептерін, мақсатын және тарихи жағдайын айқындау деректанушының негізгі міндеті. Тарихи деректің авторы жеке тұлға болғанымен ол белгілі бір әлеуметтік ортаның белсенді мүшесі екендігін біз жоғарыда айтып өттік. Оның осы деректі жазуға итермелеген себептері болғандығы мәлім. Мұны жазарда ол алдына мақсат, міндеттер қойды. Сондықтан деректанушы сол заманның тарихи жағдайын, сол қоғамның әлеуметтік саяси, қоғамдық және шаруашылық әлеуетін көз алдына келтіруге тырысуы қажет.

Тарихи деректің пайда болуына екі жағдай әсер етуі мүмкін. Біріншісі, сол әлеуметтік-мәдени ортаның ішкі қажеттілігі тарихи ескерткіштің пайда болуына әкеп соғады. Бұған кейбір заң жинақтары, саяси шығармалар жатады. Ал енді екіншісі, басқа, бөтен әлеуметтік-мәдени кешендердің әсерінен болады. Көрші мемлекетке тәуелділік, немесе белгілі бір елге екінші бір елдің саяси, шаруашылық басымдылығы сол елдің рухани өміріне тікелей әсер етеді. Ал тарихи дерек рухани ортаға тығыз байланысты.

Қазақстан тарихына байланысты көптеген деректер орыстың әлеуметтік-мәдени ықпалында жазылғандығы бүгін бәрімізге де белгілі. Соның кері әсерін осы күнге дейін сезініп келеміз.

Бөтен мәдениеттің лебі әсіресе саяси, публицистикалық шығармаларда жиі кездеседі. Оның әсері ғылымда да бар. Әсересе, қоғамдық ғылымдар басым мәдениеттің шырмауынан шыға алмайды.

Әдебиет

Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. I том. –Астана, "1С -Сервис" ЖШС, 2006. – 400 б.

Сарбасова Қ.Б., Чукенаева Г.Т. Жетісу гидронимдері: оқу құралы. –«Жетісу университеті» баспа орталығы. Талдықорған, 2011. – 86 б.

Мырзалиев Э.М. Очерки топонимики. – М., «Мысль», 1974.

Кузембайұлы А., Әбіл Е., Әлібек Т. Историческая топонимика Костанайской области. В пяти томах. КРИИИ. Костанай, 2006–2010 г.

14. ТАРИХИ ДЕРЕКТІҢ МАЗМҰНЫН ТАЛДАУ

Жоспары

1. *Тарихи деректің пайда болған заманы.*
2. *Мәтінді түсідіру.*
3. *Деректемелік синтез.*
4. *Деректердің генеологиялық байланысының түрлері.*

1. Тарихи деректің пайда болған заманы

Жазбаша деректердің пайда болу себептерін, мақсатын және тарихи жағдайын айқындау деректанушының негізгі міндеті. Тарихи деректің авторы жеке тұлға болғанымен ол белгілі бір әлеуметтік ортаның белсенді мүшесі екендігін біз жоғарыда айтып өттік. Оның осы деректі жазуға итермелеген себептері болғандығы мәлім. Мұны жазарда ол алдына мақсат, міндеттер қойды. Сондықтан деректанушы сол заманның тарихи жағдайын, сол қоғамның әлеуметтік саяси, қоғамдық және шаруашылық әлеуметін көз алдына келтіруге тырысуы қажет.

Тарихи деректің пайда болуына екі жағдай әсер етуі мүмкін. Біріншісі, сол әлеуметтік-мәдени ортаның **ішкі қажеттілігі** тарихи ескерткіштің пайда болуына себепкер болады. Бұған кейбір заң жинақтары, саяси шығармалар, құжаттық деректер, іс қағаздары, әртүрлі келісім шарттар сияқты құжаттар жатады.

Ал енді **екіншісі, басқа, бөтен** әлеуметтік-мәдени кешен-дердің әсерінен болады. Көрші мемлекетке тәуелділік, немесе белгілі бір елге екінші бір елдің саяси, шаруашылық басымдылығы сол елдің рухани өміріне тікелей әсер етеді.

Ал тарихи деректің пайда болуы сол рухани ортаға тығыз байланысты. Жасыратыны жоқ осы күнге дейін Қазақстан тарихына байланысты көптеген деректер орыстың әлеуметтік-мәдени ықпалында жазылып келеді. Соның кері әсерін осы күнге дейін сезініп келеміз. Бөтен мәдениеттің лебі әсіресе саяси, публицистикалық шығармаларда жиі кездеседі. Оның әсері ғылымда да бар. Әсересе, қоғамдық ғылымдар басым мәдениеттің шырмауынан шыға алмайды. Үнді елінің данышпан тұлғасы Д.Неру «елдің тарихын сол елді басып алушылар жазады, немесе тарихи концепцияларда басып алушылардың пікіріне басымдылық беріледі деген екен. Белгілі бір елдің тарихи жағдайы сол елде пайда болғандеректің мазмұнына әсерін тигізбей қоймайды. Көбіне мұндай жағдай құжаттың әлеуметтік-мәдени функциясына байланысты. Өйткені құжат сол ортаның сұранысына қарай пайда болады да соның мүддесін көздейді. Міне, кез келген құжатты талдамас бұрын, мына төмендегі сұрақтарға жауап іздеу қажет:

1. Құжаттың пайда болған уақыты?
2. Оның пайда болуы қандай уақиғаға байланысты?
3. Жазылу мақсаты?
4. Оның пайда болуына әсер еткен жағдай?
5. Мәтінде кездесетін кейбір сөздер мен сөз тіркестерінің мағанасы?
6. Құжаттың өз кезіндегі маңызы? жазбаша деректің заманын толық талдау оның мазмұнын түсінуге жол ашады.

2. Мәтінді түсідіру

Жазбаша дерек белгілі бір заманның туындысы. Деректанушы осы дәуірдің өкілі. Оның авторы мен деректі зерттеп отырған тарихшының арасында талай уақыт аралығы бар. Құжат жасушы мен оны зерттеуші екі әлеуметтік-мәдени жүйенің өкілдері.

Тарихшы өзі зерттеп отырған елдің сол замандағы тұрмыс-тіршілігін, мәдени деңгейін, әлеуметтік ахуалын, саяси бейнесін жақсы білуі керек. Ойша сол кезде өмір сүрген қоғамның ортасында болса ол деректің пайда болуына әсер еткен барлық факторларды ескеру мүмкіншілігіне ие болады.

Бұдан әрі біз дерек мәтінін түсіну әдістеріне тоқталайық. Түсінуді ғылымда интерпретация деп атайды. Оның негізгі мәні деректегі ақпараттың шынайы мағанасын ұғыну. Интерпретация барысында мына төмендегі әдістерді пайдаланған жөн.

1. герменевтика әдісі.
2. әлеуметтік мәдениеттану әдістері.
3. тарихи этнология.
4. психологиялық түсіну әдістері, дерек авторының көңіл күйін ескеру.
5. жекелеу, яғни деректі жазған автордың жеке басының ерекшеліктерін ескеру.
6. типологиялық әдіс, яғни деректі белгілі біртүрлі мәдениеттің ескерткіші ретінде қарастыру.

Деректанушы ғалым филология ғылымын да өз дәрежесінде меңгеруі қажет. Үйтпейінше мәтіндегі толып жатқан тілдік және грамматикалық кілтпандарды дұрыс оқу мүмкін болмайды. Мәтінді филологиялық талдау оның құрлымы структура мен жанрын анықтаудан бастау қажет. Талдау мына төмендегі сұрақтарға жауап іздеуден басталады.

1. Құрылымы қандай?

2. Қай бөлімдеріне аса көңіл аударған жөн?

3. Мәтіннің әр бөлімі бір - бірімен қалай байланысқан?

4. Шығарманың композициясын жасаудағы автордың түпкі ойы.

5. Шығарманың жанрын жазушы мен зерттеуші қалай анықтайды? Жанрдың спецификасы.

Сонау замандарда жазылған ескерткіштерде бүгінгі заман оқырмандарына түсініксіз толып жатқан сөздер, түсініктер, анықтамалар, сөз тіркестері кездеседі. Деректанушы солардың бәрін бүгінгі қолданыстағы сөздермен ауыстырып, деректі пайдалану мүмкіншілігін туғызуы керек сонда ғана ол ғылым игілігіне айналады. Филолог-ғалым мәтінді жай ғана аударып қойса, тарихшы оның мағанасын түсінуге тырысады, ондағы ақпаратты сол замандағы нақтылы-тарихи уақиғалармен, мәдени жағдайлармен байланыстырады.

Деректанушы алдымен мәтінде кездескен түсініктер мен сөйлемшелерге анықтама береді. Содан кейін ондағы әріп қателіктері түзетілді, түсіп қалған сөздер, сөйлемдер өз орнына қойылады, идиомдар, символдар, аллегориялар, тұспалдап айтылған жерлері, астарлы сөздері ашылады.

Әсіресе нарративті шығармалар осындай талдауға зәру. Олардың көпшілігінің мазмұны авторының ой-пікіріне сәйкес келе бермейді.

Мәтінді талдау дерекке әлеуметтік-мәдени баға берумен аяқталады. Зерттеуші ескерткіштің мағынасын, құндылығын, идеясын анықтайды. Әрбір деректе тарихи факт автордың көзқарасы арқылы беріледі. Сондықтан оның шын мәніндегі мағынасын ашу ондағы мәдени құндылықтың бұрмалауынан тазартуға мүмкіншілік береді. Мұның барлығы сайып келгенде деректің әлеуметтік-мәдени жүйедегі орнын анықтауға көмектеседі.

Мұндай жұмыс әсіресе нарративті деректерді талдаған кезде қажет. Қазақстан тарихына байланысты пайда болған түркі, қытай, парсы, араб, орыс тарихи шығармаларын пайдаланғанда сақтықтың қажеттігі айтпаса да түсінікті. Өйткені қазақ тарихына қалам тартқан әрбір автор белгілі бір заманның, белгілі бір елдің әлеуметтік-мәдени жүйесінің тұлғасы.

Келесі кезекте деректанушы әрбір автордың өмір сүрген ортасын. Оның әлеуметтік-мәдени құндылығын анықтауы қажет. Мұны деректі бағалаудың кілті десе де болғандай. Мәтіннің шын мәніндегі мағынасын білгеннен кейін зерттеуші ондағы берілген ақпараттың шынайылығын анықтауға кіріседі.

Шығарма автордың көзқарасының айнасы. Мұнда ол болған оқиғаға, немесе тарихи процеске өз ойын, өз пікірін білдіреді. Сондықтан да сол заманның қоғамдық санасы /менталитет/ және автордың позициясы деректен айқын көрініс табады. Алдымен автордың қандай әлеуметтік ортада туып және өмір сүргенін анықтау қажет. Автордың білім деңгейі, оның өмірге деген көзқарасы,

айналасында болып жатқан тарихи оқиғаларға қатынасы ол жазған дерекке әсер етеді.

Жазбаша деректің шынайылығын анықтау барысында тарихшы біраз мәселеге көңіл аударуы қажет:

1. Автор шығармасына қажетті ақпаратты қайдан алды. Өзі сол оқиғаға қатынасты ма? Немесе біреуден естіді ме, әлде сыбысты пайдаланды ма? Мүмкін ақпарат негізінде құжат жатқан болар.

2. Автордың ақпарат жинау, пайдалану әдісі, оның анализ жасау қабілеті.

3. Деректің авторына қоғамдық атмосфераның, сол кездегі ел ішіндегі саяси жағдайы.

Міне, осыларды ескергенде қолыңыздағы деректен шынайы, әрі толық мағлұмат алуға болады.

3. Деректемелік синтез

Деректерді объективті түрде іріктеу және талдау негізінде оларды синтездеу мүмкіншілігі туындайды. Деректерді синтездеу зерттеу жұмысының соңғы кезеңі. Деректанушы талдаудан өткізген деректерді жинақтап бір бірімен салыстырып оларды кешенді түрде зерттеу процесіне енгізеді. Деректерді синтездеу барысында бір объекті жөнінде жиналған бірнеше ақпарат көздері салыстырыла отырып пайдаланылады.

Жекеленген тарихи дерек зерттеу объектісі бойынша толық ақпарат бере алмайды. Сондықтан ол деректер жүйесіне енгізіледі. Сөйтіп бірнеше деректің бір тақырып бойынша берген ақпараттары шынайы көріністерді айқындайды.

4. Деректердің генеологиялық байланысының түрлері

Деректердің генеологиялық байланысының бірнеше түрлері бар:

1. Бір мәселе жөнінде әр жылдары пайда болған бірнеше дерек болады. Егер зерттеуші соңғы жылдардағы құжатты пайдаланса дұрыс қорытындыға келе алмайды. Сол себепті мәселе туралы бірнеше деректі салыстыра, толықтыра отырып пайдаланса сол мәселенің шешім табу процесінің барысы анықталады. Мәселен, Қазақстан астанасының Алматыдан Ақмолаға көшуі туралы мәселе бір күнде шешімін тапқан жоқ. Бұл мәселе ресми орындарда бірнеше рет қаралды. Ақыры 1994 жылы 6 маусымда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінде астананың Ақмолаға көшірілуі туралы шешім қабылданды. Тек 1997 жылдың желтоқсанында Ақмола қазақ елінің орталығына айналды. Тарихшы осы тақырыпты ашу үшін деректердің бірнеше түрін кешенді пайдалануы қажет.

2. Дерек бірден дүниеге келмейді. Алдымен оның жоспары жасалады, содан кейін сол туралытуған ой-пікірлер қағазға түсіріледі. Автор әртүрлі ой-пікірлерді жинақтап жұмыстың алғашқы нұсқасын жазады, оны әріптестерімен талқылайды. Сонан соң дерек жарияланады. Сондықтан келешекте сол деректі зерттейтін ғалым автордың «лабораториясына» кіреді. Деректі тек кешенді

түрде зерттегенде ғана одан объективті, шынайы ақпарат алу мүмкіндігі туындайды.

3.Әртүрлі авторлар жазған, бірақ бір уақытта пайда болған шығармалардың жиынтығы.

Жоғарыда айтылғандарды қортындылай келе деректемелік синтез деректерді талдаудың ең соңғы кезеңі.

Деректерден алынған объективті ақпаратты зерттеуші өз шығармасына пайдаланады. Тағы бір ескертетін жәйт тек шынайы ақпарат қана тарихи шығарманың сапалы болуына кепілдік бере алады.

Әдебиет

Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті.2002. – 302 б.

Медушевская О.М. Теоретические проблемы источниковедения: Учеб. пособие. – М., 1977;

Голиков А. Г., Круглова Т. А. Источниковедение отечественной истории: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / . – 2-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 464 с.

Данилевский И. Н., Кабанов, В. В., Медушевская, О. М., Румянцева, М. Ф. Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники российской истории Издательство: РГГУ, 2004. – 701 с.

15. АУДИВИЗУАЛДЫ МАТЕРИАЛДАРДЫ ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ

Жоспары

1. Аудиовизуалды дерек түсінігі және түрлері.

2. Кино-фото құжаттарының деректік мүмкіншіліктері.

1. Аудиовизуалды дерек түсінігі және түрлері

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ғылым мен техниканың қарыштап дамуының нәтижесінде тарихи деректердің жаңа түрі пайда болды. Мұндай деректер басымдылық танытып, ғылыми зерттеулерде басқа деректерге қарағанда үлкен сенімге ие болды. Оларды пайдаланудың әдістемесі жасалды.

Фото, кино және дыбыстық құжаттардан алынған объективті болмысты көрсететін мәліметтер түрін аудиовизуалды деректер деп атаймыз. Беретін мәліметтерінің түріне байланысты олар төмендегіше жіктеледі :

■ **бейнелеу-көркем өнер деректері** (бейнелеу өнері шығармалары, көркем фильмдер, фотосуреттер);

■ **көркем-графикалық деректер** (карталар, планы, схемалар);

■ **көркем-натуралды деректер** (құжаттық фото суреттер, кино және видеоматериалдар).

Деректердің мұндай түрлері ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында жиі пайдаланатын болды, өйткені мұндай материалды пайдалану барысында талдау жұмыстарының ерекше әдістері қолданылды. Бейне дерек ретінде әсіресе археология, этнология, өнертану, кітаптану сияқты гуманитарлық ғылымдардың зерттеу объектісіне айналды.

XIX ғасырдан бастап құжаттандырудың фото, кино, фоно және видео сияқты жаңа әдістері пайда болды. Осындай жолмен дайындалған тарихи құжаттар аудиовизуалды деректер деп аталады. Көзге айқын көрініп тұрған бейнелер өткен заманда өмір сүрген адамдар жөнінде шынайы ақпарат беретіндігі белгілі.

Дегенмен осындай ақпарат көздерінің тарихи деректік мүмкіншіліктерін тарихшылардың басым көпшілігі кеш түсінді. Тек соңғы жылдары Ресей ғалымдары Магидов В.М. («Кинофотофонодокументы в контексте исторического знания») Н.Н. Кушнаренок сияқты ғалымдар оларды тарихи дерек екендігін ғылыми түрде дәлелдеп берді. Біріншісі белгілі мұрағаттанушы, тарихшы-деректанушы осы тақырыпқа докторлық диссертация жазды. Ал екіншісі педагогика ғылымдарының докторы, профессор, 200 –ге жақын әдістемелік еңбек жазған ғалым. Тарих ғылымдарының докторы Н.С. Ларькованың «Документоведение» деп аталатын оқулығында деректердің жаңа түрлеріне тоқталады.

Аудиовизуалды құжаттарды топтау

«Кинофотофоноқұжаттар » термині ғылыми айналымға 1980-жылдардың басында кірді. Бірақ оның осы күнге дейін барлық ғалымдар мойындаған түсінігі жоқ. Сол сияқты олар ғылыми әдебиетте топталмаған.

Түр жасайтын белгілеріне қарап оларды екі топқа бөлуге болады:

а) адамның сезім органдарына әсер етуіне немесе ақпаратты қабылдау тәсілдеріне байланысты;

б) ақпараттарды құжаттау әдістеріне қарай.

Бірінші топқа **визуалды** (көру арқылы қабылдау: диафильм, диапозитив, слайд, сақау кинофильмдер, эпифильм; **аудиалды** (есту арқылы қабылдау: грампластинка, магнитті таспалар, фонограмма; **аудиовизуалды** (көру және есту: дыбысты кинофильмдер, диафоно-фильмдер, видеофильмдер, магнитофильмдер.

Екінші топқа жататындар:

***киноқұжаттар**: диа-, кино-, видео-;

***фотоқұжаттар**: диапозитив (слайды), фотография;

***фоноқұжаттар**: грампластинка, магнитті фонограммалар.

Мұндай құжаттардың көпшілігі матрицалы. Фото және кинопенка, диск бетіне не дыбыс жазылған немесе суерет бейнеленген матрица. Адамдардағы ақпаратты тікелей (фото) немесе аппарат арқылы (диафильм, кинофильм, грампластинка, магнитті фонограмма) қабылдай алады. Материалдық конструкциясына байланысты бобина, катушка, кассета, дискетка, рулон, лента, компакт-кассетаға бөлінеді. Осыған байланысты оларды сақтау мүмкіншіліктері де әртүрлі. Еліміздің кітапханаларында, мұрағаттар мен мұражайларда осындай құжаттарға арналған арнаулы қорлар бар.

2. Кино-фото құжаттарының деректік мүмкіншіліктері

Фотоқұжаттар дегеніміз фотоға түсіру арқылы пайда болған құжат. Бұл өнердің пайда болу уақыты ХІХ ғасырдың алғашқы жарытсы. Фотография термині (грек. «*photos*» – жарық, «*grapho*» – жазамын деген сөздердің қосылуынан шыққан. Яғни жарық сегіш жұқа материалдарға өлшеп жарық беру арқылы алынатын және оны әртүрлі химиялық реактивтердің көмегімен алына-тын бейнені фотография деп атаймыз. Ол бейне қағаз, шыны, керамика сияқты материалға химиялық жолмен түсіріледі.

Әлемде мұндай өнерді 1826 жылы ойлап тапқан француз өнертапқышы Ж.Н. Ньепсу алғашқы фотографиялық аппаратты жасады. Кейіннен фотография өнері тұрақты түрде алға жылжыды, жетілдірілді, жаңа материалдар мен әдістер пайда болды.

Фотоаппараттардың алуан түрлері фотоға түсіруші мамандардың жұмысын жетілдірді. Мысалы 1947 жылы был изобретён так называемый диффузионды фотографиялық процеспайда болды. Сөйтіп бірден түсірле сала фотосурет беретін аппарат дүниеге келді.

Фотографияға байланысы полиграфии, картографии, репрографии сияқты ақпаратты техникалық жағынан рәсімдейтін салалар дамыды. Мерзімді баспасөздің де фотографиясыз күні қараң. Сонымен қатар, әлбетте фото өте маңызды тарихи дерек. Өйткені ол болған уақиғаны бұлжытпай сол күйінде бейнелейді. Егер адам 80 пайыз ақпаратты көру арқылы алатын болса фотонның ақпараттық ауқымы өте кең екендігі, оның бір уақытта бірнеше объектіні қамтитындығы дәлелдеуді қажет етпейді. Фото-құжаттардың тағы бір құндылығы ол оқиға болған жерде және сол уақытта жасалады.

Фотографиялар қаралы-ақты және түрлі - түсті болып екіге бөлінеді. Түсірілген материалына байланысты жұмсақ полимерлі(фото– и кинопенка) қатты(шыны пластинка, керамика, ағаш, металл, пластмасса)және қағаз болып үшке бөлінеді.Фотографияның беттік (карточка) және орамалы (катушкаға, сердечниках, бобинаға оралған) ені мен ұзындығы әртүрлісі болады. Әрине біз көбінесе қағазға түсірілген фотоларды көріп жүрміз. Бірақ соңғы кезде цифрланған құжаттар кең етек алуда(DVD-дискілер).

Осы фотография өнері негізінде ақпаратты фотопенкада сақтаудың бірнеше әдістері пайда болды. Оларды микрографиялық (микро-кішкентай,графос жазу)құжаттар деп атаймыз. Мұндай әдіс бойынша қажетті құжаттар,кейде үлкен кітаптардыңөзі, пленкаға түсіріледі. Сақталу мерзімі 500 жылдан аса,тіпті одан да көп жылдар сақталуы мүмкін. Бір ерекшелігі көлемінің шағындығында.700-800 беттік үлкен кітап сіріңкенің қорапшасындай оралған пленкаға сиып кетеді.Бір кемшілігі оны оқу үшін арнаулы аппаратура қажет.Мұндай құжаттар қатарына мына төменгілер жатады:

а.микрофильм – құжаттың төл нұсқасы жарықсезгіш фотопенкаға түсіріледі. Оның көлеміне қарай бірнеше рулонға тісірілуі мүмкін. Бір рулонда кем дегенде 36 кадр болады. Бір кадрға кейде кітаптың екі беті түсіріледі. Рулонды металдан немесе картоннан жасалған сауыттарда сақтайды. 50-60рулонның салмағы бір кг. аспайды,яғниолардықолсөмкеге салып алып жүруге болады.

ә. Микрофиша –бұл да жарықсезгіш пленкаға жазылады. Бірақ оның форматы 75x125 мм, 105x148 мм, 180x240 мм болады. Бір пластинаға 16-32 бет сыяды. Демек320 беттік кітапті көшіріп алу үшін10 пластина қажет екен. Егер мұндай кітаптың салмағы 1200 грамм болса, микрофишаның салмағы бұдан 100 есе кем.

Мұндай құжатты оқу үшін де арнаулы аппарат керек. Микрофильмге қарағанда микрофиша пайдалануға ыңғайлы. Микрофильмнен өзіңе қажетті құжатты тауып алу үшін рулонды түгел қарау қажет. Ал микрофишаның коды мен номері белгілі болса онда ондай құжатты оңай таба аласың.Кейде пластинада құжаттың 90 есе кішірейткен түрлері болады Мысалы 936 беттік кітапты 75x125 мм көлемді бір пластинаға сыйдырады. Мұны **ультрамикроафиша** деп атайды.

б.Микрокарта – бұл микрофишаның қағазғанемесе микрофсетке түсірілген түрі.Көбінесе мұрағаттарда жиі кездеседі. Көптеген сирек кездесетін, немесе әбден тозығы жеткен құжаттар микрокарталарға түсіріледі. Оны оқу үшін эпипроектор деп аталатын аппарат қажет.Микрокарталар ұзақ мерзімді.

Ол үнемді,өйткені қағаздың екі жағына да жазуға болады. Бірінші бетіне құжаттың өзі түсірілсе сыртына оның библиографиялықанықтамалары, аннотациясы немесе рефераты толтырылады.

в. Диапозитив (слайд) – мөлдір пленкаға немесе шыныға түсірілген позитивті фотография құжаттың суреті. Экранға проекциялау арқылы көруге болады. Оның аққаралы немесе түрлі-түстісі болады. Диапозитиввизуальдыстатикалық проекцияға жатады. Шыны диапозитивтердіңөлшемі 50x50, 70x70 немесе 85x85 мм. Пленкаға түсірілгендиапозитивтердің әрбір кадрының өлшемі 18x24, 24x24,

28x28, 24x36, 40x40 мм болып келіп, әрбіреуі –арнаулы рамкаға салынады. Соңғы жылдары фото-құжаттандыру процесі сандық (цифр) түрге көшірілуде. Алғашқы фотографияның электрондық жүйесін 1981 жылы жапонның Sony фирмасы іске асырды. Әрине құжаттаудың мұндай әдісінің артықшылығы мол. Кадрдағы бейненің түсін өзгертуге, оның өлшемін кішірейтуге немесе үлкейтуге болады. Сандық фотоаппаратты компьютерге қосуға, бейнелерді, интернет жүйесі арқылы басқа да пайдаланушылардың игілігіне айналдыру мүмкіншілігі бар.

Киноқұжаттар

Кино өнері – өнердің бір түрі, әдебиет пен театрдың, бейнелеу өнері мен музыканың көркемдік қасиеттерін өзінің ерекшелігіне орай пайдаланатын синтезді өнер. Фильмді жасауға әр алуан мамандықтағы творчество қызметкерлері: кинодраматург, режиссер, актер, оператор, суретші, композитор қатысады. Сондай-ақ кино жасау ісіне техника саласындағы мамандар, лаборанттар мен жұмысшылар да үлес қосады, алуан түрлі күрделі аппаратуралар мен аспаптар қолданылады.

Кино өнері – өзіне тән мәнерлеу амалдары, көркемдеу тәсілдері, эстетикалық заңдары мен шығармашылық дәстүрлері бар дара өнер. Көріністі әр тұстан қамти бейнелеу, адам өмірі мен табиғат құбылыстарын нанымды көрсете алу, сондай-ақ кадрларды үйлестіре құрау тәсілінің тиімділігі кино өнерінің аппараттық мүмкіндігін кеңейте түсуде. Фильмді бірден миллиондаған адамдар көреді. Көрермендер білімін толықтырып, эстетикалық ләззат алады, тәлім-тәрбие – жақсыдан өнеге, жаманнан сабақ алады.

Кино өнерінің тарихы ХІХ ғасырдан бастау алады. Қозғалыстағы бейнелерді бір жүйеге келтіріп экранға шығару үшін өнертапқыштар ұзақ жылдар тер төкті. Бүгінде тарихшылар алғашқы кино шығарманың авторлары ағайынды Луи және Огюст Люмьерлер деп есептейді. Олардың жасаған аппараты киноны әрі түсіріп, әрі үлкен экранға шығаруға өте ыңғайлы болды. Бұл өнер кейін «Кинематограф» (немесе «синематограф») – деп аталды.

Алғашқы фильм «Выход рабочих с фабрики». «Прибытие поезда» деп аталатын фильмдер 1895 жылдың наурызында Париждегі Капуцин бульварындағы жертөледе орналасқан «Гран Кафесінде» қойылды. Әрбіреуінің ұзақтығы небары 50 секундтан еді.

Қазақ жеріне алғашқы хроникалық фильмдер 1928 жылдан түсіріле бастады. Сол жылы РСФСР Халық Комиссарлары Советі жанынан «Восток-фильм» киноқоғамы құрылды. 1929 жылы Алматыда қоғамның өндірістік бөлімі ашылды да, ол Қазақстанның өмір-тұрмысы туралы «Соңғы хабар» атты киножурнал шығарып тұрды. Режиссер В.А.Туриң Түркістан-Сібір Теміржол магистралі жайлы «Турксиб» атты деректі фильм қойды. 1930–32 жылдары қазақ өмірінен «Дала әндері», «Жұт», «Қаратау қазынасы» фильмдері қойылды. 1941 жылы Алматыда көркем фильмдер шығаратын киностудия ұйымдастырылды. Ол техникалық-өндірістік базасы жағынан ұлғайып, 1944 жылы Алматының көркем және деректі-хроникалық фильмдер студиясы (1960 жылдан «Қазақфильм») деп аталды. Қазақ киностудиясы алғашқы ұйымдасқан

кезінен бастап, 1975 жылдарға дейін 100-ден астам көркем фильм және 500-ге жуық деректі фильм шығарды. Бұл фильмдер тақырыбы мен жанры жағынан әр алуан. Сонымен қатар кинофильмдер зерттеушілер үшін таптырмас тарихи дерек болып есептеледі. Киноқұжаттардың екі түрі бар.

Бірі – *бейнелеу-статикалық* (бейне қозғалмайды-диафильм, эпифильм), екіншісі – *бейнелеу-динамикалық* (бейне қозғалыс үстінде). Екеуі де бірнеше қабатты полимерлі пленкаға түсіріледі.

Киноқұжаттардың *диа-, кино-, видеофильм* деп аталатын түрлері бар. *Диафильм* (грек. Dia-арқылы және ағл. film – пленка) *дегеніміз фотопленкаға белгілі бір тақырып бойынша түсірілген бірнеше кадрдың жиынтығы*. Пайдалануға ыңғайлы, күрделі аппаратураны, айрықша дайындықты қажет етпейді. Диафильмнің негізгі реквизиттері: авторы, суретші туралы мәлімет кімге арналғандығы жөнінде ақпарат, кадрлар саны және тақырыбы. *Кинофильм дегеніміз бірінен кейін бірін орналастырған бейнелер жиынтығы. Олар белгілі бір тақырып бойынша кинопроекциялық аппарат арқылы үлкен экранда көрсету үшін пленкаға орналастырылған бейнелер топтамасы*.

Кинофильмдердің ақпараттық мүмкіншілігі зор. Оның үстіне адамның сезім мүшелеріне тиімді әсер етеді. Олардың дыбысты және дыбыссыз, ақ-қаралы және түрлі-түстісі болады.

Функциональдығына (мақсатына) қарай олар: *көркем (игровые), документальные, ғылыми-көпшілік, білім беру мақсатындағы, мультипликациялық болып бөлінеді*.

Деректік мүмкіншілігі молыхроникалды және монтажды болып екіге бөлінетін документалды фильмдер. Олардың негізгі мазмұны өмірде болып жатқан шынайы оқиғалар. Олар ақпаратқа бай, оператордың өз көзімен көрген оқиғалары.

Ұзақтығына қарай кинофильмдердің қысқа метражды және толық метражды түрлері бар. Кинодокументалистиканың алғашқы қадамдары: «Қазақстан өмірі мен тұрмысы» (1927 жыл), «Түркісіб», «Алғашқы поезд» (1929 жыл), «Алтын жағалаулар», «Ұлттық полк», «Түркісібтің ұштасуы», «Түркісіб ашық» (1930 жыл). Бұл дыбыссыз, субтитрлері бар кинолар.

1935 жылы экранға «Советский Казахстан» киножурналының, отандық кинодокументалистикасының классикасы болып кеткен екі нөмірі шықты.

1941 жылдан басталатын кезеңге ерекше тоқталған жөн. Бұл кезең Орталық Біріккен киностудиясының (ОБК) жұмыстарымен әйгілі: олар қазіргі уақытта да өте қызықты, олардан қазіргі операторлар да көп нәрсе үйренеді; олар аттары әлемге әйгілі: Дзига Вертов, Роман Кармен, Сергей Эйзенштейн, Эдуард Тиссэ, Ирина Венжер, Яков Посельский, Михаил Слущкий және т.б. киноөнердің шеберлерін паш етті. Дәл осы жылдары ОБК шығаратын: «Союзкиножурнал», «Пионерия», «Советское искусство» атты одақтық кино-периодикаға репортаждар жіберетін қазақстандық кинохабаршылар, документалистер плейдасы қалыптасады. Бұл құжаттар Мемлекеттік кинофотокұжаттар мұрағатының 1943 жылы құрылған мұрағат қорының негізі болды.

Кеңес заманында документальды фильмдер ақпаратты тез таратудың негізгі түрлерінің бірі болды. Ай сайын елімізде болып жатқан жаңалықтарды кинотеатрларда толық метражды көркем фильм көрсетер алдында 15 минуттық документальды киножурнал жүргізілетін.

Видеофильм (лат. video – көру, + film – таспа) бұл да кинофильмнің бір түрі. Бірақ бейнелермагниттік таспаға немесе оптикалық дискіге жазылады. Оны **видеомагнитофон арқылы теледидардан көруге болады**. Кинофильмге қарағанда видеофильмдердің артықшылықтары көп. Оны түсіру үшін күрделі аппаратураның, қомақты қаржының, көп уақыттың қажеті жоқ.

Осы күні видеофильм түсіру күнделікті қажеттілікке айналған. Оқу орындарында, сот-тергеу жүйесінде тағы да басқа жерлерде видеокамераұстағандарды жиі кездестіруге болады. Тіпті той-думанның өзі видеофильм түсірілмей өтпейтін болды.

Фоноқұжаттар тарихи деректердің ХХ ғасырда пайда болған жаңалық. Дыбысты арнаулы аппаратура арқылы жазып алып оны қайта тыңдау өнері өмірден озған адамдардың даусын есту арқылы содан тікелей ақпарат алу мүмкіншілігіне қол жеткізді. Дыбыс кино немесе магнитті таспаға және дискқа жазылады. Олардың әртүрлісі бар. Бүгінде бізге белгілісі әрі жиі пайдаланатынымыз грампластинка, фонограмма, компакт-диск.

Грампластинка (ГРП) – дегеніміз дыбыс жазылған диск. Бұл механикалық фоноқұжат, диск тәріздес, құю, штамповка немесе пресстеу арқылы жасалады. Жазу тәсіліне байланысты монофоникалық (бірканалды) және стереофоникалық (екі каналдық) болып бөлінеді. Мұндай пластинкалар үш форматта жасалған: дискілерінің диаметрлері 300 мм, 250 мм, 175 мм.

Магнитті таспа – ақпарат жұқа магнитті қабаты бар лентаға жазылады. Оны жазатын аппаратты **магнитофон** ал жазылғанды оқитын аппаратты **видеомагнитофон** деп атайды. Магнитті лентада компьютер ақпаратын сақтайтынды **стример** дейді. Магнитті лентаның табылуы ақпарат тарату барысында төңкеріс жасады. Радио және телевизиялық хабарларды күні бұрын жазып алу және оларды монтаждау мүмкіншілігі туды.

Компакт-кассета (ағл. Compact Cassette), **аудиокассета** (ағл. Music Cassette, MC) немесе жай ғана **кассета** – ақпаратты магнитті таспаға жазу. Жазылған дыбысты сақтау үшін және оны тыңдау үшін падаланады. Дыбыс ені 3,81 мм және қалыңдығы 9 дан 27 мкм, таспаға екі (моно) немесе төрт (стерео) жолдарға жазылады. Алғаш рет компакт-кассетаны 1963 жылы Philips корпорациясы жария етті. Арзан әрі қолдануға қолайлы компакт-кассета 90-жылдары көпшілік арасында кеңінен таралды. Бірақ ХХІ ғасырдың басында оның орнын компакт-дискілер басты (CD-Rи CD-RW).

Компакт-диск (ағыл. Compact Disc) – ақпаратты оптикалық түрде жинақтайтын пластик диск. Ақпаратты жазу және оқу лазер арқылы іске асырылады. Оның **DVD** и **Blu-ray** түрлері бар. Алдымен аудио жазбаларды сандық жүйеде сақтау үшін пайдаланды (**CD-Audio**), ал кейін оның мүмкіншіліктері кеңейді.

Қазақстан Республикасы кинофото құжаттары және дыбыс жазу мемлекеттік Орталық мұражайы 1943 жылдан бастап жұмыс істейді. (Абай

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

Код поля изменен

даңғылы, 39 үй), Ол ғылыми-зерттеу мекемесі. 1957 жылы мұрағат жүйесін қайта құруға байланысты бұл мекеме Қазақ КСР Орталық Мемлекеттік мұрағатының құрамында болды. 1974 жылы бөлініп шығып жеке отау құрды. Оның үш бөлмі бар: киноқұжаттар фотоқұжаттар және дыбыс жазу. Мұрағатта елімізде түсірілген, жазылған саяси, тарихи, мәдени маңызы бар кинофото және фоно қажаттар сақталады. Олардың жалпы саны 30 мыңнан асады. Әлбетте, бұлардың барлығы дерлік еліміздің тарихынан мол мәлімет беретіндігі белгілі. Мұрағаттың «Алтын қоры» болып есептелетін 1943-1945 жылдары майдангер операторлар түсірген «Союзкиножурнал» деп аталатын хроникалды фильмдердің деректік мүмкіншіліктері өте зор.

Әсіресе «Востоккино» және «Межрабпром» кинотресі шығарған «Жизнь и быт казахов» (1927), «Алма-Ата – столица Казахстана» (1929), «Турксиб» (1930) сияқты фильмдердің Қазақстан тарихы үшін таптырмайтын дерек көздері. «Тұрар Рысқұлов», «Әлия», «Дина», «Амангельды Иманов», «Мәншүк», «Высокое небо Талгата», «Мажит Бегалин», «Сакен Сейфуллин» сияқты халқымыздың белгілі тұлғаларына арналған фильмдер баға жетпес құндылықтар.


Мұрағаттағы фотолар қорында XIX аяғы мен XX ғасырдың басына жататын 250 мың негативтер бар. Белгілі фотограф Д.П. Багаев қорындағы шыны пластинаға түсірілген суреттер мұрағат мақтанышына айналған. Д. Багаев 198 жылы Ресейде туған. Күнкөріс қамымен 1899 жылы Павлодар қаласына қоныс аударып, осы жерде ол суретке түсіру өнерімен айналысты. 1905 жылы ол фотостудия ашты. Оның түсірген суреттері бүгінде тамаша тарихи дерек. Павлодар қаласында 2001 жылы оған арналған мұражай үйі ашылды.

Мұрағат қорында 15 мың грампластинка, компакт-дискіге, компакт-касеталарға және магнитті пленкаларға жазылған белгілі тұлғалардың сөздері, қазақ халық әндері, алғашқы ақындар айтысы, алғашқы қазақ опералары бар.

2001–2005 жылдардағы мұрағат ісін дамыту бағдарламасына сәйкес мұрағат қорындағы құжаттар сандық жүйеге көшірілуде. Мұндай жұмыстар бүгіндері де атқарылуда.

1.1 Фотография тарихы

Адамзат өмірін мәнді де сәнді етуге зор септігін тигізген жаңалықтардың бірі – фотография. Фотография 1839 жылдың 7 қаңтарында дүниеге келді. Яғни, сол күні Париж Ғылым академиясының ғылыми хатшысы Доминик Франсуа Араго осы ғылым академиясының сол күні өткен кезекті мәжілісінде француз өнертапқышы Луи Жак Манде Дагер ашқан «Камера обскура» («Қара қобдишаның») ішкі артқы қабырғасына салынған иодталған қалайы табақшаның бетіне «Қара қобдишаның» алдыңғы саңылауынан жарық түсіру арқылы заттың бет-бейнесін алуға және оны сынап буына ұстаудың көмегімен сақтауға болатыны жөніндегі жаңалығын жария етті. Соған байланысты бұл күн ресми түрде фотографияның туған күні болып тарихқа енгізілді (1).



La camera obscura de Kirchze, 1646

Обскура камерасы, 1646 жыл



Жозеф Ньепс



Луи Дагер



Вильям Тальботт

Сондай-ақ оның өмірден өз орнын табуына Дагердің жерлесі әрі ұстазы Жозеф Нисефор Ньепс пен ағылшын ғалымы Вильям Генри Фокс Тальботтың қосқан үлесі зор болды. Олардың ашқан бұл жаңалығы Жер шарының түкпір-түкпіріне лезде таралып кетті. Тіпті, сол жылы Ресейге де жетіп үлгерді. Қазан айында орыс әскерінің офицері Теремин Петербургте «Қара қобдишаның» объективін 25 минут ашып қойып, Исаакий шіркеуінің сыртқы бейнесін түсіріп алды.



Ж. Ньепстің тұңғыш фотоаппараты (1826 жыл)

Фотография Қазақстанға 1841 жылдың 6 желтоқсанында аяқ басты. Тура сол күні Ордада «Жәңгір мектебінің» ашылу салтанатына Жәңгірхан Ресейден арнайы фотограф шақыртып, осы мектепке алғаш қабылданған оқушылардың ортасында отырып түскен фотосуреті тарихтан белгілі. Алайда, фотографияның сонау Еуропаның қақ төрінен бастау алып, айналасы бір-екі жылдың ішінде кең байтақ Қазақ жеріне жетуі қаншалықты жылдам болғанымен, оның мерзімді баспасөз беттерінен орын табуы соншалықты шабандық танытуы көңілге қаяу түсірмей қоймайтыны анық. Оның, әрине, өзіндік объективтік себептері жоқ емес еді. Біріншіден, өнеркәсібі әлі өрге басып үлгермеген бұл өлкеде мерзімдік баспасөзді басып шығаратын баспаханалар жоқтың қасы болды. Екіншіден, олардың бәрі де ескі, фотография клишелерін жасайтын цехтармен қамтамасыз етілмеді. Анда-санда газет бетінде көрініс тапқан фотосуреттердің өзі Мәскеуден арнайы дайындалған клишелер арқылы жіберіліп отырылды. Бұл іспен толығырақ шұғылдануға мүмкіндік беретін Республикалық баспахананың өзі де Қазақ АССР-нің астанасымен бірге Орынбордан Қызылордаға, Қызылордадан Алматыға көшіп отыруына байланысты жаңа техникалық жабдықтармен жарақтандыра алмады. Әйтпесе, фотография өнеріне деген қызығушылық Ресейден Қазақстанға қоныс аударушылар тарапынан да және жергілікті ұлт өкілдері арасынан да аз болған жоқ. Оның мысалы ретінде бүкіл саналы ғұмыры, атап айтқанда, 1899 жылмен 1958 жылдың аралығын қамтыған Дмитрий Поликарпович Багаевтың фотографиялық қызметі тек бір ғана Павлодар облысының өсіп-өркендеу жолына бағытталса, Евсей Ефимович Блехманның шығармашылық қызметі Қазақстан Республикасының алғашқы АССР болып құрылған кезінен кешегі тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңіне дейінгі тыныс тіршілігін әсте қалт жібермей, фото-кино аппараттарына арқау етті (1).



Д.П.Багаев түсірген фото(1930)



*Қазақтың алғашқы фотографы–
Шәңгерей Бөкеев*

Сондай-ақ 1901 жылы Бөкей ордасының жүз жылдық мерейтойына орай Петерборда өткен салтанатында II Николай патшадан фотоаппарат және оның құрал-саймандарын қоса сыйға алған Шәңгерей Бөкеев, ғасыр басынан бастап қазақтың сол кездегі бетке ұстар белгілі азаматтарының басым көпшілігінің шежірелік фотосуреттерін түсірсе, жер шарының жартысын жаяу аралағандағы көрген бейтаныс халықтың қиын да күрделі тұрмыс тіршілігін фотообъективке нысана етіп алған сансыз суреттердің иесі Әліби Жангелдиннің де фотография саласындағы баға жетпес бай мұралары туралы сөз етпеуге болмайды. Бірақ, өкінішке қарай, қазақтың танымал ақынының кешегі күнге дейін танылмай келген өнерінің және аты аңызға айналған революционер әрі қоғам қайраткерінің артына қалдырған осы еңбектерінің бірен-сараны ғана болмаса, көпшілігінің қолды болып, ұстағанның қолында, тастағанның жолында шашылып, із-түссіз жоғалып кетуі өзекті жанның өзегін өртейтіні сөзсіз. Оларды жинақтап-сақтап, мұражайларға немесе архивке өткізіп отырғанда, келешек ұрпақтың игілігіне жаратуға, қазіргі тәуелсіздік алған тұстағы тарихымызды түгендеуге зор септігін тигізер еді (3).

Фотография бастапқы кезде мерзімдік баспасөзді безендіру, көркемдеу құралы ретінде қолданылды. Оның баспасөз беттерінен тұрақты орын алуы 1932 жылдың 9 мамырынан басталды. Дәл сол күні Алматыда ВКП (б) Орталық Комитетінің партиялық баспасының Қазақстандағы филиалы ашылды. Соған байланысты баспахана техникалық тұрғыдан жаңартылып, газет-журнал беттерінде жарияланатын фотосуреттердің клишелерін жасайтын цех іске қосылды. Бұл өз кезегіне орай мерзімдік баспасөздің сапасын арттырумен қатар олардың бір орталыққа шоғырландырылуына мүмкіндік туғызды. Осылай фотография мерзімдік баспасөздің бетіндегі безендіру, көркемдеу құралынан бірте-бірте кеңейіп, журналистиканың жеке саласына қарай аяқ басты. Газет-журналдардың штаттық кестесіне фототілші мамандығы енгізілді (2).

Елімізге қауіп-қатер болып төнген екінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан бұл кезде көптеген облыстық, аудандық газеттер жабылып қалды. Енді-енді

жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақ фотожурналистикасы осы уақытта сәл болса да тоқырауға тап болды. Оның қайта өрлеуі, соғыстан кейінгі елуінші жылдардың екінші жартысынан басталды.

Әдебиет

Агафонова Н. А. Искусство кино: этапы, стили, мастера: Пособие для студентов вузов. – Мн.: Тесей, 2005. – 192 с.

Стигнеев В.Т. Век фотографии, 1894–1994: Очерки истории отечественной фотографии. – М.:Либроком, 2012. – 392 с.

Атабаев Қ.,Сексенбаева Г. Аудиовизалды құжаттар: тарихи дереккөздері ретіндегі маңызы мен ерекшеліктері.//Қазақ тарихы. 2013,№3(120),18-20 беттер.

16. ДЕРЕКТЕРДІ ІЗДЕУ ӘДІСТЕРІ

Жоспары

- 1.Библиографиялықэвристика.
- 2.Мұрағатта жұмыс істеу әдістері.
- 3.Деректерді интернет арқылы іздеу.

1. Библиографиялықэвристика

Тарихи деректер үлкен екі топқа бөлінеді дедік жоғарыда. Оның бірі жарияланған ал енді оның басым көпшілігі жарияланбаған. Бірінші топтағылары кітапхана, мұражайлар мен жеке тұлғалардың отбасылық кітапханаларында сақталса, екінші топқа жататындары мұрағаттар мен мекемелер мен кәсіп орын мұрағаттарынан табуға болады.

Әлбетте, зерттеуші өз жұмысын бастамас бұрын деректерді іздеп табу әдістерін толық меңгеруі қажет.Олай етпесе зерттеу жұмысының нәтижелі болып аяқталуы неғайбыл. Сондықтан қазір әңгіме жарияланған жазбаша деректерді іздеу,табу жөнінде болмақ. Бұл әрекетті ғылымда**библиографиялықэвристика** деп атайды.

Кітапханалар жөнінде жалпы мағұлымат.Жарияланған деректер көбіне кітапханаларда сақталады дедік. Кітап бастыру,оны жинақтап сақтау тарихы көне заманнан басталған.

Библиотека грек сөзі. Аудармасы. *biblion* «кітап» и *thēkē* «сақтау орны») – Бүгінде кітап сақталатын, оны қалың бұқара халықтың пайланудың ұйымдастыратын мекемені кітапхана деп атаймыз. Бұл мекеме сонымен қатар анықтамалы-ақпарат қызметімен және белгілі авторларды насихаттаумен айналысады.

Соңғы жылдары кітапхана қобына ақпарат таратудың жаңа түрі болып есептелетін электронды құралдарға (CD-ROM, DVD-ROM) түсірілген деректерді сақтауға алынууда.

Әлемдегі мыңдаған кітапханалар бірнеше түрге бөлінеді:

- Мемлекеттік
- Бюджеттік
- Муниципальдық
- Жеке меншіктік
- Отбасылық
- Оқу орындарындағы

Әмбебап кітапханалардың әлеуметтік түрлері:

- Көпшілік
- Зағиптар кітапханасы
- Балалар
- Жастар
- ЖОО
- Академиялық
- Салалық
- Және басқалар

Арнаулы салалық кітапханалар:

- Медициналық
- Ауылшаруашылық
- Техникалық
- Көркем шығармалап сақталатын.
- Және басқалар

Әлемдегі ең ірі кітапхана қатарына мына төмендегілер жатады:

- Ниневиядағы Ашшурбанипал кітапханасы.
- Эллинизм заманындағы Александрия кітапханасы.
- Пергам кітапханасы.
- Отрар кітапханасы.
- Кордовадағы Екінші аль-Хакам кітапханасы.
- Ватикан апостол кітапханасы.
- Француз ұлттық кітапханасы.
- Қытай ұлттық кітапханасы.

- Миландағы Амброзиан кітапханасы.
- Флоренциядағы Лауренцианкітапханасы.
- Вашингтондағы Конгресс кітапханасы.
- Лондонкітапханасы (әлемдегі ең үлкен кітапхана 150млн дана кітап).
- Оксфорд университетінің кітапханасы.
- Ресей ұлттық кітапханасы(б. көпшілік)Санкт-Петербург қаласында.

Бүгінде елімізде 251 млн кітап қоры бар 15 мың кітапхана бар. Оның 7771 мемлекеттік, кітап қоры 102 млн. дана., қазақ тілінде 22 млн. Балалар кітапханасы – 664, жастар – 30. 1992–1993 жылдар арасында . 466 кітапхана жабылды, 763 кітапхана жойылды, оның ішінде – 86 балардікі, біреуі жастардікі.Олардың құрамы төмендегідей:

- ҚР ұлттық академиялық кітапхана Астанақаласы.
- ҚР БҒМ орталық ғылыми кітапханасы.
- Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана.
- Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана.
- Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы.
- Қарағанды мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы.
- Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің ғылыми кітапханасы.
- Тараз мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы.
- Зағиптар мен көзі нашар көретіндердің республикалық кітапханасы.
- Президент мәдени орталығының кітапханасы.
- М.С.Бегалин атындағы мемлекеттік балалар кітапханасы.
- Аль-Фараби атындағы ҚазҰУғылыми кітапханасы.

Қазақстан республикасы ұлттық кітапханасы1931жылы 12 наурызда ашылды.Алғашқы директорыболып көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосов тағайындалды. 1991 жылдан «Ұлттық» статусына ие болды.

Негізгі мақсаты –Қазақстан туралы барлық әдебиетті бір жерге шоғырландыру Кітап қоры–6,3 млн.Кітапханаға жылына 1млн. артық адам келеді.1500 оқырманға арналған оқу залы бар.Кітапхана елімізде жарық көретін барлық басылымдардың бір данасын алдырып тұрады.

Қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігінің орталық ғылыми кітапханасында 770 мыңнан аса кітап бар. Қордың құрамында кітаптар, мерзімді баспасөз, аудиокітаптар, электронды басылымдар, карталар, нота басылымдары,ашық хаттар, микрофиша,және зағиптарға арналған кітаптар. Кітапханада 30-ға жақын еліміздің ғылым, мәдениет және қоғам қайраткерлерініңжеке кітап және коллекциялары сақталған

Қазақстанның әрбір облысында, аудан орталықтары мен ірі қалаларында кітапханалар жұмыс істейді.

Мысалымына төмендегілерді атап өтуге болады:

- А.С.Пушкина атындағы Шығыс Қазақстаноблыстық кітапханасы.
- Ш.Уалихановатындағы Жамбыл облыстық кітапханасы.
- Қарағандыоблстық әмбебаб ғылыми кітапхана.

- Қарағандыоблстық жастар кітапханасы.
- Л.Н.Толстой атындағы Қостанай облстық әмбебаб ғылыми кітапхана.
- Ы.Алтынсарин атындағы Қостанай облыстық балалар және жастар кітапханасы.
- С. Торайғыров атындағы Павлодар облыстық кітапханасы.
- А.С.Пушкина атындағыОңтүстік Қазақстан облыстық кітапханасы.
- М.Жұмабаев атындағы Ақмола облыстық кітапханасы.
- С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық кітапханасы.
- Ж.Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстаноблыстық кітапханасы.
- А.Тәжібаев атындағы Қызылордаоблыстық кітапханасы
- С.Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық кітапханасы.

Кітапханалар халыққа екі түрлі қызмет көрсетеді:

- Кітапханалықабонмент. Белгілі бір уқытқа кітапты үйге алып оқуға мүмкіншілік береді.
- Келесі жағдайда оқырман кітапті тек оқу залында пайдалана.
- Кейбір кітапханада тек абонмент қана,кейбірінде тек оқу залы бар. Ал көпшілігінде екеуі де бар.
- Оқырман жиі пайдаланатын кітаптар ашық сөрелерде тұрады.
- Әлбетте кітаптың басым көпшілігі сақтау қорында орналасқан. Оларды тек тапсырыс беріп алуға болады.
- Кітапханаларда сирек кездесетін кітаптар, қолжазбалар немесе мемлекеттік құпия сақталған кітаптар болуы мүмкін Олармен танысу үшін арнаулы рұқсат.

Кітапхана кез келген мемлекеттің рухан өмірінің деңгейі. Кітапханасы көп, халқының басым көпшілігі соның оқырманы болған елдің келешегі бар. Ондай ел өркениеттілердің қатарында. Орыстың көрнекті мәденит қайраткеріДмитрий Лихачевбылай деген екен *«Если в результате какой-нибудь разрушительной катастрофы с лица земли исчезнут все центры образования и культуры, если на свете не останется ничего, кроме библиотек – у мира и человечества будет возможность возродиться»*

Тарихы. Алғашқы кітапханалар көне шығыс елдерінде пайда болды. Бірінші кітапхана деп біз Вавилонның Ниппур қаласында табылған қысқа жазылған жазуларды айтамыз. Олардың жасы шамамен 4 жарым мың жыл.

Фив қаламының маңында табылған бейіттеб.э.д.XVIII–XVII ғасырларға жататын жәшікке салынған 20 мың папирус табылған.Ғалымдардың айтуынша олар Жаңа патшалық заманында ел билеген Екінші Рамзесс жинаған.

Ең белгілі көне шығыс кітапханасының негізін салушы б.э.д. VII ғасырда өмір сүрген Ассирия патшасы Ашшурбанипал. Мұндағы қыш тақтайшалардың көпшілігі заң ақпараттарына арналған.

Көне Грекия елінде алғашқы кітапхана б.э.д. IV ғасырда ашылған.Антика заманының ең ірі кітапханасы б.э.д.III ғасырда Птолемей I негізін қаланғанАлександрия кітапханасы. Кітапхана сол жердегі музейдің бір бөлігі

болып саналды.Музейдің құрамына қонақтар дем алатын бөлмелер, оқу бөлмесі, асхана, ботаникалық және зоологиялық бақ,обсерватория кірді.

Кейінде медицина және астрономия құрал-жабдықтары, жануарлардың тұрыптары,статуя және бюст сяқты оқу процесіне қажетті заттарды қойды.

Кітапханада 200 мыңға жақын папирус қолжазбалары және (антикалық авторлардың шығармалары) 700 мың дана құжаттар сақталды. Музей жәнеАлександрия кітапханасының біраз бөлігі б.э. 270 жылдары жойылып кетті.

Ортағасырлық Еуропада кітаптар көбіне монастырларда жинақталды.АвстриадағыэулиеФлорианмонастырында,30 мыңға жақын кітап бар.Олардың жанында қолжазбалардың көшірмесін жасайтын шеберханаларыболды.Оны скрипторий (лат. Scriptorium от scriptor жазушы, көшіруші деген мағынаны білдіреді) деп атады. Осындай шеберханалары VI–VII ғасырларда пайда болған. Онда христиан дінінің қасиетті кітаптары,кейбір шіркеу қызметкерлерініңжәне антикалық авторлардың шығармалары көшірілді. Қайта өрлеу заманында грек және латын тілінде жазылған кітаптарға деген қызығушылық артты. Сондықтан қолжазбалардың баға жетпес құндылығына байланысты болады шынжырлап сақтауға мәжбүрлік

Кітап басу өнері екі жерде пайда болды. Алдымен Қытайда б.э. 581 жылы, кейін, Орта ғасырда Еуропада.Иоганн Гүттенберг 1440-жылдардың орта шенінде қозғалмалы литер арқылы кітап басу өнерін меңгерді.Әлбетте бұл құбылыс Әлем халықтарының рухани әлемінің өркендеуіне зор әсерін тигізді.Енді кітапханалар архивтен өзгеше жаңа кітап қорымен(**Google мәліметі бойнша әлемде 130 млн. кітап бар**).

Кітапнама (немесе Библиография)(көне грек: *biblion* – кітап және көне грек: *drapho* – жазу) – баспа өнімдері жөнінде ақпараттық мағлұмат беріп, оларды жүйелі насихаттайтын ғылыми-практикалық қызметтің бір саласы. Ол кітаби мұраларды, библиография тарихын, теориясын, библиография қызметті ұйымдастыру жолдарын зерттейтін ғылыми пән ретінде де қолданылады. Баспа өнімдерін іріктеп, оларды жүйелі түрде саралау, ғылыми сипаттама беру және қысқаша мазмұнын ашу арқылы библиография ғылым мен мәдениет дамуының деңгейін айқындауға көмектеседі, ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағыт сілтейді, белгілі бір ғылыми қағидаларды, саяси, философияжәне эстетика көзқарастарды, техника жетістіктерді таратуға мүмкіндік туғызады.

Бүгінде тарих ғылымы саласында жарияланған деректербаршылық. Мұның өзі тарихшы еңбегін біршама жеңілдетені белгілі. Ол тек соларды еш қиндықсыз тауып алу әдістерін меңгеруі қажет.Тарихи деректерді жариялау түрлері сан алуан. Ескерте кетер бір жай деректердің алғашқы және қосымша басылымдары болады. Біріншісі жарияланған деректің мәтіні, екіншісі сол жарияланым жөніндегі ақпарат.

Деректердің алғашқы басылымына деректерді мезгілсіз, мерзімді,оларды және оларды тұрақы жариялау жатады. Екіншісіне басылымдарды аналитикалық-синтетикалық және логикалық талдау нәтижесі жарияланады. Бұлар төмендегідей.

Ақпараттық басылымдар

- а) деректің қысқаша мазмұны реферативті журналдарға жарияланады;
- б) жарияланған деректердің толық мазмұны экспресс-ақпарат басылымына жарияланады.
- в) шолулар белгілі бір тақырып бойынша зерттелу барысы мен келешегі туралы ақпарат беріледі.:

Анықтамалық әдебиет (мысалы, энциклопедиялар – жалпы және салалалық басқа да анықтамалық әдебиеттер, энциклопедиялық, тақырыптық, түсіндірмелік, этимологиялық, терминологиялық, қостілді, көптілді және басқа дасөздіктер).

Библиографиялық құралдар (мерзімді, мерзімсіз, тұрақты).

Библиографиялық құралдар дегенімізбілгілі бір принциппен ретке келтірілген әдебиеттердің сипаттамасын айтамыз.

Библиографиялық құралдардың бірнеше түрлері бар.

Кітаптар мен мақалалардағы әдебиеттер тізімі.

- Библиографиялық көрсеткіштер (кітаптың мазмұны көрсетілген қосалқы құралдар, кейде бөлек кітапша ретінде),
- Библиографиялық шолу (белгілі бір тақырып бойынша шолу)
- Өзінің қызметі жағынан **библиографиялық құралдар есептеу-тіркеу сипатында болуы мүмкін.**

Студенттің дайындығына байланысты ұсынылатын әдебиеттер тізімінде кітаптың немесе мақаланың аты көрсетіледі, Содан кейін олар ғылыми-қосалқы библиографиялық құралдарды пайдаланады.

Библиографияның бір ғалымның немесе жазушының шығармашылығына арналған жеке тұлғалық, жер ел тарихына туралы әдебиет жинақталған өлкетану және елтану сияқты түрлері болады.

Тарихи библиография.

Жарияланған деректерді іздестіруде зерттеушіге тарихи библиографияның берері мол. Оның негізгі мақсаты іздестірудің әдіс-тәсілдерін қарастыру, библиографиялық сипаттау, деректерді іріктеу, деректер мен әдебиетті ғылыми түрде жүйелеу және алынған ақпаратты зерттеушіге ұсыну.

Библиографиялық ізденіс әдістері. Ізденіс барысында зерттеуші екі түрлі әдісті пайдаланады. Бірі **жаппай** (сплошной) іздеу, екіншісі **іріктеп** (выборочный) іздеу. Жаппай іздегенде қажетті дерек бар еді деген барлық басылым тексіріледі. Бұл әдіс көп уақыт пен орасан зор еңбекті қажет етеді. Лажы болса іріктеп іздестіру әдісін пайдаланған жөн. Бұл үшін библиографиялық құралдарды пайдаланудың тәсілдерін терең білу қажет. Мысалы, кітаптар мен мақалалар жылнамаларының (Летопись книг и газетно-журнальных статей) көмегіне сүйенген абзал.

Деректерді іздеудің мақсаты мен шарттары. Оның әр түрі бар. Барлығына бірдей ортақ схема жоқ. Кейде тақырып бойынша барлық жарияланған деректерді жинап алған жөн. Ал енді екінші бір жағдайда негізгі дегендерін жинасаңыз да жеткілікті. Бірде деректердің мәтінімен мұқият әрі толық танысу

қажет болады. Келесі бір жағдайда деректер туралы анықтамалық-ақпараттық басылымдардағы мәлімет те жеткілікті.

Тарихи деректер жариялануының ескісі бар, жаңасы бар. Қайсысын алдымен, қайсысын кейін талдау керек. Деректерді іздеу процесі осыған да байланысты. Алдымен олардың жаңа басылымдарынан бастаған дұрыс. Себебі, көбіне бұрын, ертеректе жарияланған деректер қайта басылуы мүмкін.

Деректер мен тақырыпқа байланысты іздеудің бірнеше жолдары бар. Алдымен кез келген монографиядағы әдебиеттер тізіміне көңіл аударған жөн.

Алғашқы мағұлыматты зерттеуші сол жерден табады. Мұндайда мақалалар жинақтарын қарастырған жөн. Өйткені әрбір мақала соңында сілтемелер тізімі беріледі. Әлбетте кітап бастыру оңай шаруа емес. Осы жұмыстың соңында зерттеуші екі-үш жыл жүріп қалуы мүмкін. Ал осы аралықта оның пайдаланған деректері мен арнаулы әдебиеттері ескіріп қалады. Сондықтан да ол өзінің ғылыми жаңалығын мақала арқылы ғылыми көпшілікке жедел таныстыруға тырысады.

Зерттеу тақырыбы бойынша азды-көпті әдебиеттер тізімін жинап алғаннан кейін ол кітапханаға жол тартады. Алдымен кітапқа, кітапханаға байланысты жиі кездесетін терминдермен танысып алайық.

Каталог грек (*katalogos*) сөзі – *тізім* деген мағынаны білдіреді. Оның бірнеше түрлері болады.

Каталог – 1. Кітаптардың жүйелі тізбегі көрсетілген, анықтамалық және жарнамалық басылым. Осы мағынада «Проспект» «Каталог проспект» деген терминдер қолданылмайды;

Карточкалы каталог – нұскалы карточкалармен каталогтық бөлгіштерден жинақталған кітапханалық каталог.

Жергілікті басылымдар каталогы – тақырыбына байланыссыз белгілі аймақ көлемінде басылып шыққан баспа шығармаларының жинақталған каталогы. Бұл шығармаларға жазылған сипаттама карточкалар басылу жылына қарай бөлініп, оның ішінде авторлардың (туынды шығармалардың) аты-жөні мен тақырыбының алфавит реті бойынша орналасады. Жергілікті басылымдар каталогы өлкетану каталогын қосымша толықтырады.

Мерзімді басылымдар каталогы – мерзімді басылымдардың кітапханада бар жиынтығы мен жеке нөмірлері туралы мәліметтер беретін (әдетте алфавит реті бойынша орналасатын) каталог.

Каталогтаушы – баспа шығармаларына кітапхана каталогтарын ұйымдастыратын, библиографиялық сипаттама жазу, жіктеу, пәндеу, жүргізу және редакциялау (саралау) жұмыстарын жүзеге асыратын кітапхана қызмекерлері.

Каталогтау – баспа шығармаларын кітапханалық өңдеу, сипаттама жазу, жіктеу және пәндеу, сондай-ақ кітапхана каталогын ұйымдастыруға кіретін процестер мен операциялардың бір бөлігі болып табылатын әдістер мен процестер жиынтығы

Басылымды каталогтау – орталықтанған каталогтау түрі - каталогтық карточка макетін тікелей кітаптың өзіне басып шығару. Каталогтық айырғыш –

жәшіктегі каталог карточкаларынан сәл биіктеу татты материалдан жасалған карточка. Айырғыштарда, бірқатар библиографиялық жазбалардың ортақ белгілерін біріктіретін автор шығармасының (аты-жөні, мекеме аты, пәндік айлар, жіктейтін нұсқа таңба т.с.) мәліметтері көрсетіледі.

Каталог шкафы – каталогтық карточкалар сақтауға арналған шкаф. Мөлшерлері мен модельдері әртүрлі. Ішінде каталог жәшіктерін орналастыратын ұялардан тұрады. Олар ағаштан, металдан, пластмассалардан жасалады.

Каталог түрлері: алфавиттік, жүйелі және пәндік.

Каталогтың бірінші түрінде кітапханадағы барлық басылым алфавит бойынша беріледі. Жүйелі каталогта әдебиет универсалдық классификация бойынша орналасқан. Әдебиетті ондық жүйе бойынша талдауды ойлап тапқан 1873 жылы Америка коллеждерінің бірінің студенті М.Дьюн. Мұндай топтау кітаптарды кітапхана сөресінен тез тауып алу мақсатында қажет болды. Ғылыми әдебиет мыны төмендегі тәртіппен орналастырылды.

100 философия және психология

200 дін

300 қоғамдық ғылымдар

400 тіл

500 жаратылыстану және математика

600 техника (қолданбалы ғылымдар)

700 өнер бейнелеу және декоратив өнері

800 әдебиет және шешендік өнері

900 география және тарих

Ал енді пәндік каталогта басылым мазмұны бойынша топталады. Олар белгілі бір рубрика бойынша біріктіріледі.

Каталогтың көмегі: Каталог кітапхана қорының мазмұнын көрсетуде, оқырмандардың қажетті кітапты тез тауып алуында, кітапхана міндеттерін шешуде көмекші құрал болып табылады. Кітапхананың кітап қорын жасайтын түрлі тақырыптағы баспадан шыққан шығармалар мен оқырмандар талабының әрқилылығы каталогтың күрделі жүйесін құруды қажет етеді. Атқаратын қызметіне қарай каталог – *оқырмандар каталогы* және *жұмыс каталогы* болып бөлінеді. Жұмыс каталогына оқырмандар сирек талап ететін және ескірген әдебиеттердің тізімі енеді.

Каталогтарға баспадан шыққан шығармалар түрлері тізіледі: кітаптар, мерзімді басылымдар, графикалық шығармалар, стандарттар, патенттер және авторлық куәліктер. Ірі кітапханаларда кітапхананың толық қорын қамтитын бас Каталогпен қатар бөлімдердің қорын көрсететін Каталогтар құрастырылады. Кітапхананың және кітапханааралық абоненттің ақпараттық қызметі кеңейген сайын жинақтау Каталогның маңызы артады. Ол бірнеше дербес кітапханалардың қорын көрсетеді және территориясына не саласына қарай жасалады. Форма жағынан каталогтар карточкалы каталог, баспалы каталог (кітап түрінде), блоккарточкалы каталог (блокнот немесе альбом

түрінде) болады. Мезгілінде толықтырып, өзгертіп отыруға ыңғайлы болғандықтан, карточкалы каталог көп тараған.

Библиографиялық көрсеткіштермен жұмыс істеу әдістері

Көрсеткіштерді дұрыс пайдалану зерттеуші жұмысын көп жеңілдетеді. Олар кітапхананың анықтамалық – библиографиялық бөлімдерінде орналасқан. Зерттеу жұмысыңды деректермен қамтамасыз етуде, олардың авторларын, датасын, шыққан жері сияқты мәліметтерді анықтағанда көрсеткіштердің көмегі мол.

Әлем тарихы, оның кезеңдері, белгілі бір өңір тарихы, нақты бір проблемаға арналған көрсеткіштер болады. Осы күні тарих ғылымының салалары жөніндегі әдебиеттерді жинақтаған, тарихи журналдар мен жинақтарда жарияланған мақалаларға арналған көрсеткіштер де бар. Тіпті деректердің әр түрлерін топтастырған көрсеткіштер де жарық көруде. Бірақ олардың бар екендігін біліп қою аз, олардан өзіңе қажет ақпарат алу әдістерін меңгерген жөн.

Көрсеткіштермен жұмыс оның мазмұнымен мұқият танысудан басталады. Бұл жердегі материал сені тақырыбыңа сәйкес келе ме? Хронологиялық шеңбері қандай?

Одан кейін оның кіріспе бөлімінен әдебиеттердің территориялық немесе жазылған тілі бойынша жинақталғандығын анықтайсыз.

Содан кейін мына төмендегі сұрақтарға жауап іздейсіз: а) жинақтарға жарияланған мақалалар бар ма? б) диссертация авторефераттары кіргізілген бе? в) депондалған (Ғылыми-ақпарат институтында ғылыми зерттеулердің нәтижесі туралы қолжазба сақтауға қабылданады да оның рефераты арнаулы журналдарға жарияланады. Мұндай жұмыстар жарияланған болып есептеледі.) ғылыми жұмыстар қамтылған ба?

Көрсеткіштің барлық бөлімдерін мұқият қараған жөн. Бір бөлімін қарап, екіншісін тастап кетуге болмайды. Ескерусіз бөлімде сізге ерекше қажет материалдар болуы мүмкін. Әсіресе *қысқартылған сөздер* тізіміне көңіл аударыңыз. Онда қажетті бір басылымның толық аты болады. Қосалқы тізімнің (алфавиттік, географиялық, пәндік) де көмегі шексіз.

Библиографиялық көрсеткіштер арқылы. Сондықтан да олардың әрқайсына сипаттама берудің артықшылығы бола қоймас.

****Библиографияның библиографиясы.*** Тарихты әр кезеңі, проблемасы тақырыбы бойынша да көрсеткіштер болады. Жалпы тарихшы дерек жинаудағы жұмысын осыдан бастау керек.

****Анықтамалық әдебиет.*** тарихшы толып жатқан анықтамалық құралдарды білуі керек. ондағы мәліметтердің көмегі орасан зор. Қажетті цифрлық мәліметтерді, даталарды анықтауға, терминдерді, түсініктерді, сөз-тіркестерін, жасырын сөздерді түсінуге көмектеседі.

****Энциклопедиялар.*** Осы типтес анықтамалық басылымдар тарихшының бірінші кезектегі танысатын әдебиеттердің бірі. Олар ғылымның барлық

салаларынан мағұлымат беретін *универсалды, арнаулы және салалық* болып үшке бөлінеді. Олар кейде көп томдық немесе қысқаша сөздік болып келеді.

***Библиографиялық сөздіктер.** Соңғы жылдары жеке тұлғаларға арналған басылымдар көптеп жариялануда. Тарихи уақиғалардың бел ортасында жүріп, белсенділік көрсеткен, немесе ерлігімен көзге түскен, ел, мемлекет басқарған тұлғалар тарихтан өз орындарын алуда. Солардың жеке өмірімен таныса отырып оның заманы жөнінде кең мағұлымат алуға болады.

***Географиялық сөздіктер.** География мен тарих егіз. Кез келген тарихи уақиға белгілі бір кеңістікте өтеді. Сондықтан тарихшы үшін географиялық сөздіктердің берері мол. Тарихшы елдің, жердің, өзен-көлдің, тау-тастың, жол-торабының толық та дұрыс атынанықтауда осы сөздіктердің көмегіне жүгінеді.

***Түсіндірме және терминдік сөздіктер** Тарихи деректерде түсініксіз сөздар мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Солардың мағынасын дұрыс түсіну үшін, олардың қолдану аясын анықтау үшін сөздіктер пайдалануға тура келеді.

2. Мұрағатта жұмыс істеу әдістері

Жарияланбаған тарихи деректер әлемдегі мұрағаттарда сақталады дедік жоғарыда.

Қазақ архивының тарихы.

Еліміздегі ең алғашқы мұрағат болып 1836 жылы Бөкей Ордасында ашылған құжаттар қоры сақталған мекеме болды. Ол өз қызметін 1917 жылға дейін жалғастырды. 1927 жылы онда жинақталған құжаттар қоры Алматыдағы мемлекеттік мұрағатқа өткізілді.

1887 жылы Орынбор қаласында губерниялық Ғылыми мұрағаттық комиссия құрылды. Негізгі мақсаты әртүрлі мекемелерде қордаланған 21194 дана құжаттарды талдап, сақтауға дайындау. Құрамында 25 адам бар комиссия жұмысын бастап кетті. Оның жанынан 11 мың дана кітап қоры бар кітапхана ашылды. Ғылыми мұрағат комиссиясы 35 том етіп өз мүшелерінің ғылыми еңбектерін жариялады.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1918 жылы РСФСР ХКК **«О реорганизации и централизации архивного дела»**, деп аталатын декреті бойынша еліміздегі мұрағаттар қызыметі қайта құрылды.

1921 жылы Қазақстандағы алғаш рет Орталық өлкелік мұрағаты құрылды. Мұрағат мелекеттік статусын алды. 1928 жылы Қазақ АКСР ХКК мен ОАК **«О сдаче Казахскому центральному архиву печатных и иллюстративных материалов, негативов, фотоснимков кинофильмов, имеющих историко-революционный интерес, а также архивов бывших ханов, султанов, активных деятелей и сторонников бывшего правительства Алаш-Орды и других архивных материалов»** деп аталатын қаулысы бойынша мұрағат қоры толықтырылды. 1929 жылы астананың Алматыға көшуіне байланысты Орталық мұрағат бұрынғы Жетісу обылысының мұрағат құжаттарымен толықты. 1940 жылы Омбы қаласынан 40 мыңға жақын құжаттар әкелінді. Сөйтіп осы жылдары қазақ тарихына байланысты шашырап жатқан тарихи деректер бір

жерге жинастырылып 844 қордан тұратын, Кеңес үкіметіне дейінгі 200 мың құжат жинақталды.

1941 жылы Орталық мұрағат «Қазақ ССР Орталық мемлекеттік тарихи мұрағат» және «Қазақ ССР қазан революциясы және социалистік құрылыс Орталық мұрағаты» болып екіге бөлінді. 1943 жылы «Қазақ ССР мемлекеттік».

1957 жылы үшеуі бірігіп «Қазақ ССР мемлекеттік Орталық мұрағаты» болып қайта құрылды. 1974 жылы одан «Қазақ ССР мемлекеттік Орталық ғылыми-техникалық документтері мұрағаты» және Қазақ ССР мемлекеттік Орталық Қазақ ССР мемлекеттік Орталық кинофото документтері мұрағаты» бөлініп шықты.

Бүгінде ҚР мемлекеттік Орталық мұрағатында 1 млн. 500 мың іс бар. 80-жылдық тарихы бар мұрағат қызметкерлері 100-ден аса құжаттар жинағын дайындап баспадан шығарды. Бұл тарихшылар үшін аса құнды материалдар болып есептеледі. Еліміздің әрбір облысында, ауданында мұрағаттар жұмыс істейді. Одан басқа әрбір мекемеде, кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдардың өз мұрағаттары бар.

Мұрағат құжаттарын іздестіру оңай шаруа емес. Өйткені зерттеуші өз тақырыбы бойынша бірнеше мұрағат қорларын пайдалануға мәжбүр болады. Сондықтан ол мұрағат қорларымен жұмыс істеу әдістерін меңгеруі қажет.

Мұрағаттың қай жерінде не бар екендігін білуге көмектесетін әдістемелік құралдардың бірнеше түрлері іздеу жұмыстарын тиімді етеді. Солардың бірі **мұрағаттық жолкөрсеткіш**. Мұрағаттық жолкөрсеткіш дегеніміз мұрағат қорлары туралы жүйелі түрде белгілі бір схема бойынша мәлімет беретін анықтама түрі. Оның **тізім тәріздес, қысқаша** және **тақырыптық** сияқты түрлері болады. Онда қорлардың сипаттамасы, қор құрушы туралы мәлімет, қор құрамының аннотациясы және библиографиялық анықтама сияқты қажетті мәліметтерден ақпарат алу мүмкіндігі бар. Жолкөрсеткіште әрбір қордың нөмірі, атауы, ондағы істердің саны, хронологиялық шегі, қор құрушы туралы мәлімет және ондағы құжаттардың қысқаша аннотациясы келтіріледі.

Міне осындай құралдармен мұқият танысу зерттеуші уақытын үнемдейді. Дегенмен қордағы құжаттармен танысқанда ғана ондағы мәліметтердің қажеттілігіне көз жеткізесіз. Мұрағат қорларын үлкен екі топқа бөлеміз. Бірінде **мемлекеттік мекемелер**, екіншісінде **жеке тұлғаларға байланысты туындаған құжаттар** сақталады. Соңғысы кітапханалар мен мұражай қорларында сақталуы мүмкін.

Мекемелердің, өнеркәсіп орындарының және қоғамдық ұйымдардың жазбаша деректері, іс қағаздары мемлекеттік немесе ведомство мұрағаттарында сақталады. Сондықтан мұрағаттағы жұмыс уақытыңызды үнемдеу үшін сол мекемелердегі іс қағаздарын жүргізу тәртібімен танысқан жөн.

Ресми құжаттардың негізгі бөлігі мемлекеттік немесе ведомстволық мұрағаттарда сақталады. Ал Орталық мемлекеттік мұрағаттарда орталық мемлекеттік мекемелердің құжаттары сақталады.

Мұрағаттың ғылыми-анықтамалық аппараты. Мұрағат, мұражай және кітапханалардың қолжазба қорларындағы құжаттарды пайдалану жұмыстарын

тиімді ұйымдастыру үшін ғылыми-анықтамалық және есептеу аппараттары жабдықталады. Оларда қордағы құжаттардың саны мен сапасы туралы мәліметтер бар. Бұлар зерттеушіге іздестіру және құжаттарды іріктеу барысында үлкен көмек көрсетеді. Әрбір қордың, коллекцияның және сақтау бірлігінің өзіне тән нөмірі болады. Ғылыми –анықтамалық аппарат есептеу құжаттарынан, анықтамалардан және ақпараттық анықтамалардан тұрады. Есептеу құжаттарына описер, тізім және қор беттері, қорлық кәртiшкелер жатады.

Негізгі есептеу құжаты **опись** болып саналады. Опись қорды топтау жүйесін бекітеді. Ол сонымен қатар әрбір сақтау бірлігіндегі құжаттардың құрамы мен мазмұны туралы ақпарат береді. Сөйтіп өзіне қажетті дерк іздеген зерттеушінің жұмысын жеңілдетеді.

Мұрағаттағы келесі құжат **инвентарлық опись** деп аталады. Бұл есепке алу құжаты әрі оларға сипаттама беретін анықтамалық. Онда өз алдына нөмірі бар істердің атаулары және құрамы жөнінде ақпарат бар. Қордың барлық описеріне жалпылама мәлімет беретін анықтамалықты **тізім (список)** және **қор беттері (листы фондов)** деп атайды. Тізім қорлардың тізбесі, ал қор беттері әрбір қорға бөлек бөлек жасалады. Онда қордың атауы мен нөмірі, қайта атау және ведомстволық бағыныстылық жөнінде мәлімет бар. Сонымен қатар құжаттың қысқаша қорындалған құрамы мен мазмұнының сипаттамасы, әр описінің хронологиялық шегі және қордың сақталған орны көрсетіледі.

Мұрағаттағы **каталог, шолу** және **жолкөрсеткіштер** ақпараттық анықтамалық болып есептеледі. Мұрағат каталогтарында сақтаулы тұрған құжаттар туралы ақпарат болады. Онда қатырмалы кәртiшкеге тақырыбы, саласы және пәні жазылған мәлімет бар. Ол бөлім, тақырып және рубрикаға бөлінген.

Жүйеленген каталогта кәртiшкелер білімнің саласы және қызмет түрі бойынша, ал рубрика ішінде логикалық тәртіппен орналастырылады. **Пәндік-тақырыптық** каталогта кәртiшкелер алфавит бойынша пәндік белгілеріне қарай логикалық ретпен орналастырылады. **Хронологиялық каталогтарда** әрбір сақтау бірліктерінің жасалу уақытына байланысты құрастырылады.

Мұрағаттарда **мұрағат шолуы** деп аталатын анықтамалық бар. Бұлардың зерттеушіге тигізер көмегі зор. Өйткені онда кейбір құжаттар кешені туралы жүйеленген мәліметтермен қатар деректемелік талдаулар дайын күйінде кездеседі.

Істерді зерттеу, құжаттарды табу және іріктеу әдістері

Мұрағат қорларынан өзіңе қажетті дерек табу аса зор шыдамдылықты және еңбекқорлықты қажет етеді.

Анықтамалықпен танысқаннан кейін өзіңе қажетті деген істерге тапсырыс бересіз. Істің алғашқы және соңғы құжаттарымен танысқаннан кейін, оның қажеттілігі немесе қажетсіздігі белгілі болады. Осыдан кейін құжаттармен зерттеу жұмысы басталады.

Талдау үшін ірктеліп алынған құжаттарды *атрибуциялау* қажет. Яғни оның авторы, пайда болған уақыты, жазылған жері анықталады. Бұл үшін тарихи арнаулы пәндердің көмегіне жүгінесіз. Егер құжаттың авторы көрсетілмесе осы адамдар жазуы мүмкін дегендердің тізімі жасалады. Содан кейін құжаттың стиліне, жиі пайдалынатын сөздеріне және басқа да ерекшеліктеріне назар аударатырып тізімнің шеңберін тарылта бересіз. Құжатты атрибуциялаудың әдістері көп. Сондықтан зерттеуші соларды меңгеруге мәжбүр болады.

Мұрағат қорынан алынған құжаттың көшірмесі жасалады. Ондағы автордың ойы толық келтіріледі. Контекстен өз пікіріңді дәлелдейтін сөлемдерді жұлып алып пайдалануға болмайды. Кейде бір гипотезаны дәлелдейтін дерек аз болуы мүмкін. Онда қажетті құжаттарды басқа мұрағат қорларынан іздейсіз. Басқа бір зерттеуші жария еткен құжаттарды пайдалана отырып мұрағат қорына сілтеме жасауға болмайды. Бұл плагиат болып шығады. Өз концепцияңызды дәлелдеу үшін мұрағат құжаттарына фальсификация жасауға тағы болмайды.

Көшірменің әртүрлісі болады. Цитаталар өзгертілмей көшіріледі, фотоға түсіріп немесе ксерокөшірмесін түсіріледі. Кейде зерттеуші материалды өз сөзімен береді. Мұндай жағдайда әріптері мен сөз тіркестерін осы күнгі грамматикалық нормаларға сәйкестендіреді. Көшірмеде міндетті түрде мұрағат атауы, қордың сақтау бірлігінің және беттің нөмірі қойылады.

Мұрағаттағы жұмысыңызды аяқтар алдында қордың бірінші бетіндегі пайдаланушылардың тізіміне өзіңіздің аты-жөніңізді және қай уақытта жұмыс істегеніңіз жөнінде мәлімет толтырасыз.

Мұрағат қорынан алынған бағалы деректер сапалы талданып, зерттеу жұмысына негіз болса сіз тарих ғылымына қосқан сүбелі үлесіңіз болады.

3. Деректерді интернет арқылы іздеу

XXI ғасырда адамзаттың қол жеткізген Ұлыжаңалығы – интернетке қол жеткізуі. Оның Web-беттерінде (гиперсілтемемен байланысты электронды форматқа түсірілген құжаттар) тарихшыны қызықтыратын деректік мәні бар материалдар орасан көп. Бұлардың қатарына мұрағат құжаттарының, мұражай заттарының бейнесі, жарияланған деректердің, ғылыми әдебиеттердің электронды түрге түсірілген даналары жатады. Мұндағы материалдарды оқуға және көшіріп алу мүмкіндігі бар.

Зерттеуші интернетте арнаулы бағдарлама-браузер көмегімен жұмыс істейді. Оның кең етек алған түрі Internet Explorer и Netscape Communicator.

Ақпарат іздеу браузердің адрес жолына қажетті файлды салу арқылы іске асырылады. Адрестік ақпаратта файлдың аты және жолы, Internet-адрес Web-беті көрсетіледі.

Internetтен дерек іздеу мына әдістермен іске асады:

1. **Гиперсілтеме**, арқылы яғни электронды құжаттағы басқа құжатқа сілтеме
- Зерттеуші өз тақырыбы бойынша кез келген құжатты тауып алады да ондағы
2. «Іздеу машинасының» көмегін пайдалану:

***тақырыптық каталогтар (индекстер)**– іздеу тақырыптар мен жиі кездесетін сөздер арқылы іске асырылады. Каталог дегеніміз топталған аннотация тізімдері арқылы іздеу жүйесі. Онда Интернеттің басқа ресурстарына гиперсілтемелер бар. Сілтемелер базасын («индекс» деп те атайды) қолмен толтырады. Каталогтан іздеу тақырыптармен танысудан басталады. Нәтижесінде адресстердің аннотацияланған тізімін табасыз. Шетелдік тақырыптық каталогтардың қатарына Yahoo и Magellan жүйелері, ал Ресей елінің @Rus (АУ), Weblist жатады.

* **Іздеу жүйесі (робот) арқылы.**

* **Метаіздеу жүйесі (роботтардың роботы).**

* **Жедел іздеу.**

Интернеттің зерттеушіге көмегі:

- Электронды тарихи құжаттарға, басылымдарға қол жеткізу.
- Әр елдің мемлекеттік мекемелерінің мұрағатында сақталған, құпия емес құжаттарын пайдалану мүмкіндігі.
- Электронды кітаптарды пайдалану.
- Әртүрлі елдердің тарихына қатысты ақпарат алу мүмкіндігі.
- Заттай және бейнеленген деректерді пайдалану.
- Цифрланған кино-фото – и фоно – құжаттарды Журналдардың электронды нұсқаларын пайдалану.
- Виртуалды телеконференцияларға қатынасу.

Әдебиет

Архивоведение (учебное пособие), О.В. Вовкотруб, Л.Р. Фионова, Пензенский государственный университет, 2005.

Володин Б.Ф. Всемирная история библиотек. – М.: Профессия, 2004. – 464с.

Кондрашкина Е.В. Массовое библиотечное обслуживание. – М.: Литера, 2012. – 176с.

Доорн П. Электронный лабиринт: возможности и «ловушки» компьютерной системы Internet для историков // Круг идей: развитие исторической информатики. М., 1995, С.122–135.

Робачевский А.М. Глобальная сеть Internet // Информационный бюллетень Ассоциации «История и компьютер», № 13, март 1995, С.127–134.

Internet для историков // Информационный бюллетень Ассоциации «История и компьютер», № 23, 1998, С.172–194.

Кузембайұлы А. Из истории деятельности научных учреждений по изучению Казахстана XIX–нач. XX в.в. Алматы, Изд. "Гылым", 1990. – 68 с. (соавтор: Аханов Ж.) с.39–45.

Масанов Э.А. Очерки истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алматы, 1966.

ҚОРТЫНДЫ

Сонымен тарихи дерексіз тарих жоқ екендігін түсіндік. Деректану пәні тарихшы мамандарды дайындайтын оқу орындарының оқу жоспарындағы негізгі пәндің бірі. Негізгі мақсаты тарихи деректерді іздеу, табу және оларды талдап, зерттеу жұмысының кәдесіне жарату.

Әлбетте тарихи деректің теориялық-методологиялық проблемаларын игермей зерттеуші табылған деректен шынайы ақпарат алуы мүмкін емес. Сондықтан деректану пәнінің келесі міндеті шәкірттерге терең теориялық білім беру. Тарихи дерек дайын күйінде кітап сөрелерінде жатпайтындығы белгілі. Болашақ зерттеуші кітапханаға, музейге немесе архив мекемелеріне барғанда құжат қорларымен жұмыс істеп одан тиісті ақпарат алу әдістерін осы пәнді меңгеру барысында үйренеді.

Деректану ғылымы басқа гуманитарлы ғылымдарға қарағанда кезелеу дамыған. Гуманитарлы ғылымдар тарихи деректерге мұқтаж болғанымен оған тек XVIII ғасырда ғана көңіл аударылып, XIX ғасырдың орта шенінде өзінің зерттеу объектісі бар жеке бір ғылымға айналды. Осы күні деректану айналасына көптеген арнаулы пәндерді топтастырған тарих ғылымының кең арналы саласына айналды.

Өкініштісі, кешегі кеңес заманында да қазіргі тәуелсіз Қазақстанда да деректанушы дайындайтын арнаулы оқу орындары жоқ. Москва қаласындағы архивтану институты кеңес одағының барлық мекемелерін мамандармен қамтамасыз ете алмады. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шет елдердің мұрағат қорларынан мыңдаған құжаттар әкелінді. Амал қанша, оларды оқып, қазақ тіліне аударып, ғылыми айналымға кіргізетін мамандарға әлі де зәруміз. Арнаулы кафедра тек қана әл-Фараби атындағы Ұлттық университетте ғана бар. Тарих факультетінде оқытылатын деректану пәні студенттерді тек деректану негіздерімен ғана таныстырады.

Деректану ғылымы тек тарихшылар айналысатын ғылым емес. Ол пәнаралық байланысты қажет ететін ғылым. Бір елдің тарихи деректерін зерттеу үшін оның тарихын біліп қана қою аздық етеді. Ол елдің тілін, сол тілдің тарихын, алфавитін және оның ерекшеліктерін, жазу құралдарын, жазу материалдарын білгенде ғана тарихи деректен шынайы ақпарат алу мүмкіндігі туады.

Алдарыңыздағы оқу құралы министрлік бекіткен «Деректану» бойынша қалыптағы бағдарламаны негізге ала отырып 2004 жылдан бері тарих факультетінің студенттеріне оқылған лекциялар мен басқа да оқу жұмыстары тәжірибелерін пайдалану нәтижесінде жазылды.

Оқу құралы кемшіліксіз деп айта алмаймыз. Оны жазу барысында автор көптеген қиыншылықтарға кездесті. Қазақ тарих ғылымында кездесетін терминдер осы күнге дейін бір ізге салынбаған. Әлемдік тарихи шығармаларда кездесетін терминдерді аудармауға тырыстық. Кейбір орыс тіліндегі терминдердің қазақ тіліндегі баламасы жоқ болып шықты.

Оқу құралының мазмұнын жақсарту жолындағы ұсыныстарыңыз болса мыны төмендегі телефонға хабарласуыңызды өтінеміз: 8-777-795-76-50.

КУРС БОЙЫНША ӘДЕБИЕТТЕР

- Атабаев К.* Қазақстан тарихының деректанулық негіздері Оқу құралы: Алматы: Қазақ университеті, 2002. 302 с.
- Атабаев К. М., Қадыртаева М. А.* Деректанудың теориялық мәселелері. Алматы, 1999.
- Ковальченко И. Д.* Источниковедение истории СССР. М., 1973., М., 1981.
- Медушевская О. М.* Теоретические проблемы источниковедения. Учебное пособие. М., 1977.
- Голиков А. Г., Круглова Т. А.* Источниковедение отечественной истории: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / А. Г. Голиков, Т. А. Круглова. – 2 изд. – М., 2008.
- Данилевский И. Н., Кабанов В. В., Медушевская О. М., Румянцева М. Ф.* Источниковедение: Теория, история, метод. Источники российской истории. – М., 2000.
- Яковлев С. Ю.* Основы источниковедения. – Армавир, 2007. С. 24–33.
- Шановалова Н. Е.* Структура исследования архивного источника / *Яковлев С. Ю. Шановалова Н. Е.* Основы архивоведения. – Армавир, 2002. С. 22–26.
- Пушкарёв Л. Н.* Классификация русских письменных источников по отечественной истории. М., 1975.
- Ланглуа Ш. В., Сеньобос Ш.* Введение в изучение истории. Спб., 1899.

Қосымша әдебиеттер

- Қазақстан тарихы парсы деректемелерінде Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
- Қазақстан тарихы антикалық авторлар шығармаларында. 2 томдық, Астана: Фолиант, 2005.
- Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 1-2 т. Алматы. 2005.
- Қазақстан тарихы араб деректемелерінде. 3 томдық. Алматы: Дайк-Пресс. 2005.
- Қазақстан тарихы туралы түркі тілдес деректемелері. В 5-томдық. Алматы: Дайк-Пресс. 2005.
- Қазақстан тарихы XII–XX ғғ. батыс деректемелерінде. 10 – томдық. Алматы. 2005
- Қазақстан тарихы XVI–XX ғғ. орыс деректемелерінде. Алматы. 2005.
- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.* Қазақ шежіресі А. 1993.
- Зиманов С. Өсеров Н.* Қазақ әдет ғұрып заңдарына шариаттың әсері А. Жеті жарғы, 1998.
- Қонаев Д. А.* Өтті дәурен осылай. –А, Дәуір, 1993.
- Бөкейханов Ә.* Таңдамалы. –А: 1995. (Хаттар, естеліктер).

- Әуезов М.О.** Воспоминаниях современников. – А-А. 1972.
- Қозыбаев М.** Жұлдызым менің (естелік) А, Арыс, 2001.
- Айқап журналы «Қазақ энциклопедиясы» А, 1995.
- Қазақ газеті «Қазақ энциклопедиясы» А, 1998.
- Абай.** Энциклопедия. (Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев) Атамұра, А, 1995.
- Күзембайұлы А.** Из истории деятельности научных учреждений по изучению Казахстана XIX–нач. XX в.в. Алматы, Изд. «Ғылым», 1990.– 68 с.
- Күзембайұлы А., Әбіл Е.** Тарихнама. Оқу құралы ҚМПИ. Қостанай. 2015.
- Күзембайұлы А., Әбіл Е.** Тарих теориясы және методологиясы. Оқу құралы. ҚМПИ, Қостанай. 2014
- Күзембайұлы А., Абиль Е.** История Казахстана: Учебник для вузов. 8-е изд. Перераб. и доп. – Костанай, 2006.
- Күзембайұлы А., Абиль Е., Алибек Т.К.** Историческая топонимика Костанайской области. Монография. В пяти томах. Костанай, т.1,2008; т.2, 2009; т.3,2010; т.4.2011; т.5,2013.
- Күзембайұлы А., Абиль Е., Алибек Т.К.** Некоторые вопросы методологии и теории истории Казахстана. Монография. Костанай, 2009. – 370 с
- Күзембайұлы А., Әбіл Е.** Тарих теориясы, тарихы және әдіснамасы. Оқу құралы. Қостанай. 2014. 220 б.
- Күзембайұлы А.** Топонимика Степного Притоболья: история формирования. С древнейших времен до середины XIX века. Монография издана в Германии. Издатель: Palmarium Academic Publishing. 2015.

МАЗМҰНЫ

1. Деректану пәніне кіріспе	3
2. Арнайы тарихи пәндер.....	13
3. Деректанудың даму кезеңдері.....	26
4. Тарихи деректерді жүйелеу және топтау.....	48
5. Материалдық мәдениет ескерткіштері-тарихи дерек.....	56
6. Фольклордеректері.....	70
7. Жазбаша деректер	86
8. Нарратив тарихи дерек ретінде.....	97
9. Құжаттық деректер.....	130
10. Статистика материалдары – тарихи дерек.....	139
11. Мерзімді басылым – тарихи дерек	150
12. Жекетұлғаныңқұжаттары – тарихи дерек.....	169
13. Жазбаша деректерді формальді талдау.....	180
14. Тарихи деректің мазмұнын талдау	189
15. Аудивизуалды материалдарды тарихи дерек ретінде пайдалану әдістері	195
16. Деректерді іздеу әдістері	205
Қортынды	224
Курс бойынша әдебиеттер	226